Әкімшілік жауапкершілік функциялары туралы әңгіме қозғайтын болсақ, олар әкімшілік жауапкершіліктің қоғамдық қатынастарға, субъектілердің мінез-құлқына, моральге, әділдік пен мәдениетке деген әсерінің негізгі бағыттары ретінде қарастырылуы керек.

Әкімшілік жауаптылық институтының дамуына белгілі бір деңгейде әсер еткен еліміздің қылмыстылық жағдайы, қоғамдық өмірдің әр саласындағы заңға қайшы әрекеттердің көбеюі.

Қазіргі таңда, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамда, саяси және экономикалық салаларда түбегейлі жаңа қарым-қатынастар, жария және жеке мүдделердің жаңа принциптерінің қалыптасуы, әкімшілік жауаптылықтың құқықтық реттелуінің идеологиясы мен практикасының өзгеруі, бұл институттың қақтығыстарды шешудегі рөліу арттырып келеді.

Әкімшілік жауапкершіліктің реттеушілік рөлі ретінде: белгілі бір әрекеттерді жасауына тиым салу, позитивті міндет жүктеу, заңды мінез-құлық құрамын белгілеуден және көтермелеу әдісін атауға болады. Осылай, әкімшілік жауаптылық субъектілерінің мінез-құлқын алдына-ала белгілеп, анықтауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік-құқықтық нормада қарастырылған әрекеттердің күрделі кешенді бағдарламасын жүзеге асыратын субъект өзінің мінез-құлқын атқарушы органның қатысуы арқылы құқықтық нормалармен үйлестіреді. Сондықтан, лауазымды тұлғалардың әрекетін реттеу, қадағалау мен әкімшілік жауапкершіліктің санкцияларына назар аудару маңызды. Әкімшілік-құқықтық нормалардағы реттеушілік нормалар нақты белгіленуі қажет, яғни еркін әрекетке жол берілмеуі тиіс.

Мінез-құлықты реттеу тек міндеттеу мен тиым салудан ғана емес, сонымен қатар, көтермелеу әдісі арқылы да жүзеге асырылады.Құқықтық жүйенің қалыпты әрекет етуі мен әлеуметтік тәртіпті орнату үшін құқықтағы көтермелеу, жаза мен қатар қажетті «табиғи» әдіс.

Құқықтық көтермелеу адамның санасына оң әсер ететін фактор болып табылады, белгілі бір жеңілдіктер алуға қызығушылық туғызады, субъектінің еркіндігіне және бірінші кезекте оның еркін шешіміне байланысты нәтиже күтуіне үндейді. Сонымен қатар, позитивті әдістер арқылы субъектінің заңға қайшы мінез-құлқын тежегіш рөлін атқара алады.

Әлеуметтік ақпаратты тарату жылдам жүзеге асырылатынын ескерсек, алайда бұл жерде жазалау туралы емес, көтермелеу туралы басқа тұлғалардың санасына әсер етіп, оларды заңды түрде әрекет

етуге ынталандыратындықтан, оны алған субъектіне ғана емес, басқа адамдарға да әсер етеді.

Санкцияда тек жазалау ғана бар деп, бұл пікір жоққа шығарылуы мүмкін алайда, ресейлік жалпы құқық теориясының өкілдері мен қатар салалық заң ғылымының өкілдері де көтермелеу санкцияларын қолдауда.

Әсіресе, еңбек және кәсіпкерлік қызметте көтермелеу маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік кодексінің 16-бабында кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктер жасауға бағытталған шаралар кешенін жүргізеді. Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру, оның ішінде кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады [2]. Салық жеңілдіктерін белгілеуді, жеңілдікті жағдайларда шағын бизнесті кредиттеуді көздейтін нормалар бар. Осы орайда құқықтық жүйенің мотивациялық-ынталандыру рөліне назар аудару мен талдау жасау қажет.

Субъект көтермелеу арқылы қосымша артықшылықтар алуға итермелейді. Оның мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылысы оны әдеттегі талаптарынан асып түсетін белсенді әлеуметтік түрғыдан пайдалы мінез-құлықты жүзеге асыруға тырысады. Ынталандыру жүйесі осы мінез-құлық ерекшеліктеріне сүйеніп жасалғаны анық. Құқықтағы позитивті көтермелеу немесе ынталандыру құқықтық белсенділікті артырудың алғы шарты да болуы мүмкін. Бұл Құқықтық сананы көтеруге мүмкіндік беретінін ескерген жөн. Адамның мінез-құлқына мотивация болатын сана мен еріктілік болып табылады.

Негізгі түжырым ретінде белгілейтініміз ол, тек қана әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерді ынталандыру емес сонымен қатар, адамның, ұжымның, мемлекеттің және бүкіл қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіретін, әлеуметтік зиянды әрекеттерді тежеу мақсатында құқықтағы ынталандыруды құқықтық шектеулермен ұтымды түрде кіріктіру қажет. Құқық субъектісінің қарама-қарсы әрекеттердің ішінде таңдау құқығы мен альтернативасы бар болса ғана ынталандыру ұтымды әрекет етеді.

Сондықтан, әкімшілік-құқықтық көтермелеу (ынталандыру) нормаларын қарастыру қажет деп есептеймін.

Әкімшілік жауаптылық қоғамдық қатынастарды реттеуде алдын-алу функциясы арқылы жүзеге асырылады, ол әкімшілік құқықтың нормалардың реттеу және қорғау функцияларымен байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар қоғамға елеулі зиян келтірмегенімен, әкімшілік жауаптылық қылмыстардың алдын-алуда негізгі құрал ретінде қарауымыз керек. Өйткені, көптеген әкімшілік құқық бұзушылықтар қылмыспен шектес болады. Осындай шектес құқық бұзушылықтардың алдын алу арқылы әкімшілік жауапкершілік қылмыстың алдын алады. Жалпы, әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады [1].

Әкімшілік жауаптылықтың алдын алу функциясы заңсыз қол сұғушылықты (жеке алдын алу) жасаған адамның болашақта бұзуына жол бермейді және басқа тұлғалардың құқық бұзушылықтарына жол бермейді (жалпы алдын алу).

Жеке алдын алу құқық бұзушылық жасаған тұлғаның теріс баға беруі арқылы, заң шығарушының пайымдауынша оның теріс мінез-құлығын өзгертуі тиіс. Өз кезегінде әкімшілік құқық бұзушылардың жауапкершілікке тартылғаны туралы, сондай-ақ қолданыстағы әкімшілік-құқықтық тыйымдар туралы ақпаратты жариялау және тарату жалпы алдын алу қызметі болып табылады.

Осы орайда, әкімшілік жауаптылылықтың тәрбиелеу функциясына толқатлаған жөн. Әкімшілік жауаптылықтың тәрбиелеу функциясының мәні азаматтардың санасы мен еркіне әсер ету арқылы заңға бағынатын ортаны қалыптастыру және сол ортада құндылық бағдарларын анықтау. Заңның беделін көтеру, заң талаптарын құрметтеуді талап етумен, заңды мінез-құлыққа ықпал ету арқылы, тәрбиелеу функциясы демократизм, адамгершілік, әділдік, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын, құқық жүйесіндегі заңның сөзсіз билігін насихаттайды, сонымен бірге халықтың құқықтық және саяси белсенділігін нығайтуға септігін тигізеді [3] .

Құқықтың тәрбиелік әсер етуі келесі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

– нормативтік актілердің қабылдау мақсаты мен мотивін, мазмұнын халыққа түсіндіру;

– құқық нормасын бұзған жағдайда туындайтын салдары туралы ескерту;

– әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізетін соттардың, уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істі қарау нәтижелері туралы халықты ақпараттандыру.

Құқықтың тәрбиелеу функциясын жүзеге асырудың ең тиімді қолданылатын әдістерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары, мерзімді басылымдар, интернет және теледидар арқылы жүйелендірілген ақпарат тарату болып табылады.

Әкімшілік жауаптылықтың тәрбиелеу функциясының басты міндеттерінің бірі – жоғары құқықтық сананы қалыптастыру, азаматтар арасында заңды мінез-құлықты ынталандыру екенін ескерген жөн.

Әкімшілік жауаптылықтың функцияларын талдай келе, оның қоғамдағы мақсаты мен маңызы құқықтық қатынасты реттеуде деген қорытында келдік.

Алайда, әкімшілік басқару нормаларының барлығы адамдардың тілектері мен көңілінен шыға бермейтінін ескерсек, олардың негативті бағасы мен санасында қолдау таппауы мүмкін. Мұндай жағдайларда құқықтың тәрбиелеу функциясы өз мақсатына жетпейді. Сондықтан жоғарыда аталған көтермелеу нормаларын тиімді падаланудың өз маңызы бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗӘкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік Кодексі.
3. Безукладова А.А. Воспитательная функция права и правовые средства ей сопутствующие // Universum: Экономика и юриспруденция : электрон. научн. журн. 2017. № 11(44).

Тажмағамбет А.С.
заң ғылымдарының магистрі,
құқықтық пәндер кафедрасының доценті
Қайнар Академиясы
Алматы қ.
E-mail: amantay59@mail.ru

Қалаганов Б.
ҚазҮЖГА және ЕЖҒА академигі, профессор
құқықтық пәндер кафедрасының доценті
заң ғылымдарының кандидаты
Қайнар Академиясы
Алматы қ.
E-mail: bkalagan@mail.ru

Алмагамбетов П.А.
құқықтық пәндер кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты
Қайнар Академиясы
Алматы қ.
E-mail: aldraizer@mail.ru

Жанәділ А.Д.
магистрант
құқықтық пәндер кафедрасы
Қайнар Академиясы
Алматы қ.
E-mail: Jasik.zhanadilov@qmail.com

КӘСІБИ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫН ҚҰРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Түйін: *Қазақстанның шынайы өркениетті парламентаризмнің институтының жаңа деңгейде қалыптасуы үшін кәсіби депутаттар тың реформалардың негізін салады деп тұжырымдаймыз.*
Түйінді сөздер: *Конституция, заманауи Парламент, кәсіби депутат, талап.*

Тажмағамбет А.С.
магистр юридических наук,
доцент кафедры юридических дисциплин
Академия Кайнар
г. Алматы
E-mail: amantay59@mail.ru

Қалаганов Б.
академик КазНАЕН и ЕАЕН, профессор
кандидат юридических наук, доцент кафедры юридических дисциплин
Академия Кайнар
г. Алматы
E-mail: bkalagan@mail.ru

Алмагамбетов П.А.
кандидат юридических наук, доцент кафедры юридических дисциплин
Академия Кайнар
г. Алматы
E-mail: aldraizer@mail.ru

Жанәділ А.Д.
магистрант
кафедра юридических дисциплин
Академия Кайнар
г. Алматы
E-mail: Jasik.zhanadilov@qmail.com

СОЗДАНИЕ ИНСТИТУТА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ПАРЛАМЕНТАРИЗМА – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

Резюме: *Полагаем, что профессиональный депутатский корпус заложать основы нового, современного института казахстанского парламентаризма.*

Ключевые слова: *Конституция, современный Парламент, профессиональный депутат, требования.*

Tazhamagambet A. S.
master of law,
associate professor of legal disciplines
Kainar Academy
Almaty city
E-mail: amantay59@mail.ru

Kalaganov B.
academician of KazNAU and EAEN, professor
candidate of law, associate Professor of legal disciplines
Kainar Academy
Almaty city
E-mail: bkalagan@mail.ru

Almagambetov P.A.
candidate of law, associate professor of legal disciplines
Kainar Academy
Almaty city
E-mail: aldraizer@mail.ru

Zhanadil A.D.
master degree student
Department of legal disciplines
Kainar Academy
Almaty city
E-mail: Jasik.zhanadilov@qmail.com

CREATION OF THE INSTITUTE OF PROFESSIONAL PARLIAMENTARISM IS A REGUIREMENT OF THE TIME

Summary: *We argue that professional MPs are the basis of fundamental reforms for Kazakhstan to establish a truly civilized parliamentarism institute at a new level.*

Keywords: *Constitution, modern Parliament, professional Deputy, requirements.*

Мемлекеттіліктің қалыптасуы үшін тың реформалар алға басуы шарт. Заңнамалық қамтамасыз етусіз түбегейлі жаңарулар жүре алмайды. Тәуелсіздік алған түста кеңестік көне «құндылықтардың» күші семгенімен, олардың, әсіресе, Жоғарғы кеңесте беделі басым, сөзі өтімді еді. Елді игіліктерге бастар соны өзгерістер мен жаңа бастамаларға жедел кірісу орнына мемлекет біраз уақытын осы заң шығарушы органдағы шетсіз-шексіз талас-тартыстарға жоғалтып алды. 2016 жылдың 1 желтоқсанында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен республикалық жастар форумына қатысқан Н. Назарбаевтың өзі бұл жайында жас ұрпаққа әңгімелеп: «–*Сіздер – кеңестік өткенімізді бастан кешпеген, тәуелсіздіктің қандай қиындықтармен басталғанына куә болмаған бірінші ұрпақсыздар! – Бірақ сіздер кез келген халық үшін тәуелсіздікке қол жеткізу мен оны нығайтудың ерлікке барабар ерен еңбекті талап ететінін білуге тиіссіздер*»,-берген болатын [1]. Бұл – бір соқтықпалы, соқпақсыз сала еді. Біздің ұлы «тар жол, тайғақ кешуіміз» бәрін сыйдырды: гиперинфляция, жаппай жұмыссыздық, өнеркәсіптік кәсіпорындардың тоқтауы, жалақы, жәрдемақы және зейнетақының төленбеуі. Сол түста ескі жүйемен сайланған Парламент жаңа реформаларды жүргізуге қарсыласып бақты. Оларды айыптауға да жөнсіз еді: олар басқа формацияның адамдары болатын. Жекешелендіру, нарық, еркін экономика, тәуелсіз саясат сияқты ұғымдар оларға түсініксіз, жат-тын және олар тарапынан қолдау таппады. Сондықтан Мемлекет басшысы әлемдік тәжірибе бойынша «билік тармақтарының аса қатал текетіресі жағдайында» Парламентті таратып, ел үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алды[2].

Екі мәрте – 1993 жылдың желтоқсанынан 1994 жылдың наурызына дейін және 1995 жылдың наурызынан 1996 жылдың қаңтарына дейінгі ұзақ уақытқа Қазақстан Республикасындағы заң шығарушы және атқарушы билік түтасымен Президенттің қолына шоғырландырылды. Н.Назарбаев оны мемлекеттік мүдде түрғысынан демократиялық институттарды реформалау мен нығайту үшін пайдаланды.

Осы құқығын пайдаланып, кейін жеміс пен жеңіс әкелген жаңғыруларға жедел кірісу үшін бес ай ішінде заң күші бар 147 жарлық шығарды[3].

1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституцияға[4]. сәйкес, елімізде қос палаталы кәсіби Парламент дүниеге келді. Сол жылдың желтоқсанында Парламент депутаттарының сайлауы өтті. Мәжілістің 67 депутатын округтар бойынша халық төрт жылға сайлады. Қалған 10 депутат партиялық тізім бойынша өтті. Сенаттың 30 депутатын аймақтардағы мәслихат депутаттары бес жылға сайласа, 7 депутатты Президенттің өзі тағайындады. Парламенттің алғашқы сессиясын ашқан Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Қазақстанның шынайы өркениетті парламентаризмнің мөлдір бастауында түрмыз!» деп мәлімдеді. Бүгінде Мәжіліс 107 депутаттан құралған. Соның ішінде, 98 депутаты саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Тағы тоғыз депутатын Қазақстан халқы ассамблеясы сайлайды. Қазіргі Сенат 16 өңірден сайланатын және солар атынан өкілдік ететін 32 сенатордан түрады, бұған қоса бүкіл қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету үшін тағы 15 сенаторды ел Президенті тағайындайды. Атап өтер жайт, 2017 жылы Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған конституциялық реформа нәтижесінде, кәсіби Парламенттің мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі және құзыры пәрменді түрде күшейтілді. Сонымен қатар Ата заңға енген өзгеріске сәйкес, енді Парламент – бұрынғыдай заң шығару функцияларын атқарушы орган ғана емес, заң шығарушы билік, ең жоғары өкілді орган[2].

Бірінші Президент Н. Назарбаевтың өзі мойындағандай Парламент депутаттары ескі формацияның адамдары болатын. Қос палаталы Парламент депутаттары өздерініңжеке ұсыныстарымен заманауи заң жобаларын дайындап, талқылап, оны қабылдауға осы күнге дейін ат салысып, еркіндік білдіріп көрген емес.

Олар кеңес заманындағыдай, болмаса бірінші Президент Н. Назарбаевтың тікелей «нұсқауымен», ұсынысымен «өз күзіреттерін» жүзеге асырып жүрген депутаттар болып қалып отыр.

Қос палаталы Парламент депутттарының шамамен 90% Қазақстан Парламентаризм институты құрылған 1995 жылдан бастап, осы күнге дейін өз креслоларын суытпаған депутаттар корпусы болып отыр. Конституциямен, «Алғашқы Президент туралы» Заңмен бекітілген Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н. Назарбаев сияқты қос палаталы Парламент депутаттары да республика тарихында бірінші-мызғымас депутаттары,- деген атқа лайықтанып, «Парламенттің қос палаталы Парламентінің бірінші депутаттары туралы» Заң қабылдамасына кім кепіл. Ал, осы қос палаталы

Парламент депутатарының қабылдаған заң нормалары жыл сайын бірнеше мәрте өзгертулермен толықтырылуларға ұшырап, қабылданған «жаңа» заң нормаларының берекесін кетіріп отыр.

Осы мәселені 1995 -2019 жылдар аралығындағы қос палаталы Парламентпен қабылдаған жаңа заң нормаларымен саралау жүргізу арқылы тексеріп көрелік:

30 тамыз 1995 жылы қабылдаған **Қазақстан Республикасыны Конституциясы** бойынша 30.08.1995 – 10.03.2017 жылдар аралығында **4 рет күрделі өзгертулер мен толықтырулар;**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 ҚРЗ. **Қазақстан Республикасының Президенті туралы** Конституциялық заңына 26.12.1995 – 22.12.2017 жылдар аралығында **9 рет өзгертулер мен толықтырулар;**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 ҚРЗ. **Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы** Конституциялық заңына 16.10.1995-15.06.2017 жылдар аралығында **7 рет өзгертулер мен толықтырулар;**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 ҚРЗ. **Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы** Конституциялық заңына18.12.1995 – 03.07.2017 жылдар аралығында **6 рет өзгертулер мен толықтырулар;**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 ҚРЗ. **Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы** Конституциялық заңына 25.12.2000 – 21.02.2019 жылдар аралығында **18 рет өзгертулер мен толықтырулар;**

Қазақстан Республикасының **Прокуратура туралыЗаңы 3 рет** (*17.01.1992ж. 21.12.1995ж. және 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI*) **қабылданып, соңғы Заңы** 30.06.2017 – 21.01.2019 жылдар аралығында **4 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Заңына 23.04.2014 – 28.12.2018 жылдар аралығында **18 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 ҚРЗ. **Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы** Заңына 21.12.1995– 28.12.2018 жылдар аралығында **44 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі№ 226-V ҚРЗ. **қылмыстық Кодексі** бойынша 3.07.2014-21.01.2019 жылдар аралығында **33 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

Қылмыстық-процестік Кодексі бойынша4.07.2014 – 21.01.2019 жылдар аралығында **34 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII ҚРЗ.

Азаматтық Кодексі бойынша 5.07.2014 – 21.01.2019 жылдар аралығында **110 рет өзгертулер мен толықтыруларға**;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. **Азаматтық процестік Кодексі** бойынша 31.10.2015 – 21.01.2019 жылдар аралығында **16 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексі бойынша 5.07.2014 – 21.01.2019 жылдар аралығында **95 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 ҚРЗ. **Білім туралы** Заңына 27.07.2007 – 21.02.2019 жылдар аралығында **62 рет өзгертулер мен толықтыруларға;**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV ҚРЗ. **Ғылым туралы** Заңына 18.02.2011 – 01.01.2019 жылдар аралығында 9 рет өзгертулер мен толықтыруларғаүшыраған және тағы басқа заңдарға енгізілген толықтырулар мен өзгертулердің үшы-қиыры жоқ.

Ең өкініштісі қос палаталы Парламентпен қабылданған заңдар тәжірибеге кеш немесе өте кеш жетеді, болмаса мемлекеттік тілдегі заң нормаларының мағынасын түсіну үлкен қиыншылықтарға әкеліп соқтырады.

Тәжірибедегі мысалы ретінде: Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы заңы халықаралық заң нормаларына сәйкестендіріліп 21 желтоқсан 1995 жылы қабылданып, полиция атанды. Бірақ, ішкі істер органдарының атауы өткен ғасырдағы Кеңес заманының түсінігімен – «ішкі істер бөлімі», «ішкі істер басқармасы», «ішкі істер департаменті» болып қала берді. Тек қана, 2018 жылдың қазан айында ғана біздің құрметті қос палаталы «демократиялық Парламент» депутаттарының есіне

бұл ішкі істер органдарын «полиция бөлімшесі», «полиция басқармасы». «полиция департаменті»,- деп атау беру заңды қабылдаған уақыттан 23 жыл өткен соң ғана естеріне түсіп, полиция атауына өзгертілді. Бұл тек бір ғана тәжірибедегі мысалы.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламентінің депутаттары Республика Конституциясының 50 бабының 5 тармағының талаптарын бұлжытпай орындап, Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл мерзімде ауыстырылуын ұсынамыз.

Бір депутат қатарынан екінші рет Сенатдепутаттығына, Мәжіліс депутаттығына сайлауға түсуіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңымен шектеу қоюды ұсынамыз.

Бұл ұсыныстар біздің пікірімізше Қазақстанның шынайы өркениетті парламентаризмнің институтының жаңа деңгейде қалыптасуы үшін кәсіби депутаттартың реформалардың негізін салады деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 2016 жылдың 1 желтоқсанында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен республикалық жастар форумына қатысқан Н. Назарбаевтың сөзі. Астана. 2016 ж. Жастар форумы.
2. Интернет сайт: https://aikyn.kz/2017/07/05/19510.html
3. Интернет сайт: https://egemen.kz/article/zandar-zamanyna-say-bolsyn
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995. Алматы. Жеті Жарғы. 2018.

ӘОК – 343.57 (574)

Феткулов А.Х.
з.ғ.к., доцент,
жетекші ғылыми қызметкері
Экономикалық және құқықтық зерттеулер ҒЗИ
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Сейтхожин Б.У.
з.ғ.к., доцент,
аға ғылыми қызметкері
Экономикалық және құқықтық зерттеулер ҒЗИ
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Каржасова Г.Б.
Phd докторы, доцент
Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасы
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Орынбеков А.С.
заң ғылымдарының магистрі,
ҒЗИ ғылыми қызметкері
Экономикалық және құқықтық зерттеулер
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Түйін. *Мақала есірткі бизнесіне қарсы күресудегі аймақтық істестікке, біріңғай құқықтық кеңістік құру, парламентарилердің евразиялық интеграцияны дамыту жұмыстары, құқықтық жүйені жетілдіру және трансұлттық есірткі қылмысына қарсы күрестің жалпы стратегиясын жасау мәселелеріне арналған.*

Түйін сөздер*: Заңнама, ынтымақтастық, есірткі, парламент, достастық.*

Резюме. *Статья посвящена региональному сотрудничеству в противодействии наркобизнесу, созданию единого правового пространства, работа парламентариев в развитии евразийской интеграции, совершенствования правовой системы и правового регулирования и выработка общей Стратегии по противодействию транснациональной наркопреступности.*

Ключевые слова: *Законодательство, сотрудничество, наркотики, парламент, содружество.*

Summary. *The article is devoted to regional cooperation in countering drug trafficking, creation of united legal space, work of parliamentarians in development of Eurasian integration, improvement of legal system and legal regulation and development of common strategy on combating transnational drug-related crime.*

Keywords: *Legislation, cooperation, drugs, parliament, commonwealth.*

1970 жылдың 24 қазанында БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарымқатынастар мен ынтымақтастыққа негізделе отырып қабылданған Халықаралық құқық принциптері туралы декларацияда былай делінген: «Жоғарыда айтылған қағидаттарды түсіндіру және қолдану кезінде (атап айтқанда: Қарардың 2-бабы 1514 (XV) «барлық халықтар өзін-өзі тағайындау құқығына ие, олар осы құқықтың арқасында саяси мәртебесін еркін орнатып, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асырады», 6-бап «кез-келген ішінара немесе толығымен елдің ұлттық бірлік пен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған әрекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес келмейді) өзара байланысты болып табылады және әрбір қағида барлық басқа қағидалар түрғысында түсіндірілуі тиіс»[4]. Осы түрғыдан алғанда, қағидалар бір-біріне қайшы келмегенімен қоса, белгілі бір үйлесімде болуы керек.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) құрылуынан бастап, ұлттық заңнаманы біріздендіру және үйлестіру үшін айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Бұған ТМД-ға қатысушы

мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы (бұдан әрі – ТМД ПАА) қатысады, бұл оның жұмысында Достастық мемлекеттерінің заңнамаларын үйлестіру мен жақындату мәселелеріне аса маңызды мән береді. Бұл жұмыс Достастық елдерінің парламенттері мен халықаралық парламенттік ұйымдардың тәжірибесін ескере отырып, Парламентаралық Ассамблея қабылдаған үлгі заң актілері мен ұсынымдарында жүзеге асырылады. ТМД ПАА-да қабылданған үлгілік заңнамалық актілер мен ұсынымдар, міндетті болып табылмаса да, ұлттық заңдардың негізін құрайды, үйлестіруді қамтамасыз етеді және кейбір жағдайларда ТМД мемлекеттерінің заңнамаларын біріктіреді. ТМД ПАА-да қабылданған үлгі заңдар – Достастықтың шарттарына бейімделген халықаралық, ең алдымен еуропалық, құқықтық стандарттар. Оларды пайдалана отырып, ТМД мемлекеттері тек ұлттық заңдарды өзара үйлестіріп қана қоймай, оны халықаралық және еуропалық стандарттарға сәйкес келтіреді. Бұл еуразиялық және еуропалық даму бағыттарындағы қарсылықтардың асыра айтылғандығын кезекті рет дәлелдейді. Іс жүзінде ТМД шеңберіндегі ынтымақтастық Достастық мемлекеттерінің еуропалық бағдарларын нығайтады[8]. Әлем жаһандану және аймақтандыру үдерістерін бастан өткеруде, тиісінше, «Батыс» пен «Шығыстың» интеграциясы жүзеге асуда, ал бұл жағдайда еуропалық ынтымақтастық моделі алда келе жатыр. Біздің пікірімізше, Достастық елдерінің заңнамасын үйлестіру және біріздендіру бойынша жұмыс жеткіліксіз деңгейде жүзеге асып жатыр. Ең алдымен, ұлттық парламенттер «Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл туралы» Үлгілік заңның және ұлттық заңдардың жобаларын дайындау кезінде есірткінің заңсыз айналымымен күресуде ТМД мемлекеттерінің заңнамасын үйлестіру жөніндегі ұсынымдарды толық орындамайды. Осыған байланысты, Достастық мемлекеттерінің заңдар жинағы, яғни ТМД мемлекеттеріндегі есірткі айналымына қарсы күресті реттейтін егжей-тегжейлі және толық құқықтық шаралар жиынтығын ұсынатын, шұғыл құрастыруды талап ететін халықаралық нормативтік құжат әзірге жасалмаған.

Бүгінгі таңда үлгілік заңнама ТМД-ның бірыңғай құқықтық кеңістігін құрудың маңызды құралы болып табылады және ұлттық заңнамалардың жақындастырылуына ықпал етеді. Осылайша, Достастық мемлекеттері басшыларының Кеңесі 1996 жылғы 17 мамырда ТМД Жарғысының 4-бабын басшылыққа ала отырып, қылмыстылықпен тиімді күресу мақсатында «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағында ұйымдасқан қылмысқа және басқа да қауіпті қылмыстарға қарсы бірлескен іс-қимылдың 2000 жылға дейінгі Мемлекетаралық бағдарламасын бекітті[5]. Бағдарламаның 1.2.1-тармағына сәйкес ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясына ұйымдасқан қылмысқа және басқа да қауіпті қылмыстарға қарсы күрес туралы үлгілік заңнама жобаларын әзірлеуді тапсырып, ұлттық заңдарды әзірлеу кезінде ұлттық парламенттермен оны ескеруді ұсынды.

Өз кезегінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы 1996 жылғы 2 қарашадағы «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында 1996-1998 жылдарға арналған үлгілік заң шығару бағдарламасы туралы» № 8-6 Қаулысымен «Парламентаралық Ассамблеяның үлгілік заңнамалық актілер мен ұсынымдарын әзірлеу жөніндегі 1996-1998 жылдарға арналған ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспарын» бекітті[11].

1996 жылдың қараша айында ТМД ПАА-ның Мемлекетаралық Бағдарламасына сәйкес, «Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл туралы» Үлгілік заң қабылданып, оны ұлттық заңдарды әзірлеу кезінде ұлттық парламенттермен қолдану ұсынылды.

Бұл құжат БҰҰ-ның есірткіге қарсы халықаралық күрес жөніндегі бағдарламасына сәйкес мемлекеттер ұсынған үлгі ережелерінің ұсыныстары негізінде әзірленген[1, с.8-11]. Осыған орай заңдық аспект күшейтіліп, тез арада федеративті немесе конфедеративті аумақтық бірлік қағидаларына негізделген ТМД елдеріндегі есірткі айналымына қарсы күресті реттейтін нақты және егжей-тегжейлі құқықтық шаралар жиынтығын болжайтын нормативтік құжат-Достастық мемлекеттердің заңдар Жинағы құрастырылды. Мұндай заңдар Жинағы, сөзсіз, өте маңызды және шұғыл құрастыруды қажет ететін бірлескен іс-қимыл бағдарламасының басты элементі болмақ.

Бұл бағыттағы маңызды жұмысты Достастықтың тұрақты атқарушы, әкімшілік және үйлестіруші органы ретінде ТМД Атқару комитеті мен Достастыққа мүше мемлекеттердің Тұрақты Өкілетті Өкілдер кеңесі жүзеге асырады. Мысалға алатын болсақ, 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі Тұжырымдамасын бекіту туралы шешім қабылдады[7]. Сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің есірткіге қарсы саладағы ынтымақтастығының негізі 2004 жылғы 16 қыркүйекте ТМД мемлекеттері

басшыларының Кеңесі бекіткен 2005-2007 жылдарға арналған есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен күресу жөніндегі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастық бағдарламасы болып табылатындығы нақтыланып айтылды[3].

Осыған орай, 2004 жылы Киевтегі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары басшыларының қылмысқа қарсы күресте жетекшілік ететін Үйлестіру кеңесі шеңберінде кезекті кездесуден кейін ТМД ПАА Кеңесінің мүшелері ТМД ПАА жанындағы қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі тұрақты комиссиясының негізінде терроризм, қылмыс және есірткінің заңсыз айналымымен қарсы күреске байланысты заңдарды үйлестіру жөніндегі Бірлескен комиссия құруға бастамашы болды. Оның құрамына ынтымақтастығы тұрақты негізге ие парламент мүшелері, Достастық мемлекеттері қауіпсіздік пен қорғаныс саласындағы салалық органдар өкілдері, халықаралық мамандандырылған ұйымдар кірді.

Мұндай ынтымақтастық сенім, өзара түсіністік ахуалын нығайтуға, Достастық елдерінің құқықтық жүйелерін БҰҰ, Еуропа Кеңесі және Еуропалық Одақтың халықаралық құқықтық стандарттарына сәйкес бейімдеуге бағыттайды. Мемлекет басшылары кеңесі бекіткен ТМД елдерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бағдарламаларында көзделген заңнаманы үйлестіру жөніндегі нұсқаулықтарды іске асыру, Біріккен Комиссияның қызметінде басымдыққа ие болды[12].

Нәтижесінде, 2006 жылы Ассамблея «Есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары туралы» Үлгілік заңын және ТМД мемлекеттерінің есірткі айналымына қарсы күрес туралы заңнамасын үйлестіру туралы Ұсынымдарды қабылдады. Бұл актілер есірткіге қарсы үлгілік заңнама блогын айтарлықтай күшейтті. БҰҰ-ның Есірткіге қарсы күрес жөніндегі халықаралық комитетінің 2007 жылғы есебін талқылау кезінде олар жоғары бағаланды. Ал, 2009 жылдың 3 желтоқсанда Ассамблея заңсыз айналым үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген есірткі құралдары мен психотроптық заттардың ең аз мөлшерін анықтаудың бірыңғай тәсіліне қатысты бөлігінде ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру жөніндегі ұсынымдардың жобасын қабылдады, сонымен қатар, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрестегі ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығының 2008 – 2010 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген қылмыстық заңнаманың мақсаттары үшін есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының ірі және аса ірі мөлшерлері бар есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрестегі өзара іс-қимыл жасау көзделді[9].

Трансұлттық есірткі қылмысына қарсы іс – қимылда құзыретті органдардың күш-жігерін үйлестіру мақсатында Достастық елдерінің жеті мемлекетінің күш-жігерімен есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (бұдан әрі ОАӨАҰО) құрылды. ОАӨАҰО мен оның қызметкерлерін Қазақстан аумағында орналастыру жөнінде шаралар қабылданды. Үкіметтің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1358 қаулысымен ОАӨАҰО-ның Алматы қаласында болу шарттары туралы келісім мақұлданып, 2009 жылғы 16 қыркүйекте қол қойылды. Орталық өңір елдеріне есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс – қимылда, соның ішінде қатысушы елдердің заңнамасын біріздендіруде, елеулі көмек көрсетуі және бұл қызметті сапалы жаңа деңгейге көтеруі тиіс екендігі қарастырылған[13, с. 214].

Тағы бір аймақтық ұйым – Шанхай ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі – ШЫҰ), ол 2001 жылы Қазақстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан басшыларымен құрылған. Оның құрылуына 1996-1997 жылдары әскери саладағы сенімді нығайту және шекаралас аумақта қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдер үлкен әсер тигізді. Бүгінгі таңда ұйымның басты міндеттерінің бірі – нашақорлыққа қарсы күрес болып табылады.

2004 жылғы 17 маусымда өңірлік деңгейде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасында Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша ынтымақтастық туралы келісім қабылданды. Бұл келісімнің ережелері 1988 жылғы БҰҰ-ның Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы конвенциясына ұқсас болып келеді. Келісімде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының есірткі тасымалымен күрес саласындағы ынтымақтастық принциптері, бағыттары мен нысандары айқындалған.

Астанада өткен ШЫҰ-ның мерейтойлық саммитінде көшбасшылар 2011-2016 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткіге қарсы стратегиясын және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл

бағдарламасын бекітті. Бұл құжаттар үйым кеңістігінде есірткі қатерімен күресу бойынша бірлескен әрекеттердің тиімділігін арттыруға бағытталған[10]. Осы елдердің өзара іс-қимылы ұлттық заңнаманы біріктіру және үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жаңа деңгейге шығарды.

Қазіргі уақытта Достастыққа мүше-мемлекеттердің заңнамалық, кедендік және шекаралық кеңістігін шоғырландырудың тиімді әдістерін қамтитын, есірткіге қарсы қызметті қоса алғанда ТМД және ШЫҰ қауіпсіздігінің жаңа даму доктринасын енгізу қажеттігі туындап отыр[2].

Есірткі қаупі ең алдымен Ауғанстаннан келетінін естен шығармау керек, сондықтан трансұлттық халықаралық есірткі қылмысына қарсы түрудың бірыңғай стратегиясын қатаң сақтау өте маңызды. Достастық және ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің халықаралық стратегиясының арқасында есірткі тасымалымен күрес саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуді үйлестіру үшін ел ішінде бірыңғай есірткіге қарсы саясат жүргізуге болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерін одан әрі дамыту жөніндегі Түжырымдамаға сәйкес және ішкі заңнаманы біріктіру және үйлестіру жөніндегі аймақтық ынтымақтастық шеңберінде келесі әрекеттер жүзеге асуы тиіс. Біріншіден, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары негізінде есірткі бизнесіне қарсы күрестегі ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру қажет. Екіншіден, ұлттық заңнамаларды біріктіру, жақындастыру және үйлестіру, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, үлгілік заңдарды әзірлеуді жетілдіру және оларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасына енгізу керек[7]. Үшіншіден, ТМД елдеріндегі есірткі айналымына қарсы күресті реттейтін нақты және егжей-тегжейлі құқықтық шаралар жиынтығын болжайтын нормативтік құжат-Достастық мемлекеттердің заңдар Жинағын құрастыру және қабылдау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Андреева Л.А. Уголовно-правовое противодействие незаконному обороту наркотических средств и психотропных веществ: Серия «Современные стандарты в уголовном праве и уголовном процессе» / Ғылыми редактор проф. Б. В. Волженкин. СПб., 1998. 44б.
2. Батурин Е. Формирование антинаркотической политики стран – участниц СНГ в ……XXI. в. http:// www.isras.ru/files/File/Vlast/2011/01/Baturin.pdf
3. Глобализация и борьба с наркобизнесом и наркоманией http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=943
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес1970 жылғы 24 қазандағы Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық туралы халықаралық құқық принциптерінің декларациясы http:// www. un. org/ru/documents/decl_conv/declarations/intlaw_principles. shtml
5. Информационный вестник Совета глав государств и Совета глав правительств СНГ «Содружество». – 1996. – № 3; «Российская газета» («Ведомственное приложение»). 1996. 22 маусым.
6. Касенов А.С. Сравнительная характеристика принципов международного права, регулирующих территориальную целостность государств // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. 2016. № 2 (36). Б. 88-90.
7. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын одан әрі дамытудың 2007 жылғы 5 қазандағы тұжырымдамасы.// http://cis.minsk.by/page.php?id=18763
8. Кротов М.И. Генеральный секретарь – руководитель Секретариата Совета МПА СНГ – проблемы, опыт, перспективы // http://e-cis.info/page.php?id=19080
9. Объединенная комиссия по гармонизации законодательства в сфере борьбы с терроризмом, преступностью и наркобизнесом в СНГ // http://www.iacis.ru/html/?id=204
10. По пути безопасности и сотрудничества // Казахстанская правда. 2011. 16 маусым.
11. «Программа модельного законотворчества в Содружестве Независимых Государств на 1996-1998 годы». – Санкт-Петербург, 1997.
12. Решение о Концепции сотрудничества государств – участников СНГ в противодействии незаконному обороту наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров http://cis.minsk.by/page.php?id=598
13. Феткулов А.Х. Уголовно-правовые меры борьбы с незаконным оборотом наркотиков в Республики Казахстан // ҚЭУ жаршысы журналы: экономика, философия, педагогика, құқықтану. Қарағанды. 2011. № 4 (23). Б. 214.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

Абдулова А.А.
магистрант
Сулейман Демирель атындағы университеті

Мұхамади Қ.Т.
тілдік білім беру кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Сулейман Демирель атындағы университеті

ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТІЛ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Түйін. *Мақалада қазақстандық білім беру кеңістігіндегі педагогикалық технологиялардың алар орны мен тіл сабақтарында жобалау технологиясының теориялық негізі, оны пайдаланудың тиімді жақтары, қолданудың артықшылықтары туралы айтылған. Қазіргі таңдағы жобалау технологиясы қаншалықты қолданылады, сонымен қатар оның білім алушының қандай қабілеттілігін дамыта алатындығы туралы сипатталған. Сонымен қатар, жобалау технологиясына қатысты зерттеу жұмысы негізінде жүргізілген сауалнама нәтижелері талданған. Сауалнама нәтижесі бойынша жобалау технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып кеткен.*

Кілт сөздер: *педагогикалық технология, жобалау технологиясы, шығармашылық қабілет, жоба түрлері, креативтілік, идея, атқарушылық жоба, конструктивтік жоба, шығармашылық жоба.*

Резюме. *В данной статье рассматривается роль педагогической технологии, ее теоретические основы и преимущества использованияв казахстанском образовательном пространстве. Также описывается степень использования современных технологий, и как они могут развить способности студента. В то же время были проанализированы результаты анкетирования по технологии проектирования. Результаты опроса сосредоточены на преимуществах и недостатках технологии проектирования.*

Ключевые слова: *педагогическая технология, технология проектирования, творческая способность, виды проекта, креативность, идея, исполнительный проект, конструктивный проект, творческий проект.*

Summary. *This article discusses the role of pedagogical technology, it's theoretical foundations and the advantages of using in the Kazakhstan educational space. It also describes the extent to which modern technology is used, and how they can develop student abilities. At the same time, the results of the survey on design technology were analyzed. The survey results focus on the advantages and disadvantages of design technology.*

Keywords: *pedagogical technology, design technology, creative ability, types of project, creativity, idea, executive project, constructive project, creative project.*

Жаһандану үдерісінде тілді меңгеру– уақыт талабы. Өйткені тіл тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі ғана емес, сонымен қатар тіл ең алдымен қатысым құралы.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда білім алушының сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы білім алушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, түлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп түжырымдалады. «ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» түжырымдамасында: «Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген. Демек, бұл түжырымдама білім берудің басты философиясы болмақ. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр.

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген 1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның бөлігі ғана» – деп көрсеткен В. Беспалько [1].

Педагогикалық технологияның мәні тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру оқытушының интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі деп көрсетеді [2].

Кәсіби дайындықтың мазмұны тек қана технология және оның қорытындыларының бағалауынан ғана түрмауы тиіс, сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттің мақсатынан түруы керек. Маманның кәсіби дайындығы

«құндылықтар-мақсаттар-әдістер құралдар-ресурстар-нысандар» сынды формуламен берілетін көпдеңгейлі кешеннен түруы тиіс [3].

Ал қазіргі таңда жобалау технологиясы тілді меңгертудегі озық технологиялардың бірегейі болып табылады.

Жоба –нәтижесінде қандай да бір өнім, бағдарлама, фильм, кітап, сұлба, презентация пайда болатын мәселелерді шешуге бағытталған құрастырылған жоспар [4].

Жобалау технологиясының басты мақсаты сан алуан түрлі жаттығуларды орындауды белсенді танымдық әрекетке алмастыру, сонымен қатар жоба орындаушысын студенттік топтың ішінен шығару болып табылады. Тілді меңгертуде жобалау технологиясының бірнеше түрін бөліп көрсетуімізге болады [5].

Бірінші түрі – *атқарушылық жоба*. Бұл жоба түрі оқытушының тікелей қатысумен жүзеге асады, яғни оқытушының талаптарына бағынады. Бұндай жоба түрі 1-курс студенттері үшін тиімді. Қандай да жоба орындауда студенттердің жобалық, ізденушілік, коммуникативтік, жазба, сөйлеу, презентациялық әрекеттері көріне бастайды.

Екінші түрі – *конструктивтік жоба*. Бұл жоба түрі студенттер мен оқытушының кез келген тақырыпты, мәселені, жұмыстың орындалу уақыттарын айқындап алып, студенттердің өзбетінше жұмыс істеуіне жағдай туғызатын түрі.

Үшінші түрі – *шығармашылық жоба*. Бұл жобада студенттер өзіндік идея ұсынады, жоспар құрып, оны орындап нақты бір жұмыс жемісін береді.

Жобаны қорғаудың өзіндік ерекшелігінің бірі – бұл оның халық алдында қорғалуы болып табылады. Ал қорғауға ұсынылатын жобаның элементтерін төмендегі тетіктер құрай алады:

Жобаның қысқаша атауы;

Ұсынылатын жобаның өзектілігі;

Жобаға жетудің әдістері;

Жоба жетістіктері.


Ал қорғалар жоба төмендегі қағидлар бойынша бағаланады:

– *Идеяның креативтілігі;*
– *Жобаның тиімділігі;*
– *Презентацияның тілін толық жеткізе алуы;*
– *Идеяға деген шығармашылық көзқарастың қызығушылығы*

Кез келген жобалау технологиясы кәсіби бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды, яғни ол жоба қатысушыларының ізденімпаздық, аналитикалық, коммуникативтік, аудармашылық, презентациялық қабілеттерін арттыра алады.

Біздің зерттеу жұмысымыз осы жоғарыда аталған жобалау технологиясы әдістерін қаншалықты елімізде студенттер меңгерген, сонымен қатар қандай сабақтарда пайдалана алады, қандай қабілеттерін шыңдауда көмектесе алады деген сұрақтарға жауап іздеуден туған ғылыми жұмыстың бір бөлшегі деп айтсақ та артық емес. Осы мақсатқа сай жобалау технологиясының теориялық негіздері сараланып және оның практикалық маңызын айқындау үшін эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Жалпы алғанда зерттеу жұмысына жоғары оқу орындарының 1 мен 4 курс студенттері жұмылдырылды. Ол туралы 1-сурет бойынша көре аламыз.



1-Сурет. Студент саны мен курс көрсеткіші

1-сурет бойынша сауалнамаға қатысқан студенттердің он екісі 1-курс студенттері болса, 2-курстан он бес, ал 3-курстан барлығы он үш, сонымен қатар 4-курс студенттерінің саны он балаға жетеді. Яғни сауалнамаға барлығы 1 мен 4 курс аралығынан жалпы 50 студент қатынасқан.

Сауалнамада *Жобалау технологиясы әдісімен таныссыз ба?* деген сұраққа 50 респонденттің ішінен тек 2-еуі ғана жоқ деген жауап нұсқасын көрсетті. Ал қалған 48 респондент иә деген жауап нұсқасын таңдаған. Бұл дегеніміз нені байқатады, әрине бұл қазіргі таңда жобалау технологиясын кез келген сабақта қолданылады деген сөз. Өйткені сауалнамаға қатысқан әрбір студент жобалау технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін атап көрсетті. Бұл туралы мәліметті келесі кестеден ала аламыз.

Кесте 1

Жобалау технологиясының артықшылықтары

Артықшылықтары	Респондент саны
Үйымдастырушылыққабілеттіарттырады	48
Өз бетінше жұмыс жасау қабілетін жоғарылатады	45
Топтық ортада өзін көрсете алу қабілетін дамытады	35
Өзіндік идеяны тудырта алады	45
Шығармашылық қабілетті арттырады	47
Тілдік дағдыны арттырады	41
Кәсіби біліктілікке жетелейді	46
Коммуникативті ққатынасты күшейтеді	48

Ойлау қабілетін дамытады	47
Кез келген пәнді оқытуда ұтымды әдіс болып табылады	38
Тұлға ретінде дамытады	29

Ал жобалау технологиясының кемшіліктері ретінде сауалнама респонденттері келесі кестедегі мәліметтерді берді.

Кесте 2

Жобалау технологиясының кемшіліктері

Кемшіліктері	Респондент саны
Барлық студенттің еленбей қалуы	15
Жекелей индивидтің пікірі елеусіз қалуы	11
Кейбіртақырыптар жобалау технологиясына сай келмеуі	9

Дегенмен, респонденттердің басым көпшілігі жобалау технологиясының кемшіліктеріне қарағанда артықшылықтарын көрсетуге тырысқан. Біздің пікірімізше, заманауи студенттер тілді меңгертуде жобалау технологиясын меңгерудің тиімді жолдарын таңдап, тілді үйренудегі ақпараттар көзіне баса үңілсе екен деп ойлаймыз. Жобалау технологиясын меңгеру немесе қолдану студенттің шығармашлық потенциалын арттырады, олардың білік-дағдыларын дамытып, зерттеу жұмыстарына деген көзқарастарын нығайтады. Атап өтер бір жайт, жобалау технологиясы өз бетінше жұмыс жасауға баулып, зерттеу жұмысын жүргізуде стратегиялық жоспар құруға бейімдеп, студенттердің белсенділігін, шығармашылығын арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: Педагогика. – 1989.
2. Колесникова И.А. Основы технологической культуры педагога. – М., 2003.
3. Новиков, А. М. Методология образования [Текст] / А. М. Новиков. – 2- е изд. – М.: Эгвес, 2006. – 488 с.
4. Куценко-Барскова, Л.Б. Значение инновационного педагогического опыта в обновлении образовательного процесса [Текст] /Л.Б. Куценко- Барскова // Вестник ЛОИРО. – № 3. – С. 95-99.
5. Дворецкий С.И., Пучков Н.П., Муратова Е.И. Формирование проектной культуры // Высшее образование в России. 2003. – №4. – С. 15-22.

УДК 37.01

Абильдина С.К.
п.ғ.д., профессор

Асетова Ж.Б.
6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы
мен әдістемесі мамандығы докторанты
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ – МҰҒАЛІМНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Түйін: *аталмыш мақалада мәдениет, рух, руханилық, руханият, рухани мәдениет, мұғалімнің рухани мәдениеті ұғымдарының мәні мен маңыздылығы ашылып көрсетіледі. Сондай ақ мұғалімнің кәсіби іс – әрекетіндегі рухани мәдениеттің ролі айқындалады.*

Кілт сөздер: *мәдениет, рух, руханилық, рухани мәдениет, мұғалімнің рухани мәдениеті.*

Резюме: *в данной статье раскрывается сущность и значимость понятий культура, дух, духовность, духовная культура, духовная культура учителя. А также определяется роль духовной культуры в профессиональной деятельности учителя.*

Ключевые слова: *культура, дух, духовность, духовная культура, духовная культура учителя.*

Summary: *this article reveals the essence and significance of the concepts culture, spirit, spirituality, spiritual culture, and spiritual culture of a teacher. And also the role of spiritual culture in the professional activity of a teacher is defined.*

Keywords: *culture, spirit, spirituality, spiritual culture, spiritual culture of a teacher.*

Болашағымыздың айқын көрінісі бүгінгі жастардың үлесі екені ақиқат, дегенмен олардың келешегі ақпараттық технологияның, ғаламданудың уақыттан да жылдам өзгерістер әкеліп жатқан заман екенін ұмытпау керек. Сондықтан да, болашағымыздың тұтқасын ұстар қазіргі буынды өз және келешек замандарында өмір сүре алатындай етіп білім беріп, тәрбиелеу қажеттігі талқыға салынбайтын мәселелердің бірі. Еліміздің ертеңі жарқын болуы бүгінгі жас буынның рухани байлық, адамгершілік қасиеттер, имандылық көзқарастар, тектілік, тазалық секілді парасатқа толы ұғымдарды қамтитын білім мен тәрбие көзіне байланысты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қолы жетіп қоғамның саяси- әлеуметтік, мәдени, рухани салаларындағы пайда болған түбегейлі өзгерістер – қазіргі заманда жаңаша зерделеу міндетін туғызды. Әрине, мұндай жағдайда халқымыздың болашағына жол сілтейтін бірден-бір мүмкіндік – бұл руханилықты өркендету, оны қалай да сақтап қалу. Қоғамның рухани жадаулығы өте қауіпті дерт, өйткені ол адамдардың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерінің төмендеуіне, материалдық түрғыда азып-тозуына, саяси-экономикалық және қоғамдық құлдырауға әкелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта етек жайып белең алып жатқан адами қасиеттерге, адам қолымен жасалған еңбекке немқұрайлықпен қарау, жан жадаулыққа, рухани азғындалуға қарсы қоятын бірден-бір әлеуметтік күш – руханилық болып табылады. Рухани өрлеу өрісінің белгілері қоғамның барлық кезеңінде айқын көрініс тауып отыр (адамдардың саяси бостандығы, білім берудегі жаңа ізденістер, т.б.). Осы түрғыда Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сініп қалған таптаурын қағидалардан айырылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес» деп атап өткен еді[1]. Шын мәнінде қоғамымызда экономикалық өрлеу болуы үшін сыртқы, әлеуметтік-саяси өзгерістерімен бірге рухани өмірімізде терең серпілістер болуы қажет. Жалпы тұлғалық құндылықтар ұлт мүдделерінен әр уақытта жоғары түруы тиіс. Өркениетті және ізгілікті болуға ұмтылатын әр қоғам рухани әлемін жаңғыртып, ғаламдастыру кезеңінде өзіндік орнын, мәдениетін сақтап қалуы қажет.

Жоғарыда аталған Елбасының мақаласы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты ел тағдырына арнаған Жолдауының заңды жалғасы іспетті. Мақалада халықты ру-

хани жаңғырту мәселелері қозғалады. Ақиқатында, рухани жаңғырудың ең басты мақсаты – ұлттық кодымызды сақтау екенін ескерте келе, дүниежүзілік қарыштауға қарсы жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал екендігі түсінікті де. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды бекітіп, оны ұрпақтан ұрпаққа мұра етуде көпір болу деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ата-бабадан қанымызға сіңіп қалған салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, қазіргі кезеңде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыра аламыз.

Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Бүгінгі таңда жеке-дара тұлға емес бірегей елдің өзі бәсекелестік қабілетін арттыру арқылы ғана табысқа жету мүмкіндігі боларына Ұлт Көшбасшысы ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені әлемдік бәсекеге қабілеттілік халқымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етіп отырғаны айтпаса да түсінікті. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-санамыз, тіліміз бен діліміз, талантымыз бен тағылымымыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы руханилығымыз өзімізбен мәңгі болуы керек. Әрине, ұлттық рухани құндылықтардың бәрі жеткіншек ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен беріледі. Сондықтан ата-ана да, білім беретін оқу мекемелерінің ұстаздары да ұлттық рухани құндылықтарымызды бірінші кезекке қойғаны абзал.

Осыдан шығатын түйін болашақтағы елдің тағдыры, бүгінгі оқушылардың сапалы білім алуы мен рухани нәрмен тәрбиеленуіне байланысты. Осы ретте педагогтың жауапкершілікпен атқаратын қызметі, сіңіретін еңбегі зор: ол еліміздің жас жеткіншектерін рухани бағытта дамытумен және тәрбиелеумен айналысады, бұл ел дамуының, халықтың рухани бірлігін қамтамасыз етудің және оның моральдық құндылықтарын, саяси және экономикалық тұрақтылықты біріктіретін негізі болып табылады.

Десек те, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі. Заман ағысына сай заманауи білім талаптарына сай қаруланған, ой өрісі жоғары, зерделі, жан жақты дамыған, рухани мәдениетті маман даярлау қазіргі заман талабы. Елбасымыз: «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, «ең сыншыл бөлігі болып табылады»[1], деп бекер айтпаса керек. Өткені адамзат қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе, мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, жетілдіріп, өмірге дайындайды.

Яғни, оқушы тұлғасының қалыптасуы алғашқы бастауыш білімнің негізі қалануынан бастау алады. Сондықтан мұғалімнің кәсіби құнды қабілеті, педагог тұлғасындағы терең рухани білімділігімен тұтасқан идеялық сенімділігі, оның кәсіби шеберлігінің берік іргетасын қалайды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғарыда аталған құнды ұғымдармен сабақтаса жүретін парасат иесі болуы осы таңдағы өзекті мәселе екені түсінікті болғандай.

Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесінің төркіні қайдан бастау алатындығына көз жеткізу үшін, алдымен "рухани мәдениет" ұғымын талдап көргеніміз жөн.

Көне заманда «мәдениет» сөзі «жерді өңдеу» сөзімен мағыналас болған. Уақыт өткен сайын «мәдениет» сөзі білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу және т.б. мағыналарға ие бола бастаған. «Мәдениет» сөзінің алғашқы қолданысқа түсуі, ол адамның табиғатқа ықпал етуін анықтау үшін, адамзаттың табиғатты өзгеріске ұшырата алу қабілетін көрсетуде, көздеген мақсатына жететіндігін білдіру үшін пайдаланған. Әсіресе «мәдениет» туралы түсініктің кең қолданылуы 19ғ-да мәдениеттің өрлеу дәуірінде тарихшылар мен этнографтардың еңбектерінде ерекше орын алды.

Сонымен энциклопедиялық сөздікте, «мәдениет» (араб тілінде «маданият» – қала деген мағынаны білдіреді) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандарының жиынтығы іспеттес. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік-бостандығы мен тарихи зейіні, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері, орын толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан. Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады[2] делінген.

Ал, мына бір педагогикалық сөздікте, «мәдениет» – қоғам дамуының тарихи анықталған деңгейі, адам өмірі мен іс-әрекетінің ұйымдастырылу типі мен формаларында көрінетін оның шығармашылық күштері мен қабілеттерінің, олардың өзара қатынастарында және олардың жасаған материалдық және рухани құндылықтарда көрінетін деңгейі. Білім беруде мәдениет оның мазмұндық бөлігі, табиғат, қоғам, іс-әрекет тәсілдері жайында білім көздері, адамның қоршаған адамдарға, еңбекке, қарым-қатынасқа және т.б. эмоционалдық-еріктік және құндылық қатынастарында көрінеді[3] деп анықтама берілген.

Тағы бір түсіндірме сөздікте, «мәдениет» – (лат. Cultura – өңдеу, өсіру, тәрбие, білім, даму) 1) қоғамның, адамның шығармашылық күштері дамуының тарихи анықталған деңгейі, материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы; 2) белгілі бір білім немесе қызмет саласында қол жеткен дамудың деңгейі, дәрежесі[4], деп анықтаманы екіге жарған.

Дәлірек айтар болсақ, жоғарыдағы ойларды түйіндей келе, «мәдениет» әр түрлі адамзат бойындағы кезең-кезеңімен пайда болып, жетіліп, жаңаланып, кейінгілерге берілетін құндылықтардың бірлігі ретінде адамды рухани бостандыққа, рухани мәдениеттілікке, руханилыққа жетектейтінін анықтауға болады. Сонымен, мәдениетті адам рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасуы мүмкін деген тұжырым жасаймыз. Ал, рухани байлығы мол қоғам мүшесі ғана шын мәдени өрлеудің дамуына өз үлесін қоса алады. Осы «мәдениет» сөзінен шығатын бастауыш сынып мұғалімдерінің қызметіне арнайы бағытталған «мәдениеттілік» ұғымына келсек, «мәдениеттілік дегеніміз – әдептіліктің, имандылықтың, ізеттіліктің ұлттық көрінісі. Ұлттық мәдениетті қастерлеу – мәдениеттілік белгісі. Әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегендік белгісі, жан тазалығы, тән тазалығы – мәдениеттілік болып табылды» [5] деген сөздермен қорытынды жасауға болады.

Философиялық сөздікте, «мәдениет – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылық қызметі, бұл қызмет заттандыру (қазыналар, нормалар, белгі жүйелерін және т.б. жасау) және затсыздандыру (мәдени мұраны меңгеру) процестерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның ішкі байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталады. Неғұрлым тар мағынасында, әдетте, материалдық, рухани, сондай-ақ саяси мәдениет жөнінде айтылады. Мәдениет – қоғамдық экономикалық формациялардың алмасуына байланысты дамитын тарихи құбылыс. Материалдық жағдайларға тәуелді болатын рухани мәденит өзінің матеиалдық негізінің ізінше өзінен-өзі өзгермейді, қайта біршама дербестігімен сипатталады» делінген[6].

Көптеген «мәдениет» жайындағы жазбаларды зерделей келе, мәдениет негізінен тар мағынасында, материалдық және рухани болып қарастырылатынын байқадық. Сондықтан бізге керегі мәдениеттің рухани түсы болғандықтан, «рух», «руханилық», «руханият» сөздерінің мағынасына үңіліп көрейік. Адамның тәні, жалпы тұлға бейнесі, ол ең алдымен – рухтың болуымен ерекшеленеді. Өткен замандағы және қазіргі ойшылдардың бәрі де адамның рухани пенде екенін қажымай айтып келеді. Оған дәлел, неміс философы Иммануил Кант «Адам – жоғары мәдени құндылық» деп бекер айтпаған. Кең түрде алғанда, «рух» деп біз адамның психикалық өмірінің ең биік, санамен байланысты оны жетілдіруге, кемеліне келуге итермелейтін, дүние мен қоғамды бірлікке, үндестікке шақырып, осы жолда оны өзгертуге бағытталған көріністерін айтамыз. Жоғарыда айтылған ойға сүйенсек, рухтың қайнар көзі материалдық дүниенің терең қабаттарының астында. Ол заттардың тұтастығын және бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді де, оларды жетілуге итермелейтін күш болып есептеледі. Уақытында П.Т. де Шарден айтқандай, оны біз молекуланың өз ішкі тартуынан ақ байқауымызға болады. Оны Платон “морфе” (заттың болмыс формасы), Аристотель қайсыбір дененің “энтелехиясы” (оның болмысын анықтайтын ішкі мақсат-мұраты), В.Г. Лейбниц “монада” (көзге көрінбейтін рухани күш),- деп атап кеткен болатын.

Психологияда «рух» – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана-сезімі мен қимыл-әрекетінің ең жоғары деңгейі. Ол адамның өмірі мен өзіндік құндылығын субъективті тұрғыдан салыстыруға, бағалауға мүмкіндік береді. Рух санамен, жанмен үйлесе келіп, адамның танымға деген қажеттілігін, өмірге деген құмарлығын арттырады. Рухы жоғары адам тыныс-тіршіліктегі қиыншылықтармен түйықталып қалмай, өзгенің адамгершілігін құрметтеп, оған ілтипатпен қарап, көмектесуге бейім тұрады. Ол жағымды істен қанағат табады. Рухты, рухани қабілетті қалыптастыру – тәрбиенің түбегейлі мақсаты. Халық рухы – халықтық психология ұғымының синионимі, әр ұлттың өзіне тән психологиялық ерекшелігі, олардың психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы[7]. Сонда, рухани құндылықтар өмірге мағына береді деп түсінуіміз қажет те, болашаққа

жол ашатын тұлғаның руханилығы жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуінен, саналы түрде құндылық атаулыны тани білуінен, игілікті құндылықтарды іске асыра алуынан көрінеді.

Ә.Табылдиевтың этнопедагогикалық сөздігінде, «рух – жан, тіршілік қуаты, рухани азық болмаса, рух мерейі үстем болмай, адамдық қасиет бұзылады» деп ойын білдірген[8]. Осыған сүйене отырып, рухани мәдениет иесінің әрекеттерінен жоғарыда айтылған адамдық қасиеттерге жататын мейірімділік, ар сақтау, ұятқа қалмауға тырысу сезіліп тұратындықтан, жеке адамның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштасып жатады деген ой келеді.

«Рух» сөзінің қолданыстағы «руханият» ұғымына келсек – адамның дүниетанымының кеңдігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі. Адамдарды моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан құтқаратын бір күш бар. Оның аты – руханият. Керек десеңіз, руханият қоғамды әлеуметтік-экономикалық құлдыраудан да алып шығады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар[9]. Осы орайда қоғамның әлеуметтік-психологиялық жағдайы мен мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті тығыз байланыста қарастырылатыны сөзсіз. Сауаты бар, мәдениеті қалыптасқан ел өз үрпағының білім алуға деген құлшынысын көтеруде және жас жеткіншекке ата-баба тәрбиесін беруде, тәрбие мәселесіндегі тұлғалық дүниетанымын қалыптастыру жағдайына өркениетті, болашағына зор сеніммен қараған әлеуметтік ортада ғасырлар бойы өзектілігін жоғалтқан емес.

Ал «руханилық» түсінігі педагогикалық сөздікте – пісіп жетілген тұлғаның дамуы мен өз әс-әрекетін өзі реттеудің жоғары деңгейі. Бұл уақытта оның өмір іс-әрекетінің негізгі бағдарлары негізгі адамзаттың аса зор құндылықтары болады; өзін қоршағандардың игіліктерін бағдарланған тұлғаның іс-әрекеті, оның асқан мінез-құлықтарды іздеуі»[10].

Сонымен, түрлі ғылыми әдебиеттерді қарастыру барысында талдауларға сараптама жасай отырып, рухани мәдениет ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатқандығын анықтауға болады. Ежелгі гректер «адамзаттың рухани мәдениетінің классикалық үштігін қалыптастырған: ақиқат, жақсылық, сұлулық және рухани мәдениеттің негізгі формалары ретінде ғылым, өнер, дін, философиялық мәдениет, құқықтық мәдениет, көркемөнер мәдениеті, зияткерлік мәдениеті, адамгершілік мәдениеті жатқызылады» деп анықтамалар жасаған.

Сонымен, рухани мәдениет дегеніміз – ғасырлар тереңінен бастау алған рухани қазына. Осы рухани қазынаны үрпақтан үрпаққа жоғалтпай жеткізу кемеңгер халқымыздың еншісінде.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ішкі рухани жан-дүниесі мамандығына, білім беретін оқушылары арасындағы кәсіби қатынасына, айналасына, қоғам мен мемлекеттегі өзгерістерге көзқарасы оқу үрдісіне ғана емес, білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына да өз әсерін тигізеді.

Сондықтан да жарқын болашақтың кепілі бастауыш сынып мұғалімдерінің дүниетаным көкжиегі мен оның рухани құндылықтары арқылы айқындалады десекте артық емес. Руханилық ұстаздың негізгі сапалық көрсеткішінің деңгейі. Руханилықтың бастапқы сатысында бастауыш сынып оқушыларының тегіне қарай мінез-құлқы қалыптасады, сеніміне қарай ар-ұяты бекиді, өзін-өзі бағалауы, өзіне сын көзбен қарауы, ақиқатты талдауға шамасының жеткілікті болуы секілді адамгершілік сапалары дамиды. Бұл оқушы бойына мейірімділік, ізгілік, парасат ұғымдарын топтастырады. Демек, адам жанының бағбаны бола білген ұстаз, осы жауапкершілікті сезіне білуі керек. Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті, алдымен тұла бойындағы атадан сіңген адамгершілік сапалардың жоғары деңгейде болуынан деп есептесек, осының нәтижесінде білім мен тәрбие алып отырған оқушы қалыпты әлеуметтік ортада жүзеге асатын адамгершілік нормаларын бойына сіңіреді.

Сонымен бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті оның, алдымен өзінің тектілік құндылықтарынан, оқушылармен, әлеуметтік ортамен, қоғаммен мәдени қарым-қатынасынан, қадірі мен адамшылығынан, ұяттылығы мен тәрбиелігінен, зиялылығы мен қарапайымдылығынан көрінеді деген ой түюге болады. Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негізі – адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік қасиеттерді қастерлейтін кәсіби маман белгілі бір рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады десек артық айтпаймыз. Ең жоғарғы кәсіби дайындықтың өзі егер де жоғары кәсіби этикаға, еңбексүйгіштік дәстүрлеріне, жауапкершілікке, ынталылыққа негізделген адамгершілік құндылықтарды тірек етпесе қажетті нәтижеге жетпейді. Ұстаз ғана қоғам үшін өзінің адамгершілік тазалығымен, бекзаттығымен, кәсіби борышына берілгендігімен, дүниені жетілдіре беруге талпынуымен үлгі бола алады. Осыған орай бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды руханилыққа тәрбиелеуде өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделту, әлеуметтік-саяси жағдайда,

өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қойғызу, ұлттық санасының, отансүйгіштік қасиеттерінің жоғары болып, өз елінің ұлттық санасы, елінің экономикалық дамыған, әлемдік қоғамда өзіндік орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынтып, заңды сыйлап, қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы бар жастарды қалыптастыруы қажет.

Қалай десек те, бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті өз шәкірттерінің білімі мен мүмкіндіктерін бағалай білуі және педагогикалық үдерістерден тыс қалмауы арқылы да бағаланады.

Ұстаз тұлғасы, оның кейбір жеке қасиеттері оның ондаған оқушыларына дариды, алайда бұл оның жақсы қасиеттерімен қатар оның кемшіліктеріне де қатысты екенін ұмытпаған жөн [11].

Жоғарыда келтірілген ой-пікірлерді түйіндей келе бастауыш сынып мұғалімінің моральдық санасының жоғары болуы, эмоциялық сезімі мен адами құндылықтарға бай болуы рухани мәдениетінің біртұтас жүйесі болатынын көруге болады. Сондықтан кәсіби маманның рухани мәдениетті болуы – қоғамда қалыптасқан тарихи, рухани және мәдени құндылықтарға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген адамгершілік, рухани тәртіпті қатаң ұстануымен тепе – тең. Көптеген әдебиеттерді зерделеу кезінде, «руханилық» адамгершілік сөзімен тығыз байланыста екендігін байқадық. Яғни, адамгершілікті мінез-құлық нормалары мен ережелері құрайды.

Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі – адамдық тәрбие, ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады [12].

Қорыта айтсақ рухани мәдениеттің дамуы қоғамның рухани жаңғыруына алып келетін үлкен күш деп білеміз.

Осы ретте, «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [1], деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да рухани мәдениеттің алар орнын атап көрсеткен.

Білімсіз әрі тәрбиесіз адам еш уақытта да мәдениетті бола алмайды, ал білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің басты мазмұны екенін білеміз. Рухани мәдениет халық шығармашылығының ерекшелігін, оның дүниетанымы мен көзқарасының даму өзгерісіне жол ашады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үрдісіндегі басты мақсаты: білім деңгейі бойынша дамыған елдерден қалмай, халқымыз бен мемлекетіміздің мәдени тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мәдениеттің ұлттық жүйесінің қалыптасуын басшылыққа алатын жастарды жетілдіру. Ал ол үшін біз, санамыз бен рухымызды көтеруге міндеттіміз.

Сөз соңын, дана Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адам баласы жамандықтың алауын өшіріп, өз ішіне тазалық орнатып, рухани дамуға көңіл тоқтатуы қажет», – деген ойымен сабақтағымыз келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
2. http://www. akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakkabagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy Сұраныс уақыты – 26 қараша, 2017 жыл.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 437 б.
4. Ыбырайымжанов Қ.Т., Қоянбаева Г.Р. Педагогикалық сөздік. – Алматы, 2016. – 96-97 б.
5. Білдебаев Т. Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2001. – 144 б.
6. Табылдиев Ә. Этнопедагогикадық қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2002. – 101 б.
7. Философиялық сөздік. – Алматы, 1996. – 264 б.
8. Психология. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011. – 474 б.
9. Табылдиев Ә. Этнопедагогикадық қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2002. – 110 б.
10. Интернет ссылка: https://kk.wikipedia.org/wiki/Руханият
11. Ыбырайымжанов Қ.Т., Қоянбаева Г.Р. Педагогикалық сөздік. – Алматы, 2016. – 150 б.
12. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқулық/ Абильдина С.К., Жекибаева Б.А., Асетова Ж.Б. – Алматы: ССК. – 2017. -228 бет.
13. Ахметова Г.К., Исаева З.А., Әкожаева Н.С. Педагогика. Оқулық. – Алматы, 2006. – 108 б.

Абильдина С.К.
профессор, п.ғ.д.
Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қарағанды, Қазақстан

Бозахаева Г.К.
докторант
Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
аға оқытушы
Атырау инженерлік-гуманитарлық институт
Атырау, Қазақстан

ТАРИХИ ТҮСІНІКТЕР: ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ АЛҒЫШАРТТАР

Түйін: *Орта мектептің кез келген деңгейі, аталмыш мақалада бастауыш сыныпта, тарихи түсінікті ұсыну мәселесіне арналған мақала. Авторлар тарих танымы үрдісінің жүйесінде түсініктің қалыптасуы аса маңызды екенін топшылайды, осы бағытта қалам тартқан галымдардың еңбектеріне сүйене отырып ғылыми талдау жасаған.*

Түйін сөздер: *тарих, түсінік, таным, факті.*

Резюме: *Данная статья посвящена овладению системой исторических понятий в система среднего образования, в данном случае в начальных классах. Авторы статьи считают, что в общей системе процесса познания истории формирование понятий является важным звеном, проведен научный анализ трудов ученых.*

Ключевые слова: *история, понятие, познание, факт.*

Summary: *This paper is devoted to the historic issues coherence in the secondary education system, in this case it is researched out in the elementary school. The authors consider that in the whole process of history cognition the knowledge forming process is the most important, and they worked over the researchers' scientific analyses.*

Keywords: *history, cognition, knowledge, facts, perception.*

Тарихи түсініктерді қалыптастыру мұғалім оқыту кезінде күнделікті кездесетін проблема қатарына жатады [1], [2]. Осы бағытта қалам тартқан ғалымдар баршылық, атап айтар болсақ, психологиялық, педагогикалық және әдіснамалық әдебиетте ғалымдар: А.А. Вагин [3], Н. Г. Дайри [4], Е.Е.Вяземский [5; 6] және басқалары.

Кез келген ғылымның негізін игеру дегеніміз түсініктер жүйесін меңгеруге саяды. Мектепте оқу барысында оқушылар тарихи түсініктердің жүйесін игереді. Тарихи таным үрдісі жалпы жүйесінде түсініктерді қалыптастыру аса бір маңызды екені түсінікті.

Тарихи түсініктерді игеру дегеніміз тарихи фактілердің айрықша қасиеттерін, мейлінше маңыздыларын түсіну әрі түйсінуді, аса мәнді байланыс пен қатынаста тарихи құбылыс пен оқиғалардың саналарында жатталып қалуды бідіреді. Тарихи түсініктер – ғылыми білім жүйесінің діңгегі [2, б.90].

Тарихи түсініктер қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі В.Н.Ашурков, Т.А. Бабакова, А.С. Барков, В. Хамзин, А.А. Вагин, Т.Е.Вендрова, И. Верба, В.Е. Глуздовский, А.В. Дариян, В.П. Есипов, Н.В.Ефременков, Б.А. Заруцкий, Е.А. Звягинцев, П.В. Иванов, Д.В.Кацюба, Г.Н. Матюшин, Г.П. Пирожков, Т.О. Размустова, А.Е. Ставровский, К.Ф.Строев, В.Е. Туманов, Т.В. Хорхорди, С.О. Шмидт және т. б. ғалымның еңбектерінде қаланған [7].

Тарихи түсініктердің психологиялық аспектілеріне В.Г. Ананьев, П.П.Блонскоий, А.С. Выгодский, Е.И. Игнатьев, В.С. Кузин, Н.А.Менчинская, П.А. Рудин, Б.М. Теплов және т. б. зерттеуші назар аударған [7].

Тарихи түсініктерді қалыптастыру мәселесі психологиялық, педагогикалық, дидактикалық әрі әдістемелік әдебиеттерде кеңінен сипатталды. Психологтар аталмыш түсінікті ойлау формасы ретінде сипаттайды, негізгі әрі басты қисындық «таным жасушасы» деп санайды. Тарихи түсініктерді қалыптастыру үрдісі ойлаудың дамуы, толық емес, жүйесіз білімнен толыққанды әрі терең білімге қарай қозғалыс ретінде қарастырылады [2,б.90].

Психологтар тарихи түсініктерді игеру барысында оқушылардың жасайтын негізгі қателіктерін жүйелеп, топтап анықтап берген. Ғалымдардың пайымдауынша ол қателіктерге: (а) түсінік, біздің жағдайда тарихи түсініктің, барлық қасиетін айқындай алмауы, (ә) ішінен бір не екі мейлінше айқынын ғана көрсетуге тырысуы; (б) маңызды қасиетті маңызсызынан айыра алмауы; (и) толық емес қасиетіне қарай ой, түсінікті топшылау тенденциясы жатады [1].

Тарихи түсінікті игеру тиімділігін көтеру және жиі кездесетін қателіктің алдын алу мақсатында психологтардың ұсынатыны: (а) түрлі тарихи құбылысты салыстыру кезінде түсініктердің жалпы әрі айрықша қасиеттерін анық айыра әрі бөле білу; (ә) оқушылардың (Д. Н. Богоявленский әзірлеген «бастапқы жүйелеу» принципіне сүйене отырып) сол түсінікті нақты игеруін қамтамасыз ету; (б) түсініктің мәнін аша отырып оқушылардың игеруін, маңызды әрі маңызсыз қасиеттерінің ара-жігін айыра білуге үйрету; (в) негізгі емес қасиеттерін санамалап беріп (Е. Н. Кабанова-Меллер ұсынған «бөлшектеуші абстракция» қағидатына сүйене отырып), негізгі қасиетті негізгі емесіне қарсы қоя білуге үйрету; (г) шамасына қарай мейлінше мол нұсқа ұсына білу, жалпылау негізі болатындарын ғана сақтап қалу (Н. А. Менчинская әдісі); (ғ) зерттелуші мәнін сипаттаушы өзекті қасиеті, яғни ең бастысынан бастап құбылысты оқу, зерттеу, үйрету (В. В. Давыдов әдісі) болмақ. Осылайша, тарихи түсінікпен жұмыс жасауды бастар алдында мұғалім мен оқушыға түсінік мәнін игеру әрі түйсінуге көмек етуші бағдар ұсынылады [2, б.90-91].

Бастауыш сыныпта тарихи түсінікті қалыптастыру мәселесін И.В.Гиттис және В.Г.Карцов қарастырған болатын. Тарихи түсініктерді бастапқы кезеңде (бастауыш сынып, ортаңғы буын, жоғары буын болсын) үйрету үшін тек тарихи факті мен бейнелерді топшылаумен ғана шектелмей, бастапқы кезеңде жалпылау әрі жүйелеуге де айрықша назар аудару қажет деп санайды [2, б.91].

Әдіснамалық ғылым болса негізгі назарды түсініктерді жіктеу мәселесіне аударады. Өткен ғасырдың 50-жылдары жалпылану дәрежесі мен түсінік мазмұны өзек ретінде топшыланған түсінікті жіктеу ұсынылған болатын. Уақыт өте келе Г. М. Донской тарихи құбылыс, уақиға мен үрдісті оқу кезінде дара, жалпы әрі айрықшаның диалектикалық қатынасы ескерілген мектеп оқулықтарын ашатын түсінік категорияларының кестесін әзірлеген болатын. Осы кестені негізге алып Г. В. Клокова он бір сыныпты мектептерда тарихи бағдарламасына сай тарихтың жеке курсына шақталған тарихи түсініктердің жіктемесін құрастынған болатын, осы орайда айта кететініміз жіктеме негізінен V-VII сыныпқа арналып жасалған болатын. Қызметін жаңа бастаған мұғалім түсініктердің жіктелуімен танысқаны абзал, себебі бұл жұмыс реті мен тәсілдерін дұрыс таңдауға септігін тигізеді. Тарих сабағы курсында түсініктің мән-мағынасын ашуда белгілі әдіснамалық шартты сақтауды түсініктің жекелеген тобы талап ететінін айта кеткен жөн [8].

Әдіснамалық әдебиетте тарихи түсініктердің қалыптасу жолы мен амалдары әзірленген. Осы мәселені шешу әрі талдауға зор еңбек сіңірген А.А. Вагин[3]. Ол тарихи түсініктердің қалыптасу кезеңдерін: (а) тарихи құбылыстың біртұтас бейнесін құру; (ә) тарихи факт маңызды қасиетін аша әрі айыра білу; (б) түсінік, әрі оны қолдану жаттығуларын анықтау; (в) түсінікті орынды қолдана білу дағдысын қалыптастыру; (г) тарих материалды түсіну әрі талдау кезінде сол дағдыны қолдана білуді ешкеп, белгілеп берген ғалым. А. А. Вагин тарихи түсініктердің қалыптасуының негізгі жолын индуктивтік, яғни нақты тарихи материал негізінде түсініктің жекелеген белгісі мен қасиетін ашудан бастап жұмыстың ақтық (соңғы) кезеңінде анықтама және терминді енгізуге дейінгі күрделі жұмыс деп санаған [3]. Жүргізілетін тәжірибелік зерттеулер және заманауи мектепте сабақ беру тәжірибелерін жинақтаудан мынадай қорытындығы келіп отырмыз: тарихи түсініктерді түсіндіру әрі ашып анықтауда индуктивтік әдіспен қатар дедуктивтік жолға да жүгіну керек, ол, әрине, жоғары сыныпта кеңінен қолданылады. Алайда соңғы жылдары жоғары сыныптың еншісінде деген тұжырымды жоққа шығарған ғалымдар да баршылық, яғни дедуктивтік әдісті төменгі сыныпта қолданудың тиімділігі барын Л. Н. Боголюбов, Н. Г. Дайри, И.Я. Лернер секілді ғалымдар қолдап отыр. Тарихи түсініктерді анықтау, талдау, түсіну әрі сараптауда дедукция оқушыларға толық еркіндік береді, балалар өз еркімен белгілі деңгейге жетеді, өздігінен қорытынды жасай алады. Тарихи түсініктерді беруді кейінге қалдыру, кеш беру оқушылардың білімін бөлшектеп, жүйесіз етеді, белгілі бір бағыттан ауытқуға әкеліп соқтырады. Тарихи фактілердің көптігі, молдығы және оларды белгілі бір жүйеге келтіре алмау оқу білімін тек жеңіл мәлімет түрінде қалдырмақ [2, б.92].

Тарих бойынша бағдарламаларда қазіргі таңда негізгі түсініктердің тізімі (белгілі дәрежеде, деңгейлеріне сай, әрине) келтіріледі. Бұл курстың ғылыми мазмұнын ашу, іріктеу, идеялық тақырыптық

негізін анықтау, нақты тарихи материалды талдау, саралау әрі жалпылау, қорытындылау жұмыс жолын белгілеп алуға сол мүмкіндік бермек.

Он екі жылдың мектепте тарих бойынша бағдарламаға түсініктерді іріктеу оқыту міндеті, курс құрылысы мен қисын қағидаты, курс әрі пән аралық байланысты орнату қажеттілігі, оқушылардың жас әрі физиологиялық ерекшелігі, білім алушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейіне тура байланысты болады [2, б.92].

Дидактика әрі әдіснама зерттеушілері мектептегі тарих курсындағы тарихи түсініктерді оқыту кезінде нақты фактіге жүгіну арқылы ғана оң нәтижеге жетуге болады деген қорытындыға келіп отыр.

Термин, түсінік, категорияның (мектепте, тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл тізімді әдетте тек термин деген бір ғана сөзбен ұсынады) бекітілген мән, мағынасын қатаң сақтау керек.

Термин (лат. terminus – шек, шеті, шекарасы деген мағынада) -ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты,айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады[9; 10].

Термин – нақты затты (дулыға, кебеже, сәукеле, қоржын және т.т.), сонымен қатар бейтарап түсінікті (рухани азық, қоғамдық қатынас және т.т.) белгілеуші сөз әрі сөз тіркестері.

Түсінік – айтарлықтай жалпы және жиынтығында өзіне тән қасиетіне сай белгілі топ заттары топтастырылатын әрі бөлінетін ойлар (буржуазялық революция, авторитарлық режім).

Категория – шынайы құбылыс әрі түйсіну жалпылауыш қасиеті мен қатынасы, мейлінше ортақ әрі іргелі түсініктердің басым көпшілігі (уақыт категориясы, сепеб-салдар категориясы) [4].

Оқушылардың, біздің жағдайда бастауыш сынып оқушыларының, терминологиялық сауаттылығы бойынша жұмыс бірқатар мәселені танып білу әрі шешуді меңзейді: (1) оқушылардың тарихты оқу барысында терминологиялық мәселенің барын сезінуілері; (2) оқушылардың терминологиялық сауатсыздығығының себебін айыра әрі анықтау білу; (3) терминологиялық аппаратпен тиімді жұмыс жасау әдіснамасын іріктей (әзірлей) білу [4].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, терминология мәселесі әр сабақта туындайды.

Шын мәнінде, тәжірибеден байқағанымыз, тарихи байлам мен түсініктің қалыптасуы бір мезгілде жүзеге асырылады: түсінік негізінен белгілі бір байламға негізделе отырып қалыптасады. Алайда тарихи байлам мен түсініктің арасында белгілі бір айырмашылық та болады. Тарихи байлам үнемі жекеленген, яғни бір сынып ішіндегі балалардың әрқайсысында әртүрлі бола береді. Бұл баланың мінезі, психологиялық ерекшелігіне тура байланысты. Байламның негізінде қалыптасушы бейнені бала тек тарих, біздің жағдайда дүниетану, сабағынан ғана алмайды, ол байлам, топшылау сәби кезінен көрген деректі кино, мультфильм, оқыған ертегі, БАҚ, кітаптардан туындауы мүмкін. Тарихи фактілер маңызды қасиеті мен байланысын сипаттаушы түсініктер барлық оқушы бойында бірдей қалыптасқаны абзал [4].

Сонымен қатар, барлық оқушыға бағытталған мұғалім мәліметінің әртүрлі қабылдануының тағы да бір күрделі себебі – оқушылардың қабылдау түйсігінің бір деңгейде болмауы. Бір қарасақ, мұғалім барлық оқушыға бірдей мәлімет берелі, бір сөзді қолданады, дегенмен әр оқушы әртүрлі қабылдайды. Осы мәселеге қатысты жақсы бір тұжырымды профессор Э.Стоунс айтып өткен, «мұғалім мен оқушының түсінікті игеру деңгейлерінің сәйкессіздігі – оқытудың барлық деңгейін талдаудың басты мәселесі болмақ, әрине ең басты мәселе оқушыға көмек көрсетуге бағыттылса керек» [4].

Бүгінгі таңда ғалымдарды толғандыратын басты мәселе, біздің жағдайда терминологиялық мәселе, оқушы терминологиялық сауаттылығының олар игеретін тарихи білімінің тереңдігіне тура байланысты екенін оқушылардың толыққанды түсіне бермеуі болмақ. Ендеше, оқушылардың тарих пәнін, біздің жағдайда дүниетанымды, жоғары деңгейде игеруі үшін оқулықта берілген тарихи дерек ұсынылған терминді мейлінше толық игермейінше, бүкіл параграфты жаттап алғанның өзінде де пәнді игере алмайды.

Терминологиялық сауатсыздықтың басты себебін білмеу, салдарына бойламау оқушының сабақты түсінбеуінің бірден бір қыры. Тәжірибе көөрсетіп отырғандай, терминологияны үйретудің дұрыс әдіс-тәсілін әзірлеу, жүйелеу әрі қолдану тарих пәні мұғалімінің басты міндеті болмақ[11].

Терихи терминологияны игеру үшін оқушылардың үнемі ізденісте болып, тұрақты түрде жұмыс жасау қажеттілігі келесі негізгі себептермен негізделген:

Бастапқы себеп – тарихи бағыттағы ттерминдердің мәнін толықтай білмеуі. Тарихпен танысудың ең бастапқы кезеңінде түрлі термин кездеседі. Уақыт тапшылығына орай мұғалім аталмыш терминдердің мәнін ашпай, жалпылама түрде ұсынуына тура келеді.

Екінші себеп – тарихи деректерді бастапқы кезеңде игергенде танысқан терминдер мейлінше жылдам ұмытылады, жүйелі әрі сабақтастықта терминдерге қайтадан жүгінуге тура келеді, себебі тарихи деректер, әсіресе терминдер үнемі сабақтастықты талап етеді де, өткен мен бүгінді салыстыра отырып оқытуда аталмыш деректер таптырмайтын мәлімет болмақ. Бастауыш сыныпта оқылған, түсіндірілген деректер, уақыт өте келе түрлі қырдан жаңаша көзқараспен ұсынылуды талап етеді. Бастауыш сыныпта, әрине, ғылыми аппаратқа сүйенбей, жеңіл, үстіртін түрде ұсынылатыны түсінікті.

Үшіншіден, оқушылар игерген білім уақытылы ғылыми негізде терминологиялық арсеналға (діңгек, негізге) енгізілген жоқ, нәтижесі де көп күттірмейді, жеңіл-желпі түсіндірілген мәліметтер жадыда қалмай, ұмытылады.

Төртіншіден, терминологиялық сауаттылықты жоюға бағытталған жұмысты мұғалім мейлінше төмен деңгейде жүргізген болса, оқушыларда термин туралы түрмыстық, күнделікті өміршеңдік көзқарас қалыптасады. Осылай болу заңдылық деп қабылдаған оқушылар терминдер сөздігіне жүгіну тәжірибесіне жүгіне бермейді.

Қарастырылып отырған себеп түрғысынан оқушылардың терминологиялық сауаттылығы деңгейін анықтауда кездескен бірқатар қателіктің барын байқадық.

Бесінші себеп – уақыт талабы, тарихи құбылыс, қолданыс аясына қатысты жекелеген термин мазмұны ішінара немесе тіптен түбегейлі өзгеріске ұшырауы.

Алтыншы себеп – тарихи тілдің жаңа терминдермен тұрақты түрде толығуы әрі баюы.

Соңғы кезде салыстырмалы түрде жаңа терминдер қолданысқа түсе бастады: жекешелендіру, контрмәдениет, ментальдық, пассионарлық және т.т.. Аталмыш терминдерді игерудегі бастапқы қиындық ғылыми анықтаманың берілмеуімен тура байланысты деп санаймыз. Оларды пайдаланбау тағы да мүмкін емес, себебі олар оқулықта, БАҚ, басқа да ақпарат бетінде жиі кездеседі.

Жетінші себеп – ежелгі әрі орта ғасыр авторлары жиі қолданатын терминдер заманауи адамдар қолданыс аясынан шығуы немесе қазіргі әдебиетте сирек қолданылуы. Өткен, ежелгі дәуір тілін заманаи қазақ тіліне аудару (түсіндіріп өту) қажет: тарих бір орында қалып қоймайды.

Сегізіншіден, терминологиялық аппарат қазіргі кезеңде идеологияға қатысты қызу тартыстың өзегіне айналып отыр. Жаңаша көзқарас пен жаңашыл ой, болжамға бейімделу – адамдарға тән құбылыс[12; 13; 14; 15].

Елімізде болып жатқан идеологиялық, діни, саяси әрі өзге де көзқарасқа байланысты қандай терминге түрлі түсінік беру болатыны даусыз. Мәселен, жалпыадамзаттық құндылық, ашық қоғам, демократия, сөз еркіндігі және т.т. сөзді түрліше түсіндіру бары жасырын емес[16; 17].

Терминологиялық аппаратты кеңейту әрі меңгерту, ғылыми негізде өңдей білуге деген жүйелі әрі толыққанды жұмыстың қажеттілігін түйсіну негізгі себептері деп танылып отырғанын мұғалімдер де, оқушылар да мойындады.

Сонымен тарихи түсініктерді игеру дегеніміз тарихи фактілердің мейлінше маңызды, айрықша қасиетін оқушылардың игеруін, саналарында мейлінше маңызды байланыс пен қатынастағы тарихи құбылыс пен деректердің сипатталуын білдірсе керек. Кез келген пәнді оқытудың маңызды бөлігіне түсінікпен жұмыс жататыны түсінікті, себебі оларды білмейінше және түбегейлі түйсініп меңгермеінше оқу үрдісінің нәтижесі болады деп айтуға қиынға соғады. Ғалым дидактиктер мен әдіскерлер нақты фактіге сүйене отырып қана тарихтың мектеп курсында түсініктер мен терминологиялық деректі игеруге болатынын нақты дәлелдеді. Осы аса маңызды қорытынды факті мен түсініктерді игерудегі сабақтастықтың барын дәлелдесе керек. Бастауыш сыныпта аталмыш фактінің орны мен рөлін айқындау, саралау әрі сараптау болашақ еңбектердің еншісінде деп анық айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Методика формирования понятий в школьном курсе истории. Жұмыстың samzan.ru сайтына жүктелген мерзімі: 2016-06-20.
2. Методика преподавания истории в средней школе: учеб. пособие/ С.А. Ежова, И.М. Лебедева, А.В. Дружкова – М: Просвещение, 1986. – 272 с.
3. Вагин А.А. Методика обучения истории в школе. А.А. Вагин – М.: Просвещение, 1972.

4. Дайри Н.Г. Обучение истории в старших классах средней школы/ Н.Г. Дайри – М.: Просвещение, 1986. – 253 с.
5. Вяземский Е.Е. Стрелова О.Ю. Методические рекомендации учителю истории: основы профессионального мастерства/Е.Е. Вяземский, О.Ю. Стрелова – М.:ВЛАДОС, 2000. – 160 с.
6. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории/ Е. Е. Вяземский, О.Ю. Стрелова – М.:ВЛАДОС, 2003. – 384 с.
7. Бозахаева Г.К. Тарихи түсініктерді қалыптастыру: ғылыми баян/ Журнал «Интернаука» №3 (85) секция «Педагогика». 2019 г.
8. Методика преподавания истории в школе/сост. И.В.Берельковский, Л.С. Павлов – М: Проматур, 2001. – 336 с.
9. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6.
10. Рахимбекова З.М. Материалдар механикасы терминдерінің ағылшынша-орысша-қазақша түсіндірме сөздігі ISBN 9965-769-67-2.
11. Бархинцева Н.Е. Формирование понятий в процессе обучения/Н.Е. Бархинцева [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://festival. 1september.ru/articles/410040
12. Волкова Т.И. Методика работы с историческими и общество-ведческими понятиями/Т.И. Волкова [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://edu.znate.ru/docs/653/index-20421-1.html
13. Грибов В.С. Как изучать в школе историю нового времени/ В.С.Грибов//Открытая школа. – 2003. – № 5. – С. 42-50.
14. Короткова М.В. Студеникин, М.Т. Практикум по методике преподования истории в школе/М.В. Короткова, М.Т. Студеникин – М.: ВЛАДОС, 2000. – 272 с.
15. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе: новая технология личностно-ориентированного исторического образования/ В.В.Шоган – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. – 475 с.
16. Түрлығұлов Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту териясы мен әдістемесі, Алматы: 2003 ж.
17. Шолпанқұлова Г. Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс дамуының теориялық негізі//Үлт тағылымы, 2005 ж. №3.

УДК 372.851



Арепьева С.В.
к.ф. – м.н., старший преподаватель
кафедры инженерных и социально-гуманитарных дисциплин
Рудненский индустриальный институт
г. Рудный

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ

Түйін. *Мақалада техникалық колледжде оқитын студенттердің математикалық дайындық мәселелері талқыланды. Фундаменталды математикалық оқытусыз технологиядағы зерттеулер мүмкін емес. Осыған байланысты математикалық білім сапасын арттыру жолдары ұсынылады.*

Түйін сөздер: *математика, оқыту, әдіснама, құзыреттілік.*

Аннотация. *Статья посвящена вопросам математической подготовки студентов в техническом вузе. Проведение исследований в сфере технологий невозможно без фундаментальной математической подготовки. В связи с этим предлагаются пути совершенствования повышения качества математического образования.*

Ключевые слова: *математика, обучение, методика, компетенция.*

Annotation. *The article is devoted to the issues of mathematical training of students in a technical college. Research in technology is impossible without fundamental mathematical training. In this regard, ways to improve the quality of mathematical education are proposed.*

Keywords: *mathematics, training, methodology, competence.*

Целью деятельности каждого высшего учебного заведения является качественная подготовка высококвалифицированных специалистов, востребованных на рынке труда. Одной из задач Государственной политики в области образования и подготовки профессиональных кадров является создание на основе международного опыта новых и перепрофилирование действующих высших учебных заведений в специализированные университеты для подготовки квалифицированных кадров в области высокотехнологичных производств. Модели технических вузов должны состоять не только из типовых элементов, но и из инновационных элементов. А инновационные модели состоят из интеграции науки, образования с производственной средой. Реализация состоит в проведении исследований фундаментального и прикладного характера. Проведение исследований в сфере высоких технологий невозможно без фундаментальной естественно-научной и математической подготовки.

Н. Назарбаев в своем Послании «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» очень точно сказал: «Необходимо усилить качество преподавания математических и естественных наук на всех уровнях образования. Это важное условие для подготовки молодежи к новому технологическому укладу».

Поэтому математическая подготовка студентов в технических вузах должна быть усилена.

Главная цель обучения математике – получение современного инновационного образования. Обучение математике прививает студенту строгую дисциплину мышления.

Математические знания формируют у студентов еще три важнейших умения, которые не способна дать ни одна из учебных дисциплин:

– умение отличать истину от ложности (которую понимают как отрицание истины);

– умение отличать смысл от бессмысленности;

– умение отличать понятное от непонятного.

В каждом техническом вузе математика является базовой дисциплиной. На современном этапе особенности преподавания высшей математики заключаются в переосмыслении педагогического опыта, который был наработан. Должен быть пересмотрен формат проведения занятий типа «доска-преподаватель».

Качество преподавания высшей математики зависит от многих факторов: от профессионализма преподавателя, от фундаментальной подготовки студентов и т.д.

На основе активного использования информационных и коммуникационных технологий эффективное повышение уровня и качества преподавания должно стать результатом инновационных подходов к организации обучения. Необходимо внедрять новые модели образования и образовательные механизмы на основе активного использования информационных и коммуникационных технологий. При этом акцент должен делаться на студентоцентрированное обучение (СЦО).

Принципы СЦО реализуются через современные образовательные технологии личностно-деятельностного характера. Немало в копилке преподавателя должно быть вариантов проведения занятий. И чем больше, тем эффективнее его взаимодействие со студентами. Таким должно быть основное правило профессорско-преподавательского состава вуза. При соблюдении данного условия качество образования повысится, и, следовательно, повысится конкурентоспособность вуза на рынке образовательных услуг.

Студентоцентрированное обучение требует постоянного рефлексивного процесса. Этот принцип реализуем при использовании современных технологий обучения (проблемное обучение, проектное обучение, технологии развития критического мышления).

Бесспорно, занятия по высшей математике, как лекционные, так и практические требуют применения наглядности для лучшего усвоения учебного материала. Одной из ведущих ролей в обучении высшей математики занимает современная технология обучения-информационно-коммуникационные технологии (ИКТ).

Компьютер с его неограниченными возможностями позволяет использовать наглядность еще более качественно и эффективно: иллюстрирует текст лекций, громоздких заданий, помогает увидеть своими глазами различные геометрические построения. Но в информационных технологиях появилась еще и Smart-технология. Использование Smart-технологий в учебном процессе – это необходимость, которая диктуется сегодняшним уровнем развития образования. Smart-обучение –это обучение не вместо, а в сочетании с традиционным обучением. Формат Smart-обучения определяется для каждого учебного занятия с учетом его специфики, уровня подготовки студентов и т.д.

Современное молодое поколение студентов – это поколение, для которого так называемые «Smart – устройства» стали незаменимыми. Смартфоны, ноутбуки, планшеты, игровые приставки – гаджеты, которые можно эффективно использовать в учебном процессе.

Преподаватель должен уметь создавать новые идеи, знания и интеллектуальный капитал с использованием Smart-технологий, постоянно повышать свою методическую и ИКТ-квалификацию.

Главное намерение использования Smart-технологий в обучении математики в вузе состоит в создании новых образовательных механизмов, инновационных подходов. Таких методик, которые обеспечивали бы высокий уровень конкурентоспособных специалистов. И развивали бы у студентов знания и навыки современного общества.

Smart-технологии предполагают применение при проведении лекционных и практических занятий по математике максимальное разнообразие мультимедиа (аудио, видео, графика). Они сочетаются (не заменяют полностью) с традиционными формами занятий, дополняют и обогащают их.

Выбор формы Smart-технологий определяется для каждого учебного занятия с учетом его специфики. При этом производительность на занятиях повышается благодаря автоматизации технических расчетов, операций поиска необходимой информации, возрастает эффективность учебной деятельности.

Устройства, которые выступают помощниками в учебном процессе: компьютер, как современное средство контроля знаний; лабораторный практикум с применением компьютерного моделирования; мультимедиа-технологии, как иллюстративное средство при объяснении нового материала.

Современный преподаватель должен использовать в учебном процессе различные медиа компоненты: электронные учебники, презентации лекций, видеофильмы, слайды-презентации. Активное применение которых, позволяет эффективно повысить уровень и качество проведения учебных занятий.

Если у преподавателя в наличии имеется достаточная база медиа компонентов, тогда будет эффективен метод преподавания «Flipped Classroom» – «перевернутое обучение». Студенты перед изучением теоретического материала предварительно просматривают обучающие материалы, а затем на занятии происходит совместное обсуждение вопросов, выполнение заданий.

Рассмотрим примеры использования «Flipped Classroom» и Smart-технологий на занятиях по высшей математике. Перед изучением темы «Поверхности 2 порядка» студенты самостоятельно дома просматривают видеофильм «Образование поверхностей вращением кривых». Мультимедиа обеспечивает реалистичное представление геометрических объектов и процессов. На лекцию и практические занятия студенты приходят с уже сформированным наглядным представлением о поверхностях, а преподавателю нет необходимости тратить учебное время на выполнение чертежей. При необходимости отдельные эпизоды можно отсмотреть еще раз. Учебное время эффективно распределяется на решение практических заданий, совместное обсуждение темы. Упор делается на активное, а не пассивное обучение, что соответствует принципам СЦО.

При изучении дифференциального исчисления функции одной переменной и нескольких переменных при построении графиков функций используются приложения GeoGebra, 3D Grapher, которые студенты устанавливают на свои мобильные устройства через Play Маркет. С помощью этих приложений обучающиеся строят графики функций на плоскости, поверхности в трехмерном пространстве. Решая задачи по теме «Исследование функций и построение графиков», некоторые студенты испытывают трудности при построении графиков. Проводят необходимые расчеты: находят область определения, интервалы монотонности, экстремум функции, перегибы, асимптоты. Первые задания на построение графика функции, по полученным результатам могут вызывать у студентов трудности, так как они имеют различный опыт и базовые знания. Поэтому предлагается преподавателем через приложения построить график и сверить свои расчеты и исследования с результатом- графиком функции. При необходимости сделать работу над ошибками. Студенты– непосредственные участники и партнеры в развитии своего обучения. Обучение должно быть адаптировано к жизненному и профессиональному опыту каждого студента

Для решения двойных и тройных интегралов необходимо сначала построить графики функций или поверхностей. Без геометрических образов невозможно выполнить вычисления площадей, объемов. Сложнее студенту приходится в построении тела, образованного пересечением нескольких поверхностей. В помощь приходят графические приложения. В процессе выполнения заданий, где используются построения, студенты проявляют творчество, самостоятельность, а не автоматически списывают с доски чертежи преподавателя, который еще потратит время на их построение. Оперативность, доступность, наглядность – критерии применения Smart-технологий на занятиях по математике.

Преподаватель выступает в роли организатора и координатора процесса обучения, должен гибко направлять учебный процесс с учетом индивидуальных возможностей каждого студента.

Отметим следующие преимущества использования Smart-технологий:

- в условиях применения «Smart – устройства» уровень математической подготовки студентов технического вуза значительно повышается;

- методическая система обучения математике при помощи внедрения новой информационной технологии приобретает качественно иной характер;

- формы, методы, средства обучения совершенствуются по мере более широкого и глубокого внедрения гаджетов в повседневную учебную жизнь студента.

Базовую подготовку по высшей математике студенты технических специальностей в вузах получают обычно на 1-2 курсах.

Помимо познавательной значимости овладения студентом математическими методами исследования и решения задач, приобретения определенного запаса конкретных знаний, умений, навыков, выработки умения самостоятельно расширять математические знания, проводить решение и анализ прикладных задач, изучение математики оказывает влияние на интеллект в целом.

senior lecturers
Kh. Dosmukhamedov Atyrau state university
Atyrau city, Kazakhstan

PROFESSIONAL SYSTEM OF INNOVATIVE INFORMATION TECHNOLOGIES FOR LEARNING A FOREIGN LANGUAGE

Summary. *Improving the organization of the educational process requires professional training of students, continuity of general knowledge, their socialization in accordance with specific requirements. In turn, the teacher of a foreign*

language should take into account all types of activization of activity when planning students' educational and cognitive activity. In a modern information society, a person needs to apply knowledge of the subject, skills of a particular thing or process, to have a high level of readiness, therefore, in the learning process in the disciplines, there is not enough knowledge and skills using this general knowledge, skills and skills in real situations. As a result of the development of thinking skills considered in the field of intellectual competence, students' qualifications were formed. This process includes the following axes: the ability to analyze, systematize, synthesize, prove, compare and draw conclusions. Having mastered these skills, the student will be able to solve any complex issues.

Keywords: *about innovative technology, computer programming, e-books, formation of communicative competence, information, interactive teaching, system.*

Шетел тілін оқытудың бүгінгі таңдағы бағыттары барлық оқыту үдерісінде техникалық және технологиялық жаңалықтарды батыл қолданумен байланысты қарастырылады. Осыған байланысты жаңа инновациялық ақпараттық оқыту технологияларын жоғары мектептердегі оқу үдерісіне ендіру оның ажырамас бөлігіне айналып отыр және табысты нәтижелерге қол жеткізілуде. Әсіресе, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалар электронды оқулықтар және интернет ресурстарының шетел тілін оқытудағы мүмкіндіктері шексіз. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар компьютерлік технология мүмкіндіктерін шетел тілін оқытуда қолдану бір уақытта тілдік әрекеттің барлық салалары, түрлеріне және олардың өзара байланысына әсерін тигізеді.

Оқыту үдерісінде шетел тілін үйренудегі компьютерлік және ақпарат құралдарының мүмкіндіктері мен орнын анықтап, зерттеуші ғалымдар оларды қолданудың әдістемелік қырлары мен тиімділіктеріне ғылыми анықтамалар берілген.

Компьютерлік технология оқыту үдерісінде әр студентпен жеке дара қарым-қатынастар жасауға мүмкіндіктер береді және студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеттері барысында кең түрде қолдануларына жол ашады. Компьютер мүмкіндіктері ғылыми-зерттеу жұмыстары болсын, не тілді өздігінен үйрену бағытттарында болсын шексіз мүмкіндіктерге қол жеткізері сөзсіз қағидаға айналуда. Компьютерлік бағдарламалар және электронды оқулықтар көмегімен тіл үйретуді жеке дара қарқынды, тиісті жүйелілікпен әр студенттің жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуге болады. Оқытудың тиімділігі ең алдымен үйренушілердің қажетті аудентиктік ақпаратты алып, кез-келген уақытта бұрын оқыған деректерін қайталауға мүмкіндігі болуында, тест құрастырып, қажет кезінде компьютерден көмек ала білуінде, яғни кері байланыс орнату мүмкіндіктері болуында.

Бұл ерекшеліктер, әсіресе семинарларға даярлануда, ғылыми конференцияларға әзірленуде, курс және диплом жұмыстарын жазуда аса қажет және негізгі кезеңдерге мына ретпен бөліп қарастыруға болады:

– арнаулы электромагнитті және лазерлік дискілерде сақталған электронды түрдегі ақпараттармен жұмыс;

– электронды оқулықтағы берілген әдебиеттер бойынша компьютер желісіндегі тікелей жұмыстар;

Тереңдеп оқыту үшін студенттен интернет-ресурстарын қолдана отырып, білуіне болады. Бұл мүмкіндіктер, өз кезегінде:

– студенттердің жеке-дара оптималды бағдарлама бойынша оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, студенттердің танымдық ерекшеліктерін, басқа да жеке қасиеттерімен мотивтерін ескеруге мүмкіндік береді;

– студенттердің оқитын пәніне қызығушылығын арттырып, одан әрі ғылыми жұмыстармен шұғылдануға ынталандырады.

Электронды оқулықтар және жаңа компьютерлік технологияларды қолданудың өзіндік артықшылықтары ретінде, дәстүрлі оқулықтағы тақырып жүйесі бойынша оқуды алмастырады және қажетті ақпараттарды виртуальды түрде алу мүмкіндіктерін және студенттердің оқу үдерісі, оқылатын пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, тіл үйренуге деген айрықша ынталарын қалыптастырады, оқу үдерісіне бейімділігіне әсер етеді.

Оқыту үдерісінде мультимедия спектрінің барлық деректерін: мәтін, графика, аудио, видео, анимациялар, компьютермен кері байланыстарды қолдану интеграциялық оқытуды қамтамасыз етеді. Бұл әдістер өзара тығыз байланысты, айтарлық текстер иллюстрациялармен, ауызша сөйлеумен, видеороликтермен тығыз байланысты.

Бүгінгі шетел тілін оқытуда, әсіресе, комунмикативті құзырлықтарды қалыптастыруға ерекше мән береміз. Тілді оқытудағы коммуникативтілік оқу үдерісінің мазмұны мен түрлерін ұйымдастыру маңызды болып табылады.

Шетел тілін оқытуда негізге алынатын қағидалар:

– интернет базасы деректері және кітапханалардан алынған ақпараттар бойынша жұмыс барысында және бірлескен жобаларды жасау барысында нәтижелікті қамтамасыз ететін коммуникативтік негізі;

– тілдік көрнекілік аутендік мәтіндер көруге арналған көрнекіліктерге (CD ROM, мультимедиялық құралдар қолдану) негізделген көрнекілік негізі;

– интерактивті жұмыс режиміне негізделген және сол арқылы қамтамасыз етілетін қол жетушілік негізі;

– дамыта оқыту негізі;

– оқытудың жеке-дара және дифференциялды негіздері: үйренушілерді түрлі деңгейде даярлауға негізделген саралаудың түрлері мен формалары;

– үйренушілердің мотивтерін қалыптастыруға ықпал ететін ұнамды эмоционалды ахуал, күй негізі;

Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, тілдік емес жоғары оқу орындарының студенттеріне шетел тілін оқытуда:

– оқулық, интернет желісі материалдарын пайдалана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыруға ;

– жазу дағдыларын жетілдіруге, реферат және өзіндік жұмыстарын даярлауға;

– шетел тілін үйренуге тұрақты ықыластарын қалыптастырға болады;

– қарым-қатынастық орта жағдайында диологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда оқытудың бағдарламалық-ақпараттық құралдары ретінде.

– электронды оқу құралдарын;

– оқу материалымен алғашқы танысу барысында аудио және видео кассеталар;

– білімді бақылауға, нығайтуға, түсінуге арналған электронды мультимедиялық оқулықтар;

– ғаламдық «интернет» желісінің мүмкіндіктері (ақпарат алмасу, конференция, консультация өткізу, сайттар құру, парақтар құру т.б.).

Оқыту үдерісінде студенттердің аудитория да барынша еркін болуына жағдай жасап, аудиториялық тапсырмалардың біртіндеп мазмұндық жағынан күрделеніп отыруына мән берілуі керек. Мысалы: «Me and my world» (Мен және менің әлемім) тақырыбы бойынша аудиториялық жұмыста, ең алдымен студенттердің үйренушілік деңгейі бойынша тапсырмалар беріп, тақырып бойынша сөз тауып, берілген сөзді мәтіннен оқуына, аударуына мән берілді. «The way we live» тақырыбы бойынша үйренушілік деңгейде, берілген тақырып бойынша лексиканы игеріп, оны мәтіннен тауып, сөздің аудармасын табуға, сонымен қатар жаңа лексиканы игеріп, оны мәтіннен тауып, сөздің аудармасын табуға, сонымен қатар жаңа лексиканы грамматикамен байланыстыра отырып, сөйлемде қолдану дағдылары мен сол сөзді түрлі контекстерде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ескеріледі.

Оқу үдерісін инновациялық ақпараттандыру білім беру үдерісін жоспарлаудың ең өзекті мәселелерінің бірі мамандарды даярлаудағы оқу бағдарламаларын жобалаудың оңтайлы жолы болып табылады. Шетел тілін оқытуды компьютерлендіру, тікелей тіл үйретумен байланысты сфераларды қамтиды. Компьютерді қолдану диапазоны бойынша кең, онда студенттерге тест жүргізу. Олардың үлгерімін бақылау, шетел тілін оқыту, ойындар қолдану, тілді игеру сипатын арттырады. Компьютерді әсіресе оқыту үдерісімен тікелей сабақтастықты қарастыруға болады. Білімді меңгеру, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру компьютер мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қолдануға ынта туғызады, түрлі тапсырмаларды орындау барысында қолдануға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінде компьютерді қолдану оқыту әдістеріне ғана емес тіл үйрету мазмұнына да елеулі түбегейлі өзгерістер әкелді. Оқу пәнінің құрылымындағы осындай әсерлі өзгерістердің үлгісі ретінде шетел тілін оқытудың компьютерлік бағдарламаларын атауға болады. Оқу бағдарламаларын жобалауды шетел тілін оқытуды компьютерлендірудің негізгі буыны ретінде қарастыруға болады. Осы жерде оны практика жүзінде қолдану теориясы мен технологиясы туралы айтуға болады.

Интерактивті оқыту студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы болып табылады. Интерактив сөзі шетел тіліндегі «interact» сөзінен шыққан. «inter» – бірлесіп өзара әрекет, екеуара не одан да көп тұлғалардың өзара түсіністе тіл табысу қабілеті. Ал актив «act» әрекет

ету деген ұғымдарды білдіреді [1]. Интерактивті – бірлесе әрекет ету немесе диолог режимінде болу, бір нәрсе арқылы (мысалы компьютермен) әңгімелесу, біреумен (оқытушы, студент) пікірлесу дегенді білдіреді. Интерактивті оқыту-студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы болып табылады. Ол нақты және болжауға болатын мақсаттарды қарастырады, олардың бірі оқытудың ыңғайлы жағдайларын қарастыру, студенттердің өзінің интеллектуальды қалпын сезінетін, өз жетістіктерін аңғаратындай күйде ұйымдастыру т.б. айтуға болады.

Қоғамның ақпараттандырылуы өз кезегінде студенттерге жаңа инновациялық ақпарат технологияларын хабардар болуын әлеуметтік тапсырыс ретінде міндеттейді. Сондықтан бұл міндет биігінен көтерілу үшін жоғары оқу орындарының алдында түрған басты оқыту үдерісін жандандыру бағыттары қатарына, оқытудың нәтижелілігі мен сапасын ақпараттық технологияларды қолдану есебінен жоғарылатуды, шетел тілін үйренудегі танымдық әрекетті жандандыру жолдарын анықтау мен оны тиімді қолдануды айтуға болады. Шетел тілін үйретуде компьютерді қолдану. Оның шексіз мүмкіндіктері, өз кезегінде студенттердің шетел тілі сөздерін үйренудегі мотивтерін күшейтуді қамтамасыз етті. Студенттердің конструктивті, алгоритмдік ойлау қабілеттері дамыды, тіл үйрену барысында өз іс-әрекетінің нәтижесін көзбен көруге мүмкіндіктер алды.

Шетел тілін оқытуда инновациялық ақпараттық технологияларды қолдану білім беру коммуникациясының интерактивті сипатын арттыра түседі. Ғалымдар С.С. Құнанбаева [12], С.А. Абдығалиев [13], А.А. Андреев, В.И. Солдаткин [2], В.П. Кашицин [3], Б.С. Мучник [4] шетел тілін оқытуда ақпараттандыру үдерісінің ықпалын жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе, білім мен ұғымды ұсыну, меңгеру әдістерінің өзгеретіндігін, оқытушылар мен студенттердің өзара әрекетінің формасы өзгеретінін айтады. Осы орайда оқытудың тиімділігін арттыруды ұсынады. Шетел тілін оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялардың, әсіресе қарым-қатынас ортасын, жалпы тақырып шеңберінде әріптестердің интерактивті өзара әрекет ортасын құрудағы маңызы ерекше. Ақпараттық білім беру технологиялары өз кезегінде қарым-қатынас тәжірибесін игеруде, студенттердің лингвокультурологиялық құзырлылықтарын қамтамасыз етуде маңызды. Ғалым М.Ушакова [5], [6] шетел тілін оқыту әдісін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар шетел тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады.

Педогогикалық үдерісті ақпараттандыру міндеттері ақпараттық-білімдік орта құруды және жобалауды қажет етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану және желілік ресурстарды қолданудың тиімділігін ақпараттық массивтердің болумен бірге, ақпараттық сауалдарды қалыптастырып, жүзеге асырумен де байланысты.

Оқыту сапасы білім беру бағдарламасының сапасына орай материалды-техникалық және әдістемелік түрғыда қамтамасыз етумен ерекшеленді.

Шетел тілін ақпаратты бағдарлана оқытуды нақты іс-әрекеттік жағдайда жүзеге асыру қажеттігін байқадық. Ғалымдар С.А.Абдығалиев [13], А.А.Леонтьев [7], А.Н.Леонтьев [8], С.Л.Рубенштейн [9] мақсатты түрдегі іс-әрекет және тілдік іс-әрекет теорияларын ұсынады. Ақпараттық оқыту іс-әрекеттін сипатқа ие, өйткені тілдік қарым-қатынас «тілдік іс-әрекет» арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар қарым-қатынастағы адамдардың «әлеуметтік өзара қарым-қатынасындағы» адам іс-әрекетінің міндеттерін жүзеге асыруға ықпалын тигізеді.

Шетел тілін оқыту үдерісінде оқытушының әрекеті проблемалық ситуациялар туғызатындай деңгейде ұйымдастырылса, студенттердің оқу әрекетінде де ізденушілік әдісі басым болып келеді деп есептейміз.

Бүгінгі оқыту бағытының өзгешеліктерінің бәрі үйренушілерге дамыған ақпарат ресурстарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз бетімен білім алуына жол ашты. Ақпараттық ресурстар-компьютердегі деректер және білім базасы, мультимедия, студент және бақылаушы жүйелер, видео және аудио жазбалар, электронды кітапханалар, дәстүрлі оқулықтар және әдістемелік құралдар мен бірлікте білімдік орта құрды. Алайда, бұл ортадағы тұлғалық троектория хаостық күйде болуы да мүмкін, өйткені ол толығымен нақты тұлғаның мотивациясы арқылы анықталды. Ол білімдік ақырғы нәтижеге алуға бағытталды.

Тәжірибеде инновациялық ақпараттық ортаны қолданудың ұтымды жақтарымен қатар, құрылымдық кемшіліктері де анықталған. Олардың бірқатарына тоқталсақ:

– ақпараттық орасан зор көлемі болуы, салық салдарынан ақпараттардың мазмұнының кей жағдайда қарама қайшы болуымен;

– жалпы құрылым болмауы кей кезде интернеттен қажетті дерек табуды қиындатуы;

– қосымша сілтемелердің көп болуы кездейсоқ мәліметтерді де қабылдауға апаруы;

– қажетсіз ақпараттардың көлемінің көп болуы білімді қабылдау ауқымының шектеулі болуы;

– іс жүзінде тиісті бақылаудың болмауы. Осы кемшіліктерді студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау кезінде өз тәжірибемізде байқадық.

Көптеген елдер тәжірибесінен өздігімен жұмысқа ынталы үйренуші бақылау тұрақты болмаған жағдайда, тез арада білім алу мақсатында емес, көңіл көтеру үшін (ойындар, заттар, анекдоттар, достар арасындағы чат түріндегі байланыстар т.б.) басқа бағыттағы әрекетке көшетіндігі айтылады. Ал инновациялық ақпараттық технологияларды осы сарындас бағыттарда қолдану тек зиянды әсер етеді. Сондықтан білім беру ортасындағы ақпарат ағымының ролінің артуы студенттердің білім алу үдерісіндегі дербес танымдық әрекеттерін басқару және бақылау қажеттігін айқындайды.

Студенттердің компьютермен жұмысы нақты тапсырмаларды шешуге бағытталған жүйе бойынша басқарылады. Компьютер мен жұмыста ұсынылатын мәтіндердің ұғынықты болуы аса маңызды аспектілердің бірі. Компьютердің техникалық мүмкіндіктері әрбір студентке өзіне қажетті мағлұматтарды тез пайдалануға, студенттердің білім мен танымдық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Жаңа ақпараттық технология негізінде шетел тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің құрылымдық-қызметтік үлгісі заман талабына сай, өмірге бейімделе алатын студент іс-әрекетіне бағытталады. Шетел тілін оқыту бағдарламасына сәйкес жүйеленіп, іріктелінген білім мен біліктілікке қойылатын талаптар жиынтығы білім сапасын, оның деңгейін анықтау және оны жүйелі меңгеру құралы деп санаймыз. Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияның педогогикалық мүмкіндіктері тиімді пайдаланса, онда студенттердің оқу мотивациясы мен танымдық белсенділігі артып, шетел тілінде сөйлеп, үйрену дағдылары дамиды, шетел тілі бойынша білім сапасы артады. Компьютерлік технологияны шетел тілін оқыту үдерісінде пайдалану студенттердің қазіргі заман талабына сай, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды. Шетел тілін үйренуді адам машиналы түрғыда шешуге бағытталған әдіснамалық, психологиялық-педогогикалық, бағдарламалық-техникалық құралдарды кешенді түрде пайдалана алады. Компьютерлік технология барысында өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жинағы, проблемалық оқыту, оқытудың белсенді әдістері және бағдарламалық пакеттерін қолдану студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың неғұрлым тиімді әдісі болып табылады.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын ақпараттық бағыт – ақпараттық түрғыда білім беруді мақсат етеді, оның негізгі оқыту бағыттары: тілдік және сөйлеу, тақырыптық, әлеуметтік мәдениет, оқу дағдыларын қалыптастыру. Шетел тілін оқытуда инновациялық ақпаратты технологияны қолдану тілді үйренудегі белсенділікті қамтамасыз етеді. Шетел тілін оқытудың жаңа ақпараттық технологиясының соңғы буыны интернет желісін қолданумен тікелей байланысты.

Сабақты қызғылықты да мәнді ету мақсатында қос тілде қатар кездесетін құрылымы мен мағынасы жағынан сәйкес келетін сөйлеу мәнді фразеологизмдерді ұғындыру да аса маңызды. Мысалы:

1. Keep one’s mouth closed (аузын жабық ұстау), (аузы берік болу, құпия сырды сақтай білу).
2. Talk to no purpose (мақсатсыз сөйлеу). Talk nonsense (бос сөзді сөйлеу).
3. Say too much (бекерге көп сөйлеу), (тілі мен жағына сүйену) т.б.

Компьютерлік технология арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер көрсетіп, дыбыс пен музыка тыңдатуға болады. Компьютерлік технология оқушылардың ұғымдарын кеңейтіп, өзіндік «Менін» дамытуға, өзінің қоршаған ортадағы орнын анықтауға көмектеседі.

Оқыту үдерісі тез әрекет барысындағы қарым-қатынастағы кері байланыссыз мүмкін емес (оқытушы-студент), бұл кезде оқытушы әр студенттің білімі туралы, оның жолындағы қиындықтар, оқу үдерісіндегі кедергілері, білімді меңгеру деңгейі туралы дер шағында хабардар болып, мәлімет алып отырады. Компьютердің көмегімен үздіксіз кері байланыс ұйымдастырылады. Ол көп жағдайда алдын-ала ағымдағы және болатын бақылау негізінде жүреді, білім сапасын жақсартуға және оқу үдерісін басқаруға ықпал етеді.

Инновациялық ақпараттық технология ең бастапқы ақпаратты алу, өңдеу, жинақтау әдістері мен қолданылатын құралдар жиынтығын жүзеге асыратын үдеріс ретінде қарастырдық.

Ғалымдар С.С. Құнанбаева [12], Н.Ф. Талызина [10], Т.В. Габайдың [11] пікірлерінше, оқу үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысында ең алдымен оқытушының дәл қандай функциялары автоматтандырылатындығын біліп алу қажет және автоматтандыруға болатындығына қосыла отырып, осы тұжырымдарды білу қажеттігін атап кеткенді жөн көрдік:

1. Үнамды ахуал орнату маңыздығын түсіндіре және көрсете білу және ондағы білімдік мазмұнды айқындау керектігі;

2. Студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыруы және бақылауы;

3. Оқу әрекетінің басым бөлігін компьютер арқылы орнатуы;

4. Білім мазмұнының түрлі кезеңдеріне сәйкес келетін оқу тапсырмаларын құру және ұсыну, студенттердің жеке дара ерекшеліктерін ескеру қажеттігі.

Студенттердің шетел тілін оқу материалын компьютерлік технология көмегімен меңгеруі олардың тіл игеруге қатысты білім, білік, дағдыларының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Дегенмен, оқыту үдерісінде ақпарат көлемі берілуінің жылдамдығы студенттің танымдық мүмкіндіктерінен жоғары болған жағдайда, шетел тіліндегі материалды түсіну меңгеру қиынға соғады, сондықтан ақпараттағы аудио, видео мүмкіндіктердің шамасын ескеру қажет. Ақпараттардың берілу ұзақтығы және берілу жылдамдығын дұрыс анықтау студенттердің жұмыс қабілетінің динамикасына жағымды ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Педагогикалық энциклопедия. Под. ред. және Каиров А, Петров Ф.Н.: М.: Кеңестік энциклопедия, 1965. – б. 375.-Т. 1.
2. Солдаткин А.Е. Ресейдегі ақпараттық қоғамның қалыптасуының әлеуметтік аспектілері: дис. ...кан. соц.ғылымдар.: Төменгі Новгород 2005,.-159 Б.
3. Кашицинде.П.Ресейдің Жоғары мектебінде қашықтықтан білім беруді дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары, дис. ...кан.пед.ғылымдар.: 13.00.01.-Москва, 2000.- 175 б.
4. Адам және мәтін: мәдениет негіздері.сөйлеу. М., Кітап -1985.- Б. 25
5. Қазіргі Ресейдің Жоғары мектебі: тенденциялар мен болжамдар / / әлеуметтік-гуманитарлық білім.-2003.-№4. Б. 166-179.
6. Ушакова М.В. Образование в трансформирующемся қоғамда// Вестник Моск. 18 сериясы, 2002.- №4.- 158 Б.
7. Леонтьев А.А. Тіл, сөйлеу, сөйлеу әрекеті / 3-е изд., стер.- М.: Ком Кітабы 2005,.-216 Б.
8. Леонтьев А Н. Қызметі. Сана. Жеке басын куәландыратын. – М.: Политиздат, 1977.-304 Б.
9. Рубенштейн Л. Жалпы психология мәселелері. – М.: Педагогика. 1977. – 416 б.
10. Талызина Ф. білімді меңгеру процесін басқару. – М.: 1984.- Б. 201-207.
11. Габай Т.В. оқу қызметі және оның құралдары. – М.: ММУ, 1988.- 251-баптар.
12. Құнанбаев С. Жоғары тілді білім берудің стратегиялық бағыттары – Алматы, 2015 – Б. 33, 70, 159.
13. Абдығалиев С.А. Неміс тілін оқытудың негіздері. – Алматы, 1992.

УДК 378.02:37.016

Мурзатаева А.
оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Баймуратова Э.С.
оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Бекмашева Б.Н.
оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін: *Бұл мақалада кәсіби бағытталған шет тілін жоғары оқу орындарында оқыту ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар осы бағытта пайда болған жаңа терминдер талқыланып, осы пәнді студенттерге оқытудың маңыздылығы көрсетіледі. Ағылшын тілінің маңыздылығының өсуіне байланысты, қазіргі таңда кәсіби ағылшын тілін оқыту орын алып келеді, яғни ағылшын тілін кәсіби түрғыда оқыту кезінде бұл үрдіс әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асады. Дегенмен, осы халықаралық тілді кәсіби түрде меңгеру және болашақта мамандықпен байланыстыра отырып жемісін көру біздің қоғамда қиынға соғып отыр деп ойлаймыз.*

Кілт сөздер: *кәсіби бағытталған шет тілі, жоғарғы оқу орны, галамтор, коммуникативті тәсіл.*

Резюме: *В этой статье рассмотрены особенности преподавания профессионального иностранного языка в высших учебных заведениях. Показывается важность этого предмета для студентов, также обсуждаются новые термины появившиеся в этом направлении. Изучение английского языка развивается в разных направлениях, профессиональный английский язык является одним из них, это показывает, что важность развития английского языка возрасла. Несмотря на это, изучать его на профессиональном уровне и получать плоды, совмещая со своей работо****й в будущем будет трудно для нашего общества.***

Ключевые слова: профессионально-ориентированный иностранный язык, высшее учебное заведение, интернет, коммуникативный метод.

Summary: *This article contains the features of teaching professional foreign language in higher educational institutions. The importance of this subject for students is shown, and the new terms appearing in this direction are also discussed. Learning English is developing in different directions, professional level and get the benefits of combining it with our work in the future.*

Keywords: *professionally oriented English, higher educational institutions, Internet, communicative method.*

Кіріспе

Ағылшын тілінің қазіргі заманда алатын орны зор. Тіпті балабақшалардың өзінде ағылшын тілінде сөйлеуді, оқуды үйретеді. Ғаламтор желілерінде, кішкене балаларға арналған түрлі-түрлі мультфильмдер көп. Тіпті ғаламтордың өзінен ютуб сиякты желілерден де ағылшын тілін үйренуге болады. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың көптеген әдістемелері бар. Сонымен қатар, әрдайым жаңа әдістемелер жасалуда, сондықтан әр оқытушы өзіне оңтайлы, жұмысына ыңғайлы әдістемені таңдай алады. Соңғы кезде ағылшын тілін оқытудың классикалық әдістері қолданылуда, соның ішінде:

– тура тәсіл;
– грамматикалық-аударма тәсілі;
– аудио визуалды және аудио лингвалды әдістер;
– коммуникативті тәсіл.

Ағылшын тілінің маңыздылығының өсуіне байланысты, қазіргі таңда кәсіби ағылшын тілін оқыту орын алып келеді, яғни ағылшын тілін кәсіби түрғыда оқыту кезінде бұл үрдіс әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асады. Дегенмен, осы халықаралық тілді кәсіби түрде меңгеру және болашақта мамандықпен байланыстыра отырып жемісін көру біздің қоғамда қиынға соғып отыр деп ойлаймыз.

Атап айтар болсақ, ЖОО ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығында білімін жетілдіруші студенттер ғана кәсіби деңгейде меңгеріп, кәсіби мамандандырылған тілде келіссөз жүргізе алады деп айта аламыз.

Алдыңғы ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап ағылшын тілін үйретудің осы аспектісі анағұрлым дамыды. Қазір ағылшын тілін кәсіби бағытта оқыту теориясы бойынша монографиялар, ағылшын тілін кәсіби бағытта оқытатын арнайы әдістемелер бар, әртүрлі зерттеулер жүргізілуде. Бірақ бұл мәселе бойынша жұмыс істеген отандық авторлар жоқтың қасы. Қазіргі заманда ағылшын тілін екі деңгейде оқыту орын алған: оқу орындарындағы жалпыға білім беру пәні ретінде және кәсіби білім беру орындары мен курстарында кәсіби бағытта білім беру мақсатында оқытылады.

Негізгі бөлім

Кәсіби бағытталған оқыту мамандық бойынша бағытталады және де ғылым, техника, бизнес, экономика, қоғамдық ғылымдар, өнер салалары бойынша негізделеді.

Кәсіби оқыту мамандандырылған оқыту алдындағы дайындық болып табылады. Шет тілін оқыту мақсаты коммуникативті құзырлықты қалыптастыру болып табылады, яғни студенттердің басқа тілде мәдениаралық қатынасқа түсе алу қабілетін білдіреді. Шет тілін кәсіби бағытта оқыту деп маманның қандай да бір мамандық бойынша басқа тілдегі коммуникативті кәсіби құзырлығын қалыптастыруды айтады. Шет тілі бойынша қандай да бір оқу материалдарын таңдаған кезде, оқытушылар тілді оқыту бойынша өз идеяларын, көзқарастарын білдіреді. Егер де оқытушы сабақ барысында коммуникативтік білікті дамытқысы келсе ол сабақта әртүрлі жаттығулар, іскери ойындар алады.

Егер де оқытушы сабақ барысында коммуникативті біліктерді бекіту мақсатын қолға алса, онда ол сабақ үрдісіне қарым-қатынас тәжірибесін дамытатын әртүрлі жаттығулар, ресми ойындар, тематикалық диалогтар, нұсқаулықтар құрастырып, презентециялар мен дискуссиялар қосады.

Ағылшын тілін кәсіби бағытта оқытудың дидактикалық және педагогикалық аспектілері кәсіби білім беру кезінде тұлғаның сұраныстарын ескеру қажет болғандықтан жасалады.

Педагогикалық теория мен тәжірибеде жаңа құбылыстар зерттеліп, жаңа терминдер пайда болды:

information processing («ақпарат тіл сияқты» «тілдегі ақпаратқа» трансформацияланады);

content learning (оқыту мазмұны ретінде тілдік материал емес, кәсіби материал жүреді);

context learning (тілді игеру түрмыстық жағдайда емес, кәсіби және мәдени түрғыда жүзеге асады);

activity theory (тілді игеру айтылымды игеру емес, кәсіби қызметті игеру ретінде жүзеге асады);

input – output specificity (input тілдік және кәсіби ақпаратты, ал output тілдік және кәсіби білікті білдіреді).

Заман талабына сай студенттерге таңдаған мамандықтары бойынша қажет бағытты көрсеткен жөн. Себебі қазіргі таңда кәсіби білім деңгейі жоғары болуы абзал. Т.Хатчинстың пікірінше, ағылшын тілін кәсіби бағытта оқыту білім беру процесінің барлық қатысушыларының белсенді түрде өзара әрекет етуін айтады, сол арқылы олар шет тілінде ақпарат алмасып, кәсіби тапсырмаларды шешу үшін коммуникативті біліктерге ие болады [1].

Қазақстан Республикасының 2016-2020 жылдарға арналған білім берудің барлық деңгейлерінде үш тілді оқытуды енгізу аясында елдегі педагогикалық мамандықтарда шет тілін кәсіби бағдарлы оқыту міндеті қойылды. Кәсіби-бағдарлы бағытта ағылшын тілінде сөйлеу әрекетін қолдану арқылы болашақ маманның тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтеміз. Ал бұл әрекетті, ең алдымен, жазбаша мәтіндер арқылы жүзеге асыруға болады. Мәтіндер – бұл кез келген тілді үйретудің негізі десек, қателеспейміз. Әсіресе сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мәтіндердің рөлі ерекше. Пән мен тілді кіріктіре оқыту – өте күрделі мәселе. Себебі ересек адамдарға шет тілін оқып, өз деңгейін жетілдіруі қиынырақ соғады. Мысалы, өз пәнін жоғары деңгейде білетін кәсіпқой мамандар шет тілдерін жетік білмеуі мүмкін. Сондықтан ЖОО мұғалімдері алдында үлкен талаптар мен міндеттер тұр. Пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесімен айналысатын мұғалімдер әр түрлі сараптамаларды жасауға дайын болуы тиіс: пәннің мазмұнын, тілін, сабақ берудің және оқытудың үздік тәжірибесін, пәннің, тілдің және әдістемелік тәсілдің бірігуін және т.б. Көптілді білім беру жағдайында бүкіл бағдарламаны оқыту барысында пән мен тілді кіріктіре оқытатын мұғалім ие болатын және осындай мұғалімді дамытатын мақсатты кәсіби құзыреттіліктерді ұсыну керек: – жеке рефлексия немесе белгілі бір танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуға бейілділігі; – пәндік-тілдік оқытудың негіздері немесе оқытудың ең озық әдістемелерімен байланыс, олардың көмегімен тілді игеруге қатысты пәндік және тілдік құзыреттіліктер, ал тілді тереңдетіп оқыту пәннің мазмұнына байланысты. Тілдердің өзара тәуелділігін білудің зерттеу тәсілі және танымдық

қабілеттерді дамыту пәндік мазмұн мен тілді үйренуге де ықпал етеді; – оқыту әдістемесін жетілдіру; – оқыту құзыреттілігін қалыптастыру; – әріптестермен ынтамақтастық; – толыққанды пәндік оқу тәжірибесін әзірлеу; – зерттеу және бағалау; – ресурстар және қоршаған кеңістік; – пәндік мазмұндағы сабақтарында тілді оқытуды студенттердің жаңа білімдерін жеке тәжірибесімен (тілімен, басқа пәндермен, жеке тәжірибесімен және қоршаған ортамен) үштастыра білу дағдыларын дамыту үшін стратегияларды қолдану; – студенттердің тілдік құзыретін және тілді меңгеру процесін қолдау; – тіл білімі саласынан теорияларды тарту. Бұлар көптілді оқыту мұғалімінің кәсіби құзыретін ашады. Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуімен педагогикалық кадрларды даярлауға және түлектердің білім дәрежесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Жұмыс берушілер мамандардан жаңа кәсіби және жеке қасиеттерін – жүйелі ойлауын, құқықтық, ақпараттық, байланысқа бейімділік мәдениетін және тілдерді білуін талап етеді. Көптілді білім беруде педагогтарды даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерделеу қажет. Оқытушылар мен студенттерге оқу үдерісінде аса маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы оқу материалдарының, технологиялардың кең ауқымын ұсыну керек.

Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңашаландыру кезінде тілді кәсіби бағыт бойынша оқытуды құзырлылық тұрғысынан қарау қажет. Студенттер кәсіби бағытталған шет тілін оқу арқылы коммуникативті құзырлылық негіздерін игереді деген ойдамыз. Коммуникативті құзырлылықтың басты түрлері ретінде тілдік когнитивті және айтылым құзырлылықтарын атап айтуға болады. Тілдік когнитивті құзырлылықтың басты мақсаты ғылыми стилдің сипаттамаларын, мамандық бойынша мәтін оқу техникасының негіздерін, арнайы мәтінге аннотация мен реферат жасау негіздерін, арнайы әдебиетпен өздігінен жұмыс істеудің негізгі принциптерін білу, және де кәсіби қарым-қатынасқа қажет айтылым формулаларын игеру болып табылады.

Ал айтылым құзырлылығы функциясы әртүрлі күрделі арнайы мәтіндерді оқыту барысында жүзеге асады, яғни кәсіби мәтіндердегі ақпаратты конспект, аннотация, реферат түрінде жазу, тілдік құралдарды ғылыми мәтінде ажырата білу.

Қазіргі кезде Қазақстанның жоғарғы мектебі тілді оқыту мазмұнын түбегейлі жаңартып қана қоймай, сонымен қатар болашақ мамандардың коммуникативті құзырлылығын қалыптастыратын жаңа тәсілдерді енгізуді жоспарлап отыр. Өкінішке орай, жоғары оқу орындарында ағылшын тілі тек I және II курстарда ғана оқытылады, осыған орай студенттер 4-5 курс бітіргенше дейін тілді ұмытып қалуы мүмкін. Сондықтан да, ЖОО студенттеріне ағылшын тілін оқыту бойынша мамандарды дайындаудағы жаңа кәсіби бағытталған бағдарлама қажет. Бұл бағдарлама шет тілдегі мәтіндерді танытып қана қоймай, студенттерге кәсіби бағытталған бағыт бойынша коммуникативті қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берсе жақсы болар еді. Болашақ мамандарға кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда мынадай біліктерді қалыптастыру маңызды: 1) кәсіби ақпаратты алуға арналған тілдік және сөйлеу құзырлылығы, 2) шет тіліндегі жазбаша және ауызша кәсіби қатынас жасауға мүмкіндік беретін коммуникативті құзырлылық, 3) басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін әлеуметтік мәдени құзырлылық.

Кәсіби бағытталған шет тілі кәсіп пен мамандыққа тән ерекшеліктердің негізіндегі шет тілін оқытуды меңзейді, – деп XX ғасырдың 70-жылдары И.М:Берман айтып кеткен [2]. Яғни бұл жерден оның тілді жалпыға білім беру мақсатында үйренуден басты айырмашылығын көруге болады.

Кәсіби мақсатқа арналған ағылшын тілі немесе кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқыту 1960 жылдардың соңында пайда болған ғылыми бағыт, сондай ақ студенттердің қажеттіліктерін өтейтін білім беру қызметінің түрі болып табылады. ESP (English for specific Purposes) аббревиатурасын бүгінгі таңда тек теоретиктер ғана емес, сонымен қатар кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқыту саласындағы практиктер де, тіпті студенттер де пайдаланады [3].

Анимациялық жобаларды, презентацияларды қолдану дәстүрлі технологиядан (тақта, плакаттар) ақпаратты электронды түрде ұсынатын жаңа интерграцияланған білім беру ортасына өтуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық бағдарламаларды да оқытудың дәстүрлі тәсілдерімен оңтайлы үйлестіруге болады. Мұның барлығы да оқыту тиімділігін арттырып, оқытушыға студенттердің ынтасын жоғарылатуға көмектеседі.

Жоғарғы оқу орнының дайындау бағытына байланысты ағылшын тілін оқыту мақсатында оқу-әдістемелік материалдар жасалады. Электр энергетикасы, медициналық қызметкерлер, биологтар және т.б. Шет тілі мұғалімдері көбіне шетел оқу құралдарының материалдарын пайдаланады. Бұл құралдар

оқытудың коммуникативті тәсңлдері негізінде жасалған, мұндай әдіс оқу үрдісін жандандырады, бірақ та студенттің болашақ кәсіби қызметінің лексикалық материалдарын толығымен бермейді. Шет елде сондай ақ кітаптардың басым бөлігі кәсіби бағытталған шет тілі концепциясына арналған. Арнайы мақсатта шет тілін оқыту бойынша дайындық (English for Specific Purposes), ол тар ауқымды кәсіби мәселелерді шешетін біліктерді меңгеруді меңзейді. Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі (English for Academic Purposes) ғылыми мақалалар мен аннотацияларды жаза алатын, конференцияларға қатысып, ағылшын тілді ортадағы ғылыми қызметкерлерді дайындау үшін қажет.

Курсты өткізу барысында төмендегідей оқу-әдістемелік әдістер мен тәсілдер қолданылады:

Грамматикалық-аударма тәсілі ағылшын мәтіндерін оқып аудару негізінде жүзеге асады. Осы әдіс арқылы жаңа лексикалық материалдармен танысып, оларды мәтінмен жұмыс істеу барысында және мәтіннен кейінгі жаттығуларды жасау арқылы бекітуге болады.

Аудиолингвистикалық тәсілді жүзеге асыру үшін өзге тілдегі аудио және видеоматериалдар қолданылады. Бұл тәсіл жаңа лексика бойынша айтылымды дамытыпбасқа тілдегі ақпаратты естіп түсіну біліктерін дамытады.

Коммуникативті тәсілдің басты мақсаты өзге тілдегі коммуникативті барьерді жеңу болып табылады. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін іскери ойындар, ауызша баяндамалар мен презентация жасау, жоба ұйымдастыру қажет.

Қорытынды

Кәсіби бағытталған шет тілін оқыту барысында қандай да бір ақпаратты табу, өңдеу немесе оны шет тілінде екінші адамға жеткізу үшін маман иесінің кәсіби қызметін ойдағыдай атқаруда қажетті – қарым-қатынас жасау біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру керек.

Тәлімгерлердің осы оқыту сатысында алған білімі белгілі бір мақсатта, магистратурада, сондай-ақ студенттердің ары қарай білімін жетілдіруде шет тілін жетік және жоғары деңгейде меңгеруіне негіз бола алады.

Ғылым, мәдениет және техниканың даму сатысында шетел тілін білу кез-келген кәсіби маман үшін сөзсіз. Шет тіліне үйрету тілдік емес ЖОО-да «шет тілі» пәннің стандартына сәйкес кәсіби бағдарланған және қатысымға бағытталған болуы керек. Яғни, пәннің мақсаты – тілдік емес мамандық студенттерінің қатысымдық-құзырлылық деңгейіне, яғни шет тілін іс-жүзінде кәсіби қызметте және өз бетімен ары қарай оқып үйрену мақсаттарында қолдана алу болып табылады.

Маманды басқа тілде дайындау деңгейін жоғарылату арқылы оған қажет білімді, тәжірибелік білікті дамытуға болады. Осы арқылы болашақ маман өзінің кәсіби білімін жүйелі түрде толықтырады. Мамандықты тіл арқылы оқыту және де тілді мамандық арқылы оқыту – маманды кәсіби түрғыда дайындау проблемаларының бірі болып табылады.

Еліміздегі және шетелдегі техникалық жоғары оқу орындарын бітірушілерге деген сұраныс осы кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттерінің өзектілігін білдіреді, мұның барлығы да жоғары білікті мамандар мен бәсекеге қабілеті бар қызметкерлерді дайындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Dudley-Evans T. and St. John Maggie.
2. Берман И.М. Методика обучения английскому языку внеязыковых вузах. – М.: Просвещение, 1970.
3. Richards J.C. Approaches and methods in Language teaching. – Cambridge Univ. Press. 2008, – 269 p.

УДК 378.4

Оспанов Е.Т.
доцент, ф.ғ.к.
Нархоз университеті

Байзылдаева У.Б.
доцент, PhD
ҚМБИ университеті

Нурмагамбетова Г.Е.
Phd докторант
Нархоз университеті
Алматы қаласы, Қазақстан

ЖАЛҚАУЛЫҚ ПЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Түйіндеме. *Жалқаулық қашанда адам бойындағы жағымсыз мінез-құлық ретінде анықталатыны белгілі. Оның қандайда бір жетістікке жетуге кері әсір бар деп есептелінеді. Кейде ЖОО оқып жатқан студенттердің білім көрсеткішінің төмендігі олардың жалқаулықтарымен байланыстырылады. Студенттердің сабақ үлгерімі мен олардың жалқаулық көрсеткішінің байланысын анықтау мақсатында бір ЖОО-ның 58 студентінен сауалнама алынып, регрессиялық сызықтық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесі жалқаулық пен студенттердің сабақ үлгерімі бойынша бағалануы арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетті, бірақ студенттердің жалқаулық көрсеткіші артқан сайын олардың сабақ үлерімі арта түсетіні анықталды.*

Кілтті сөздер: *жалқаулық, сабақ үлгерімінің көрсеткіші (GPA), студент, жоғары оқу орыны.*

Резюме. *Лень всегда определялась как отрицательная черта характера человека. Принято считать, что лень негативно влияет на достижение какой-либо цели. Иногда низкие показатели успеваемости студентов Высших Учебных Заведений связывают с их ленью. С целью определения успеваемости студентов и их ленью был проведен опрос среди 58 студентов ВУЗа и проведен линейный регрессионный анализ. Результаты исследования установили тесную связь между ленью и успеваемостью, но также выявлено, что чем выше показатель лени студентов, тем выше и их успеваемость.*

Ключевые слова: *лень, показатель успеваемости (GPA), студент, высшее учебное заведение (ВУЗ).*

Abstract. *Laziness has always been defined as a negative trait of a person's character. It is considered that laziness negatively affects the achievement of any goal. Sometimes low academic performance of university students are associated with their laziness. Aiming at determining the academic progress of students and their laziness, a questionnaire was conducted among 58 university students and a linear regression analysis was conducted. The results of the study revealed a close relationship between laziness and academic performance, but it was also found that as the indicator of students' laziness higher, so their performance is higher.*

Keywords: *laziness, performance indicator (GPA), student, higher education institution.*

Адам баласы өз өміріндегі жетістіктерді өз еңбегінің нәтижесі ретінде таниды. Ал, керсінше олар өздерінің қандай да бір жетістікке жете алмауын, негізінен еріншектік және жалқаулық сияқты қасиеттерінен көріп жататыны анық. Осыған байланысты халық арасында *«Жалқаулық – жаман ауру», «Жалқаудың жауы – жұмыс», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады»* деген және тағы басқа көптеген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Сонымен жауқаулық адам баласының бойында кездесетін психологиялық қасиет десек, жалпы оның ЖОО-дарындағы студенттердің жалпы сабақ үлгерімене де кері әсерін тигізуі мүмкін.

Жалпы жалқаулық ұғымы қазақ қоғамында адам бойындағы жағымсыз қасиетін, мінезін сипаттайтын мағынада қалыптасқан және қашанда одан бойымызды таза ұстауды насихаттайды. «Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде» жалқау адамды өте баяу қозғалатын, еріншек ретінде анықтама береді [1]. Жалқаулық жөніндегі мұндай пікір өте ертеден келе жатқан түсінік деуге болады. Мәселен, М.Қашқари XI ғасырдың өзінде-ақ жалқаулықты қатты сынайды [2]. Оны екбеққорлыққа қарсы жаман қасиет ретінде көрсетіп, бүгінде қазақ халқында кейбірі мақал-мәтелге айналып кең тарап кеткен «Еңбекқордың еріні майлы, жалқаудың басы қанды» сияқты көптеген тәрбиелік мәндегі пікірлер

қалдырған. Жалқаулық жөнінде осындай түжырым қалыптасқандықтан болар, қазақ халқында баланы жалқау болмауға тәрбиелеу ертеден келе жатқан үрдіс болып табылады [3].

Қазіргі кезде жалқаулық бойынша психологиялық зерттеулерде кеңінен қарастырылған десек болады. Д.А. Богданова өзінің «Подростковая лень как индикатор психологической безопасности школьников» атты зерттеуінде жалқаулыққа толық анықтама беруге тырысады [4, б. 457-458]. Оның пікірінше жалқаулық түлғаның қандай да бір жағдайды қиын көріп, оны орындай алмауы болып табылады. Сондай-ақ, Богдановаңың ойынша жалқаулықтың сыртқы көрінісі жағдайға сай талапты орындаудан бас тартуы арқылы байқалса, оның ішкі көрінісі орындай алмау салдарынан уайымдау немесе өзін-өзі басқару механизмінің толыққанды дамымуымен байланыстырады. Мұндай пікірді жалқаулық бағытында зерттеу тәжірибесін жасаған ғалымдар қолдайды және олардың ойынша жалқаулық адамның мүмкіншілігі шектелген кезде орын алмайды, керісінше мүмкіншіліктер өте көп, бірақ ынталы түрдегі белсенділігінің болмауы барысында пайда болады дейді [5].

Дегенмен, қандайда бір қиын жұмыстың қажытатыны немесе жалықтыратыны белгілі. Сондықтан, кейбір ғалымдардың пікірінше жалқаулық адам ағзасына демалыс қажет болғанда пайда болады [6]. Мәселен, М. Берендеева еңбекқор адамдарды бақылай отырып, олардың шаршаған кезінде ағзаларының жұмыс жасаудан бас тарта бастайтындығын анықтап, жалқаулықты ағзаның өзін-өзі қорғау реакциясы деп көрсетеді [7]. Сонымен қатар, адамдар кейде өзін-өзі мәжбүрлеп қалауынсыз өзіне қиын тиетін жұмыспен айналысуға мұқтаж. Яғни, өзіне қиын тиетін жұмыспен айналысуынан бас тартатын адамды «жалқау» деп жазғыру қалыптасқан. Бірақ, М. Берендеева жалқаулықтың пайдасы бар, тіпті ол қажет дейді және ол онымен шын мәнісінде күресу қажет болса, жалқаулықты жеңуге болады деген пікір білдіреді [7].

Сонымен жалқаулықтың зиянды жақтары бар екендігі анық болғанымен, оның да пайдалы, әрі қажет екендігі байқалады. Соғңы кездері ЖОО оқытушылары кейбір жастардың оқуға деген құлшынысының төмендігін олардың жалқаулықтарымен байланыстырады. Жалқаулықтың жастарға, әсіресе оқу үдерісі барысында студенттерге тигізер әсері қандай болуы мүмкін? Осы жайты қарастырған Е.Л. Михайлова өзінің «Ситуационные и личностные детерминанты лени» атты еңбегінде оқу үдерісіне қарай жалқаулықтың негізгі үш компонентін бөліп көрсетеді, олар:

1) уәжділік компонент (оқуға деген әуждің болмауы немесе әлсіздігі);

2) тәртіптік компонент: қажетті әрекетті орындамау;

3) эмоциональдық компонент (оқу талабына сәйкес талаптарды орындамауға селсоқ қарау немесе қалыпты эмоцияда болу) [8].

Ал, Reyna мен Weiner өз еңбектерінде студенттердің жалқаулығын олардың белсенділіктерінің төмендігі мен оқытушылар тарапынан күткен нәтижені орындамау салдарынан қатаң жазалануымен байланыстырады [9]. Егер студент оптимист болса, оның болашақтағы жұмысының жалақысы жоғар болуы мүмкін, сонымен қатар «А» бағасын алатын студенттер нашарлау оқитын студенттерге қарағанда еңбекқор болатыны анықталған [10]. Мұндай пікірлер арқылы жалқау студенттер қашанда белсенділігі нашар және төмен бағаланды деген түжырым жасауға болатын сияқты.

Гипотеза

Сонымен, жалқаулықтың сабақ үлгеріміне кері әсері бар деген пікірлерді де жоққа шығара алмаймыз. Демек, «Жалқаулықтың студенттердің сабақ үлегіміне әсері бар ма?» деген сұрақ туындайтыны анық және бұл сұраққа жауап беру үшін мынадай гипотеза жасауға болады:

1. ***H0: a=b=c=r=0,*** регрессия параметрлері статистикалық түрғыдан маңызды болмайды, тәуелді және тәуелсіз факторлардың өзара ешқандай байланысы жоқ.

2. H1: a, b1,b2,b3,r ≠ 0, яғни регрессия параметрлері статистикалық түрғыдан маңызды, факторлардың арасында өзара байланыс бар.

Зерттеу әдісі:

Зерттеу сұрағына жауап беру мақсатында, яғни студенттердің оқу үлгеміне жалқаулықтың оң немесе теріс әсерін анықтау үшін сауалнама құрылып, Алматы қаласындағы бір ЖОО-ның 58 студентінен сауалнама алынды. Сауланама студенттердің электрондық пошталарына жолданып, ерікті түрде жүргізілді. Сондай-ақ, сауалнамадағы жауап беруші студенттердің аты-жөнінің және жауабының құпиялылығы сақталды. Студенттердің сауалнама тақырыбы туралы ойланып, негізгі сұраққа жауабын нақты алу мақсатында өзге де қосымша сұрақтар қойылып, сауланама жалпы саны 10 сұрақты

қамтыды. Бірақ, зерттеу нысына сабақ үлегіміне жалқаулықтың әсері болғандықтан, жалқаулық «аздап жалқау», «жалқау» және «өте жалқау» деген үш деңгейге бөлініп, олардың тек сабақ үлгерімімен (GPA) ғана өзара қарым-қатынасы алынды. Негізгі сұрақтардың нәтижесіне «Excel» бағдарламасы арқылы бір факторлы регрессиялық талдау жасалды.

Зерттеу нәтижесі

Зерттеу «Жалқаулықтың студенттердің білім көрсеткішіне әсері қандай?», «Егер болса, қаншалықты мөлшерде әсер етеді?» деген мәселені анықтау бағытында жасалды. Зерттеу нәтижесі сауланадамағы студенттердің жалқаулық пен оқу үлгерімінің арасындағы байланысты анықтау мақсатында тек қана «Сіз жалқаусыз ба?» және «Сіздің жалпы білім көрсеткішіңіз (GPA) қандай?» қандай деген сұрақтардың жауабына талдау жасалынды. Зерттеу сұрағына статистикалық түрғыдан жауап беру үшін мынадай формула қолданылды: $Y = a+b_1x_1+b_2x_2+b_3x_3$.

Мұнадғы:

Y – білім көрсеткіші – GPA (бірлік түрінде),

X_1-аздап жалқау – 1-30%

X_2- жалқау – 31-60%

X_3- өте жалқау 61-99%

Зерттеу сұрағына жауап беру мақсатында, сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің білім көрсеткіші мен олардың жалқаулық деңгейінің коррелациялық байланысы анықталды. Талдау нәтижесі «аздап жалқау» (X_1), «жалқау» (X_2) және «өте жалқау» (X_3) көрсеткіштерінің байланысының барлығының оң екендігін, бірақ өздерін «жалқаумыз» деп есептейтін студенттердің білім көрсеткішімен сабақ үлгерімі арасында тура байланыстың жоғары (0.928215789) болғандығын көрсетті (1-кесте.). Сондай-ақ, сызықтық регрессия арқылы жалпы жалқаулық көрсеткішінің студенттердің білім деңгейіне тура әсерінің өте жақын (0,94) екенін анықталды (2-кесте).

1-кесте

Жалқаулық пен сабақ үлегімінің корреляция коэффициенті.

	GPA (3.6-4)	*Азадап жалқау 0-30*	*Жалқау 31-60*	*Өте жалқау 61–99*
GPA(3.6-4)	1			
Аздап жалқау 0-30	0.752548954	1		
Жалқау 31-60	0.928215789	0.667278284	1	
Өте жалқау 61-99	0.749550405	0.540061725	0.788654869	1

2-кесте

Жалпы жалқаулық пен білім көрсеткішінің өзара қатынасы.

Regression statistics	
Multiple R	0.945561677
R-square	0.894086885
Adjusted R-square	0.86520149
Standard Error	1.792579067
Observations	15

Корреляция коэффициентінің мәндері статистикалық мәнділікке қатысы жағынан тексеру барысында жалқаулық көрсеткішінің статистикалық түрғыдан мәнді екендігі анықталды. $Y= -0,018717+0,61533*x_1+ 0,32398*x_2 + 0,12534*x_3$ формула негізінде жасалған сызықтық модель арқылы өздерін «жалқаумыз» деп санайтын студенттердің көрсеткіші p=0.001771311 тең және статистикалық түрғыдан мәнді болды (3-кесте). Демек, зерттеу нәтижесі бойынша нөлдік гипотеза жоққа шығарылды. Зерттеу көрсеткендей, жалқаулық көрсеткіші артқан сайын білім көрсеткіші 0,32 бірлікке артатынын байқауға болады.

3-кесте

Регрессия тәуелділік формасына қатысты сызықтық модель.

	Coefficients	*Standard error*	*t-statistics*	*P-value*
Y-intercept	0.018717767	0.901932386	0.020752961	0.983814383
Аздап жалқау 0-30	0.615330244	0.339168875	1.814229692	0.096983028
Жалқау 31-60	0.323987539	0.079098057	4.096024011	0.001771311***
Өте жалқау 61–99	0.125343595	0.53254444	0.235367391	0.818247982

Талқылау

Зерттеу нәтижесі арқылы жалқаулықтың білім көрсеткішене тура және өте тығыз байланысы бар екені анықталды. Яғни, жалқаулық танытатын студенттердің GPA көрсеткіші жоғары болатындығын көрсетеді. Осылайша, жалқаулықты студенттердің сабақ үлгерімінің төмен болуымен байланыстыратын кейбір ғалымдардың пікірі расталмады [9;10]. Керісінше, «Жалқаулық – бұл пайдалы» деп еңбек жазған М.Берендееваның пікірінің жаны бар сияқты [7]. Сондай-ақ, ол өзінің жұмысында жалқаулар көп ойланады және олардың ойша қалалар соғып, ашылмаған елдерді анықтап, ойлап табылмаған құралдарды табуды ойлайды дейді. Осылайша, мүмкін жалқау адамдардың көп ойлануы олардың интеллектуалдық түрғыдан дамуына оң ықпалын тигізер деген ойға келуге болады. Кейбір ЖОО оқытушыларының кейбір студенттерді «жалқау» деп жазығырғанымен, олардың сабақ үлегімінің жоғары болуы орынды сияқты. Сондықтан, Билл Гейтстің «Мен қашанда қиын жұмысты жасау үшін жалқау адамды таңдаймын, себебі ол оның орындалуының оңай жолын табады» деген сөзі туралы ойлануға тура келеді [11].

Қорытындалай келе, студенттердің неліктен жалқаулық танытуын әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Себебі, олардың мінез-құлықтарына толық талдау жасау оқытушы үшін студенттердің табиғатын толық түсінуіне ықпалын тигізіп, оқытушының дәріс жүргізу әдіс-тәсілдерін методикалық түрғыдан дамытуға әсер ететіні сөзсіз. Сондай-ақ, осы зерттеу жұмысы барысында жалқаулық деңгейін көрсету ерікті түрде студенттің таңдауына берілді. Мұндай таңдау барысында еңбекқор адамның өзін-өзі бағалау қабілетін білмеуі және өзінің жетістігіне көңілі толмағандықтан өздерін жалқау деп есептеуі мүмкін. Сондықтан, бұл осы бағыттағы зерттеуді әлі де жалғастыру қажеттілігін туындатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. – 384 б.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі / жауап. ред. С. Қорабай. – Алматы : Таймас, 2007. – 592 б.
3. Мүсілімқызы Б. Қазақ ұлтының үрпақ тәрбиесінің тарихи қайнары // Том 3 № 86, -Алматы: Вестник КазНУ: Серия историческая, – 2017. 87-91 б.
4. Богданова Д. А. Подростковая лень как индикатор психологической безопасности школьников // Ананьевские чтения – 2004: Тезисы научно-практической конференции. СПб., 2004. С. 457-459.
5. Проценко О.Ю., Роганина М.В. Лень как преграда достижения результата. Всероссийская научно-практическая интернет-конференция студентов и молодых учёных с международным участием «YSRP-2014» «Гуманитарные науки» URL: https://medconfer.com/node/4195
6. Ильин Е.П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень. –Санкт-Петербург: Питер, 2011. -380 с.
7. Берендеева М. Лень – это полезно: Курс выживания для ленивцев. Москва: Эксмо, 2004.
8. Михайлова Е.Л. Ситуационные и личностные детерминанты лени : диссертация... канд. психол. наук : 19.00.05 СПб., 2007. -176 с.
9. Reyna, C., & Weiner, B. Justice and utility in the classroom: An Attributional analysis of the goals of teachers' punishment and intervention strategies. Journal of Educational Psychology, 92(2), -2001, p.309–319.
18 октября 1955 году в Праге совместным торжественным заседанием представителей Пражского университета, Академии наук Чехословакии Чехословацкого комитета защиты мира была открыта неделя, посвященная памяти великого польского поэта Адама Мицкевича, завершилась она 25 октября торжественным вечером в Центральной городской библиотеке, на котором с докладом о творчестве Адам Мицкевича выступил поэт Ф. Бранислав.

Столетняя годовщина со дня смерти Адам Мицкевича по решению Всемирного Совета Мира широко отмечалась всеми народами земного шара, эта дата заставила польский и другие народы еще раз проверить, насколько полно и правильно они владеют драгоценным наследием, оставленным гением польской литературы, еще раз проговорила сердцам поэзия, для которой не существует расстояния между государствами, которая не тускнеет от наслаивающихся десятилетий.

В Чехословакии годовщина смерти поэта отмечалась с особенной теплотой. Это не случайно. Адам Мицкевич стал частью чешской культуры. Сколько поэтов вдохновил он на переводы, требовавшие незаурядного поэтического дарования и ставшие значительным элементом оригинальной чешской поэзии, сколько умов заставил он работать над интерпретацией своего обширного наследия, наконец, сколько авторов испытало силу его влияния при создании собственных произведений!

Вот почему торжества по случаю юбилейных дат Адам Мицкевича каждый раз вырастают у чехов в значительные культурные события, которые сопровождаются появлением новых переводов его стихов, созданием ряда научных исследовательских работ, подведением итогов овладения творчеством Мицкевича.

Первой такой датой был 1855 год-год смерти поэта, затем-1898год, когда отмечался столетний юбилей со дня рождения А. Мицкевича, 1934 год, явившийся столетней годовщиной создание «Пана Тадеуша», 1948 год-столетие со дня смерти-это годы, принесшие много нового в чешскую науку о Мицкевиче и в чешскую литературу.

«Паном Тадеушем», законченным и изданным в 1834 году, в сущности, замыкается поэтическое творчество Мицкевича. Он от него не совсем отказался: сохранились наброски дальнейших фрагментов «Дзядов», известно, что он думал о второй части «Пана Тадеуша», но ничего не публиковал и большинство рукописей уничтожил.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Интернет ссылка: http://slawomirkonopa.ru/%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B8%D1%86%D0%BA%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87/
2. Ростоцкий Б.И. Адам Мицкевич и театр.-Москва: Наука,1976.-С.5
3. Горский И.К. Адам Мицкевич.-Москва: Издательство академии наук СССР,1955.-С.3-4.
4. Адам Мицкевич и славянская филология (к столетию со дня смерти) // Ученые записки Ленинградского Ордена Ленина Государственного университета имени А.А.Жданова №231 филологический факультет, серия филологических наук, Выпуск 34.-Ленинград:Издательство Ленинградского университета, 1957.- С.21-22.

Балабекова Қ.Ш.
PhD докторант

Ғылыми жетекшісі: Отарбекова Ж.К.
ф.ғ.к., проф.м.а
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ. Қазақстан

ЕРТЕГІ ЖАНРЫНЫҢ АДАМ САНАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйіндеме: *Мақалада ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы мен дамуының теориялық мәселелерінің қазіргі жайына талдаулар жүргізу, негізгі мәселелер бойынша тұжырымдар жасау және жаңа бағыттағы жаңашылдықтарды айқындау көзделеді. Мақалада ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихыныңзерттелуі, қазақ ертегілерінің жиналуы мен зерттелуінің негізгі кезеңдері айқындалып, бұрын-соңды жарияланған ғылыми еңбектердегі негізгі тұжырымдарға ғылыми идеялардың дамуы тұрғысынан талдаулар жасалады.*

Түйін сөздер: *Ертегі, жанр, проза, миф, сюжет, фольклор, эпикалық баяндау, хикая.*

СТАНОВЛЕНИЕ И ФОРМИРОВАНИЕ СКАЗОЧНЫХ ЖАНРОВ КАК ПРОЯВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

Аннотация: *В статье представлены становление жанра сказки, анализ актуальных теоретических вопросов истории становления и развития, выводы по ключевым вопросам и выявление инновации в новом направлении. В исследовании рассматриваются история возникновения сказочных жанров, история становления, основные этапы сбора и изучения казахских сказок, а также основные выводы ранее опубликованных научных работ анализируются с точки зрения развития научных идей.*

Ключевые слова: *сказки, жанры, проза, миф, история, фольклор, эпический доклад, рассказ.*

FORTHCOMING AND FORMATION OF FAIRY-TALE GENRES AS A MANIFESTATION OF HUMAN CONSCIOUSNESS

Summary: *The article provides an introduction to the fairy-tale genre, analysis of the current theoretical issues of the history of forthcoming and development, making conclusions on key issues and identifying novelties in the new direction. The study examines the history of forthcoming of fairy-tale genres, the history of formation, the main stages of collection and study of Kazakh fairy tales, and the main conclusions in the previously published scientific works are analyzed in terms of scientific ideas development.*

Keywords: *fairy tales, genres, prose, myth, story, folklore, epic story, story.*

Қазақ ертегілерінің жиналуы мен жарияланып, зерттелу тарихы бізге дейін де көптеген еңбектерде арнайы сөз етілген. Кеңестік кезеңде идеологиялық мақсатта болса да, ертегіні зерттеу ісі кең жолға қойылды, онызерттеу ең алдымен оқу-ағарту проблемасына бағынышты болды. Бұл қатарда 1920-1930 жылдары мақалалар, оқулықтар мен хрестоматиялар жарық көрді (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б.).1957 жылы «Қазақ ертегілері» жинағының 1-3 томдары (1957-1964 жж.), «Ертегілер», 4-том (1988 ж.),» Бабалар сөзі» жүзтомдығының 73-77-ші томы (2011 ж.) басылып шықты.

Ғалым А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқулығы (Қызылорда-Ташкент, 1926) негізінен алғанда, қазақ әдебиеті қисынына арналғанымен, қазақ фольклортану ғылымына қатысты материалдардың мол қамтылуымен де ерекшеленеді. З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Ш. Сәтбаева, Р.Нұрғалиев, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Қ.Есенов, Т.Қордабаев сынды ғалымдар қарастырып, зерттелу кезеңдеріне талдау жасаған. Аталмыш еңбектерде мәселенің ғылыми-

теориялық жағына тереңдеп бармай, жалпы шолу түрінде айтылады. Біз, ең алдымен, сол ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, мәселеге бүгінгі күннің деңгейі тұрғысынан көз жүгіртуді жөн көрдік.

Қазақ ертегілерінің жиналуы мен жарияланып, зерттелуі XYIII ғасырдың 2-жартысында басталды. Алғашқы жүз жылда, негізінен, Қазақстанға Ресейден келген адамдардың кейбірі қазақ жұртының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер жинап, солардың қатарында фольклор жайында жалпылама мәліметтер жариялап жүрді. Ертегілердің көбірек жиналып, жарық көрген түсы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұл кезеңде қазақ ертегілерін ғылыми мақсатта жариялаған жинақтар да болды. Әсіресе, В.В. Радлов, И.Н.Березин, Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, Ә.Диваев жинақтарында ертегілердің көптеген мәтіндері жарық көріп, олар туралы азды-көпті ғылыми пікірлер айтылды. Аталған жинаушы-жариялаушылардың ғалымдық деңгейі, ғылыми түсінігі әр түрлі болғандықтан, ертегі мәтіндері әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағаланды. Соған қарамастан біраз ертегі жарық көрді, ғылыми айналымға енді. Соның арқасында қазақ ертегілері Г.Потаниннің, В. Радловтың, А.Н.Веселовскийлердің кең ауқымды ғылыми-зерттеулеріне ілікті. [6.1.54-58б.].

Айталық, академик В.В.Радлов үшін қазақ фольклоры тілді зерттеуге ғана қажетті материал болды. Ол фольклорлық мәтіндер арқылы қазақ тілінің әр түрлі мәселелерін зерттеді, сөздік жасады. Сондықтан ертегі мен жырды жазып алғанда, ол жыршы мен ертегі айтушылардың ауызекі тілінде кедесетін диалектілік және фонетикалық ерекшеліктерді барынша қамтып отыруға тырысқан. Тілші-ғалым болғандықтан, В.В.Радлов қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті шығармалары тіліндегі лексикалық байлықты, көркемдікті жіті аңғарып, бағалай білген. Таза халық тілі мен кітаби тілдің жігін ашып, фольклорлық шығармалар тілінің нәрлілігін атап көрсеткен. Ал, Г.Н.Потанин болса, ол ондай жітілікке, тереңдікке бармаған. Себебі, оның ғылыми зерттеулеріне керегі көркем шығарма емес, фольклорлық мотивтер мен сюжеттер болды. Мұны оның фольклорға деген компаративистік көзқарасы қажет қылды. Ол өз еңбектерінде әр мотив пен сюжеттің төркінін іздеп, олардың әр халықтағы ұқсастығын тауып, салыстыра зерттеді. Сол себепті фольклоршы Г.Н.Потанин өзі естіген ертегі мен аңызды қолма-қол қазақ тілінде жазып алмай, оның орысша аудармасын (тілмаштары арқылы) хатқа түсіріп отырған [1.1.92-93б]. Бір жақсысы – аудармашылар ертегі мен аңызды естіген бойда орысшаға аударып отырған. Соның арқасында Г.Потанин шығарған жинақтағы ертегілер (орыс тілінде болса да) сюжеттік жағынан толықтығымен әрі қызғылықтығымен құнды. Демек, қазақ фольклортануында ертегілерді ғылыми түрде жинақ етіп шығару жұмысы әлі толық қалыптаспаған Құрастырушылар әлі күнге дейін ертегілік материалды өзінше сұрыптап, өзі қалаған мәтінді ғана жинаққа енгізіп жүр. Шығарма нұсқалары да ескерілмей, жинақтан тыс қалуда. Әркім бір жаңадан сүрлеу салуға тырысады, бірақ ол қолдан келе бермейді. Шынын айту керек, бізде ертегі мәтініне ғылыми көзбен қарау әлі де жолға қойылмаған. Көп жағдайда мәтінді тек мазмұны түрғысынан, арагідік көркемдік жағынан бағалаймыз да, сол мәтіннің тілі, орындалу сапасы қандай, оған мән бермейміз. Бұл шақта ертегілерді қазақ оқығандары да, ақындары да жинастырып, «Дала уәлаятының газетінде» жекелеген мәтіндерді жарыққа шығарды. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ертегілерді арнайы түрде жариялап отырды. Ш.Ш.Уәлиханов бастаған зерттеу ісін Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ә.Бөкейхановтар жалғастырды. Ертегілерді ғылыми әрі ағартушылық мақсатта жинап, жария ету, зерттеу жұмысы XX ғасырда кең жолға қойылды. [5.16-37б.]. Бұл ғасырдың 40–50-жылдарына дейін ертегілер, көбінесе оқу-ағарту мәселесі түрғысынан жарияланып, оқулықтарда, жекелеген мақала мен кітаптарда арнайы қарастырылды. Осы түста А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедовтің, М.О.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің оқулық іспетті жарық көрген кітаптары, С.Мұқановтың, Б.Кенжебаевтың, Е.С.Ысмайыловтардың мақалалары қазақ фольклортануы ертегі жанрына да арнайы көңіл бөлгенін айғақтады. Бірақ аталған авторлар ертегіні түсінуде, талдауда әркелкі түсінік көрсетті. Әсіресе, ертегіні таза таптық түрғыдан бағалау етек алып, оның көптеген нұсқалары талдаудан тыс қалды, тіпті мәтіндерге редакциялық түзетулер де енгізілді. Осы үрдіс XX ғасырдың 60-жылдарына дейін жалғасып, жарық көрген мәтіндерге таптық сипат берілді. 1960 жылдан бастап ертегі жанрын зерттеу ғылыми негізге түсе бастады. Бұл салада М.Әуезов пен Е.Ысмайыловтың, В.Сидельниковтың, М.Ғабдуллиннің еңбектері айрықша болды. [3.6-37б.]. Олар ертегілердің қазақша үш, орысша үш томын жариялап, бұл жанр туралы жаңаша ой толғап, көлемді мақалалар жазды және мәтіндерге түсініктер берді. Ертегілер 1960 ж. басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» жеке бөлім болып енді (авторы – М.Әуезов). Ертегі жанрына М.Ғабдуллиннің жоғары оқу орнына арналған оқулығында, Н.С.Смирнованың кітабында, орыс тілінде жарық көрген «История казахской литературы» атты 3 томдық еңбектің бірінші томында арнайы тараулар берілді

(авторы – Е.Костюхин). Ертегіні сала-салаға бөліп, тереңдете, типологиялық тұрғыдан зерттеу ісі 1970 жылдан қолға алынды. С.А.Қасқабасовтың қиял-ғажайып ертегілері, Е.Д.Түрсыновтың түрмыс-салт ертегілерінің шығу тегіне арналған монографиялары 1972–1973 ж. баспадан шықты. 1979 ж. хайуанаттар туралы ертегілердің түңғыш академиялық басылымы жарық көрді. Ертегі жанры бүкіл халық прозасы жүйесінде «Қазақтың халық прозасы» атты еңбекте зерттеліп, оған 1986 ж. Қазақстан Ғылым академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді (авторы – С.Қасқабасов). Қазақ ертегітануы ұлттық фольклор туралы ғылымының үлкен де маңызды бір саласына айналды. [4.47-546.].

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына, ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек, ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертекші әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды.Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы, т.т. Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады. ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыпты көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданады. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертекші де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайып етуге күш салады. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен іс-әрекеттердің қаншалықты әсерлі болуы ертекшіге ғана емес, тыңдаушыға да, ертегінің айтылу жағдайына да байланысты. Ертегіде қиял мен ғажайып әрі идеялық мақсатта қолданылады, себебі классикалық ертегі адамның рухани азығы болуымен қатар идеологиялық та қызмет атқарған.[2.27-346.].Ертегінің көркем баяндалуында сюжеттен гөрі композицияның рөлі артығырақ. Ертегінің поэтикасы мен композициясы көркем әрі жүйелі. Композициясы бірнеше бөлшектен тұрады: бастама – эпикалық баяндау – аяқтау. Бастама, әдетте, өлең немесе үйқасқан проза түрінде бас кейіпкердің ата-анасы, оның дүниеге келуі туралы айтып, тыңдаушыларды бас кейіпкермен таныстырады. Эпикалық баяндау қаһарманның өсуін, үйлену тарихын, оның бастан кешкендерін әңгімелейді. Аяқтауда кейіпкердің сүйгенін алып немесе ойлағанын іске асырып, мұратына жеткені хабарланады. Бастама мен аяқтау, көбінесе тұрақты тіркес болып келеді. Өзінің ұзақ тарихында ертегі жанры әр дәуірдің, әр қоғамның болмысы мен түсініктерінің, нанымдарының әр түрлі іздерін сақтап қалып, біздің заманымызға жеткізген. Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан. Ертегілер жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді: С.А.Қасқабасовтың«Ойөріс» еңбегінде хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, сатиралық ертегілер деп жіктелген . [1.2.28-32б]. Бабалар сөзі жүз томдығының 73-77-томы (2011 ж.),хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, сатиралық ертегілер көрсетілген М.Әуезов «Фольклор туралы зерттеулер» еңбегіндехайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер деп бөледі. [6.2.28-32б] Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар. Олардың көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетикалық тұрғыдан туыстас халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінде таза ұлттық та, халықаралық та, көшпелі сюжеттер де қатар өмір сүрген. Негізгі кейіпкер мен мазмұнына, қияли әдістердің қаншалықты пайдаланылуына қарай бұл салалардың әрқайсысы тағы бірнеше топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде: хикая, өсиет, мысқыл, батырлық туралы ертегілер болады. Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Оның түп-төркіні – алғашқы қауымда туған көне мифтер, аңшылық әңгімелер, хикаялар, әр түрлі ырымдар мен аңыздар. Өзінің қалыптасу барысында ертегі осы жанрлардың көптеген белгілерін бойына сіңірген. Бұл жанрлардың кейбірі өз бітімін мүлде жоғалтып, толық ертегіге айналған. Солардың бірі – миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен. Миф – алғашқы рулық қауымның қасиетті

деп саналған күпия әңгімесі мен шежіресі. Оны ол кезде әркімге және әр жерде айта бермеген. Мифте қоршаған ортаның, дүниенің жаратылуы мен аспан әлемі жайында, рудың тотемдік бабасы, ілкі атасы мен жасампаз қаһармандар туралы, олардың іс-әрекеттері жөнінде фантастикалық түрде баяндалған. Алайда ол заманда осының бәрі ақиқат деп қабылданған, мифке жұрт кәміл сенген. Бірақ уақыт өтіп, адам санасы мен мүмкіндігі жетілген сайын миф өзгеріске ұшырап, бірте-бірте «қасиетті» сипатынан айрылған, күпия болудан қалған. Осының нәтижесінде мифке сенушілік те әлсіреген, ондағы оқиғалар мен кейіпкерлер басқа сипат қабылдаған, тіпті мифті айтушы бара-бара өз жанынан да қосатын болған. Соның салдарынан іс-әрекеттердің де нәтижесі баяғы мифтік сипаттан айырылған. Мифтің себеп-салдарлық белгісі жоғалған. Бірте-бірте мифтің бұрынғы масштабы тарылып, әңгіме жеке бір адамның тағдырын баяндайтын жағдайға келеді. Сөйтіп, миф хикаяға, содан соң ертегіге айналады. Ертегінің тағы бір тамыры – алғашқы рулық қауым адамдарының аңшылық әңгімелері мен хикаялары. Алғашында шын болған оқиғалар негізінде айтылған әңгімелер бірте-бірте ел арасына тараған сайын қоспалармен толықтырылып, хикаяға, одан ертегіге айналып кеткен. Осындай аңшы мергендер жайындағы әңгімелер қазақ ертегілерінің құрамында аз емес. Әрине, олар біздің ертегіде сол ежелгі замандағы күйінде емес, көркем фольклорға айналған формада көрінеді. Алғашқы қауымдағы мифтік ұғымдар туғызған небір ғаламат мақұлықтар (жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, албасты, жалмауыз кемпір, т.б.) бұрынғы аңшылар әңгімесіне кірігіп, хикая туғызады. Хикая жанры мифтің өзімен бірге ертегіге де айналады. Оның ертегі құрамында жүретіні де сондықтан. Бірақ мифтің ертегіге айналу жолында хикая мен ертегі қатар өмір сүреді, сол себепті миф, әсіресе, хикая өзінше жеке айтылып, елге жайылады. Қазақ халық прозасында осы процесс түгел дерлік із қалдырған. Жалпы ертегілердің пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға сенген, себебі ол шақта ертегі өз төркінінен алшақ кете қоймаған, сондықтан көркемдік қызмет те атқармаған[7.12-20б].

Ғылыми әдебиеттерде фольклордың жанрлық жағынан әр түрлі топтастырылуына қарап оның көпсатылы екенінен, яғни фольклордың жаңа жанрларының туып, бұрынғы жанрларының жоғалып немесе өзгеріске түсіп отырғанын байқаймыз. Фольклор жанрларының қалыптасуы халықтың көркем санасының даму эволюциясын – ұжымдық-рулық мифологиялық санадан (миф, қиял-ғажайып ертегілерінен) шындықты ұлттық деңгейде сезіну (эпос, аңыздар), одан әрі әлеуметтік сананың қалыптасуын (тұрмыс-салт ертегілері) көрсетеді. Әр халық өз дамуында бірқатар әлеуметтік-мәдени даму сатысынан өтеді, оның әрқайсы халықтық фольклорда өз ізін қалдырады. Мұнда жаңа саты ескінің жаңғыруы, өзгеріске түсуі дейтін болсақ, соған сәйкес қоғамдық сананың да дамуы байқалады. Фольклорлық мифтік сананың қиял-ғажайыпқа, қиял-ғажайыптың аңыздарға, аңыздардың тұрмыс-салт ертегілеріне өтуі ғажап емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: “Жібек Жолы”, 2009. – 28-68 б.
2. С.А.Қасқабасовтың қиял-ғажайып ертегілері, 1972–1973 ж.
3. Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» Алматы мектеп. 1991ж. 36-37 б.
4. Қазақ халық әдебиеті: І-ші том Ертегілер Алматы «Жазушы» 1988 ж. 47-546.
5. «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихымең даму жолдары» Алматы «Ғылым» 1981ж. 157-202 б.
6. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012 ж. Т. 11: Әуезов М.О. Фольклор туралы зерттеулер. – 384 бет.
7. Ускенбаева.Р.М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)Филология Философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2016. 12-20 б.

Жапарова А.
аға оқытушысы, PhD докторант
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

МЕТАФОРА – ПОЭТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ КОНСТРУКТИВТІ БІРЛІГІ

Түйін. *Мақалада метафораның поэзиядағы орны назарға алынады. Метафораның поэзиядағы негізгі троп екені айтылады. Мақала жазу барысында, Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынды.*

Тірек сөздер: *метафора, поэтикалық жүйе, поэтикалық метафора.*

Резюме. *В статье рассматривается роль метафоры в поэтической системе. Метафора рассматривается, как основной троп в поэзии. При написании статьи, труды отечественных и зарубежных ученых были взяты за основу.*

Ключевые слова: *метафора, поэтическая система, поэтическая метафора.*

Summary. *The article discusses the role of metaphor in the poetic system. Metaphor is seen as the main trope in poetry. When writing the article, the works of domestic and foreign scientists were taken as a basis.*

Keywords: *metaphor, poetic system, poetic metaphor.*

Метафора тропының өмірімізге түбегейлі сіңіп, біте қайнасып кеткені соншалық, оның метафора екенін ұмытып та кетеміз. Метафораның әралуандығы тағы бар. Ол философия мен логика, математика мен медицина, лингвистика мен әдебиеттанудың да зерттеу объектісіне айнала алады. Дегенмен, метафора – алдымен, филология, оның ішінде әдебиеттанудың зерттеу объектісі. Әдебиеттанудың екі бағыты: проза мен поэзияда жиі қолданылатын троп. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде метафораға мынадай анықтама берілген: "Метафора (грек сөзі "metaphora" – ауыстыру, алмастыру, тасымал) – негізгі поэтикалық троптардың бірі, ұқсастық негізіндегі, бір құбылыс не заттың анықтамасын беру үшін, сөздің ауыспалы мағынасында қолданылуы. Метафораның қолданылуы екі заттың ортақ белгілерін көрсетеді, немесе керісінше, құбылыстардың өзгешеліктерін ерекшелейді, жазушы мұны оқырман назарын аудару үшін жасайды" [1, 83].

Метафора – әлемнің сан алуан тілдерінде өлең жазатын ақындардың сан ғасырлар бойы қолданып келе жатқан поэтикалық жүйедегі ең жиі пайдаланылатын бейнелі форма. Аристотель, Платон, Теофраст, Цицерон, Квинтилиан, Дж.Локк сияқты ойшылдардың философиялық еңбектерінде, метафораны тек поэтикалық сөйлеудің көркемдеу құралы ретінде қарастырған. Өзінің "Поэтика" атты кітабында Аристотель ең алғашқы рет метафораны – ұқсастық негізінде сөз мағынасын басқаша ойлаудың әдісі деп сипаттаған.

Асылында, метафораның екіжақты қасиетін, яғни, тіл құралы және поэтикалық фигура қызметін атқаратындығын, сонау Ежелгі Рим философы Марк Туллий Цицерон айтып кеткен болатын: "Сөзді астарлы, метафорикалық мағынада қолдану – ең көп таралған құбылыс. Ол қажеттіліктің салдарынан пайда болған құбылыс. Метафора – тура киім сықылды, алғашында, киім-кешек – тек суықтан қорғау үшін шығарылса, кейіннен, адам келбетін әдемілеу мен ерекшелік белгісі ретінде қолданылып жүр, метафорикалық сөздер де дәл сондай, сөз тапшылығына бола ойлап табылған олар, қазірде олар сөйлеу кезінде лəззат, әдемілік, рахат үшін пайдаланылады " [2, 156].

Сонымен, Цицеронның сөзіне сүйенсек, алдымен тілдік метафора, кейіннен көркем не поэтикалық метафора пайда болған. Алайда, бір жағынан, ұтымды, сәтті көркем не поэтикалық метафора, уақыт өте келе өз авторын жоғалтып, тілге сіңісіп кетеді. Бұған себеп – диахрония мен синхрониянның байланысы есебінен деп білеміз. Синхрондық деңгейде, әрине, дәл осы көркем не поэтикалық метафора – тіл дамуының қуатты қайнар көзі деп санаймыз.

20 ғасырдың басында Женева лингвистикалық мектебінің негізін қалаушы, жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл білімі, стилистика саласында орасан зор еңбек еткен швейцар лингвисті Шарль Балли алғаш рет тілдік метафора мен поэтикалық метафораларды салыстыра отырып, тілдің жалпы метафорикалық сипатын жүртшылыққа паш етті. "Образдар табиғатында да, образды сөйлеуде де көптеген ерекшеліктерді байқауға болады. Өз кезегінде, белгілі бір әлеуметтік орта туралы пікір қалыптастыратын тілдік фактілер, түрлі тілдердегі экспрессивті факторлардың символикалық және әлеуметтік сипаты көптеген қызықты мәліметтерге жетелер еді" дейді ғалым [3, 42-43]. Осылайша, алғашқы рет Шарль Балли метафора экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторларға

байланысты екенін айтқан болатын.

Метафораның екі типі – тілдік және көркем/поэтикалық метафоралардың бар болуы – ақиқат. Көркем метафорикалық номинацияны атау үшін терминдер қатары түзелген, мысалы: көркем метафора, поэтикалық, тропеикалық, индивидуалды, индивидуалды-авторлық, шығармашылық, окказионалды, стиль метафорасы т.б. Дегенмен, дәстүрлі көркем не поэтикалық метафора атауы көбірек қолданылады, себебі жоғарыда меңзелген терминдерге тән сипат (жеке және шығармашылық сипат, окказионалды бола алатындай өзінің бірегейлігімен ерекшеленетін қасиеттерге ие) дәл осы көркем/не поэтикалық метафораның бойынан табылады [4, 67].

Расында, метафора қазіргі тілдік әлемде үлкен роль атқарады. Метафора поэзияның бойында түнып түр. Шынтуайтына келгенде, метафора – поэзияның негізі, өйткені поэзия образдарға құралған, ал метафора образ түзеудің ең басты амал, тәсілі. Испан философы Хосе Ортега-и-Гассет "Екі басты метафора" ("Две главные метафоры") атты зерттеуінде метафора мен поэзия жайлы былай деп ой бөліскен: "Метафора – ақыл-парасат, сананың баға жетпес, таптырмайтын құралы, ғылыми ойлаудың формасы. Оны қолдана отырып, ғалым кейде шатасып, өз ойының жанама не метафорикалық сипатын шындық, не тура мағынадағы ой ретінде қабылдап қалады. Мұндай жаңылыс, сөзсіз, жөнге келуі тиіс; бірақ осындай тәріздес олқылықты, есептеу кезінде физик те басынан өткеруі әбден мүмкін. Алайда, осыған бола, математиканы физикадан түбегейлі аластату деген сөз емес. Амал, әдіс-тәсілді қолданудағы әбестік – бүткіл ғылымға деген қарсы шығудың дәлелі емес. Поэзия метафораларды ойлап тапса, ғылым оларды қолданады. Бұдан артық та емес, кем де емес" [5, 68].

"Лингвистикалық түсіндерме сөздікте" метафораға мынадай түсінік берілген: "Метафора – троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынад қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады" [6, 124]. Ал "Әдебиеттану терминдер сөздігінде" былай делінген: "метафора, ауыстыру (грек сөзі – ауыстырып қою), екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып, жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе тіркесі" [7, 227].

Метафора – поэзиядағы басты троп. Ахманова О.С. ұсынған Лингвистикалық терминдер сөздігінде, метафора типтері көрсетілген. Олар: гиперболикалық метафора, лексикалық метафора, жүйелі метафора, және поэтикалық метафора түрлері кездеседі. Сол сөздікте поэтикалық метафораға мынадай анықтама берілген: "Поэтикалық метафора – поэтикалық шығарманың экспрессивті әдіс-тәсілдерінің құрамына кіретін және күрделі жан-жақты семантикалық құрылым ретінде көрінетін метафора" [8, 237].

Метафораны поэзияның басты тропы ретінде ақындар өз өлең жолдарында қолданып жүр. Метафора – поэзияға ауадай қажет, белгілі бір образды, жағдайды, адам тағдырын, пейзаж, ақынның өзінің күйзеліс, күйініш, қасіретін суреттеу, бейнелеу мақсатында осы тропқа жүгінеді. Оқырман автордың айтпақ ойын, көз алдына ойша елестетіп, қиялына ерік береді. Жақсы табылған метафора есебінен, оқырманның сол оқыған дүниесі жадында қалады. Метафора адам сөзін айқынырақ, естен кетпестей етіп жасаса, ал өлең жолдарын жандандырып, оларға өткір, қанық, әсерлі реңк береді. Жақсы метафора адамға жағымды әсер етіп, көптеген ассоциациялардың туындауына себеп болады, ол ми, сана, ақыл-ой, сезімге, бейсанаға да оң ықпалын тигізеді. Метафораның көмегімен, күнделікті, қарапайым нәрселерге басқа көзбен қарауға мүмкіндік туады, расында да, табылған үтқыр ой деп таңдай қағасың. Метафораның бейнелілігі мен көркемдігі назар аудартады. Шығармашылық адамдары болып табылатын ақын-жазушылар мұны тиімді пайдалана алады. Нәтижесінде, ерекше, өзіндік ерекшелігі бар, бірегей идея мен ойды қамтитын метафора көз алдында тұрады. Ұтымды, сәтті шыққан метафора – артық сөздерді үнемдеп, бір айтса, кесіп, тауып айтады. Аристотельдің сөзімен айтар болсақ, "метафораларды ойлап табу – шебердің ісі. Сондықтан болар, ақындар шығарған метафора бізге сондай көркем, көрікті, нақышты көрінеді" [9, 902]. Пушкиннің "Пайғамбар" атты өлеңіндегі "рухани шөл" метафорасы, Б. Пастернактың "Түс" өлеңіндегі "қыркүйектің қанды көздері", Абайдың "Жастықтың оты, қайдасың?" шығармасындағы "жастықтың оты", Эмили Дикинсонның "Күз келді – ақындардың құрбысы" өлеңі, Омар Хайямның "Тозақ пен жұмақ – аспанда" рубаиндағы "тозақ пен жұмақ – бұл жанның екі жағы" метафоралары – поэзиядағы айқын, бейнелі метафоралар мысалы. Әдетте, өлең тақырыптары да метафоралардан құралады. Джордж Байронның "Достық – қанаты жоқ махаббат" өлеңі, Шекспирдің "Махаббатым – сырқатым" сонеты, С. Есениннің "Сүйіктімнің қолдары – қос аққу" өлеңі – осыған дәлел бола алады.

Сөзсіз, метафораның мақсаты – суреттеу, бейнелеу, әсте, затты не құбылысты атау емес. Оқырман образды бойына сіңіріп, сол кезде ақын оқырманға эстетикалық әсер етеді. Кейде метафора дерексіз, кездейсоқ көрінуі мүмкін, алайда оның түп тамыры шындыққа негізделуі шарт. Метафора тек әдемі, сұлу сөздер жиынтығы емес, санамызда ассоциалар тудыруы тиіс. Ақын үнемі келісті метафоралар іздеумен болады, ол тек өз ойы мен ниетін оқушыға жеткізудің кілті емес; метафора тек ақынға қажет дүние емес. Метафора – әмбебап, ол ұстаз бен ғалымға, дәрігер мен математик, бәріне керек сөз құралы.

Ақын – ерекше жан иесі, адам тебіренісі мен толғанысын жетік жеткізе алатын ерен жандар. Ақын – қарапайым адамның көзінен таса болатын құбылыстарды байқай қояды. Поэзия деген күрделі дүниені үршықтай иіріп отырған өзгеше адамдар. Поэзия дегеніміз не деген сауалға көптеген қаламгерлер метафорамен түщымды жауап қайырады. Мысалға, "Көркемөнер – көрінетін поэзия, поэзия – естілетін көркемөнер" (Леонардо да Винчи); "Поэзия – радий өндіру. Өнім салмағы – 1-ақ грамм, ал кеткен еңбек- орасан зор. Жалғыз бір сөз үшін, мыңдаған тонна сөз кенін қопарасың" (Владимир Маяковский) ;"Поэзияның қайнар көзі – әдемілік" (Николай В.Гоголь); "Поэзия – дерт, сырқат. Температурадан айығу, құлан таза жазылу емес. Керісінше! Қызу тазартып, жадыратады" (Франц Кафка); "Поэзия – бұл қуаныш, қасірет, ғажайып тасқыны және сөздіктегі сөздердің шағын ғана бөлігі" (Джебран Халиль Д) ; "Поэзия – ақыл мен сезім ойыны" (Александр Красный); "Поэзия – мүздатылған жалын" (J.Patrick Lewis); "Поэзия – адамдардың жүрегінде жазылған мәңгілік граффити" (Лоуренс Ферлингити) және т.б.

Метафора – поэзияда көп қолданылатын әдіс. Орыс және американ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О.Якобсон поэзияның метафораға, ал прозаның метонимияға деген тартылыс күшінің себептерін түсіндіре келе былай деп өз ойын пайымдады: "Поэзияның назары – таңба,белгіге, ал прозаның зейіні (көп дәрежеде, тәжірибеге негізделген) – ең алдымен, референтке ауады. Троптар мен фигуралар, сайып келгенде, бейнелілік пен мәнерліктің поэтикалық тәсілдері ретінде қарастырылды. Үқсастық принципі поэзия негізінде жатыр; үйқастырылған сөздердің метрикалық параллелизмі мен дыбыстық эквиваленттігі семантикалық үқсастық пен контраст туралы мәселені ойға салады. Проза, керісінше, ең бастысы, шектестік, аралас-құралас нәрсеге негізделеді ". Өз ойын қорытындылай келе, Р.Якобсон мынадай тұжырымдамаға келді, "метафора – поэзия үшін, метонимия – проза үшін жаралған. Бұл екеуі де сөз өнерінің құралы, сондықтан болар, поэтикалық троптарды зерттеу мәселесіне келгенде, негізінен, барлығы метафораға қарай бағытталады" [10, 130].

Әдебиетанушы, аудармашы Б.В.Томашевскийдің де пікірі келесідей: "тілімізде кездесетін әртүрлі сөздердің жаңа мағыналары екі класс бойынша түзеледі: метафора классы бойынша және метонимия классы көмегімен құралады. Бұл, көбінесе, нақты бір әдеби мектептерге тән құбылыс, сөз таңдау қатаң қаралатын кезеңдерге тән, дәл осы уақыттарда қарапайым сөздер – поэтикалық емес деп есептелді" [11, 104].

Осы Б.В.Томашевскийдің "Әдебиет теориясы. Поэтика" атты оқу құралында "Сөз мағынасының ауысуы. Поэтикалық троптар" деген тарау бар. Оның басты тропы болып метафора аталады. Кейіннен эпитет, аллегория, метонимия, перифразға орын бар. Мұның өзі метафораны – поэтикалық троптардың ең бастысы екенін айғақтайды. Осы ретте автордың мына пікірін келтіргенімізді жөн санаймыз. "Метафора тек поэтикалық тілдің спецификалық ерекшелігі емес, сонымен бірге ол практикалық, ауызекі тілде де қолданылады" [12, 36].

Поэзия – көркем сөз өнері. Поэзияда жүйрік болу үшін ерен еңбек, тума талант, шығармашылық ізденіс қажет. Ақын айтайын деген ойын, жан тебіренісін, ой толғанысын қарапайым сөзбен, проза тілімен жеткізбей, оны өлең талаптарына сай (шумақ, тармақ, жол), барлық біртұтастықты сақтай отырып, кейіннен барып оқырман назарына ұсынады. Прозада бірнеше сөз, сөйлемді талап ететін автордың ойы, өлең жолдарында "қысқа да нұсқа" деген принципке сәйкестендіріліп өрнектеледі. Сондықтан, өлең шумақтарында берілетін әрбір пікір, сөз неше рет ақынның ой елегінен өткізіледі, өлең жазу барысында қаншама рет ауыстырылады. Өлеңде көрінген әрбір сөз салмақты, ауқымды, мағыналы болғаны абзал. Осы талаптардың барлығына, жұмысымыздың басты өзегі болған троп – метафора түп-тура сай келіп тұрады. Мәнді, бойына кейде бірнеше мағынаны сыйдыратын, келісімді, тиянақты троптың поэзияда жиі көрініс табуы да сондықтан болар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тимофеев Л.И., Венгров Н. Краткий словарь литературоведческих терминов. Москва: Учпедгиз, 1963, 194 стр.

2. Марк Туллий Цицерон. Трактаты об ораторском искусстве. Об ораторе. Книга III. Москва, Издательство "Наука", 1972, 230 стр.
3. Балли Ш. Французская стилистика. Москва: Государственное издательство иностранной литературы, 394 стр.
4. Вардзелашвили Ж. О двоякой сущности метафоры. Санкт-Петербургский государственный университет и Тбилисский государственный университет. Научные труды. Серия: филология. Выпуск IV. СПб-Тб., 2002, с. 66-77).
5. Х. Ортега-и-Гассет. Две великие метафоры// Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. с.68-81.
6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы:Сөздік-словарь, 1998. – 124 б.
7. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 227 б.
8. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.:Книжный дом "Либроком", 2012. – 576 стр.
9. Аристотель. Этика, Эстетика, Поэтика. – Минск: Харвест, 2011. – 1280 стр.
10. Р. Якобсон. Два аспекта языка и два типа афатических нарушений // Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. с.110-132.
11. Устинова И.В. Поэзия Гонгоры и испанская литература XVII века. Культеранизм и концептизм в философско-теологической и культурной традиции Испании. – М: Издательство ПСТГУ, 2008. – 295 стр.
12. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М: Аспект Пресс, 1999. – 334 стр.

ӘОЖ 82.02

Кенжебаева А.Ә.
фил.ғ.к., доцент
Шығыстану факультеті
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

М.ОМАРОВА ЖӘНЕ ЦАН СЮЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМДЫ ЖАТСЫНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Андатпа. *Бұл мақаланың мақсаты – М.Омарова және Цан Сюе шығармаларын талдау негізінде қазіргі қазақ және қытай прозасындағы адамды жатсыну проблемаларына сипаттама беру. Адам тағдырына, оның түрлі қасиеттік-мінездік құбылыстарына философиялық тұрғыдан сипаттама берген қос жазушының көркем прозасына талдау жасау нәтижесінде әдебиет тарихында бұрын соңды кездесе бермеген жаңа типтік бейнелер анықталды. Қос жазушының шығармасындағы орын алған жалғыздық пен адамдар арасындағы түсінбеушілік, абсуррдты болмыс туралы мотивтер салыстырыла отырып талданған. Сондай-ақ адам тұлғасын, адамзаттың бүгінгі рухани құндылықтарын безбендеуге келгенде бейнелеудің дәстүрлі принциптерімен қоса, балама сарындарды да сипаттай білген жазушылардың қазіргі заман прозасындағы өзіндік қолтаңбасы сипатталады.*

Түйін сөздер: *психологизм, адамды жатсыну, экзистенциализм, абсурдты болмыс, көркемдік қолданыс, тақырып.*

Кенжебаева А.А.
к.филол.н., доцент
факультет Востоковедение
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
г. Алматы, Республика Казахстан

ТЕМА ОТЧУЖДЕНИЯ ЧЕЛОВЕКА В ТВОРЧЕСТВЕ М.ОМАРОВОЙ И ЦАНЬ СЮЕ

Резюме: *В статье рассматривается проблема отчуждения и способы ее художественного воплощения в рассказах китайской писательницы Цан Сюе и казахской писательницы М.Омаровой. В творчестве Цан Сюе и М.Омаровой одной из важнейших тем является тема отчуждения человека в современном обществе. Разработанная в социальном, социально-психологическом и экзистенциальном аспектах, она находит художественное воплощение на протяжении всего творческого пути обеих писательниц. Следует отметить, что для литературного процесса в целом эта тема является вечной. Она часто дает о себе знать в переломные исторические эпохи. Каждая из писательниц и их герои-ищут свой собственный ответ на вопрос о смысле существования в те периоды, когда люди становятся чуждыми миру, в котором живут, когда рвутся привычные социальные и психологические связи, когда происходит потеря собственного я, собственной идентичности. В рассказах Цан Сюе и М.Омаровой само отчуждение осмысливается как одиночество, непонимание между людьми, проявление логики механической жизни, доминанта абсурдного существования.*

Ключевые слова: *психологизм, отчуждение, экзистенциализм, абсурдное существование, художественное воплощение , тема.*

Kenzhebaeva A.A.
candidate of Philological Sciences, associate professor
Oriental Studies Faculty
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Language
Almaty city, Republic of Kazakhstan

THEME OF THE HUMAN ALIENATION IN THE WORKS OF M. OMAROVA AND TSANE SUE

Abstract. *The article is reviewed the problem of human alienation from the natural environment in the works of the Chinese writer Tsang Xue and the Kazakh writer M. Omarova. In the works of Cang Xue and M. Omarova, one of the*

most important topics is the theme of human alienation in modern society. Developed in social, socio-psychological and existential aspects, it finds artistic expression throughout the entire creative path of both writers. It should be noted that for the literary process as a whole, this topic is eternal. It often makes itself felt in critical historical epochs.

Each of the writers and their heroes are looking for their own answer to the question about the meaning of existence in those periods when people become alien to the world in which they live, when their usual social and psychological connections break, when their own self, their own identity is lost. In the stories of Tsang Xue and M. Omarova, alienation itself is interpreted as loneliness, misunderstanding between people, a manifestation of the logic of mechanical life, the dominant feature of absurd existence.

Keywords: *psychologism, alienation, existentialism, absurd existence, artistic embodiment, theme.*

Ақпарат ағымы тасқындаған ғасырлар тоғысында бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналған – адамды жатсыну проблемасы әсіресе кейінгі жылдары кеңінен зерттелу үстінде. Адамның қоғамға көңілі толмай, өзін-өзі, басқа адамдарды, қоршаған ортаны, қоғамды жатсынуы – кейінгі кездері көптеген ғалымдар назарын жаулап келе жатқан күрделі мәселелердің бірі боп табылады.

Жатсыну секілді философиялық санат – модернистік эстетиканың ауқымды мәселелерінің бірі боп табылады. «Модернизм негізінде жан-жақты көрінетін өзгешелікке толы дүниетаным – қоғам тарапынан көрсетілген қысым мен рационалдық тәртіп орнаған әлемнің тұла бойында адамның жатсынуы жатыр. Кейіннен мұндай дүниетанымдық аңсар кейінгімодернистік танымда жалғасын тауып, өрбіп кетті. Өз ортасына, қоғамға, отбасына қарсы түрған кейіпкердің қоғамды, адамдарды жатсынып, табиғат аясына, тау-тасқа тасалануы немесе өзімен-өзі түйықталып, өз ойымен жеке дара қалуы, т.б. – романтикалық әдебиетте жиі көрінетін көріністердің бірі»,-деп көрсетеді қытай ғалымы [1,65].

Адамдардың өзінің қоғамдық әрекеттері олардың абсолютті еркіндігіне шек қоятынын адамзаттың түйсінуі жатсыну құбылысын дүниеге әкелді. Осы уақытқа дейін әділ бағасын ала алмай келе жатқан бұл дүниетанымдық мәселеге кеңес тұсындағы материалистік көзқарастың әсері болғаны белгілі. Қытай прозасында жатсыну мәселесі Мо Ян, Хан Шоугуң, Ма Юан, Су Туң,Цан Сюе, Уаң Аньилер болса, қазақ әдебиетінде Д. Исабеков, О. Бөкеев, Ә. Кекілбаев, А.Кемелбаева. М.Омарова т.б. жазушылар шығармаларында жиі кездеседі. Бірақ ол жеткілікті деңгейде зерттеле қоймаған тың дүние. Жаңа мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас ізденіске бастап, осы тұста тың талғам қалыптасуы уақыт заңдылығы десек те болады.

Көркем әдебиетте жатсыну тақырыбын кең ауқымда қарастыру Е.И.Башилова, *Оразбек М.* еңбектерінде, ал қытай әдебиетінде Уаң Чаохуй, Уаң Цзифың, Таң Гуйлин, Яң Цзиндаедің ғылыми зерттеу еңбектерінде көрініс береді. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде қос жазушы шығармаларындағы әлеуметтік салмағы бар кесек типтерді бейнелеуде көрінген жатсыну проблемасына талдау жасау болды. Қазіргі таңдағы көркем әдебиеттегі өзекті мәселенің бірі болған жатсыну проблемасы көркем прозада қалай көрініс берген? Тың ізденіс әдебиетте жемісін қалай беріп жатыр? Бұл – бүгінде сөз өнеріндегі жауабын күттірмес сауал. Цан Сюенің қаламгерлік қолтаңбасын туралы айтқанда, біз қазақ жазушысы М.Омарованың шығармашылығы туралы да тоқталып өткіміз келеді. Өйткені қос жазушының көркемдік әлемін біріктіріп түрған ортақ сарынды байқаймыз. Ол – көркем шығармадағы жатсыну тақырыбы. Осы өзекті мәселеге қытай жазушысы Цан Сюе мен төл әдебиетімізде өзіндік қолтаңбасымен танылып келе жатқан жазушы Мадина Омарова шығармашылығы арқылы үңіліп көрдік. Бірден назарға ілінетін жайт – қос жазушының кейіпкерлерінің күрделілігі, қайшылықты болмысы. Авторлардың көркем шығармаға арқау еткен идеясының көркем бейнеге айналуы, яғни кейіпкерлер әлемі жазушылардың шығыс прозасына алып келген өзгеше демі іспеттес. Қоғамдық мәселеден гөрі, кейіпкер болмысына терең үңілу, шынайы табиғатын таныту жаңа заман еншісіндегі жаңаша автор түлғасын елестетеді. Цан Сюеның рухани сергелдеңге түскен, мазасыз, әлденені іздеумен жүретін сезімтал, қияли кейіпкерлері, сондай-ақ М.Омарованың «Қатыгез», «Қадір түні» шығармаларындағы екіұдай сезім кешкен «сырқат» түлғалары хақында да осыны айтуға болады.

Цан Сюэ есімі әсіресе батыс оқырмандарына өте танымал. Жазушы соңғы жылдары жарық көрген «Теңіздің елтуі» (海的诱惑), «Тыртық», «Жаңа өмір» (新生活), «Шатыр тесігінен аққан жауын тамшылары (瓦缝里的雨滴), «Жұмақтағы тілдесім», «Өгіз», «Саз балшықты көшелер» (黄泥街), «Таудағы үйшік» (山上的小屋), «Жабайы алқап», «Лай судағы сабын көпіршігі» (污水上的肥皂泡), «Қамал» (城堡), «Қара жердің сыйлығы» (黑暗地母的礼物), «Қалқып жүзген сұр бұлттар» (《苍老的浮云》) атты туындыларының бәрінде кейіпкерлердің ішкі ой ағыны арқылы да мінездік бітіміндегі

ерекшеліктерді сыртай сипаттау арқылы да оларың дүиетанымындағы өзеше түстарды көрсетіп отырады [2,12]. М.Омарованың да, Цан Сюенің де кейіпкерлері өзін қоршаған ортаны жат, бөтен деп түсінеді.Осыдан барып осы дүниенің бөтендігін, жатбауырлығын терең сезініп, оның өткінші екенін түсініп, бойын жиіркеніш билеп, азапқа түседі. Жоғарыда айтылғандарды негізге алатын болсақ, күні бүгінге дейін қазақ және қытай әдебиеттануында әйелдер шығармашылығының типологиялық белгісін анықтап, оның жалпы әдебиет өміріндегі орнын, мән-маңызын дұрыс танытып, әсіресе шығыс әдебиетіндегі қаламгер арулардың өзіндік қолтаңбасын салыстыра отырып зерттеген еңбек болған емес. Соңғы жылдары екі ел арасындағы мәдени қатынастардың дамып түрған шағында қытай әдебиетіндегі қаламгер әйелдердің прозалық шығармаларын қазақ арауларының туындыларымен өзара сабақтастыра саралап, олар сомдаған образ бойынан үлттық ерекшеліктерді, символ бейнелерді, адамды жатсыну проблемаларын ашу – әдебиеттану ғылымында іргелі мәдени құбылыстардың қатарын молайтуға, әдебиеттану ғылымының теориялық деңгейін көтеруге септігін тигізері сөзсіз. Сонымен бұл мақала қытай және қазақ әдебиеттеріндегі көркемдік ерекшеліктерді ғылыми түрғыдан талдауға арналған алғашқы зерттеу екендігін де атап өткіміз келеді.

Ф. Кафка тәрізді Цан Сюе де, М.Омарова да өз туындыларында архетип деп аталатын символ бейнелерді көп қолданады: айна, үй, кәрі ағаш, жел, балық, гүлдер. Екекінің де шығармалары жатсыну мотивіне негізделген. Цан Сюенің «Өгіз» атты әңгімесінде кейіпкер жұбайына өзінің өңі мен түсін ажырата алмай қиналып жүргенін, айнала қоршағандардың мұны біліп алса өзін ақылынан алжасты деп күмәнданатынын ойлағанда жанын қоярға жер таппайтынын айтып шағымданады. Ал М.Омарованың «Мысық» атты әңгімесінде адамнан гөрі жануарларды серік еткен кейіпкердің тағдырынан көрініс береді: «Ол мысығын жақсы көреді...» Жануарды адамнан артық көретіні соншалық, мысығын жақтырмағаны үшін жеке пәтерге кетіп тынады. Жұмысында алаңдар жақыны, үйде де, тіпті саябақта да оның серігі – жалғыз мысығы. Жо-жоқ, расында, оның шынайы серігі – жалғыздық. «Мысық көп дегенде жиырма жыл өмір сүреді. Содан кейін оның жағдайы не болады?» [3,38]. Ауруға шалдыққан сананың емі не? Автор сауал тастайды. Отызында орда бұзар, қырқында қамал алар жастардың бейшаралығы, торығуы еріксіз таңқалдырады. Ал «Қария», «Қарға» сынды әңгімелердегі кейіпкерлер жалғыздықпен шарасыз достасқан, қайраңы жоқ қорғансыздар.

Әйелдің шағымы күйеуінің немқұрайлығына бетпе–бет кетеледі, ал «Таудағы үйшіктегі» қыздың наразылығы бүкіл отбасының мүшелерінің түсінбестігіне, тіпті наразылығына ұшырайды тап болады. «Жабайы алқапта» өмірде жоқ жабайы мысықты ұстауға тырысады, «Сұр бұлттарда» ағаш бұтақтары кіріп кетпесін деп терезелерге темір тор салады. «Қамал» атты әңгімесінде түс пен өң астасып, бітісіп кетеді. Мұнда адам баласы ене алмайтын құпия қамал, қарлы адамсыз айдала жер, ирелеңдеп жатқан дәліздер, шашылып жатқан кеңсе қағаздары. Мұна мистика мен ақиқат араласып кеткен, тіпті кейіпкердің тұлғасы да белгісіз бейне болып қалады. «Өгіз атты әңгімеде түсі мен өңін ажырата алмаған әйелге түсіністік орнына күмән мен сезікпен қараған жұбай мен қоғам оны ақылынан алжасқан деп қарайды.

М.Омарова мен Цан Сюе шығармалары – бүгінгі заман, бүгінгі замандас тағдыры туралы. Кейіпкерлерінің әлеуметтік кодтары беймәлім, оларда уақыттық белгілер де мүлдем жоқ деуге болады, авторлар үшін ол маңызды емес. Олар үшін маңыздысы – мына өмірдегі үйлесімсіздік пен жатсыну, қатыгездік пен бейтараптық. Шығармаларындағы ең басты лейтмотив – кейіпкерлерінің адамдар арасындағы жалғыздығы, өмірлеріндегі жайсыздық, бір-бірінен жан жылуын таппауы – қысқасы дегумандалған қоғамның кескін-келбеті. Мұның бәрін ол дағдылы, қалыптасқан өмір тәртібін бұзатын оқиғалардың драмалық жағдайларында да, күнделікті тыныс-тіршілікті бейнелей отырып та суреттейді. Өзінің әрекетіне есеп бермейтін абсурд қаһарман, өзін шексіз сүйетін нарцистік психология, шектен тыс эгоист, өзін-өзі таба алмай адасқан, сезімнен ада тас жүректер, тағы басқалары. Мистикалық әңгімелердегі елес адамдар да өзіндік айтары бар дара персонаждар. Адам жанын, батыстан жеткен капиталистік қоғам тәрбиелеген замандастардың жан дүниесін оның әлемге көзқарасы, айналамен байланысы, өмір сүруге деген құштарлығының дәрежесі, өмір мәнін түсінудегі парасат-пайымына қарай беруге тырысқан. Осы алуан психологияның басын қосатын бір үқсастық бар. Ол қандай үндестік? Оған шығармаларды талдау барысында мүлтіксіз көз жеткіземіз.

Қытай сыншысы Ли Цзе Цан Сюе шығармаларын «түсті қайталаушы» деп сипаттама береді және оның туындыларын оқырман қабылдауын бейне бір психоаналитиктің науқастың түсін жорығанындай әдісті қолданып түсінеді деп баға береді. [4, 123 с .]. Адам, қоғам, оның әлеуметтік қырларын танытуда

жазушылар кейіпкер бойындағы жатсыну процесін жиі сөз етеді. Қос жазушының шығармаларын жақындастырып тұратын жайт – олардың туындыларында кейіпкерлер бей-берекеттігі, өзі бір жеке әлем жасап алып, басқаға немқұрайлы қарайтын болмысымен дараланып тұрады. Қалыптан тыс, бөгде, кесек бейнелер болмысына терең үңілген сайын олар үшін жалпы адамзаттық игі идея, бүкілқоғамдық құндылықтардың «ештеңеге» татымайтынына куә бола түсеміз. Сана ағымын жіті қолданған авторлар субъектінің ішкі жан-дүниесін барынша ашып, көздеген көркемдік тұжырымдамасын сол «жағымсыз», «бұлыңғыр» кейіпкер психикасына салмақ сала жеткізеді. Прозаның қалыптасқан қасаң үлгісіндегідей әртүрлі бейнелер тай-таласқа түсу арқылы кімнің «жағымды», ал кімнің оған қарама-қайшы бейне екені дараланып жатпайды.

М.Омарова мен Цан Сюе туындыларында кейіпкер бей-берекеттігі, өзі бір жеке әлем, аралшық құрып алып, басқаға селқос, өзгенің тағдырына немқұрайлы қарайтын болмысымен дараланып тұрады. Сүйкімсіз, қатігез, кесек, томпақ бейнелер табиғатына терең үңілген сайын олар үшін жалпы адамзаттық игі идея, бүкілқоғамдық құндылықтар ауылынан алыс екеніне куә бола түсеміз. Сана ағымын жіті қолданған авторлар субъектінің ішкі жан-дүниесін барынша ашып, көздеген көркемдік тұғырнамасын сол «жағымсыз» кейіпкер психикасына салмақ сала отырып жеткізуге тырысқан. Қалыптасқан проза үлгісіндегідей әр түрлі бейнелер тізбегі тай-таласқа түсу арқылы кімнің «жағымды», ал кімнің оған қарама-қайшы бейне екені сұрыпталып жатпайды. «Экономикалық және рухани дағдарысқа ұшыраған елдің өмір сүру қағидаты өзгеше мәнге ие болғандықтан, әрбір адам өзінше тіршілік етіп, қара бастың қамын ойлауға бет алған, мәселені жеке-дара шешуге тырысқан «өзімшіл» сананың күшейуіне ықпал етті. Нәтижесінде мың құбылып, күнде өзгерген заман ырқы ұлт психологиясына айтарлықтай көлеңке, сызат түсіріп, қырық құбылған дара мінез тудырғаны ақиқат. Қоғамдағы адам баласының ала-құла мінезі мен әрқилы іс-әрекеті түрлі оқиғаның тууына, қазіргі қоғамда бұрын соңды болмаған жағдайлардың орын алуына дейін көрініс берді. Кейіпкерлер бастарынан өткен шындықты «өзінше» дұрыс бағамен жай ғана баяндайды. Ешкімнің ақыл-кеңесі, жақсылығы мен қамқорлығы оларға қажет емес. Оларды сан қилы әлеуметтік қайшылықтарға толы қоғамның зардабы тасбауыр етіп тәрбиелеген. Әлеуметтік теңсіздік пен жоқшылық «қатайтып» жіберген бұл кейіпкерлер өзгелер жан түршігетін жағдайларды маса шаққан құрлы елемейді. әрі өзінің бұл әрекеті дұрыс еместігіне де басын қатырмайды. Жазушының «Ана ғұмыр» романындағы кейіпкер Гүлзираштың алғашқылардың сапына жататынын аңғаруға болады. Оны өзі де жасырмайды: «әжем қайтыс болғаннан кейін, мен өзімнің туған анамның қолына интернат көріп, жетім қалған мені асырап алуға ниет білдірген барлық туыс-туғанның қолынан өтіп, бір-ақ оралдым. Осындай қилы ғұмырды бастан кешкен соң ба, мен аздап, жүмсартып айтқанда, еркіндеу едім». әжесі қайтыс болған сәттен ол балалығын жоғалтады. Алаңсыздық орнын басқан мұң, әлдебір көмескі бақытсыздық жетелеген қара қызды шын мәнісінде, туыстары емес, қатыгез өмір тәрбиелеген. Сондықтан да ол «бірбеткей, өзімшіл, қатігез, тасбауыр». [5, 45]. Өзін қоршаған ортадағы толыққанды отбасынан шығып, психологиясы дұрыс қалыптасқан мейірімді, ұқыпты, жағымды қыздарды ол жек көреді. Тіпті өзінің туған анасы да бұдан жерінип, «сүқсырдай сумақай, жүртқа жүғымы жоқ, сүйкімсіз сұмырай» деген баға берген. Оған қайғырып, қам жеген кейіпкер жоқ. Қиналмастан:«Негізі мен шешемді адам екен демейтінмін», – дейді жайбарақат. Өзіне лайықты зат алдыру үшін ғана шешесіне ілесуі шектен тыс өзімшілдігін көрсетсе керек. Кейіпкер «адам адамға қасқыр» деген капиталистік қоғамның қатаң қағидасын бала күнінен бойына сіңіріп өскен. «Үйдің іші астан-кестең. Төбелес, қағыл әлі келетіні әлжуазын сабап, бажылдатып жатады. Темекінің де дәмін сол кезде таттық. Тіпті ішіп те көрдік.» Кері кеткен өміріне қапаланған анасының жан айқайын сезіп, оны «қатты аяса да» селт етпейді. «Жанына жалау» түтқысы келген ана үмітін бір сәтте аяққа басып, «Бірақ мен өзімнің сол кездері басқа емес, сондай болғаным үшін өкінбеймін. Маған әлі күнге дейін Тимур секілді балалар ұнамайды. Суқаным сүймейді оларды» деп түрған сезім иесінен сескене бастайсың. Балалық шағы батпақты болған кейіпкердің кейінгі өмірі де күліп жарытпайды. Еті әбден өлген, қорқынышты, жиіркенішті әрекеттер дағды боп сүйекке сіңеді. Өз тілімен сөйлетсек: «Мен махаббатқа сенбеймін... Жасамай жүрген ұрлық па... Мен қорқынышты фильмдерді ұнатамын. Маған қарабайыр, өмірдің өзіндей анайы қорқыныш керек. Жақсы жазылған қорқынышты кітап болса оқимын». Ол бір сәт өзінің абсурд образ екенін де таныта кетеді: «Сөйлесем – аузымнан сандырақ шығады». Өз сезіміне ие болмай, көңілі қалағанды тантып, жанындағыларға психологиялық шабуыл жасап отырады. Тіпті өзіне «жынданған» енесін көргенде «іштей масайрап, әкесінің құны түгел қайтпаса да, қайта бастағандай, әлдебір рахат күйге енеді». Қаһарманның «анти» болу себебі, ол

үшін өмір тек қорқыныштан тұрады. Бұл Цан Сюе кейіпкерлерінің бойынан да байқалады. Мәселен, «Таудағы үйшік» туындысындағы «мен» атты кейіпкердің анасы өз перзентіне жылулық пен түсіністік таныта алмаған бақытсыз жан. Анасы іштей өзін қарама-қайшылыққа дайындап өскен ол, бәріне сүлесоқ қарау арқылы өзін-өзі қорғайды. Әкесінің қатыгездігіне көндігіп кеткен анасы маңдайынан бес елі соры арылмаған бейбақ екенін біле тұра, жасымайды, келеңсіздікті ойлап жүйкесін тоздырмайды, мұны өмірдің қалыпты жағдайы ретінде қабылдайды. Тіпті жақсылыққа үмтылыс та танытпайды. Үйде таппаған қолдау мен қамқорлыққа зәру «мен» қоғам алдында рухани қорғансыздығын сезіп, анасының замана запыранына жиіркенбес батылдығын пана тұтады. Өзінікінен басқаны мойындамайтын, өзі түсінбейтін, ақылы жетпейтін нәрсені бар деп білмейтін бірбеткей әкесінің кемшілігі – оны өз танымындағы қорқынышты қоғамнан күтқарар селқостық, немқұрайлылық, тоңмойын қасиеттері. Отбасы мен кейіпкер арасындағы қақтығыстар күн санап өршелен түседі, әкесінің «аш қасқырдай анталаған суық көзқарасы», анасының оған деген «күдік пен күмәнға, кейде ашу-ызаға толы суық жанары, сіңлісінің өзін аңдып, ұсақ-түйегіне дейін жеткізіп отырған өсегі қыздың жан жарасын барған сайын сыздатады. Бір қарағанда, қасіреті тәрізді. Жүрегін жауып, санасын соқыр қып қойған. Бірақ шығармадағы «мен» өзі ойлағандай тым сүйкімсіз жаратылыс емес. Автор кейіпкерді бүкпесіз сөйлету арқылы әрі даттап, әрі ақтап отырған. Отбасының ыстық махаббатын сезініп өспеген бұл қыз рухани мүгедек емес. Дәстүрлі түсінігіміздегідей жағымсыз бейнеге жатқыза алмайсыз. Балалықтың бал күнін кешіп жүрген бүлдіршінге өзін түсінбеген, тіпті түсінуге талпынбаған анасы мен сіңлісінің қатігездігі бар ғұмырына созылып кете барған сорды қоса ала келді. Өмірдің негативті жақтары ғана көзіне шалынатын ол рухани азаттығына деген сағынышын айдаладағы тау ішінен іздейді. Мұндағы қызықты жайт – кейіпкерлердің тұратын тұрағында олардан бөгде ешбір жан түрмайды, олардың тіпті көршілері де жоқ, жапан түзде, айдалада оқшау тұрады.

Адамды жатсыну проблемасына ден қойған шығармаларының ішінен Цан Сюенің «Өгіз» туындысын даралап атауға болады. Әңгіме әйелдің жалғызсыраған, жанындағы адамдардан қолдау таппаған алай-дүлей сезімдерін ашып көрсетуге арналған. Шығарманың басты идеясы –адамның жан жалғыздығы, адамды жатсынған қатыгез қоғам мәселесі. Жазушы әйел мен жұбайы арасындағы, адам мен қоғам арасындағы қақтығыс пен суыққанды қарым-қатынастар қасіретінің емін іздеп, шарқ ұрған кейіпкер тағдырын сипаттайды. Ол жан жұбанышын қарапайым өмірден тысқары нәрседен іздейді және оны адамдар әлемінен емес, үйдегі кішкен, тілсіз айнадан табады, адам баласы бере алмаған жылулық пен түсіністікті жансыз заттан алады. Кейіпкердің есімі жоқ, тұлғасы бозғылт тартқан көлеңке бейне ретінде суреттеледі. Ол мына әлемде өзін жалғыз сезінеді. Жазушының мұндай сарында жазған шығармалар қайнарын қытай тарихында «қасіретті жылдар» аталған мәдени төңкеріс кезеңінің қалдырған әсері деп түсінуге болады. Бұл туралы кезінде белгілі қытай жазушысы Лу Син де өзінің «Айқай» атты әңгімесінде жазған болатын. Цан Сюе қаламының ізденісі болар, ол нақты деректерге шексіз үңілу арқылы адам жанына терең бойлатады. Кейіпкердің бір ғана сөзі немесе бір ғана әрекеті бүкіл болмысын ашып беретін тұстары бар. Жазушының «Теңізді еліктіру» (海的诱惑), «Із» (痕), «Таудан түсу» (下山), «Жаңа өмір» (新生活) атты туындыларын алап қарасақ, мұнда қай кейіпкер болмасын бәрін біріктіріп отыратын ортақ жайт – рухани бітімнің, ойжосық арнасының үндестігі: кейіпкерлерөз рухымен тілдесімге түседі, мұнда түс көруде әралуан адамдармен де диалогқа түседі, ал кейбіреуі сыртқы әлеммен амалсыздан тілдесімге барады. Мәселен, кейіпкер Пың И мен кезең арасындағы, Амин мен Ишу арасындағы диалогты алуға болады. Мұндағы кейіпкерлер қоршаған орта, сырт дүниемен қарым-қатынасты үзіп кетуге дәрменсіз, алайда осы ортаға дендеп енуге де қауқарсыз.Қоғам жатсынған олармына әлемнен түңіліп, баз кешеді. Амин мен Ишу, Пың И әрекеттері жазушының «Құлаған қабырғадан көрінген пейзаж» шығармасындағы қарияның іс-әрекеттеріне ұқсас. [7,15]. Олардың барлығы дентеп келгенде сыртқы әлемнің өздерін мойындауына мұқтаж жандар, Мәселен, Хың өзінің өсірген көкөністерін біреулердің сатып алуын қалайды, әсіресе өз қолымен сабанннан тоқыған көркем бүйымдарды тұтынушылардың тамашалап, сын айтқанын қалайды. Осы арқылы қоғамдағы өзінің аз болса салмағынынң бар екенін білгісі келеді. «Балшықты көшелер» туындысында «өмір бойы өзін іздеумен сенделіп» жүрген Амэй трагедиясы басқаша көрініс табады. Мадина Омарова шығармаларындағы жаңа кейіпкерлерде қоғамның бүкіл қасіреті жатқандай. Бұл ойды Цан Сюе өзінің «Өгіз», «Хын», «Таудағы үйшік» атты шығармаларында жалғастырады. Қарыштап дамыған техникамен бірге жан дүниесі де «техникаланып», сезім, мейірімнен ада алапат үрпақтың келе жатуы үрей туғызады. Бір көшеге басы сыйыспас ана мен баланың, бір шаңырақта түрса да жат адамға айналған

жандардың («Ана ғұмыр», «Қатігез, «Таудағы үйшік», «Саз балшықты көщелер»)жағдайын қалай түсінуге болады? Жауабын оқырман өзі іздеп талпынады. Ішінде де, сыртында да үйлесім жоқ екі буынның бір арнаға тоғыспас тағдыры жүрекке тастың қосылар шегі тәрізді. «Тасжүректер» психологиясы қос қаламгердің шығыс әдебиетінде бұрыннан бар құбылыс болса да, өзіндік стильмен құбылта әкелген үні деуге толық мүмкіндік бар.

«Мейірбандылық дегеніміз адамзатты сүйетін әрбір адам өз-өзін шегелеп тастайтын керме ағаш емес пе?» (Ницще) деген қасаң түсінік аясында қатыгездікке олар өзін-өзі таңып тастаған. Өз бостандығын іздеген, онсыз да өтер де кетер бір тұтам дүниеде шайқап өмір сүруді мақсат ететін кейіпкерлер мейірімділік танытуды еркіннен айырар әділетсіздік деп біледі екен. «Ол не себепті әке-шешесінің алдында өзін борышты сезінуге тиісті екенін түсінбейтін. Жоқ, түсінетін, бірақ осы жерден әлдебір әділетсіздікті сезетін. Не себепті еркін өмір сүруден қысылуға тиіс, неге олармен бірге тұрып, олардың алдындағы «перзенттік міндетін» өтеуі керек. Тіпті қаһарман адамзат баласына тән тату-тәтті, бақытты ғұмыр кешу тілегінің мәніне де таң қалады. «Және барлығын толық бақытқа кенелту үшін жақсы біреуге тұрмысқа шығу міндетті. Содан кейін сөз жоқ, бір-біріне қонаққа барып, тату-тәтті өмір сүреді». Қонақ, яғни көпшілікті жақтыртпайтын ол мұның бәрін «ұжымдық бақытқа» жатқызып, өзіне артық деп түсінеді. «Бір қызығы – оларға маған жарық дүниені көрсет деп жалынған жоқ, өле-өлгенше қарыздар болайын деп келісімге отырған жоқ. Туса, өздері үшін, өздерінің қызығы үшін туды. Ал қалғаны – әркімнің өз ерігіндегі нәрсе емес пе?» Туысқандық сезімнен ада Айжан отбасы институты рамкасынан шығып, бөгде біреу боп әке-шешесіне осылай мін тағады. Өз көзімен өзгені де сөйлетеді: «Қазір де оның қимыл-қозғалысын үнсіз бағып отырған көзқарасынан аталық емес, еркектік бағалауды және өзінің осындай көпті көрген қартқа үнайтынын сезеді». Атаға деген мұндай ынтызарлықтың сана ырықсыздығы, ессіздік екенін бағамдаудың өзі қандай қиын еді.

Амандығы «Үй-іші, бала-шаға аман ба?» деп басталатын қазақтың бүгінгі үрпағы жөн сұраса «әке-шешем жақсы шығар...білмеймін...көрген жоқпын...» деп күмілжиді. Оған намыстану да жоқ. Құлқын қамы кигізген тасбауырлық қамыты батыс менталитетін сіңіріп өскен бүгінгі прагматик үрпақ үшін таңсық емес те. «Өзін-өзі сыйлайтын және сыйлата білетін тәкаппар рухтың куәсі» – қариялар тірі жетім атанып, итке тастаған сүйектей қараусыз қалып жатыр. Сықырлаған, қаусаған тәнімен қоса күйреп бара жатқан жаралы жаны тағдырдың безбүйрек балалар жасаған жасанды тауқыметін көтермек.

«Қария» әңгімесінде ескі үйдегі жалғыз шалдың жалғыз серігі – тілсіз мақұлық сары мысық. Одан басқа ешкімі жоқ қария бір-ақ күнде бақытқа кенеледі. Оны бақытқа бөлеген тотықұс сөйлейтін еді! Жан баласы аяқ баспаған, өркениеттен тыс аралда Робинзон Крузо сөйлеуді ұмытып қалмас үшін тотықұспен тілдескен еді. Өйткені аралда одан басқа адам жоқ болатын. Ал қайнаған қалада, өркениеттің ортасында, қалың жұрттың арасында қарияның тіл табысар жан баласы болмағанына жол болсын? Өткен жылдар құмдағы өшкен із боп кете бергеннен, дәрменсіз кәрілігіңнен арашалайтын бір тірі пенденің болмауынан, көп бола тұрып жоқ болғаннан өткен қасірет бар ма? «Адам өмірге жалғыз келіп, жалғыз кетеді» десек те, абсолютті жалғыздық адам емес, Жаратқанға ғана тән ақиқат екендігінен әдебиет осы мәселені көтеріп отыр.

Қос жазушының шығармаларындағы негізгі тақырып – жаңа қалыптасқан техногендік әлемнің табиғи адамды дағдарысқа әкеліп, жатсынуды туындатқан көрінісін бейнелеу боп табылады. Қазіргі кейіпкерлердің машинаға ұқсастығын сипаттап, адам жанының техникаланып бара жатқанын ашып көрсетуге тырысады. Адамға тән ең жоғарғы махаббат сезімі, қайғыру және басқа адам сезімдерінің жоғалып бара жатқанын, олардың орнына қатігез, тасбауыр қоғамның қалыптасып, кейпкерлердің ой-пікірлері біртіндеп техникалық машиналардың ойлау деңгейімен ауысып жатқанын сипаттап береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 徐若楠 残雪作品《山上的小屋》中的陌生化运用 Қытайша]
2. Ли Цзе. Лунь чжунго дандай синьчао сяошо // Проза жаңа толқыны қазіргі уақытта Қытайда// Чжуншань. – 1988. – №5浅析《山上的小屋》中陌生化的运用. [Қытайша]
3. Антиобраз және қаламгер түғырнамасы https://articlekz.com/kk/article/16399
4. Цань Сюэ шығармашылығындағы символдық бейнелер "Жаннатағы әңгімелер"сериясы мысалында.
5. Оразбек М. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы: Филол. ғыл. канд....автореф. (1980–2000 жылдар әдебиеті бойынша). – 12-б.
6. 赵劲鹰, 胡源西 试论“异化”主题在当代美国小说中的体现 Journal of Language and Literature Studies, 2011年20期.

Космуратова А.Н.
старший преподаватель
Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева

О СИНТАКСИЧЕСКОЙ КОНСТРУКЦИИ ГЛАВНЫХ ЧЛЕНОВ ПРЕДЛОЖЕНИЯ

Түйін. *Бұл мақалада сөйлемнің негізгі мүшелерінің синтаксистік құрылысы талқыланады. Әрбір сөйлем мағыналы болуы сөйлемнің құрылысына және түрлаулы мүшелерін дұрыс қолдану болып табылады. Осы мақаланың мақсаты сөйлемді мағыналы түрде жеткізу болып табылады.*

Кілт сөздер: *сөйлем құрылымы, талдау, сөйлем субъектілері, синтаксема, , сөйлем элементтері.*

Резюме. *В данной статье рассматривается синтаксическая конструкция главных членов предложения. Рассказывается о том,что текст заключает в себе определенный смысл, и благодаря языковым средствам смысл облекается в слово, словосочетание, предложение, и главные члены предложения отражают смысловые элементы. Она заключается в том, чтобы помочь читателю проанализировать свой текст.*

Ключевые слова: *структура предложения, анализ ,субъекты предложения, синтаксемы, конструкция предложения, элементы предложения.*

Summary. *This article discusses the main terms of the proposal. It is told that the text contains a certain meaning. It is to help the reader analyze your text.*

Keywords: *sentence structure analysis , the subjects of sentences, syntaxeme, design proposals, elements of the proposal.*

Традиционная классификация простого предложения, восходящая к трудам академика А.А. Шахматова, основана на оппозиции односоставности / двусоставности. В двусоставной синтаксической конструкции присутствуют оба главных члена- подлежащее и сказуемое. Наличие в структуре предложения подлежащего позволяет определить данную конструкцию как личную. Однако некоторые двусоставные предложения не смогут считаться личными в силу неспособности подлежащего обозначить субъект- лицо, например:

1) Солнце склонилось на запад к горизонту.(В.Г. Короленко)

2) Жер таусылмайды.(Б. Соқпақбаев)

В синтаксической структуре предложений (1), (2) выделяется подлежащее, обозначающее конкретный предмет, но не лицо, отсюда следует , что анализируемые конструкции двусоставные, но не личные, поскольку в личных предложениях подлежащее должно обозначить субъект- лицо, а в безличных – субъект- нелицо. Оппозиция личности / безличности основывается на противопоставлении именительного падежа косвенным падежам в русском языке и отождествляется со структурой предложения. Такой подход обусловливает раздельное изучение семантической и синтаксической организации предложения.

В некоторых синтаксических конструкциях русского и казахского языков зачетную синтаксическая структура (подлежащее) и семантическая структура (субъект) не совпадают. Данное обстоятельство дает повод для раздельного изучения двух структур предложения. Однако предложение функционирует как единая структура, что способствует рассмотрению не только аналитической, но синтетической роли его компонентов.

Рассмотрим следующие синтаксические конструкции:

1) *Я не люблю весны. (А.С. Пушкин)*

2) *Просто мне нездоровилось это время. (А.И. Куприн)*

3) *Вечереет. (И.А. Бунин)*

Предложение (1)- простое, двусоставное, личное, грамматическая основа- *я не люблю*, где подлежащее выражено личным местоимением, сказуемое- личным глаголом с отрицательной частицей. Предложение (2)- безличное, односоставное, грамматическая основа- *нездоровилось,* состоящая из сказуемого, выраженного безличным глаголом. Предложение (3)- безличное, односоставное, грамматическая основа- *вечереет* – безличный глагол. Синтаксические конструкции (2) и (3)- безличные, так как в них отсутствует подлежащее.

Рассматривая данные предложения по наличию в них субъекта, видим, что (1) и (2) конструкции – личные, поскольку *я* и *мне* обозначают, в предложении субъект. В предложении (1) *я* я называет субъект-

лицо, а *люблю*- эмоциональное отношение; в предложении (2) местоимение *мне* определяет субъект- лицо, которое испытывает состояние, названное в предложении. Местоимение *мне* является одним из синонимических вариантов личного местоимения *я,* так к конструкции (2) можно привести синонимическое *Просто я не был здоров это время.* Предложение (3)- безличное, так как в нем нет подлежащего и нет субъекта.

Рассмотрим с аналогичной позиции предложения казахского языка:

1) *Мұрат жым болды. (Б. Соқпақбаев)*

2) *Абайдың күткені де сол еді. (М. Әуезов)*

3) *Ең әуелі қызмет жағын ойластыру керек. (Б. Тоғысбаев)*

Данные предложения разнородны по своей структуре. При делении их на личные и безличные конструкции получаем следующий результат. Предложение (1) = личное, так как *Мұрат* – подлежащее ,которое выражено формой *атау септік* и обозначает в преложении производителя действия. Предложение (1) двусоставное с грамматической основой. *М9рат жым болды.* Предложение (2) и (3) – безличные с грамматическими основами *күткені де сол еді, ойластыру керек,* так как в них нет подлежащего в традиционном понимании. Анализируя предложения по наличию в них субъекта, видим, что предложения (1), (2). (3)- личные. Второе предложение *Абайдың күткені де сол еді* с помощью синонимического преобразования представляется как *Абай да соны күткен еді,* где *Абай* отвечает всем признакам подлежащего, имееет морфологическую форму,закрепленную в традиционной грамматике за подлежащим ,и обозначает производителя действия ,обозначенного в анном предложении. Отсюда синтексема *Абайдың* является одним из синонимических вариантов синтаксемы *Абай,* обозначающей субъект- носителя предикативного признака. Конструкция (3)- субъектная , но субъект-лицо по той или иной причине опущен из структуры предложения. Право на такое предположение дает нам предикат, поскольку категориально-сематическое значение предиката предпологает субъект-лицо, так как сопражение предиката с субъектом- нелицом невозможно, например, *Енді өкіметтен үй алу жағын ойластыру керек. (Б. Тоғысбае), Не де болса араласу керек,сөйлесу қажет. (М.Әуезов)*.В анализируемых предложениях субъект опущен, но, несомненно, предикаты *ойластыру керек,*

араласу керек,сөйлесу қажет вступают в предикативную связь с одушевленным субъектом. В казахском языке одушевленность относится к человеку (субъект-лицо). Синтаксические конструкции (1), (2), (3), казахского языка , на наш взгляд , являются лично- субъективными предложениями.

«Говоря о людях, можно придерживаться двух разных ориентаций: можно думать о нихкак об агентах или деятелях , и можно – как о пассивных экспериенцерах. Обе ориентации играют одинаково важную роль» [1,44]. В нашем исследовании под «субъектом» понимается «обозначаемый определенными синтаксическими формами слова реальный производитель действия , носитель состояния , признака в денотативной ситуации» [2,27]. Основным семантическим различием между субъектом в форме именительного падежа и субъектом в формах косвенных падежей является степень их активности: максимальная- при выражении подлежащего именительным падежом и ослабленная – при субъекте в формах косвенных падежей [3].

Г.А. Золотова предлагает анализировать простые предложения на основе противопоставления субъектности/ бессубъектности. Выбор оппозиции субъектности /бессубъектности в качестве главного основанияв типологии простых предложений объясняется возможностью изучения семантической и синтаксической организации в единстве ,поскольку анализ синтаксических конструкций, основанный на наличии/ отсутствие субъекта, вычленяет из предложения элементы, формирующее мысль.

Любое предложение , текст заключает в себе определенный смысл. Благодаря языковым средствам смысл облекается в слово, словосочетание, предложение. Главные члены предложения отражают смысловые элементы высказывания-то, о чем мы говорим, и то, что мы об этом говорим, или один из главных элементов. При отсутствии обоих элементов вообще отсутствует смысл высказывания, поскольку смысл заключен в этих элементах. З.К. Сабитова подчеркивает что «в действительности не существует действия, признаки самого по себе, ибо функция действия, и признака приписывается субъекту, и действие существует лишь постольку существует субъект»[4,103].

Анализ безличных предложений казахского языка позволяет обнаружить в исследуемых предложениях синтаксемы, способные противопоставляться по категории лица и обозначать субъект, который испытывает действие или состояние, названное в предложении. Синтаксемы в структуре предложения выражаются не только формой именительного падежа , но и формами родительного, дательного, внимательного, творительного падежей в русском языке и *ілік септік,барыс септік, жатыс септік, шығыс септік* в казахском языке.

1) *Меня сначала тошнило. (А.И.Куприн)*
2) *Мне просто хотелось оставить ему что-нибудь на память (А.И. Куприн)*
3) *Қарабаланың теңеуіҚалымбайға ұнап кеткен еді. (М.Әуезов)*
4) *Қаражанда әлі де үн жоқ. (М.Әуезов)*
5) *Бидің айтқаны рас.(М.Әуезов)*
6) *Бұлардан да ешқандай пайда жоқ сияқты.(М. Мәдиходжаев)*

В структурной организации подобных предложений, согласно функционально-синтаксической теории, выделяются два компонента: первый из них- субъект, второй- действие, признак, состояние, качество. Главные компоненты отражают в синтаксической структуре предложения целевую установку высказывания.

В составе предложений (1), (2), выделяются следующие модели: *меня тошнило, мне хотелось оставить,* где *меня, мне*- субъекты, *тошнило*- состояние, *хотелось оставить*- желание совершить действие. Синтаксемы *меня, мне* обозначают в структурной организации предложения субъект, к которому относится предикативный признак. Синонимические преобразование доказывают это, например: *Я сначала испытывала тошноту, Я просто хотел оставить ему что-нибудь на память.*

В предложениях (3), (4), (5), (6), казахского языка присутствуют синтаксемы *ұнап кеткен еді, үн жоқ, айтқаны рас,* традиционно называемые сказуемыми. Однако наличие сказуемых в структуре предложения не придает ему завершенности. Синтаксемы *Қарабалаң,Қаражанда, бидің, бұлардың,* определяемые грамматической формой сказуемого, конкретизирует лицо, которое испытывает состояние , действие, предицируемое сказуемым. В этом случае предложение приобретает завершенную мысль, которая ясна как для говорящего, так и для слушающего. Синонимические преобразования доказывают, что действие , признак, эмоциональное отношение относятся к выделенным синтаксемам, обозначающим субъект, например:

1) *Қалымбай Қараьаланың теңеуін ұнатқан.*
2) *Қаражан әлі де үнсіз.*
3) *Би рас айтқан.*
4) *Бұлар пайдасыз сияқты.*

Қалымбайдың, Қаражанда, бидің, бұлардан в предложения в казахского языка является субъектами или предицируемыми компонентами, *ұнап кеткен еді, үн жоқ, айтқаны рас, пайда жоқ*- предицирующими компонентами.

Таким образом, модель описываемого предложения в казахском языке, как и в русском, состоит из предикативного сопряжения двух компонентов- предицируемого и предицируещнго, заключающих в себе основной смысл высказывания. Деление модели предложения на предицируемый и предицирующий компоненты гораздо шире, чем традиционное членение главных членов предложения на подлежащее и сказуемое. Предицируемый компонент- один из двух организующих и взаимообусловленных центов модели предложения. Предицируемый компонент лично-субъектного предложения находится в форме одного из лиц (1,2,3 л.), выражается не только формой именительного падежа, но и формами родительного, дательного, внимательного и творительного падежей и обозначает в синтаксической конструкции субъект предикативного признака. Предицирующий компонент обозначает предикативный признак. Если предложение конкретизирует субъект в его бытии, то, в основном, речь идет о действии, состоянии, качестве, признаке этого субъекта.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. -М.: русские словари, 1997.-411с.
2. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка.- М.: Наука, 1973.-350 с.
3. Сабитова З.К. Категория определенности/неопределенности в древнерусском языке.- Алматы: АГУ км. Абая, 1999.-165 с.
4. Сабитова З.К. О субъекте «безличных» предложений русского языка//Вестник КазГУ. филолог.- 1997.- №12.- С. 103-109.
5. Булгакова Г.Ф Синтаксис простого предложения: Учеб. Пособие / Г.В. Ким (*) [и др.].- Алматы: 1995-192 с.
6. Ахмедьяров К.К. Типовая программа курса «Русский язык» для студентов высших учебных заведений Республики Казахстан- Алматы: Қазақ универрситеті, 1999.-19 с.
7. Ахмедьяров К.К. Учебная программа курса «Русский язык» для студентов казахский отделений университетов.- Алматы, 1998.-9 с.

ӘОЖ: 811.512.122:811.58′342

Қалибекұлы Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университеті
Алматы, Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. *Мақалада қытай тілі мен қазақ тіліндегі фонетикалық бірліктердің салғастырмалы сипаттамасы жасалып, екі тілдегі дыбыстар мен буындардың өзіндік ерекшеліктері тілдік деректермен көрсетіледі. Сонымен бірге, қытай тіліндегі фонетикалық бірліктерді қазақ тіліне аудару мәселелері де сөз болады.*

Түйін сөздер: *дыбыстық бірлік, дыбыс, буын, шынму, юньму, тон, термин, аударма.*

Калибекулы Т.
кандидат филологических наук, доцент
Казахский университет Международных Отношений и Мировых Языков им. Абылай хана
Алматы, Казахстан

ФОНЕТИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ И ПРОБЛЕМЫ ИХ ПЕРЕВОДА НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. *В настоящей статье дается сопоставительное описание фонетических единиц в казахском и китайском языках, звуковые и слоговые особенности двух языков показаныязыковыми данными. Вместе с тем, также затронут вопрос о переводе фонетических единиц китайского языка на казахский.*

Ключевые слова: *фонетическая единица, звук, слог, инициалы, финалы, тон, термин, перевод.*

Kalibekuly T.
candidate of Philological Sciences, associate professor
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
Almaty, Kazakhstan

PHONETIC UNITS IN CHINESE AND PROBLEMS OF THEIR TRANSLATION INTO KAZAKH LANGUAGES

Abstract. *This article provides a comparative description of phonetic units in Kazakh and Chinese languages, the sound and syllable features of the two languages are shown by language data. At the same time, the issue of translating Chinese phonetic units into Kazakh is also raised.*

Keywords: *phonetic unit, sound, syllable, initials, finals, tone, term, translation.*

Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл бұл қызметін сөйлем арқылы іске асырады. Бұл туралы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы: «... айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [1, 157 б.] деп жазады. Әрине, сөйлемді құрайтын тілдің басқа құрылымдық деңгейінің бірліктері. Тілдің құрылымдық деңгейлерінің ішінде грамматиканың алатын орны ерекше. Өйткені тіл қарым-қатынас құралы ретіндегі өзінің негізгі қызметтерінің бірін атқаруда тілдің грамматикалық заңдылықтары үлкен рөл атқарады. Ал құрылымдық жүйенің бірінші сатысында фонетикалық бірліктер тұрады және олар келесі деңгейді құраушы бірліктері болып табылады. Сондықтан да қай тілдің табиғатына үңілмек болсақ та, ең алдымен, тілдің дыбыстық қабатын аттап өте алмайтындығымыз белгілі.

Қытай тілі мен қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға байланысты салғастырмалы сипатта жазылған зерттеулердің саны айтарлықтай көп емес. Ал олардың зерттеу нысандарын саралайтын болсақ, бұл бағыттағы жұмыстар қытай тілінің лексика саласы бойынша П.Н.Дәулетованың, грамматика, оның ішінде синтаксис саласы бойынша Т.Қалибекұлының сөз тіркстеріне, Ж.Түрсынәліқызының сөйлем синтаксисіне, ал морфологиялық ерекшеліктеріне қатысты А.Сулейменова мен Р.Желдібаеваның кандидаттық диссертациялық жұмыстарын айтуға болады. Ал қытай және қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектер қытай тілін практиалық мақсаттарда үйретуге бағытталған оқу құралдарында ғана болмаса, жоқтың қас деуге болады.

Фонетиканың зерттеу нысанына тілдік дыбыс, оның таңбасы әріп, фонема және буын, тасымал, т.б. жатады. Тілдің дыбыстық жүйесі әр тілде әр түрлі, яғни ондағы дыбыстардың саны мен сапасы, айтылу ерекшеліктері басқа-басқа болады. Белгілі бір халықтың сөйлеу мүшелерінің дыбыс шығаруға қалыптасқан дағдысы, артикуляциялық базасы болады. Енді осы қытай және қазақ тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне тоқталайық.

Қытай тіліндегі негізгі фонетикалық бірліктер: дыбыс (音素), буын (音节) және фонема (音位).

Дыбыс, яғни тілдік дыбыс – ең кіші тілдік бірлік. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша дыбысқа берілген анықтама: «音素是从音色角度划分出来的语音中最小的单位». Яғни тілдік дыбыс дегеніміз – дыбыс сапасы жағынан бір-бірінен ажыратылатын ең кіші фонетикалық бірлік. Мысалы, 人rén (адам) деген сөз r, e, n деген үш дыбыстан құралған. Қытай тілінде дауысты дыбыстар жеке-дара түрып та буын құрай алады. Мысалы, 鹅 é *(қаз)* сөзі «е» дыбысынан ғана құралған. Путунхуада (普通话, қытай халқының ортақ тілі) 32 дыбыс бар. Тіл-тілде дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екі топқа топтастырылатынын ескерсек, путунхуадағы дауысты дыбыстардың саны – 10 (a, o, e, ê, i, u, ü, – i (тіл алды), – i (тіл арты), er), дауыссыз дыбыстардың саны – 22 (b, p, m, f, d, t, n, l, g, k, h, j, q, x, z, c, s, zh, ch, sh, r, ng).

Қытай фонологиясында ертеден бері келе жатқан дәстүр бойынша бір иероглифтің дыбысын (字音) шынму, юньму және тон сынды үш бөлшекке бөліп қарастырады. Мысалы, 花huā *(гүл)* иероглифінің шынмуы – h, юньмуы – uā; 庄 zhuāng *(егістік)* иероглифінің шынмуы – zh, юньмуы – uāng. Тон – сөйлеу кезінде буынның жоғары немесе төмен, көтеріңкі немесе бәсең болып өзгеруі, ол негізгі дауысты дыбыстың үстіне қойылады. Мысалы, 快 (kuài) *тез, жылдам*.

Қытай тіліндегі шынму мен юньму тіл-тілде айтылып жүрген дауысты және дауыссыз дыбыстармен байланысты, бірақ олардан айырмашылығы бар. Дауысты және дауыссыз дыбыстар – жалпы фонетикаға қатысты терминдер болса, шынму мен юньму – қытай фонологиясына тән терминдер. Олар – иероглифтің дыбыстық құрамына (жасалуына) қарай бөлінген түрі. Бұлай бөлу иероглиф дыбыстардың алдыңғы және соңғы болып орналасуына, яғни дыбыстардың орналасу ретт әртібіне байланысты: шынму – буынның басында тұратын дыбыс, юньму – буынның соңында тұратын дыбыс.

Шынму (инициал) – буынның басында тұратын дауыссыз дыбыстар. Қытай тілінің путунхуасындағы 22 дауыссыздың 21-і (ng-нан басқалары) шынму бола алады. Бұлардың ішінде n мен r шынму болумен қатар юньвэй да бола алады. Ескере кететін жайт, қытай тіліндегі шынмуды дауыссыз дыбыстармен шатастырмау керек, шынмулар дауыссыз дыбыстардан жасалады, бірақ дауыссыздардың барлығы шынму бола бермейді, мәселен, 中zhōng сөзінің құрамындағы ng (қазақ тіліндегі «ң» дыбысымен парапар) шынму бола алмайды, ол тек дауыстылармен бірігіп келіп юньмуды жасауға қатысады. Кейде буынның басында дауыссыз дыбыс болмауы мүмкін. Олар «нөлдік шынму» деп аталады. Мысалы, 阿 (ā), 爱 (ài), 雨 (yǔ), 音(yīn), 五 (wǔ), 奥 (ào), 晚 (wuǎn).

Юньму (финаль) – буынның құрамында шынмудың соңынан тұратын дыбыстар. Қытай тілінің путунхуасында 39 юньму бар. Юньму, көбінесе, дауысты дыбыстан жасалады, кейде дауысты мен дауыссыздың тіркесінен де жасалады. Мысалы, 声母(shēngmǔ) сөзінің құрамындағы екі иероглифтің юньмуы – eng мен u. Юньмудың өзі іштей жалаң юньму (单韵母), күрделі юньму (复韵母) және мұрын жолды юньму (鼻韵母) болып үш топқа бөлінеді. Жалаң юньму бір ғана дауыстыдан жасалса, күрделі юньму екі немесе үш дауысты дыбыстың тіркесінен жасалады, ал мұрын жолды юньму екі немесе үш дауысты дыбыстың n немесе ng мұрын жолды дыбыстармен тіркесуі арқылы жасалады. Күрделі юньму құрылымы жағынан юньту (韵头), юньфу (韵腹) және юньвэй (韵尾) болып үшке бөлінеді.

Юньфу – юньмудың құрамындағы ең анық айтылатын дауысты дыбыс, ол «негізгі дауысты дыбыс» деп те аталады. Мысалы, 远 (yuǎn) сөзінің құрамындағы – a. *Юньту* – (介音 деп те аталады)

юньфудың алдынан түратын дауыстылар: i, u, ü. Ал *юньвэй* – юньфудың соңынан келетін дыбыстар: i, u (o) және мұрын жолды дауыссыздар n, ng. Мысалы,

韵母 ю н ь м у	韵头 ю н ь т у	韵腹 ю н ь ф у	韵尾 ю н ь – в э й
ai		a	i
ou		o	u
uo		u	o
en		e	n
in		i	n
ian	i	a	n
uan	u	a	n
uang	u	a	ng

Қытай тілінің путунхуасында шынмулардың барлығы дауыссыздардан, ал юньмулар негізінен дауысты дыбыстардан жасалады. Кейбір юнмулардың құрамында n және ng дасыссыздары кездеседі, n шынмудың да, юньмудың да құрамында кездесе береді: 男nán *(ер)* сөзінің алында түрған n – шынму, ал соңында түрған n – юньму. Дауыссыз дыбыс ng тек юньмудың құрамында ғана кездеседі. Мысалы, dōng *(шығыс)*, 听tīng *(тыңдау, есту)*.

Буын – дыбыстан кейінгі ең кіші тілдік бірлік. Қытай тілінде буын шынму, юньму және тоннан құралады. Буын жасау үшін оның құрамында міндетті түрде дауысты дыбыс болу керек. Қытай тілінде бір иероглиф бір буыннан құралады. Мысалы, 语音学yuyinxue *(фонетика, дыбыстаным)* үш иероглифтен жасалған, ол «yu», «yin», «xue» сынды үш буынға бөлінеді. Қытай тілінің путунхусында 400-дей буын бар, бұлардың құрамында тек 100-дейі ғана көп ұшырасады. Қазіргі қытай тілінің фонетикасын үйренудің ең ұтымды жолы – осы 400 буынды меңгеру.

Қытай тілінде сөздердің құрамындағы буындардың саны төрттен аспайды, мысалы, 教 *(үйрету)* сөзі j, i, a, o сынды төрт дыбыстан құралған.

Буын дегеніміз – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстардың тобынан құралған фонетикалық бөлшек. Қазақ тілінде буынды үш түргі бөледі: ашық буын, түйық буын және бітеу буын. Егер дауысты дыбыстарды шартты түрде – А, дауыссыз дыбыстарды шартты түрде – Б әрпімен таңбалайтын болсақ, буын түрлерін былайша өрнектеуге болады:

Ашық буын – жеке дауыстыдан түратын немесе дауыстыдан басталып, дауыстыға аяқталатын буын.

1) А: *а, ә, е; а+та, ә+же, е+не, о+қы, ө+ре, ы+дыра*, т.б.

2) БА: *де, же, не;ба+ла+сы, жа+га, да+ла+да, же+ді*, т.б.

Түйық буын – дауыстыдан басталып, соңы дауыссызға аяқталатын буын.

1) АБ: *ал, ақ, ат, ас, үй; ақ+тар, әл+ден, ән+дет, ой+лан*, т.б.

2) АББ: *ант, өрт, ұлт, ұрт; ыңқ-ыңқ (*етті*)*, т.б.

Бітеу буын – басында да, соңында да дауыссыз дыбыс түратын буын.

1) БАБ: *бас, көз, көл, қол, бет, тас, бас+тық, бал+шық, көл+шік, тас+тақ, бөл+шек+тер, бұл+бұл+дар*, т.б.

2) БАББ: *қант,бұлт, қарт, жарқ-жұрқ*, т.б.

Қазақ сөздерінде буынның 6-ақ түрі ұшырасады екен. Олар: А, БА, АБ, ААБ, БАБ, БАББ [2, 15].

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» буынға тән мынандай сипаттар көрсетілген:

- буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болу керек;
- бір дауысты дыбыс жеке түрып, бір буынды құрайды;
- дауыссыз дыбыстар жеке түрып, буын құрай алмайды;
- сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады;
- қазақ тілінде сөздің басындағы буын ғана дауыстыдан басталады, ал басқа буындар дауысты дыбыстан басталмайды;
- буында мағына болмайды;
- сөздердің айтылуындағы буын саны мен жазылудағы буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес және т.б.

Осындай буынға сипаттама беріле келе, аталған еңбекте тек екі ғана буынның түрі көрсетіледі: ашық буын және түйық буын [3, 93 б.]. Мұнда басында да, соңында да дауыссыз дыбыс түратын буын ретінде қарастырылатын бітеу буын түйық буынның бір түрі деп көрсетіледі.

Ал қытай тіліндегі буын түрлерін былайша өрнектеуге болады:
А, АБ, БА, БАА, БААА, АА, БАБ, БААБ, ААА, ААБ.
1) А: ā 啊
2) АБ: ān 安
3) БА: bā 八
4) БАА: duō 多
5) БААА: piào 票
6) АА: ōu 欧
7) БАБ: lěng 冷
8) БААБ: liǎng 两
9) ААА: yào (iao) 药
10) ААБ: yáng (iang) 阳

Екі тілді салғастырып қарайтын болсақ, қытай және қазақ тілдерінде буынның **А, АБ, БА** және **БАБ** түрлері ғана ұқсас келеді.

Фонема – мағына ажырататын ең кіші дыбыстық бірлік. Мысалы, 爸 (bà) *әке* және 妈 (mā) *шеше, ана* сөздерінің құрамындағы дауысты дыбыстар (а) ұқсас, оларды b және m фонемалары арқылы бір-бірінен ажыратамыз.

Тон – сөйлеу кезінде буынның жоғары немесе төмен, көтеріңкі немесе бәсең болып өзгеруі. Қытай тілінде буында тон міндетті түрде болу керек, ол негізгі дауысты дыбыстың үстіне қойылады. Тонның сөз мағынасын ажырату қызметі болады. Мысалы, 买 мен 卖 иероглифі mai болып оқылады. 买төртінші тонмен оқылады да, «*сатып алу»* мағынасын, ал卖үшінші тонмен оқылып, «*сату, сатып беру»* мағынасын береді. Тағы бір мысыл, 妈*mā – ана, шеше*, 麻má – *кендір*, *кенеп, күнжіт,* 马mǎ – *ат, жылқы,* 骂mà – *ұрсу, балағаттау*.

Қытай тілінде де екпін бар бірақ оның орыс және ағылшын тілдерінде екпін сияқты сөз мағынасын ажырату қызметі жоқ. Мысалы, *мука – ұн, му-ка – азап*.

Әр түрлі тілдердегі сөздердің дыбыстық жағынан ұқсас болумен қатар, айырым жақтары мен өзіне ғана тән ерекшеліктері де болады. Қытай тілі фонетикасын қазақ тілі фонетикасымен салыстырғанда, оның мынадай ерекшеліктері байқалады:

– қытай тілінде бір иероглиф бір буыннан құралады;

– буын шынму мен юньму және тұтас буынға түсетін тоннан тұрады: шынму – буынның басындағы дауыссыз дыбыс, юньму – шынмудан кейін тұратын дауысты дыбыс, тон – сөйлеу кезінде буынның жоғары немесе төмен, көтеріңкі немесе бәсең болып өзгеруі;

– қытай тілінде тон сөз мағынасын ажырату қызметін атқарады;

– қытай тілінде буын жасау үшін оның құрамында міндетті түрде юньму болу керек.

– қытай тілінде буынның құрамында дауыстылардың саны дауыссыздарға қарағанда әлде қайда көп болады. Мысалы, 跳tiao *(секіру; билеу)* құрамында тек бір ғана дауыссыз бар, яғни t, ал қалғандары, яғни i, a, o – дауыстылар, кейбір буындар тек дауыстылардан ғана құралады, мысалы, 额 é *(маңдай)*.

– қытай тілінде буын құрамында екі, тіпті үш дауысты дыбыстар да қатар келе береді, бірақ дауыссыздар қатар келмейді.

– қытай тілінде дауыссыздар (n мен ng дауыссыздарынан басқалары) ешқашан буынның соңынан келмейді.

Қазақ тілінде буын жасау үшін оның құрамында міндетті түрде дауысты дыбыс болуға тиісті және оның саны біреуден аспау қажет.

Қытай тілінде екі немесе үш дауыссызыздың тіркесінен басталатын сөздер мүлде кездеспейді, буынның құрамында екі немесе үш дауыссыздар қатар келмейді. Дауыссыздар тек буынның басында және соңында кездеседі. Қытай тілінде zh ch sh ng дыбыстары екі әріптен құралғанымен, олар – бір ғана дыбысты білдіретін фонемалар болып табылады.

Қазақ тілінде қос дауыссыздардан басталатын сөздер жоқ. Ендеше тілімізде қос дауыссыздан басталатын буындар да болмайды. Осы тұрғыдан *Сқақ*, *Смаил, Слан, Смахан, Спатай, Рсалды, Рза* тәрізді сөздер жазуда былайша таңбаланады: *Ыс+қақ*, *Ыс+май+ыл* немесе *Сы+май+ыл, Ы+рыс+ал+ды, Ри+за* немесе *Ыр+за*. Орыс тілінде сөздер де, буындар да екі немесе үш дауыссыз дыбыстан бастала алады және аяқтала да береді: *студент, спорт, стиль, текст*, т.б. [2, 14 б.].

Қазақ тілінің төл сөздерінде дауыссыздардан аяқталатын сөздер де, буындар да кездеседі. Мысалы: *ұлт, қант, бұлт, жұрт, күрт,* т.б.

Түркі тілдері мен финно-угор тілдерінде сөздердің басында дауыссыз дыбыстардың тіркесіп келмеу ерекшелігіне сай, бұл тілдерде екі немесе үш дауыссыздың тіркесінен басталатын төл сөздер кездеспейді [4, 214].

Буын үндестігі, тасымал тек қазақ тіліне ғана тән құбылыс, қытай тілінде буын үндестігі, тасымал жоқ.

Қытайда лингвистикалық терминдер ұлттық мемлекеттік тілде қалыптасқан. Ал біздің елімізде лингвистикалық терминдер ұлт тілінде толық қалыптаспаған, орыс тіліндегі атаулардың үлес салмағы басым. Сондықтан да қытай тіліндегі лингвистикалық терминдерді қазақ тіліне аудару – өте күрделі мәселелердің бірі. Жалпы фонетика бойынша салғастырмалы талдаулар жүргізуде жүйесі бөлек екі тілдің деректерін талдау мен түсіндіруде қиындық тудыратын жайттардың бірі – фонетикалық атаулар. Мысалы: фонетикада ең көп ұшырайтын语音атауын мысалға алайық, 语音 тіл біліміне қатысты кейбір сөздіктерде «тілдік дыбыс», «фонетика» болып берілген [5, 45 б.].

Қытайда жарық көрген «Ханзу тілі фонетикасы және ханзуша хат 汉语语音与汉字» атты қос тілде жазылған оқу құралында «什么是语音» деп сұрақ қойып, оған былайша жауап береді: «语音是人类语言的物质外壳，可感知的声音；是人类发音器官的一种生理活动，是人类发音器官发出的具有一定意义的声音。». Авторлар берілген анықтаманы былай аударған: «*Фонетика дегеніміз не?», «Фонетика – адамзат тілінің материалдық тоны, қабығы, құлаққа естілетін дыбыс. Ол дыбыстау мүшесінің бір түрлі физиологиялық қыймылы, адамның дыбыстау мүшесінен шыққан, белгілі мағынаға ие дыбыс»* [6, 1 б.]. «Тілдік дыбысқа» берілген (фонетикаға берілген анықтама емес) осы анықтамадан не түсінуге болады? Авторлар 语音-ді «*фонетика*» деп қате аударған, ол – «*фонетика*» емес, «*тілдік дыбыс*».

«Қытай тілі фонетикасының негіздері» аты оқу құралында “语言中能表示一定意义的声音就是语音，它和其它的声音有本质区别” деген сөйлемді қазақ тіліне былай аударған: «*Тілдегі белгілі мағынаны білдіретін дыбыстар фонетика делінеді. Оның басқа дыбыстардан мәндік айырмашылықтары болады*». Ал “汉语语音是汉语的物质外壳” дегенді «*Қытай тілі фонетикасы қытай тілінің заттық қабығы*» деп аударған [7, 6 б.]. Міне, бұл аудармада да 语音-ді қате аударған. 语音-нің «фонетика» және «тілдік дыбыс» болып екі түрлі аударылатыны рас, бірақ «фонетика» мен «тілдік дыбысты» бір-бірімен шатастырмау керек.

音素 оқу құралдары мен сөздіктерде «дыбыс», «аллофон», «тіл дыбысы» және «дыбыс элементі» деп түрлі-түрлі аударылып жүр.

声母 және 韵母 – қытай тілі фонетикасына ғана тән құбылыс. Бұлар ағылшын тіліне «initial» және «final» болып аударылса, орыс тіліне «инициал», «финаль» болып аударылып, арнаға түскен. Қытайда жарық көрген кейбір сөздіктерде 声母 атауы «шыңму» және «буын алды дауыссыздары» [8, 164 б.] болып берілсе, 韵母 атауы «юньму», «финаль» және «қосар дауыстылар» болып берілген [8, 243 б.]. *Ескеретін жайт*: 韵母 атауын «қосар дауыстылар» деп беру дұрыс емес сияқты, өйткені күрделі юньмулар үш дауысты дыбыстың тіркесінен де жасала береді: *iao, iou, uai, uei*. Кейбір оқу құралдарында 声母 атауы «буын басы дауыссыздары» [6, 44 б.] деп берілсе, 韵母 «буын соңы дыбыстары» болып берілген [6, 72 б.]. Қазақстанда жарық көрген кейбір оқу құралдарында олар «ләмдем», «дәмдем» деп берілген [7, 6 б.]; [9, 4 б.]. Қытай тіліндегі шынму мен юньмудың дауысты және дауыссыздармен айырмашылығы бар. Дауысты және дауыссыздар жалпы фонетикаға қатысты терминдер болса, шынму мен юньму қытай фонологиясына тән терминдер екенін естен шығармаған жөн сияқты.

声调 атауы сөздіктерде «тон», «ырғақ», «дыбыс тоны», «дыбыс екпіні», «екпін», «сарын», «дауыс» болып түрлі-түрлі аударылып берілген. Кейбір еңбектерде қазақшаға аударылмай «шыңдияу» болып та беріліп жүр. 2013 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Қытай тілінің фонетикасы» атты оқу құралында 声调 бірде «тон», бірде «ырғақ» болып екі түрлі беріліп отырған [10, 32 б.].

韵头 (юньту), 韵腹 (юньфу) және 韵尾 (юньвэй) атаулары да әр түрлі аударылып жүр. Бір оқу құралдарында «үндем басы», «үндем ортасы» және «үндем соңы» деп берілсе [9, 16 б.], енді бір оқу құралында «басқы буын соңы дыбыстары», «центрлі буын соңы дыбыстары» және «аяққы буын соңы дыбыстары» болып берілген [6, 76 б.]. Қытайда жарық көрген тіл білімі сөздігінде бұл үшеуі «басқы дауысты дыбыс», «аралық дауысты дыбыс» және «соңғы дауысты дыбыс» болып берілсе [8, 242–243 бб.], тағы бір сөздікте 韵头атауы «басқы дауысты», 韵尾 атауы «соңғы дауысты» болып берілген [11, 368 б.].

Жоғарыдағы сияқты қазақ тіліндегі аудармасы бір арнаға түспеген, мағыналары мен ұғымдары шатастырылып жүрген фонетикалық атаулар жетерлік. Сондықтан қытай тіліндегі фонетикалық атаулардың қазақ тіліндегі аудармасын бір арнаға түсіру керек деп санаймыз.

Қазіргі таңда қытай тіліндегі фонетикалық атауларды қазақ тіліне аудару мәселесі де – кезек күттірмейтін күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Сонымен қатар, қытай тіліндегі пиньиньдерді, яғни жоғарыда айтылған 400-дей буынды қазақша таңбалау мәселесі де әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Бұл мәселе орыс тілінде әлде қашан шешімін тапқан. Қазақ тілді БАҚ-та хань ұлтының аты-жөні, жер-су атаулары, т.б. орыс тілі бойынша таңбаланып жүр. Мысалы, 毛泽东 (Máo Zédōng) «Мао Цзэдун», 习近平 (Xí Jìnpíng) «Си Цзиньпин», 鲁迅 (Lǔ Xùn) «Лу Синь», 广州 (Guǎngzhōu) «Гуанчжоу», 重庆 (Chóngqìng) «Чунцин», т.б. Соңғы кездері қытай тіліндегі кейбір бірлі-жарым атаулар БАҚ-та қазақ тіліндегідей айтылып, қазақ тіліндегідей жазылып жүр. Мысалы, 北京 (Běijīng) бұрын «Пекин» болып айтылып келсе, қазір «Бейжің» болып айтылып та, жазылып та жүр. 新疆 (Xīnjiāng) сөзі орысша «Синьцзян» болып жазылса, қазақ тілінде «Шыңжаң» болып жазылып жүр.

Қытай тіліндегі «ng» дыбысы қазақ тіліндегі «ң» дыбысымен, ал «і» дыбысы қазақ тіліндегі «і» дыбысымен негізінен сәйкес келетіндіктен, 平 (píng) иероглифін «пің» деп таңбалауға болады. Орыс тілінде «ng» дыбысы болмағандықтан, оны «н» дыбысы арқылы таңбалайды, ал «n» дыбысы «н» дыбысының артына жіңішкерту белгісі «ь» қойылып, «нь» болып таңбаланып жүр. Қазіргі қазақ тілінде орыс тілі арқылы енген мыңдаған шетелдік сөздер мен терминдер бар, біз оларды орыс тіліндегідей айтып та, жазып та жүрміз.

Қытай тілінің грамматикасын студенттерге үйрету үшін, алдымен онда қолданылып жүрген терминдердің мағыналық айырмашылығын, ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу керек. Сондай-ақ фонетикалық терминдердің қазақ тіліндегі аудармасын бір арнаға түсіру қажет.

Қытай және қазақ тілдеріндегі фонетикалық бірліктерді салғастыру барысында төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Қытай тілінде бір иероглиф бір буыннан құралады. Буын шынму мен юньму және тұтас буынға түсетін тоннан тұрады. Тон сөз мағынасын ажырату қызметін атқарады.

Қытай тілінде буын жасау үшін оның құрамында міндетті түрде юньму болу керек. Қазақ тілінде буын жасау үшін оның құрамында міндетті түрде дауысты дыбыс болу қажет.

Қытай тілінде буынның құрамында дауыстылардың саны дауыссыздарға қарағанда көп болады. Қазақ тілінде буынның құрамындағы дауысты дыбыстың саны біреуден аспайды.

Қытай тілінде дауыссыздар (n мен ng дауыссыздарынан басқалары) ешқашан буынның соңынан келмейді. Қазақ тілінің төл сөздерінде дауыссыздардан аяқталатын буындар кездеседі.

Қытай тілінде екі немесе үш дауыссыз дыбыстың тіркесінен басталатын сөздер мүлде кездеспейді, буынның құрамында екі немесе үш дауыссыздар қатар келмейді. Қазақ тілінде екі немесе үш дауыссыздың тіркесінен басталатын төл сөздер кездеспейді.

Буын үндестігі, тасымал тек қазақ тіліне ғана тән құбылыс, қытай тілінде буын үндестігі, тасымал жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Құрастырған: Ғ.Әнес. Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
2. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. – Алматы: Әлішер, 2004. – 152 б.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: Фолиант, 2002. – 784 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
5. Қалибекұлы Т. Қытайша-қазақша-орысша фонетикалық терминдер сөздігі. – Алматы: Кие, 2010. – 68б.
6. Ділда Түсіпқанқызы, Елшат Әділбекұлы. Ханзу тілі фонетикасы және ханзуша хат 汉语语音与汉字. – Күйтың: Іле халық баспасы, 2010. – 149 б.
7. Мәсімхан Д., Мамытан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2001– 162 б.
8. Мәкен Ілікенов. Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігі. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1984. – 438 б.
9. Жылқыбекұлы Б. Қытай тілінің әліппесі. – Алматы: Мерей, 2011. – 108 б.
10. Нұрсаидов М.А., Анипина А.К. Қытай тілінің фонетикасы.–Алматы: Қазақ университеті, 2013.–85 р.
11. Дүкенбай Назари. Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігі. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1985. – 431 б.

ӘОЖ 811(510=512.122)

Мамырханова Ж.Т.
PhD филология мамандығы
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Салжанова Л.Е.
ф.ғ.к., доцент
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университеті

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ ТҰРМЫСҚА БАЙЛАНЫСТЫ КІРМЕ СӨЗДЕР

Түйіндеме: *Мақалада Қытайдағы қазақтардың тұрмыстық лексикасының мәселелері қарастырылады.*
Түйін сөздер: *тұрмыстық лексика, Қазақ Синьзян, семантика, диалект, тіл.*
Резюме*: В статье рассматривается вопросы бытовой лексики казахов в Китае.*
Ключевые слова*: бытовая лексика, казахи Синьзяня, семантика, диалект, язык.*
Abstract*: The article deals with the everyday vocabulary of Kazakhs in China.*
Keywords*: everyday vocabulary, Kazakhs of Xinjiang, semantics, dialect, language.*

Бүгінгі лингвистикадағы, нақтырақ айтқанда лексикадағы кеңінен зерттеліп жүрген мәселелердің бірі – *тұрмыстық лексика.* Яғни бұл сала нақтылы қандай ұғымды білдіреді, көлемі мен шегі т.с.с. мәселелер айқындап алуды қажет етеді. Бұл ұғым аясына адамның күнделікті өмірінде қолданылатын заттарының, бұйымдарының атаулары сондай-ақ тұрмыспен тікелей байланысты күнделікті үй жағдайына, үй шаруашылығына байланысты сөздер жатқызылып жүр. Сондықтан да бұл мәселеге қатысты көптеген терминдер кездеседі. Мәселен, «этномәдени лексика», «этнографиялық лексика», «кәсіби лексика», «тұрмыстық лексика», «материалдық және рухани мәдениет лексикасы», «заттық мәдениет лексикасы», «тұрмыстық терминдер», «кәсіби-тұрмыстық лексика» т.б [1].

The famous linguist Wilkins told that people could describe a few things without grammar, but they could express nothing without dictionary. Viddouson thought that the native speaker of English can understand those language material with the correct dictionary, but not so appropriate in rules of grammar, but not those with the correct rules of grammar, but not so appropriate in use of the dictionary. Lewis held idea that acquisition of the dictionary – the main task of the Second Language acquisition and language skills as hearing, conversation, reading, writing and transfer of all can't do without the help of the dictionary. Pupils of nonnative language usually a tendency to make mistakes about the dictionary; the most difficult thing in hearing – the dictionary. Foreign language the training methods various, but all shows importance of training of the dictionary. To start learning a foreign language it is connected with studying of words [Gajdusek, L., 1988, p. 237].

Simplification and neglect the dictionary, teaching Traditional English teaching languages in China in the power of central in the teacher, the method focused on examination, grammars & based on the dictionary. In China training and acquisition of knowledge of the English dictionary, as a rule, underestimated and neglected in our English language instruction. The English teacher usually has on priorities syntax or phonology as main in the linguistic theory and more important in relation to language pedagogic. They don't think that the dictionary main in language, and words have vital value to typical language pupils. The increase in the dictionary of the pupil is simple, without placing his knowledge that use can not to be effective

The theory of CLT communicative approach appears in peace times in the early seventies. The weak version of Communicative approach underlines importance of providing pupils with opportunities to use their English in the communicative purposes. The strong version of Communicative training, on the other hand, of achievements the requirement that language is acquired by means of communication. Anyway these approaches can be described as "training to use" or "use of English to study it".

Explain Word Meaning in a situation which the nature of communication can be the management in communicative words, teaching to approach. That is irrespectively words the training actions in which students if it really promotes language use are involved, students have to have a desire to communicate. If they don't want to be involved in communication then that the message probably will be not effective. Learners have to have some communicative purposes, then their attention will be concentrated on situational use of words of that is told or written, they will have to deal with a set of languages, but not all forms of spelling or use of a

grammatical design. Therefore, in training of the word that teachers have to make the most important, has to awaken communicative consciousness of students, activate their communicative motivation. To comprehend the word' real communicative value and use if there is a large sum of knowledge of a situation in mind of the pupil. Thus that teachers have to make, has to increase knowledge of a situation of readers, awaken their communicative desire to achieve the communicative objectives. So next two ways to use: Play on roles (removal of value from a context), Littlewood offered two types of communicative actions: pre-communicative actions and communicative actions, both from which are necessary in the communication[Lewis, M., 1993, p. 68].

Magazine of the Cambridge Researches of 130 classes of teaching languages. Actions and materials which involve students in communication of a class, include: the games, music, discussions stimulating pictures, drama stories, amusing jokes play on roles and, etc. Role has to create presence of a real situation at a class. It is important in communication of a class because it gives to students the chance to practice communicative in various social contexts and in various social roles. The language applied in this activity is various according to the status of character, the relations, mood and various situations.

The relations to the instruction on the dictionary vary, however, developing extensive, ever the extending the dictionary, as usual believe, is fundamental part of the second language studying. One of key distinctions in training of the dictionary – whether have to direct or indirect approach to be the accepted. The fact that the most part of acquisition of the dictionary occurs through unforeseen influence, can leave the teachers asking a question concerning their role in the context concentrated by students. Nevertheless, as Nunan specifies, the instruction concentrated by pupils not simple change of the power from teacher to the student. It is a question of providing students with necessary tools to rather further their own educational purposes. Concerning the instruction on the dictionary it can change from the training mnemonic and thematic display, to training of successful strategy of the assumption value from a context and effective use of negotiations in role-playing games. This work investigates efficiency of an indirect method of the instruction on the dictionary with attention to colloquial contexts also investigate ways with which the teacher can prepare best of all students for the autonomous dictionary studying[Ellis, R., 1994, p. 28].

For any who learned in the context of ESL/EFL that it won't surprise that "... acquisition of the dictionary is identified by most of pupils as the only biggest source problems". historically, the training dictionary and connected language strategy of training were avoided often or underestimated a role. Traditional Method, also known as the method of the Translation of Grammar really paid some attention to the dictionary as the translation of classical texts on the native language was the main center. However with domination of an audio-lingual method in the 70th, language structure and formation the correct language habits saddened training of the dictionary. Recent approaches, apparently, emphasize development of the dictionary in the context of the functional phrases for communication. Attention to interaction in a class in Approaches of Communicative Language Teaching (CLT) brought to the second language researchers research as acquisition of the dictionary happens through unforeseen influence. Kang and Golden pay attention that since the most part of the dictionary of students, the pupil, occurs by means of studying of an episode, the instruction has to concentrate on training of pupils of L2 "..., how to study the dictionary, instead of concentration on the most training dictionary [Kang, H., and Golden, A., 1994, p. 60].

Reading Original Materials In the communicative principle, original material is considered desirable to give to learners the chance to develop strategy for understanding of language as it is actually used by native speakers. According to Tomlinson, original materials – "materials, such as newspaper articles, brochures, the train tickets, letters, advertisements, record of news, announcements of the airport, etc., which were originally used in the valid states of affairs and weren't developed for use in teaching languages. Such materials are used in a class to subject pupils to language in real use". For a communicative method original material – an effective way for pupils to gain communicative abilities. When students pay attention to really useful materials and real language situations, words seem easy to the owner. The following – advertizing: feel pure pleasure of pure silk against your skin. A miss in a wavy silk shirt, obligatory and magnificent addition to your wardrobe. Throw it on leggings of jeans and, of course, it is ideally suited for work or dressed up for special cases. Available in three flowers – scintillating blue, shaking pink or an ivory, it is tremendous cost only in £29.95. It is small condescension which you simply aren't able to afford to pass. It is advertizing of a shirt, all word in which it is colorful and it is excellent. Some adjectives are used to point to its structure, the cost, pleasure, low price, need of purchase, color and, etc. In the remarkable description of a shirt it is better and easier to feel for students the word wavy means, free, easy and graceful, than the message it's their Chinese value is simple.

Reading Extensively has to allow students to study the purposes of teaching languages how to use language in colloquial English or written English [Nunan, D., 1991, p. 124]. Thus, it is necessary to cope with all types of the words connected with all areas, and one word can be used in several areas. Students have to be available to English newspapers and magazines in the original, especially recently published. Thus in such ways, they have opportunities to learn original English, to add original English to their dictionary and to grab relevance of English expression. Reading material has to be various, such as literary books (novels, dramas, verses and, etc.) scientific books, books of everyday life and so on. To break obstacles of new words, there will be a big progress. Thus, after limited hours for English training, the teacher have to encourage and order to students to contact with original materials.

According to the basic principles of communicative approach, it is recommended to use communicative the focused actions and tasks [Keller E., and Warner S.T., 1993, p. 82]. The matter is that communicative actions create opportunities for communicative and original use of language where communication strategy are activated. I offer some examples of already mentioned communication strategy which can increase communication abilities of young learners.

A long period of time vocabulary was viewed as the main task in second language teaching. Mastery of Vocabulary was the main goal in second language acquisition. The Grammar – Translation Method dominated second language teaching. On the contrary, vocabulary teaching and acquisition were of relatively minor importance. Vocabulary development was approached as some kind of auxiliary activity and, often through memorizing decontextualised word lists. The relatively minor importance attached to lexical knowledge and context was visible in the scant attention paid to it by second language researchers and teachers in the last decade. Vocabulary, which is the basic material of the language, is, of course, of crucial importance in expressing ideas and thoughts when communicating. Knowledge of word meanings is rarely (if ever) an all or nothing matter, especially for adolescents who have experienced difficulties in learning to read.

REFERENCES:

1. Ellis, R. Factors in the incidental acquisition of second language learning from oral input: A review essay. Applied Language Learning, 5(1), 1994 (p.1-32).
2. Gajdusek, L. Toward wider use of literature in ESL: Why and how.// TESOL Quarterly 1988. 22(2), – p.227-257. ISSN-0039-8322.
3. Курманалина Ш.Х. «Оценка качества профессиональной компетентности учителя» Методическое пособие // Алматы. «Бәйтерек». – 2006. – с.41.
4. Kang, H., & Golden, A. Vocabulary learning and instruction in a second or foreign language. International journal of Applied Linguistics. 4(1), 1994. (p.57-77).
5. Lewis, M. The Lexical Approach. England: Language Teaching Publications. 1993.
6. Nunan, D. Teaching vocabulary. Language Teaching Methodology. Hemel Hempstead: Prentice Hall Int. 1991. -pp.116-400.
7. Keller E., and Warner S.T. Conversation gambits: real English conversation practices. England: Language Teaching Publications. 1993. / http://trove.nla.gov.au/work/18310479

ӘӨЖ 811.51

Мұхамади Қ.Т.
филология ғылымдарының кандидаты
Тілдік білім беру кафедрасының профессоры
Сулейман Демирель атындағы университеті

АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аннотация. *Мақалада сөздің синтикалық тұлғасына қарама-қарсы құбылыс болып табылатын аналитикалық тұлғаны жасаушы негізгі бірлік аналитикалық форманттардың қалыптасуы мен даму тарихы жан-жақты қарастырыла келіп, аналитикалық формант тіл дамуының нәтижесі деген тұжырым жасалады.*

Түйін сөздер: *аналитикалық тұлға, аналитикалық формант, грамматикалық мағына, септеуліктер, көмекші есімдер.*

Резюме. *В статье разносторонне рассматриваются формирование и история развития аналитических формантов, являющихся основной единицей аналитической формой, которая является противоположностью синтической формой, также дается заключение о том, что аналитический формант является результатом развития языка.*

Ключевые слова: *аналитическая форма, аналитический формант, грамматическое значение, послелоги, служебные имена.*

Summary. *The article deals with the formation and history of analytical formants, which are the basic unit of the analytical form, which is the opposite of the syntic form, and concludes that the analytical formant is the result of the development of the language.*

Keywords: *analytical form, analytical formant, grammatical meaning, postlogs, service names.*

Ғылымда сөздің аналитикалық формасы (тұлғасы) лексикалық мағыналы сөз бен көмекші сөздің грамматикалық мағына беретін тіркесі ретінде танылып келеді. Ал осыған орай аналитикалық форма жасайтын элемент аналитикалық формант аталатыны да белгілі. Аналитикалық формант түркі тілдерінің жалғамалық сипатына қарамастан өте жиі қолданылады. Тілдегі синтетикалық форманттар тіл дамуының нәтижесінде, грамматикалану нәтижесінде пайда болғаны сияқты, аналитикалық формант та тіл дамуының нәтижесі. Ал нақты аналитикалық форманттың тіл дамуының нәтижесі болатын себебі, қазіргі тілде қолданылып жүрген аналитикалық форманттардың бәрі де ұзақ уақыт бойында қалыптасқан. Олардың құрамындағы қосымша мен көмекші сөз грамматикалық дамудың нәтижесінде тұтастыққа айналып түрлі мағына білдіретін грамматикалық көрсеткіш болып табылады. Ғалым Н.Оралбаева да аналитикалық форманттардың қалыптасуына абстракцияланудың (дерексізденудің) әсері мол екенін айтып, бірақ аналитикалық форманттардың абстаркциялану дәрежесі біркелкі емес дейді: «...кейде бір аналитикалық форманттың өзінде де ол байқалады. *Ол оқып отыр* мен *Сен бізге еріп отыр* дегендерде *–п отыр* форманты қолданылған, соңғы мысалда оның абстракциялануы күшті. Мұндай жағдай тілде сирек, дегенмен кездеседі» [1, 36б.]. Н.Оралбаева тілде қолданылып жүрген етістіктің аналитикалық форманттарының қалыптасуының 3 түрлі жолын көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, олар мынадай болып келеді:

1) аналитикалық форманттар күрделі етістік арқылы;

2) аналитикалық форманттар ет, еді, екен, емес, жоқ көмекшілері арқылы,

3) аналитикалық форманттардың бірімен-бірі кірігуі арқылы жасалады [1, 36б.].

Н. Оралбаеваның жоғарыда көрсеткен аналитикалық форманттардың қалыптасу жолдары етістікке қатысты. Тіл білімінде етістіктің аналитикалық форманттары мейлінше зерттелген мәселелердің қатарында.

Ал есім аналитикалық форманттары туралы ғылымда қалыптасқан нақты пікірлер жоқтың қасы. Сондықтан да мақалада есім аналитикалық форманттары қалай қалыптасты деген сұраққа жауап беру үшін мынадай жағдайларды айтуға тиіспіз.

Есім аналитикалық форманттары екі категорияға, екі сөз табына тән болғандықтан, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан оларды екіге бөліп қарастырған дұрыс: 1) септіктің аналитикалық форманттары, 2) шырайдың аналитикалық форманттары.

Септіктің аналитикалық форманттарының қалыптасуының 2 түрлі жолын көрсетуге болады және бұл оның құрамы неден тұратынын да көрсетеді:

1) септік қосымшалары мен септеулік шылаулар арқылы;

2) септік қосымшасы (ілік септік қосымшасы) мен көмекші есімдер арқылы жасалады.

Бұлардың құрамы екі морфемадан тұрғанымен, олар негізінен бір ғана мағына береді де, тілде бір морфеманың қызметін атқарады.

Септіктің категориясын жасаушы аналитикалық форманттардың құрамында міндетті түрде септік жалғаулары мен көмекші есім, септеулік шылау болады.

Шырайдың аналитикалық форманттарының да қалыптасуының 2 түрлі жолын атауға болады:

1) күшейткіш сөздер мен сапалық сын есімдер арқылы;

2) күшейткіш буындар мен сапалық сын есімдер арқылы жасалады.

Есім аналитикалық тұлғаларының лингвистикалық табиғатын айқындауда жалпы аналитикалық тұлға теориясына, етістіктің аналитикалық тұлғаларына қатысты теориялық негіздемелерге сүйендік.

Ал аналитикалық тұлғаны зерттеу, көбінесе, етістіктен басталады, ол орынды болар, өйткені ең грамматикалық категориясы көп сөз табы – етістік және етістікте көмекші етістіктер де көп. Әртүрлі грамматикалық құрылыстағы (флективті, жалғамалы) тілдердегі етістіктің аналитикалық тұлғаның дәлелденуі басқа сөз таптарының аналитикалық тұлғасын зерттеуге жол ашты.

Ғалымдар әртүрлі грамматикалық құрылыстағы тілдердегі есім сөз таптарының аналитикалық тұлғаларын зерттеп, аналитикалық тұлға бұл тілдерде етістікте ғана емес, есім сөз таптарында да бар екенін дәлелдеді. Олардан мына ғалымдарды атауға болады: Ф.А.Ганиев [2], Репина [3], С.Усманов [4], Х.Т.Ахтамова [5], Хямяляйнен Аста [6], Н.Е Чеботарева [7], Т.Б.Астен [8], Г.Кимпо [9], Т.И. Дешериева [10] т.б.

Ал қазақ тілінде тек етістікке тіркескен көмекші етістіктердің сөздің аналитикалық тұлғасын жасайтыны ғылымда дәлелденді де, есім сөзге жалғанатын көмекшілердің сөзге грамматикалық мағына қосатыны танылмағанымен, оның сөздің қандай грамматикалық тұлғасын жасайтыны ғылыми негізде әлі толық дәледенбей, ол шешілмеген мәселер қатарында қалып отыр.

Көмекші сөздердің негізгі сөзге белгілі қосымшалар арқылы тіркесетіні де қазақ тіл білімінде дәлелденген. Ғалым Н.Оралбаева ол туралы былай деп жазған: «...Бірақ грамматикалық мағынаны сөздің аналитикалық формасында тек көмекші сөз білдірмейді. Аналитикалық формалы сөзде грамматикалық сөзде грамматикалық мағыналы сөзге жататын қосымшаның қатысы арқылы пайда болады. Ол мағына бұл екі көрсеткіштің мағыналарының жиынтығы емес, екеуінің бір мағынада қалыптасуынан, идиомалануынан қалыптасады» [1, 12б.]. Осымен байланысты ғалым аналитикалық форманттар терминін қолданады. Аналитикалық форманттар деп Н.Оралбаева негізгі етістікке жалғастыратын қосымша мен көмекші етістікті атаған. Оған себеп қосымша мен көмекші етістік біртұтас грамматикалық мағынаны білдіреді деп санайды. Мәселен, ал көмекші етістігі көсемшенің –а жұрнағымен негізгі етістікке тіркескенде, модальдылық мағынаны білдірсе, көсемшенің –п жұрнағымен негізгі етістікке тіркескенде, қимылды субъекті өзі үшін жасайтынын білдіреді. Мысалы, жаза алады, жазып алды т.б.

Есім сөздерге де көмекшілер әртүрлі тіркеседі. Мысалы, үйдің жаны, үйге қарай, адам үшін т.б. Бұл арада алдымен есім сөздерге көмекші сөздердің тіркесетінін көрсек, екіншіден, есім сөздерге көмекшілер есімнің белгілі тұлғасына жалғанатыны байқалады. Демек, бұл арада тілде дәлелденген аналитикалық тұлғалы сөздің негізгі белгілері есім сөзде де бары байқалады. Олай болса, есім сөздерге көмекші сөздердің тіркесуі, олардың белгілі бір тұлғаға тіркесуі, қандай грамматикалық мағына беретіні, қандай сөз формаға жататыны ғалымдарды ойландыруға тұратын мәселе, ол ғылыми шешімін күтіп тұрған мәселелерге жатады.

Етістіктің аналитикалық тұлғасын зерттеушілердің бәрі көмекші сөздің негізгі сөзден кейін орналасатынын айтқан. Ал ол барлық сөз табына міндетті ме, ол әлі шешілмеген мәселе, оны анықтау керек. Тіл деректері ол заңдылыққа бағынбайтын жағдайлардың тілді барын көрсетеді. Демек, тілде аналитикалық тұлғалы сөздің грамматикалық мағына беретін көрсеткіштің тек дербес сөзден кейін келуі міндетті емес.

Кей жағдайда көмекші сөз негізгі сөздің алдында келетіні де болады. Мысалы, өте жақсы, ең биік, аса сұлу, тым үлкен, үп-үлкен, тап-таза, жап-жақсы, топ-толық, сап-сары т.б.

Көмекші сөздің негізгі сөздің алдынан келетіні туралы Қ.Жұбанов та айтқан болатын. Қ.Жұбанов пікірін дамытып, көмекші сөз негізгі сөздің алдында келетінін ғалым Е.Мергенбаев «Қазақ тіліндегі

сөзөзгерім жүйесі» атты еңбегінде баяндайды. Е.Мергенбаев – аналитикалық сөзөзгерімдері туралы біраз пікірлер айтқан ғалымдардың бірі. Ол: «Күшейтпе сөзді дәйек қосалқылар – негізгі сөздердің алдында айтылатын өте, тым, ең, нақ, аса сияқты сөздер. Мысалы, өте жақсы, тым жаман дегенде, жақсы, жаман сөздерінің мағынасы үстемеленіп, күшейтіліп тұр. Күшейтпе буынды дәйек қосалқылар қатарына қап-қара, сап-сары, қып-қызыл деген қос сөздердің алдыңғы компоненті ретінде айтылатын қап, сап, қып сияқты мәнді буын – морфемалар жатады» – деп жазады [11, 99б.]. Сөйтіп, ғалым Е.Мергенбаев та күшейткіш буынды сын есім шырайы мен күшейткіш сөздерді сапалық сын есім шырайының аналитикалық тұлғасы деп таниды.

Сонымен, есім аналитикалық тұлғаларының өзіндік қасиеті оған ұқсас өзге тілдік құбылыстардан ажыратылу арқылы анықтала түсті. Есім аналитикалық тұлғаларының ең басты өлшемі, ғылыми сипаттамасы жалпы аналитикалық тұлға теориясы негізінде зерделенді. Өйткені аналитикалық тұлғаға қатысты ғылыми негіздемелер – есім аналитизміне де, етістіктің аналитизміне де ортақ заңдылықтар. Солай болғанымен де олардың әрқайсысына (етістік пен есімге) тән ерекшеліктердің бары сөзсіз. Есім мен етістіктің әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктер олардың сөз табы ретіндегі табиғатынан туындайды. Етістікте аналитикалық тұлға, аналитикалық формант теориясы қаланған, өзіндік ерекшелігі танылған мәселе, ол ғылыми айналымға түскен. Ал есім аналитикалық тұлғаларына тән қасиеттер әлі де жұмысымыздың өн бойында ашыла түспек. Өйткені оған қатысты қозғалатын мәселелер әлі де көп. Сондықтан алда ол мәселелерді талдау барысында есім аналитикалық тұлғаларына қатыстыларын оның осы жоғарыда жасалған теориялық сипатына сай анықтап, талдап, толықтырып отырамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы. -1975. – 125 б.
2. Ганиев Ф.А. Аналитическая морфология тюркских языков: проблемы и задачи // «Советская тюркология» №1, – 1979 с.88-93.
3. Репина Т.А. Аналитизм романского имени (склонение существительных на заподе и востоке Романи) Автореферат дисс.д-ра филол. наук.-М.,1973- 20 с.
4. Усманов С. Морфологические особенности слова в современном узбекском языке. Ташкент, 1964.
5. Ахтамова Х.Т. Послеложные аналитические формы в современном узбекском литературном языке. АКД.Ташкент, 1981.
6. Хямяляйнен Аста. Падежная и предложно-падежная форма как компонент причинной конструкции в современном русском литературном языке (особанности семантики и функционирования). Автореферат дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. М.: 1983. – 24 с.
7. Чеботарева Н.Е. Функциональный анализ падежных форм и предложно-падежных конструкций. Автореферат дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. М.: 1984. – 29 с.
8. Астен Т.Б. Аналитизм в морфологии имени: когнитивный и прагматический аспекты. Монография. Ростов-на-Дону, 2003.- 260 с.
9. Кимпо Г. Аналитизм и его особеннности в русском языке. Автореферат дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. М.: 1986. – 18 с.
10. Дешериева Т.И. Структура семантических полей чеченских и русских падежей М., 1974. 299 с.
11. Мергенбаев Е. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі.-Алматы, 1994.- б

REFERENCES:

1. Oralbayeva N. (1975) Kazak tilindegi etistiktin analitikalyk formanttary. – Almaty. – 125 p.
2. Ganiev F.A. (1979) Analytical morphology of Turkic languages: problems and tasks // “Soviet Turkic studies” №1, – p.88-93.
3. Repina T.A. (1973) Analyticism of the Romanesque name (the declension of existing on the west and east of Romani) Abstract of thesis for the author. Sciences.-M., 20 p.
4. Usmanov S. (1964) Morphological features of the word in the modern Uzbek language. Tashkent.
5. Akhtamova Kh.T. (1981) Post-mortem analytical forms in the modern Uzbek literary language. AKD.Tashkent.
6. Hämäläinen Asta. (1983) The case and the prepositional case as a component of the causal construction in the modern Russian literary language (peculiarities of semantics and functioning). Abstract of Diss. on the competition scholarly degree of candidate filol. sciences. M .: – 24 p.

7. Chebotareva N.E.(1984) Functional analysis of case forms and prepositional case structures. Abstract of Diss. on the competition scholarly degree of candidate filol. sciences. M ,- 29 p.
8. Asten T.B. (2003) Analysis in the morphology of the name: cognitive and pragmatic aspects. Monograph. Rostov-on-Don, 260 p.
9. Kimpo G. (1986) Analyticism and its features in the Russian language. Abstract of Diss. on the competition scholarly degree of candidate filol. sciences. M ., – 18 p.
10. Desherieva T.I. (1974) The structure of the semantic fields of the Chechen and Russian cases M., 299 p.
11. Mergenbaev E. (1994) Kazirgi Kazak tilindegi sozozgerim zhyyesi.-Almaty.

ХҒТАР 27.25.19

Ниязова Ғ.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Әбдіқалық А.Б.
2 курс студенті
филология мамандығы
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Т. АХТАНОВТЫҢ «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ОБРАЗЫ

Аңдатпа: *«Шырағың сөнбесін» романы Т.Ахтановтың соғыс тақырыбына арнаған ең ірі туындыларының бірі. Мақалаға негіз болған аталмыш романның өзгешелігі автордың бас кейіпкерді ешқандай бояусыз және бұрмалаусыз, періште кейпінде емес, өмірдегі шынайы қалпымен суреттеуінде болып келеді. Сұрапыл соғыста күйеуінен айрылып, тынымсыз тіршіліктің тауқыметін тартқан Нәзираның жан дүниесіндегі арпалысқан алапат сезімдерді жазушы психологиялық тұрғыдан терең талдап, шебер жеткізеді. Мақалада романдағы өтіп жатқан барлық құбылыстар мен оқиғалар тізбегі басты кейіпкердің айналасында өрбітілетіні, сюжеттердің оның ойы арқылы жүзеге асатындығы талқыланады. Т.Ахтанов туындысында Нәзираны алға шығара отырып, оқырманға басқа да қазақ әйелдерінің образын мейлінше кең тыныста таныстырып, олардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін айқындап, тіпті, кей кейіпкерлерді параллель етіп көрсетеді. Мақалада Тахауи Ахтановтың образдар жүйесін жасауда қаһарманның ішкі түйсіктері мен жан құбылысы, мінез-құлқына баса назар аударатындығы теориялық тұжырымдарға сүйене отырып дәлелденеді.*

Кілт сөздер: *қазақ әдебиеті, ұлттық сипат, әйелдер галериясы, характер, деталь, көркемдік ізденіс.*

Ниязова Г.М.
кандидат филологических наук,
доцент кафедры Казахской литературы
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова
Актобе, Казахстан

Абдыкалык А.Б.
студентка 2-го курса
филологический факультет
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова
Актобе, Казахстан

ОБРАЗ КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ В РОМАНЕ Т. АХТАНОВА «ЧТОБЫ ЛУЧ НЕ ПОГАС»

Аннотация: *Роман "Чтобы луч не погас" – одна из главных произведений Т. Ахтанова. Особенность этого романа заключается в том, что автор описывает главного героя, находящимся в реальном мире без каких-либо искажений и прикрас. Писатель подходит психологически и с болью отзывается о состояния Назиры, потерявшей на войне мужа и понесшей все тяготы жизни. В статье прослеживается явления и картины, происходящие вокруг главного героя, также сюжет проходит через его мысли. Писатель выводя образ Назиры на первое место, подводит читателя к тому, что показывает различия и особенности других казахских женщин, показывая параллель между ними. Основываясь на теоретических выводах Т.Ахтанов акцентирует внимание на внутреннем мире и поведении героев.*

Ключевые слова: *казахская литература, национальный характер, женские галереи, характер, деталь, художественный поиск.*

Niyazova G.M.
candidate of Philological Sciences,
associate professor of the Kazakh Literature Department
K. Zhubanov Aktobe Regional State University
Aktobe, Kazakhstan

Abdykalyk A.B.
2nd year student
Faculty of Philology
K. Zhubanov Aktobe Regional State University
Aktobe, Kazakhstan

THE IMAGE OF A KAZAKH WOMAN IN THE NOVEL BY T. AKHTANOV «TO THE BEAM DID NOT GO OUT»

Annotation: *The novel "To the beam did not go out" is one of the main works of T. Akhtanov. The peculiarity of this novel is that the author describes the main character in the real world without any distortions and embellishment. The writer approaches psychologically and with pain speaks of the state of Nazira, who lost her husband in the war and suffered all the life. The article traces the phenomena and paintings that take place around the protagonist, the story also passes through his thoughts. Writing the image of Nazira in the first place, he brings the reader to what shows the differences and peculiarities of other Kazakh women, showing the parallel between them. Based on the theoretical conclusions T.Akhtanov focuses on the inner world and the behavior of the characters.*

Keywords: *Kazakh literature, national character, female galleries, character, detail, artistic search.*

Кешегі сұрапыл соғыста Отанын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, замандас, құралпастарымен қатар қазақтың жауынгерлік рухын әлемге әйгілі еткен, сол батырлықты қағаз бетіне бедерлей түсіріп, қазақ әдебиеті айдынында ақ кемедей жүзіп, өзіндік орнын қалыптастырған еліміздің асып туған ұлдарының бірі – Тахауи Ахтанов есімі елімізге әйгілі.

«Оның ақырғы шығармасы – "Шырағың сөнбесін" атты дилогиясы – осындай адамгершіл әлеуметшілдіктің үздік үлгісі. "Шырағың сөнбесін" диалогиясында қайта оралып, соғыс қасіретін қарапайым қазақ әйелінің көзімен бере білді. Онда соғыс салдарынан асты-үстіне шыққан аламан-асыр дүниенің қай қыры мен қай сыры да түгел қамтылады. Осындай тоз-тозы шыққан бей-берекеттік әлеміне мән мен мағына бітіріп түрған майдан шебіне тағдыр айдап тап болған қарапайым қазақ әйелінің екіқабат күйінде ел ақтап, соғыстағы күйеуін аман көрмек, құрсақтағы нәрестесін аман таппақ дәмесі ғана. Өмірге деген құштарлықтың аттаған сайын алдынан шыққан ажал мен қауіпке қарсы мігірсіз айқасы. Нәзіктік көзімен суреттелген озбырлық, пәктік сезіммен түйсіктелген түрпайылық, адалдық санасымен сарапталған зұлымдық Ахтанов қаламының арқасында арыңды апшытып, намысыңды қоздыратын, өн бойыңды түршіктіріп, күш-жігеріңді қайрайтын алапат рухани тегеурінге ие қыла алғандай. Бұл – бір кезде Мұхтар Әуезов тек Тахауи Ахтановтан ғана дәмете алған қапысыз шеберлік пен қалтқысыз шынайылық. Тұңғиық тереңдік. Тек бір қаламгердің ғана емес, бүкіл ұлттық әдебиетіміздің жаңа самғауына тарихи меже бола алатындай көркемдік, биіктік. Жазушы өзінің жаны таза, сезімтал, жақсылыққа жаны құштар кейіпкерлерінің ішкі сезім буырқанысын қоршаған табиғатпен байланыстыра, астастыра ашады. Оның кейіпкерлерінің шетінен асқақ арманға құлаш ұрған, арманшыл, қиялшыл болып келетіні де олардың ой-толғаныстарының көбіне табиғатпен жарасып, жанасып жататындығында болса керек.

Қазақ әйелі қай заманда да қоғам дамуында үлкен рөл алып келді. Әйел тақырыбы – әлеуметтік мәні бар, ауқымды мәселе. Үшан-теңіз тәрбиені көктеп өскен қазақ қызы жиырма жасында бір елдің данасы болғаны белгілі. Тарихымызда ағасының найзасын сұрап, жауға шапқан арулар бар. Мәселен Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Үлпан т.б.

Соғыстан кейін отыз жылдан соң бұл тақырыпқа қайта оралған қаламгер тарихи оқиға ретінде жылдар қойнауына еніп бара жатқан сол бір сұрапыл жылдар бейнесін қайтадан ой таразысына салады.

Т.Ахтанов адамзатқа тіршілік сыйлайтын әйел-ана образымен сол тіршілікті өртейтін, жалмайтын «соғыс» атты кеселді қатар суреттеу арқылы адамзат баласын тойымсыздықтан, жексұрындықтан, сұрқиялықтан, айуандықтан сақтандырады. Соғыстағы техника мен қару-жарақ – адам ойының жемісі. Бірақ адам сол өзі ойлап тапқан нәрсенің ертең өз тіршілігіне залал екенін, болашақ ұрпағының өмірін құртатындығын біле ме екен? Прогрестің өзі сайып келгенде адамзатқа қарама-қарсы. Адам баласы өзінің уымен өзін өлтіретін қара құрт секілді болашағын улайды. Автор «Шырағың сөнбесінде» соғыс тақсіретін тартқан ана мен болашақ ұрпақ – сәби көзімен соғысты айыптай отырып, «соғыс және адам» концепциясын өзінше көркемдік шеберлікпен шешкен. Бұл роман сюжеттік желісі жағынан Әди Шәріповтың «Партизан қызы» (1960) повесімен ұқсас [1.132]. Жазушы қаламынан шыққан романдар қазақ прозасында адам жаны экологиясы проблемаларын жан-жақты да терең суреткерлік шеберлікпен бейнеленгенін көрсетеді. Кешегі КСРО әдебиетінің ортақ кеңістігіндегі әдеби үрдісте тоғысатын қазақ әдебиеті де дәуір шындығынан туындаған адам жаны экологиясы мәселелерін батыл көтерген романдарымен көркемдік дамудың жаңа биігіне көтерілді.

Романның басты ерекшелігін айта кетер болсақ, мысалға кезек берейік: «Дүшпанның не де болса мылтығын кезеп, ашық келгені жақсы екен, манадан бері талай дүниені ойлағанмын, жасыратыны жоқ, бұлардың аман жібермейтінін де білдім. Әйел залымның сезбейтіні бар ма, манағы машина үстіндегі алғашқы көзқарасынан-ақ бұл офицердің пиғылын танып қалғанмын. Шарасыздан қандай қорлыққа да мойынсұнып, не де болса жиіркенішпен қарсы алуға іштей қамданып-ақ едім, алдымда алысар жау емес, әйел затына қызмет етіп, тал жібектей майысып сызылған кавалер тұр» [2. 202] дейді басты кейіпкеріміз Нәзираға өз әңгімесін баяндап беріп жатқан орыс қызы Света. Осы тұста нені байқаймыз? Орыс қызының ажал болып төніп тұрған қасіретін емдегендей болып дәл алдында «тал жібектей майысып сызылған кавалер» бар ойын өзіне қаратып ала қойған тұсын жазушы шынында шебер қолдана суреттей білген. Барлық дерлік шығармаларда қатігез, сезімсіз, дөрекі, сатқын, жаулаушы, озбыр түріндегі дәстүрлі стереотиптің бұзылып, жаңа бір қалыпқа түскендігін көруімізге болады. Қабдеш Жұмаділовтің («Мәңгілік майдан»), Ғабит Мүсіреповтың («Қазақ солдаты»), Рақымжан Қошқарбаевтың («Жеңіс жалауы»), Бауыржан Момышұлының («Москва үшін шайқас»), Александр Бектің («Волоколамск тасжолы») шығармаларында белең алмаған тың тақырыпты қозғай білген Тахауи Ахтановтың жаңалығы да осында.

«Мені алып келіп диванға отырғызды да:

Егер флейлен рұқсат етсе, кешкі астың уақыты болды, ас алсақ қайтеді», – сыпайы қимылмен столдағы жапқышты сыпырып алды». [2.202] Автор суреттеуде неміс жігітінің бар іс-әрекетін қарадан ақтап алатындай етіп, ізіне шаң жұқтырмайды. Мақсат та айқын: белгілі бір дәрежедегі ұлттық сипаттан асып өтіп, мейлі ол осыған дейінгі кезде тек жағымсыз кейіпкер болып келген неміс жігітін орыс қызының адамзаттық, одан қалды планетарлық екшеуге саятын ойына жақындатады. Амалсыздан басқан қадамын ақтап алардай болып бір сәтке Нәзираны өзінің мұңды, аянышты күйіне көз салуын күтеді: «Өзің білесің ғой, коньяк дегенді атын естігенім болмаса, мен ішіп көрмегенмін. Шарап сияқты қызыл болғанға ішіп жіберсем, бірден аш өзегіме түсіп кетті ғой деймін, үйдің іші дөңгеленіп жүре берді» [2.202]. Шараптың буына берілген өзін қандай да бір ұяттық іске барса да, ақтап алардай әңгімесін ары қарай жалғастырмайды. «Жанарын төмен салып, бүйығып қана үнсіз отыр» дейді кейіпкеріміз. Бұдан кейін « – Менің өзім қаншық болып шықтым!» [2.203] – дейді Нәзираға Света бар кінәні өзінен іздеп. Осында жауыз болып елестеген неміс офицерінің емес, орыс қызының да кейде қателікке бой алдыратынын цензуралық сын күшіне еніп тұрған дәуірде батылдықпен айта білген аға жазушының біздің нысандағы романның ең басты көркемдік ізденісі, әкелген жаңалығы, тудырған төлі десек те жараспайды емес. Әдебиет көркемдік пен шындықты қоса білген, бір арнада суреттей білген уақытта ғана шынайы роман туатынына дауа жоқ болса, Т.Ахтановтың ізденісі қазақ әдебиетінің дәстүрлі процесіне алып келген жаңа демі іспеттес.

Сонымен, қалың оқырман назарына «Қаһарлы күндерден» соң араға он жеті жыл уақыт салып, «Шырағың сөнбесін» романы [3, 6] («Жұлдыз» журналының 1973 жылғы 10, 11 сандарында, 1980 жылғы 2,3 сандарында) ұсынылды. Жазушының сол бір соғыс тақырыбына қайта айналып соғуының өзіндік себептері бар еді. Елдегі зор әлеуметтік-саяси өзгерістер мен елеулі бетбұрыстар, Сталиннің жеке басына табынушылықтың әшкереленуі тоталитарлық жүйенің іргесін шайқалтты.

Осыған байланысты автордың көп нәрсеге көзқарасы өзгеріп, соғысқа дейінгі және кейінгі оқиғаларды тізбектеп, ой елегінен өткізіп, бірқатар құндылықтарды қайта қарауға тастүйін бекінді.

Жаңа туындысында айтайын дегенін бүге-шүгесіне дейін қалдырмай, ірікпей сөйлейтін қаһарман іздеп, түптің түбіне келгенде ауыл қызы Нәзираны шығарма баянының иесі әрі басты кейіпкер етіп алды. Нәзира өз жайынан бірін де қалдырмай ақжүрегімен әңгімелейді. Оны оқырман оқи, көз алдына елестете отыра талай тағдыр, талай табиғат пен қаншама характерлер қақтығысы ашыла түседі. Оқиғаның барлығы Нәзираның көзімен беріліп, өз ауызымен баяндалып отырады. Сүрқия соғыс пен халықтың басындағы жайсыз жағдай әйел түрмақ өрімдей жас балаларға да жадырап өмір сүруге мүмкіндік туғызбады. Жұрт қай жерді паналаса да соғыстан көз ашпады. Сол бір сұрапыл соғыстан құтылғанша жандары жай табар емес.

Романнан Дуня апай (Евдокия Герасимовна) мен Қамқа әжей образдарының параллель екенін анық байқауымызға болады. Себебі, бұл екі образды бөліп-жарып қарау мүмкін емес. Екеуі де Усачев, Түрсынғали дәурендерінің уақытша екенін сезеді, екеуі де әлгі аталғандарды кекете, мазақ еткендей қарайды. «Жағдайларың белгілі ғой, қайда барамын дейсіңдер» дегенді әр сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттерімен қағытып отырады. Екі белсендінің жасаған іс-әрекеттеріне күліп, ызаланып, кек сақтап жүрген олар жоқ, керісінше жанашырлықпен, аянышпен қарайды. Романда елемей өтуге болмайтын бейнелердің бірі Света – Светлана Андреевна.

«– Кеше мен немістердің қолына түсіп қалдым!

– Немене, зорлады ма сені?

– Зорлады ма?.. Құдайдан зорлағанын тілер едім ғой. Зорлыққа кісінің амалы бар ма? Менің өзім қаншық болып шықтым!– деді Света сыбырлап» [2. 202]. Осы сөздерде қаншама көз жасы, өкініш, қасірет жатыр! Нәзира сұрақ қойған сайын құрбысының жан жарасын тырнап жатқанын байқамай қалды. Оның әр сұрағы жүрегін езгілеп, қопарып бара жатқандай. Онсызда жерге кіріп кетейін деп қысылып әзер тұрғанында бар жағдайды баяндатады. Қиналып айтқан әр сөзінде өкініштің өксігі толып тұр. Одан өлімді естірту оңай сияқты көрінді.

Света – қарапайым әйел. Содан соң ғана пенде, азаматша. Нәзира – Светаның жақын сырласы. Ол да әйел. Екеуінің айырмашылығы – бірі шығыс, екіншісі қазақ әйелі. Бұл жерде қаламгер Т.Ахтанов екеуінің де өскен орталары мен тәрбие-тәлімге байланысты жан-дүниелерін шынайы ашып көрсеткен. Олар қаншалықты сырлас, мұңдас болғандарымен екеуі екі түрлі топырақтың адамдары екені көрініп-ақ тұр. Света – ашық, Нәзира – түйық. Светаны, әрине, Нәзира да түсінеді. Бірақ оның түсінігі аңқау, аңғырт. Құрбысы үшін сауалдарының қаншалықты азап екенін сезсе де оның жанын одан әрі шұқылай, қазбалай түседі. Светаның жазасы – құрбысының сауалдары. Ол жазаланған күнде де тап осыдан артық азап көрмес. Кейін Света – Смуглянка атақты барлаушы болады. Әйелдігін азаматтығы ақыры жеңіп шығады... Бұл шешімге жазушыны «Осыны тым құлдыратып жібердім-ау» деген аяушылық-күмән апарғаны даусыз. Светлана әлгіден кейін өз күйеуі Николаймен кездеседі. Нәзираның бойындағы ең үлкен қорқыныш осы болатын. Светлана күйеуіне бар шындықты айтады. Мұнысы Нәзираға масқара, ұятсыздық болып көрінеді. Сырласын әйел ретінде түсінгендей болады, бірақ, адам ретінде таңданысын, шошынғандығын жеңе алмайды. Нәзира құрсағындағы заңды баласын «бала», «нәресте» деп атауға батпайды. Кісіні ұялтпайтын жаңа атау іздейді. Тапқаны – сол. Бүйірін түртіп-түртіп қалатын да – сол. Шеті бұрып ауырады – сол. «...Жаңағы алас-қапаста есімнен шығып та кетіпті-ау, қимылдайды. Сол. Өз тірлігінен хабар беріп жатқан ішімдегі жан иесінің қазір аты жоқ. «Бала», «Нәресте», бұл атаулар оған әзірге қонбайтын сияқты, бар тапқаным «сол» деймін» [2. 65].

«Шырағың сөнбесін» деген қазақтың қарапайым философиясын бүкіл адамзаттық проблема деңгейіне жеткізе суреттеген қаламгер шеберлігі, танымы таң қалдырады. Өзінің артындағы шырағы үшін, өмірдің не бір қиыншылығына төзе білген, жеңе білген Нәзира образы арқылы жазушы адамзатты келер соғыстан сақтандырады. «Әрбір жан иесі жарық дүниеге осынша ана ғазабымен адам деген ойлай ма екен? Әй, көп адамдар-ақ ойлай бермейтін шығар, ойласа, адам құнын осынша арзандатпас еді ғой» дегендей шынында да адамдар өздерінің өмірінің бағасын дұрыс ұғынбағандықтан бір-бірін өлтіреді. Өмір сүрудің бағасын түсінбейді. Өмір сүрудің өзі қасиетті сый екенін терең сезінбегендіктен осындай соғыс сияқты тіршілікті таптайтын кеселді ойлап табады. Соғыс қанша адамды жұтқанмен тіршілікті жер бетінен құртып жібере алмайды. Ол адамды қанша отағанымен өсімдік сияқты қаулап өсіп шығады. Нәзира соғыстан өзімен бірге үш адамның өмірінің жалғасын алып қайтты. Адамзаттың өмірі үшін үлкен үлес қосты. Қасымбегінің, Абанының, Светасының өмірінің жалғасын үзген жоқ. Ана бар жерде–өмір бар, олай болса романның атының өзі айтып тұрғандай адмзаттың «шырағы сөнбейді».

Роман желісіндегі оқиғаларға бірнеше үрпақтың өкілдері қатысқандықтан аталмыш туындыға үлкен көлем, кең аура беріп түр. Әрқайсысы өздерінше бас кейіпкер. Бірақ, автордың таңдап алғаны – Назира. Басында ол күйеуінің амандығын сұрап, саулығын тілеп қана жүретін жап-жас келіншек, ауылдың аңғал қызы еді. Бас кейіпкер шамалы уақыт ішінде өзгеріп, қатайып кетеді. Қайраттың өзі қиындық пен қасіреттен туындайды ғой. Нәзираның да қайраты көрінеді. Қайрат жүрген жерде қаталдықтың қалыс қалуы мүмкін емес. Роман басталғанда Нәзираның түсінде жылқы кісінейді, аладүбір шабыс көреді. Түс жорушылар мұндайды – жаугершілікке жорушы еді. Мына секілді оқиғалы шығармаға осының өзі авансцена-увертюра ретінде қызмет атқарып түр. Романның соңында да жылқы кісінейтін түс бар: «әлі де сақ болыңдар» дегенді аңғартатын сияқты.

Қазіргі қазақ прозасында әлеуметтік мән, рухани пафос, характер шындығының тереңнен табысқан жарасымынан тұратын кемел реализмнің қалыптасып, нығаюына, әлеуметтік зерде мен азаматтық үннің күшеюінде Тахауи Ахтанов шығармаларының үлесі мол. Ахтановтың қай-қай шығармасы да оқушы көкірегінде адамдық бақыт, азаматтық мұрат туралы көкейкесті әңгіме болып қонақтай білді. «Мен Ахтанов жайлы ойланған сайын 1961 жылдың жазы есіме түседі. Аяулы Мұқаң Москвада операция алдында көңілін сұрай барғандарға қаламдас достары мен інілернің жайын көбірек айтып, көбірек толғап отырып еді. Сонда ұлы жазушының аузына ең көп түскен есімнің бірі Тахауи болды. Оның ажал алдында артындағы қауымға айтар аманатын Тахауи Ахтановқа жолдағаны да тегін болмаса керек. Ол Ахтанов бойындағы суреткерлік елгезектікке, уытты да өжет, азаматтық ойға, рухани қайсарлыққа қатты сүйсініп, жазушы болашағынан үлкен үміт күткен. Жазушы Тахауи әрдайым сол үміт, сол дәмеден шығып келеді. Кемел жасындағы жарқын таланттың туған әдебиетіміздің мерейін көтере келелі еңбегінің көбі алда деп білеміз» [4, 55]. Қазір атадан мұраға жеткен осындай құнды, баға жетпес рухани байлықтарымыз қазіргі өз әдебиетін сүйетін, өз әдебиетін іздейтін жастар және болашақ үрпақ үшін таптырмас алтын азық екендігін айтпасақ та белгілі. Қазақ романдары көркемдік-идеялық ізденіс аясын жылдан-жылға кеңейте түсті. Қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, қазақ елінің әлеуметтік дамуының көркем шежіресін жасауға ұмтылды. Мәселен, ел мен жер тағдыры, жалмауыз соғыстың адам болмысына әсері Тахауи Ахтанов романдарында өз көрінісін тапты. Замандасты бейнелеу, жауынгер адамдарының жан дүниесін ашу жолында оң ізденістер де, айтарлықтай табыстар болды.

1960-80 жылдардағы қазақ романдарындағы образдың үлттық сипаттары зерттеушілер тарабынан кеңінен қарастырылды. Қазақ романдарындағы көркемдік ізденістер нәтижесінде тақырыпты көтеруі, проблеманы алға тартуы, мазмұнды байытуы, сюжетті алуан үлгіде өрістетуі, кейіпкерлер болмысына тереңдей бойлауы, адам мен жаратылыс сырын ашуда философиялық-психологиялық қатпарларға дендей үңілуі жағынан кемелдене түскен қазақ романының бойынан қазіргі таңда көптеп үшырасатын сан қилы сипаттардың бір сәтте қалыптаса қалмағаны да анық. Қазіргі қазақ романына тән қасиеттердің қай-қайсын да жіті зерделеу үшін жоғарыдағы үлгіде оның тарихи жолына шола көз жүгіртудің мүлде жеткіліксіз болары және түсінікті. Соғыс жылдарындағы романды танып-білу үшін оның дамуында маңызды роль атқарған факторлардың қай-қайсын да назардан қағыс қалдырмаған абзал. Бұл ретте әлемдік роман тарихындағы елеулі көркемдік құбылыстарға да, күні кешеге дейін кеңестік кеңістікте өзара байланыса, ықпалдаса жетілген үлттар әдебиетіндегі шығармашылық тәжірибелерге де, төл әдебиетіміздің түрлі арналарында көне дәуірден кешегі жылдарға дейінгі аралықта игерілген әдеби дәстүрлер мен кейінгі кезең әдебиетінде пайда болған жаңашыл ізденістерге де бойлау қажет. Сонда ғана соғыс жылдарындағы қазақ романының болмыс-бітімін белгілейтін сипаттар мен оның түптөркінін қапысыз тануға мүмкіндік тумақ.

«Тахауи Ахтановтың творчествосына жан-жақта шолу жасасақ, оның басқа әріптестерінен, өзінен бұрынғы жазушылардан айырмашылығын да, олармен үндестігін де байқауға болар еді» [5, 99]. Ахтанов – әдебиетте өзіндік беті, өз тақырыбы, өз машығы, өз табиғатын танитын жазушы. Ол – жер басып жүргендер түгілі, келешек үрпақтар да қастер тұтатын, етігімен су кешкен, кеудесімен оқ тескен қаһарман майдангер үрпақтың өкілі. Ол әдебиетке өз буыны бастан кешкен бай рухани тәжірибені ала келді. Сондықтан да ол шыншыл, сондықтан да ол сыршыл. Өлім мен өмірдің екі үдай таласын өз көзімен көріп, өз басынан өткергендердің шыншыл болмасқа жайы жоқ. Не бір ұлы шындықты өз жүрек елегінен өткізгендердің сыршыл болмасқа жайы жоқ.

Қысқасы, Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы кең көлемді, тұщымды туынды. Мұнда суреттелген оқиға біреуге өзі өмір сүріп отырған мезгілдің оқиғасындай болса, ал енді бірі

үшін өз халқы басынан кешкен тарихи оқиға ретінде әсер етуі мүмкін. Әдебиет халықтың рухани байлығы болса, сол байлықты азаптанып дүниеге келтірер таланттар халықтың маңдайына біткен кенен ырыс, жарық жүлдыздары. Тахауи Ахтанов халқымыз бен әдебиетіміздің осындай ырысына айналған санаулы суреткерлеріміздің бірі және бірегейі. Халық пен әдебиет Тахауи Ахтановты әрі мақтаныш, әрі бедел тұтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шәріпов Ә. Партизан қызы. – Алматы: Жазушы, 1968 – 440 б.
2. Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы; III-Т: Шырағың сөнбесін. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013 – 608 б.
3. «Жұлдыз» журналы. № 10,11 (1973); № 2,3 (1980).
4. «Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 458 б.
5. Ыдырысов Р. Отты жылдар шежіресі. –Алматы: Қазақстан, 1971 – 149 б.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Шарипов А. Партизанская дочь. – Алматы: Жазушы, 1968 – 440 с.
2. Ахтанов Т. Сборник многотомных работ; III-Т:Чтобы луч не погас. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2013 г. – 608 с.
3. Журнал "Жулдыз". № 10,11 (1973); № 2,3 (1980).
4. Ауэзов М.О. Время и литература. – Алматы: ККБ, 1962. 458 с.
5. Идрисов Р. Хроника огненных лет. – Алматы, Казахстан, 1971 – 149 с.

REFERENCES:

1. Sharipov A. Partizanskaya doch'. [Guerrilla daughter] – Almaty: Zhazushy, 1968 – 440 p.
2. Akhtanov T. Collection of multivolume works; III-T: Chtoby luch ne pogas [So that the beam does not go out]. – Almaty: “Merekena Baspalar Uyi”, 2013 – 608 p.
3. Journal "Zhuldyz". № 10,11 (1973); № 2,3 (1980).
4. Auezov M.O. Vremya i literatura [Time and literature] – Almaty: KKB, 1962. 458 p.
5. Idrisov R. Khronika ognennykh let [The Chronicle of the Fiery Years] – Almaty, Kazakhstan, 1971 – 149 p.

Ниязова Ғ.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Әбдіқалық А.Б.
2 курс студенті
филология мамандығы
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Т. АХТАНОВТЫҢ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПОРТРЕТТІК БЕЙНЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа: *Әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың табиғатын түсіну үшін оның көркемдік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор. Мақалада жазушының шеберлік қырлары, көркем әдебиет туындысының эстетикалық қуаты – суреткер қаламгердің поэтикалық ізденістері зерттеліп, зерделенді. Т.Ахтанов романдарында әр алуан кейіпкерлерінің образдық болмысына сай түрлі портреттік сипатын мінез-құлқымен бірлікте бедерлей біледі. Мақалада автордың көркем шығармадағы қаһарман сырына бойлататын образ табиғатын, кейіпкер әлеміндегі моральдық-этикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін маңызды көркемдік құралдарды ұтымды да тиімді пайдаланатыны тереңірек қарастырылды. Т.Ахтанов романдарының өзіндік ерекшеліктері мен көркемдік мәнін анықтай отырып, оның азаматтық, адами дүниесін танып, адамгершілік ізденістеріне терең бойлай аламыз. Сондай-ақ, қаламгер образдарының сомдалуы шығарманың мәнін айқын ашуымызға көмектесті.*

Кілт сөздер: *ұлттық бояу, әдеби образ, психологиялық тереңдік, портреттік мінездеме, эпитет, эпизодтық кейіпкер.*

Ниязова Г.М.
кандидат филологических наук,
доцент кафедры Казахской литературы
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова
Актобе, Казахстан

Абдыкалык А.Б.
студентка 2-го курса
Филологический факультет
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова
Актобе, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПОРТРЕТНЫХ ОПИСАНИЙ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВ Т. АХТАНОВА

Аннотация: *Важное изучение художественных особенностей в литературоведении понятие природы искусства. Статья посвящена мастерству писателя, эстетической силе художественной литературы – поэтическое исследование поэзии писателя изучалось и изучается. Для романов Тахауи Ахтанова характерны разные герои отображающие различные портретные характеристики и их поведение. В статье автор описывает образы природы, морально-этические нормы, происходящие в мире героев. Выявив особенности и художественную природу романов Т. Ахтанова, мы можем узнать его цивилизацию, человеческий мир и углубить его нравственные искания. Также композиции писательских творений помогли нам раскрыть суть работы.*

Ключевые слова: *национальный колорит, литературный образ, психологическая глубина, портретный персонаж, эпитет, эпизодический персонаж.*

Niyazova G.M.
candidate of Philological Sciences,
associate professor of the Kazakh Literature Department
K. Zhubanov Aktobe Regional State University
Aktobe, Kazakhstan

Abdykalyk A.B.
2nd year student
Faculty of Philology
K. Zhubanov Aktobe Regional State University
Aktobe, Kazakhstan

FEATURES OF PORTRAIT DESCRIPTIONS IN THE SYSTEM OF IMAGES T. AKHTANOV

Annotation: *An important study of artistic features in literary criticism is the concept of the nature of art. The article is devoted to the skill of the writer, the aesthetic power of fiction – a poetic study of the poetry of the writer has been studied and studied. For Tahaui Akhtanov's novels, different characters are depicted reflecting different portrait characteristics and their behavior. In the article, the author describes the images of nature, moral and ethical standards occurring in the world of heroes. Having identified the features and artistic nature of T. Akhtanov's novels, we can recognize his civilization, the human world and deepen his moral quest. Also compositions of writers' creations helped us to reveal the essence of the work.*

Keywords: *national color, literary image, psychological depth, portrait character, epithet, episodic character.*

Тарихи тұтас бір дәуірді құрайтын кеңестік жылдардың белгілі бір аралығын түзетін 1960-80-жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірдің алға тартқан проблемалары аз болмағаны аян. Сол проблемалардың барлығы дерлік әдебиеттің түрлі жанрларында қал-қадірінше көрініс тауып отырды. Әдебиеттің өзге жанрларымен салыстырғанда, көркемдік-шығармашылық мүмкіндігі жоғары тұрған романда кезең проблемаларының кең ауқымда, жан-жақты салалана қарастырылып, көркемдік тұрғысынан тереңдей игерілуі де заңдылық.

Әдеби шығарманың басты ізденісі – жаңалық, жаңа дем. Олай болса, көркемдік ізденістердің сарапқа салынып, түп-тұқиянына дейінгі астарларын әңгіме жүзінде қорытуды міндетке алайық. Адам, кейіпкер бойындағы сезімдер мен өзге де құбылыстар шығарма барысында кезек-кезегімен бой көрсетіп отырады. Алпысыншы жылдар әдебиетіне дейінгі қалыптасып қалған мінез бен көзқарас Т.Ахтанов шығармашылығында өзінің өмірге реалисттік құралдармен қарай білуі көрініс табады. Қаһарман ойындағы әділдік пен әділетсіздік, адалдық пен зұлымдық, махаббат пен ғадауат, жақсылық пен жамандық сияқты қалыптасқан конфликт құралдарының барлық заманға, барлық дәуірлерге ортақ екенін айтар болсақ, адамның ділі, ішкі монологы, ой-өрісі, әлемге планетарлық атмосфера жүзінде қарауы, ішкі мәдениеті деген сияқты қалыптаспаған жаңалықтардың алғашқы бой көрсетуі осы тұста, яғни жазушының ізденіс кульминациясының барысында болғаны, белең алған шағы екені анық. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р.Бердібаев: «Адамдарды көбіне станок немесе қырман басынан көрсетіп, өндіріс проблемалары маңындағы айтыс, таластармен көлем көбейту кеміп, мінездер қақтығысын, тіршіліктің төте «өз» сауалдарын молырақ айту өсті, демек белгілі дәрежеде өмір өрісін гармониялы түрде ашу артты» – деп жазады [1, 157]. Жазушының романдарында шым-шытырық оқиғаға айнала алатын тартыстар, барынша кейіпкердің сезім, ішкі дүниелік қақтығыстарына айналуына көбірек ден қойылған. Көркемдік шешімге әуезовтік табиғатты қолдану тәсілімен келсе де өзінше сонылық психологиялық қақтығыста табылады. Қазіргі қазақ ауылының бейнесін беретін жаңа қыр ашылған. Тахауи Ахтанов соғыс тақырыбына үлкен шыңдалумен, үлкен дайындықпен келгені көрініп-ақ түр. Сын мен көркем аудармадағы терлі еңбегі бұл шығармаларына әсерін тигізбей кеткен жоқ. Артынша көлемді, табиғи ізден айрылмаған, шындықты көксеген роман жарық көрді.

Адамның рухани болмысын сын сағаттардағы әрекет мінезі арқылы ашу шеберлігін Тахауи Ахтанов «Боран» романында тереңдете түсті. Жазушы бұл романында өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы тоғышарлық, мансапқорлық, пайдакүнемдік, өзімшілдік дерттерін қатал сынға алды.

Шындықты қызарта да, бозарта да боямай, ақиқат қалпының бар заңдылықтарымен көрсету, өмір ағысының, адамдар қатынастарының мазмұнына зерттей үңіліп, әр әрекет пен құбылыстың себебін терең ашу, адамгершілік мәселесі мен қоғамдық әлеуметтік проблеманы үштастыра, жымдастыра өру – Тахауи Ахтанов прозасының басты ерекшелігі.

Тіршілік бар жерде – күрес бар. Өмір бір әуеннен айнымай, бірқалыпты сырғи бермек емес; ескі мен жаңаның қақтығысуы, әділетсіздік пен әділеттіліктің айқасуы, қастық пен адалдықтың, бұрыстық пен дұрыстықтың белдесуі, кереғар ұғымдардың шарпысуы үнемі жүріп жатпақ. Еш тынбас, толастамас осы тартыста мұраты биік рухани мықты күрескер жеңіп шықпақ. Жазушы Ахтановты осындай қайратты адамдар тағдыры қызықтырады. Оның шығармаларының озық бір қасиетін осы мазмұннан көреміз.

Жазушының прозалық туындыларының негізгі арқауын қарапайым адамдардың бейнесі, солардың сезім-сағынышы, ұғым-түсінігі, қуаныш-сүйініші және тағдыр-талайы, адамшылық келбеті мен адамдық парызы құрайды. Осы бір аузын ашса көмейі көрінетін, жан сезімі бай, өз басының қадырын басқа жанға керектігімен өлшейтін, нағыз ұлттық сипаттағы кейіпкерлер туған әдебиетімізде өзіндік кескін-келбетімен ерекшеленеді. 60-70-жылдарда талмай табандылықпен еңбектенген жазушы сол кездерде-ақ көрнекті қаламгер ретінде көріне бастады.

Ертеректе жер ауып, тағдыр талайымен мұхиттың арғы жағына өтіп кеткен орыс ойшылы Н.О.Лосский ұлттық характер мәселесін тереңдете зерттеп, оған арнайы еңбек те арнаған. Осы ғалымның ойтанымына назар аударайық: «...задача при исследовани характера народа, более легко разрешимая, состоит в том, чтобы определить, какие свойства народа представляет собою первичное, основное содержание его души и какие свойства вытекают из его первоосновы» [2, 4]. Ғалым кеңтарапты терең мәселені көтеріп отыр. Ұлттық мінез сол халықтың қандай сипатынан көрінеді, соны анықтау аса өзекті мәселе екенін айтқан. Ұлттық мінез мен мұндамын дем мұндалап түрмайды, ол оның өмір сүру салтынан, күнделікті өмірінен байқалады. Оны дәл тауып тану әрбір жазушының маңдайына жазылған бақыт емес. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Тахауи Ахтановтың көркем шығармалары оның көркемдік сипатымен айқын ерекшеленіп тұрады деуге толық негіз бар. Аталған романдарындағы Нәзира, Жаңыл, Раушан кейіпкерлері ұлттық бояумен сыналанып, сомдалып, қазақ ауылынан шыққан әрбір қазақ қызының жиынтық кейіпкері. Жетімдіктің тақсіретін көріп, одан әрмен соғыс азабын тарқан осы үш кейіпкер де болмысы тұрғысынан, мейлі характерлік тұрғысанан қарасақ та өжеттілік, батылдық элементтері арқылы портреттік бейне бола біледі. Әрбір сюжеттегі іс-әрекетінде қазаққа қатысты ой-толғамдар, мінез, қарапайымдылық, т.т. т.с.с.

Т.Ахтанов прозасындағы көркемдік-идеялық ізденістер оның романдарының тілінен де, баяндау әдісі мен характер, образ жасау жолында пайдаланылған шығармашылық тәсілдерінен де, кейіпкердің психологиялық-әлеуметтік портретін берудегі ерекшелігінен де, қысқасы, бүкіл шығармашылық ойлау жүйесі мен өзіндік стилінен айқын көрінеді. Қаламгер басқа емес, соғыс өмірін жалықпай жазып, өзінің жүрек түкпіріндегі ең нәрлі идеяларын басқалар емес, қазақтың қара баласының образы арқылы жайып салады да отырады. Ол қаршадайынан көкірегіне тоқыған ауылдың соғыс жағдайындағы қам-қарекетін, тұрғындарының әлеуметтік, психологиялық жай-күйін бес саусақтай біледі және адамгершіліктің асқақ көріністерін солардың бойынан тапты. Сонымен бірге, ұлтымыздың халықтық сипатын шыңдап, соғыс жайындағы бар зардапты, қасіретті үрпақтың ақыл-ойын, ішкі жан дүниесін қастерлеуге, барынша қасиетті етіп көрсетуге ұмтылады. Т. Ахтанов проза мен драматургия жанрларына елеулі үлес қосты. Ең алғаш "Күй аңызы", "Қаһарлы күндер" шығармалары баспасөз беттерінде жариялана басталды. Бұл романдар бірнеше рет қайта жарияланып, орыс, неміс халықтар тіліне аударылған. Т. Ахтанов буынының қоғам тарихы мен халық тарихының қандай сын кезеңінде қалыптасып жетілгенін кім-кім де жақсы біледі. Сол асқаралы шаруалардың бәрі жаймашуақ жайбарақат жағдайда емес, кескілескен идеологиялық күрес үстінде жүзеге асты. Талайлар тауқыметі мол тап күресінен басын ала қашқан тоғышарлыққа, немесе күрес дегеннің жені осы екен деп, шаш ал десе, бас алған үрдажықтыққа ұрынды. Т. Ахтанов сол екі кеселдің екеуіне де бой алдырмапты. Бұл Т. Ахтанов қайраткерлігінің жәй әншейін белсенділік емес, терең дүниетанымды, таптық күрестің көп жылдық идеялық қазынасын төз игеріп, төз меңгерген болмысты, азаматтық зерені арқау еткен саналы күрескерлік екенінен айқын хабар бергендей.

6. «Шығармадағы көркем тұлға табиғаты арқылы, ең алдымен қоғамдық проблема және қоғамдағы адамгершілік хал-ахуал бейнеленеді. Шығармадағы ой оқиға қатынасы арқылы өрбиді.

Суреткердің образды ашудағы қолданған көркемдік тәсілдері (диалог, монолог, пейзаж, портрет, деталь т.б.) оның өзіндік дара стилін анықтайды. Қаһарманның көркемдік болмысын, характерін ашуда көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, шебер бейнелеу – қаламгердің басты табысы» [Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967 – 280 б.

7. Лосский Н.О. Характер русского народа. М., ИСРПЦ, Дарь, 2005. 336 с.
8. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996 – 336 б.
9. Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988 – 256 б.
10. Ахтанов Т. Қаһарлы күндер. – Алматы: Жазушы, 1967 – 382 б.
11. Ахтанов Т. Боран. – Алматы: Арыс, 2010 – 422 б.
12. Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы; III-Т: Шырағың сөнбесін. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013 – 608 б.
13. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 240 б.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бердибаев Р. Роман и время. – Алматы: Жазушы, 1967 – 280 с.
2. Лосский Н.О. Характер русского народа. М., ИСРПЦ, Дарь, 2005 – 336 с.
3. Митатов Б. Казахский роман и психологический анализ. – Алматы:Санат, 1996 – 336 с.
4. Кабдолов З. Канал. – Алматы: Жазушы, 1988 – 256 с.
5. Ахтанов Т. Дни гнева. – Алматы: Жазушы, 1967 – 382 с.
6. Ахтанов Т. Метель. – Алматы: Арысь, 2010 – 422 с.
7. Ахтанов Т. Сборник многотомных работ; III-Т:Чтобы луч не погас. –Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2013 г. – 608 с.
8. Бердибаев Р. Казахский исторический роман. – Алматы: Гылым, 1979. – 240 с.

REFERENCES:

1. Berdibaev R. Roman i vremya [Roman and time] – Almaty: Zhazushy, 1967 – 280 p.
2. Lossky N.O. Kharakter russkogo naroda [The nature of the Russian people] M., ISRPTs, Dary, 2005. 336 p.
3. Mitatov B. Kazakhskiy roman i psikhologicheskiy analiz [Kazakh novel and psychological analysis] – Almaty: Sanat, 1996 – 336 p.
4. Kabdolov Z. Kanal [Channel]. – Almaty: Zhazushy, 1988 – 256 p.
5. Akhtanov T. Dni gneva [Days of Wrath.] – Almaty: Zhazushy, 1967 – 382 p.
6. Akhtanov T. Metel' [Blizzard]. – Almaty: Arys, 2010 – 422 p.
7. Akhtanov T. Sbornik mnogotomnykh rabot [Collection of multivolume works]; III-T: Chtoby luch ne pogas [So that the beam does not go out]. – Almaty: “Merekena Baspalar Uyi”, 2013 – 608 p.
8. Berdibaev R. Kazakhskiy istoricheskiy roman [Kazakh historical novel] – Almaty: Gylym, 1979. – 240 p.

УДК 81'11:398.9

Ныгметова Б.Д.
к.филол.н., доцент кафедры иностранных языков
Павлодарский государственный педагогический университет
г. Павлодар

ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Мақалада салыстырмалы түрде эстетикалық бағалаудың тілдік ерекшеліктері қарастырылады. «Сұлулық» концептісі қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көркем әдебиет мәтіндер негізінде экспрессия құралы ретінде зерттеледі. «Сұлулық» концептісінің тілдік репрезентация мысалдары қарастырылған тілдер сөздіктерінен алынған.*

Кілт сөздер: *тілдер, тілдік ерекшеліктер, эстетика, сұлулық.*

Резюме. *В данной статье рассматриваются языковые особенности эстетической оценки в сопоставительном аспекте. Представленные примеры языковой реализации концепта «красота» взяты из лексико-графических источников на казахском, русском и английском языках. Сопоставление характеристик данного концепта в различных этнокультурах позволяет более четко представить систему ценностных приоритетов разных языковых сообществ.*

Ключевые слова*: языки, языковые особенности, эстетика, красота.*

Summary. *This article is devoted to the language features of concept «beauty» in Kazakh, Russian and English. In linquistic cultures of three languages beauty is recognized as one of the highest human values. The material of the study was taken from dictionaries of three languages.*

Keywords: *languages, language features, aesthetics, beauty.*

Қазіргі таңда қазақстандық тіл біліміндегі зерттеулердің көбі концепт ұғымын қарастыруда. «Концепт» пен «ішкі форма» ұғымдарының мәнін ажырату қиын үдеріс болып табылады, өйткені «бұл терминдер сөздердің алғашқы мағынасын, ұлттық мәдени тілдік құбылыстың ерекшелігін түсіндірудің кілті болып табылады. Сөздің ішкі формасы жоғалып кете алады, ал концепт әрқашан сөзбен бірге өмір сүреді. Сондықтан концепт тұрақты деп есептелінеді [1, 53].

Сөздік анықтамасының компоненттік талдауы әдісімен «сұлулық» концептісімен байланысты үш тілдерінің мына лексикалық бірліктері атап көрсетілді: ағылшын тілінде – *beauty, loveliness; beautiful, pretty, handsome; to beautify, to embellish, to adorn; ugly, homely, unattractive*; қазақ тілінде – *әдемі, тамаша, гажайып; сұлулық, тартымды; әдемілену, елді аузына қарату; сиықсыз, тұрпатсыз, ұсқынсыз*; орыс тілінде – *красивый, прекрасный; красота, приятная наружность; красоваться, восхищать; некрасивый, безобразный, уродливый.*

Фразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерінде кездесетін адамның сыртқы келбеті туралы халықтық түсініктер осыған дейін де лингвистикалық зерттеулердің нысаны болған. Үш тілдердің «сұлулық» концептісіне келесі фразеологизмдер мен тұрақты тіркестерді мысалға келтіруге болады. Қазақ тілінде: *кең маңдай, қызыл жүз, қараса жан тоймас, аузың бал, қызыл гүл, ақ тісің кір шалмас, ішсің – гүл аңқыған, нұрың – күн шалқыған, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, торғындай толқын ұрып көз таңдайды* [2, 55]. Орыс тілінде: *пышет здоровьем, писаный красавчик, писаная красавица, божественная красота, хорошенький как картинка, чистый шедевр, демоническая красота.* Ал ағылшын тілінде: *graceful as a swan, as pretty as picture, as handsome as a young Greek god, as handsome as paint, as shining as star.* Көріксіз келбетін суреттеген келесі тіркестер бар: қазақ тілінде – *өлім тәрізді қорқынышты, танауы, тұмсығы ұсқынсыз, не ұсқын, не келбет жоқ, пәле пәлемен, шайтан секілді.* Орыс тіілінде: *страшен как смертный грех; мордой, рылом не вышел; ни кожи, ни рожи; урод уродом; на черта похож, вырядиться как пугало.* Ал ағылшын тілінде: *ugly as a scarecrow, ugly as a toad, ugly as a dead monkey, ugly as sin.*

Орыстың, қазақтың және ағылшынның «сұлулық» концептісімен байланысты мақал-мәтелдер де өте көп. Қазақ тілінде: *Сырты бүтін, іші түтін; Жаның сұлу болса, тәнің де сұлу болады; Сұлулық бетте емес, жүректе; Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу.* Ағылшын тілінде: *Beauty is only skin-deep; Beauty*

dies and fades away, but ugly holds its own; Good fame is better than a good face; Handsome is as handsome does [3, 119]. Ал орыс тілінде: *Красив тот, кто красиво поступает; Красиво поле снопами, а гумно-скирдой; Лицом красив, до сердцем спесив; Молодец красив, до на думу крив; Скромность красит человека; Красива пава перьем, а жена-мужем* [4, 85].

Үш тілдің де классикалық афористикасында сұлулыққа қатысты келесі афоризмдер бар: Қазақ тілінде: *«Бала маңайындағы нәрсе де, сөйлейтін сөздер де, адамдардың жүріс-тұрыстары да жинақы, ретті, әдепті болуға тиісті» (М.Жұмабаев). «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілің кесер едім» (А.Құнанбаев).* Ағылшын тілінде: *«All that's beautiful drifts away like the waters» (W.B. Yeats); «Beauty stands in the admiration only of week minds led captive» (J.Milton).* Орыс тілінде: *«Потребность красоты и творчества, воплощающего ее, – неразлучна с человеком, и без нее человек, может быть, и не захотел бы жить на свете» (Ф.М. Достоевский). «Красота спасет мир» (Ф.М. Достоевский).*

Ағылшын, қазақ және орыс тілдерінің фразеологиялық сөз тіркестерін, мақал-мәтелдер мен афоризмдерін талдай отыра, мынадай қорытындыға келдік. Сұлулық жоғары адами құндылықтардың бірі деп танылады, теріс эстетикалық баға сипаттамаларына қарағанда, сұлулыққа көп көңіл бөлінеді, сұлулық басқа да жоғары құндылықтармен түйіндеседі (адамгершілік, ар-ұят, намыс), әйелдің сұлулығы алдамшы болуы мүмкін. Ағылшын жазушылары сұлулық пен көмексіздікті, сұлулық пен болымсыздықты тереңірек айтып кетеді, орыс жазушылары – сұлулық пен денсаулықты, сұлулық пен гармонияны, ал қазақ ойшылдары – сұлулық пен адамгершілікті тереңірек айтады.

Бұл жұмыс эстетикалық бағалауды білдіретін арнайы семантикасы бар сөздерге арналады. Олардың мәніне, мағынасына бағалау нысанына нұсқау енеді. Біз неғұрлым жалпы бағасы бар сөздерді (әдемі, ғажайып, ұсқынсыз, келбетсіз, көріксіз) қарастырдық, себебі олардың барлығы да ең үлкен мағынаға ие және сан алуан заттарды сипаттай алады [5, 168]. Фразеологизмдерде көрсетілген сұлулық туралы ұлттық түсініктер адамның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ішкі әлемі түсініктерімен тығыз байланысты. И.С. Конның айтуынша, сыртқы келбет «ішкі әлемнің негізгі қасиеттері мен сапаларын көрсетеді» [6, 255]. Бізге белгілі болғандай, сұлулық пен ұсқынсыздық – сезіммен қабылданатын және өзінің түр-сипатымен рахатқа бөлейтін немесе жиіркеніш тудыратын құбылыс. Ең алдымен, адам басқа адамды көру арқылы қабылдайды. Мұндай алдын-ала берілетін баға оған ұнайды немесе ұнамайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен адамның сыртқы келбетін сипаттау үшін қазақ фразеологиясында қолданылатын бейнелерді талдаймыз. Ер адамның эстетикалық бағалаудағы басты нысаны – мықты, бұлшықетті денесі. Бірақ, қазақ тілінде орыс тіліне қарағанда, әйел сұлулығын тануда көзге қатысты эпитет, теңеулер әр жазушы танымында ұлттық дүние суретіне сай, алайда алуан түрлі сөз өрнегімен өріледі. Мысалы, М.Әуезов сұлулық үлгісі ретінде *«шошақтау біткен үлкен қой көз, нұрлы көз, ойлы көз, шұғылалы көзді»* таныса, ал Ғ.Мүсірепов танымына *«үлкен қара көз, бота көз, құралай көз, айна көз»* сияқты эпитеттер жақын [7, 102].

«Қас, кірпік» – *қалам қас, қиғаш қас, имек қас, айдай боп қиылған жіп-жіңішке қас, жаңа туған айдай иілген қас* т.б. «Мойын» – *аққу мойын, алма мойын, ерекше аппақ мойын, аппақ жұмыр мойын, ақ торғындай мойын, қаз мойын* т.б. Сұлу әйел мойнына байланысты тұрақты тіркес, теңеулердің сирек ұшырасуы халқымыздың сұлулықты сырт көзден жасырып, қымтап ұстайтынынан болса керек. Ал *қаз мойын* тіркесі иілген әдемі мойынды білдіреді. Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Қаз бен аққудың кейбір ұқсастығы негізінде «кербездік», «сұлулық» концептісін бейнелейтін жағымды коннотация туған. Қазақ халқында «қаз» құсы жағымды ассоциация тудырса, орыс халқының танымында оның баламасы «гусь» жағымсыз мәнге ие (гусиная походка). *Аққудай иілген мойны, жаңа туған айдай иіле біткен жіңішке қасы, жазық маңдайынан тура түскен әсем мұрны. (Қ.Жұмаділов. Тағдыр).* «Шашы» – *жібектей майда шаш, сүмбіледей қара шаш, қолаң жібек шаш, толқынды қою қара шаш* т.б. «Белі» – *қыпша бел, бұраң бел, қынай бел, құмырсқа бел,қылдырықтай бел, қылдай жіңішке бел, гүл жібектей бұралған бел, тал шыбықтай бұралған бел, белі нәзік талып тұр*,т.б. *Сазды жерге шыққан талшыбықтай солқылдаған тал бойындағы қылдырықтай жіп-жіңішке, аш белі жеңсізбен қынағанда бір-ақ уыс боп үзіліп кеткелі тұр (С.Сматаев. Елім-ай).* «Ерні, аузы» – *қып-қызыл ерін, шиедей ерін, қаймақтай ерін, жұқалаң қызыл ерін, оймақтай ауыз*, т.б.

Көркем шығармада кездесетін мысалдардағы тілдік тұлғаның қазақ әйелінің сұлулығына қатысты сөздік қолданысы да халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады.

«Сұлулық» адамзат баласына ортақ категория болғанымен, оның эталоны әр халықта әр түрлі. Еуропада, әлемдік деңгейде өткізілетін сұлулық байқауларында қатысушы арулардың сыртқы келбеті мен сыр-сымбатына мән беріледі. Ал қызға, әйелге ең алдымен дүниеге үрпақ әкелуші болашақ ана ретінде қарайтын халқымыз қыздардың бойынан парасатты ана болуға лайықты ғажайып мінез-құлық сұлулығын іздейді, сондай ізгі қасиеттерді дәріптейді.

Абайдың «сұлулық» концептісін сипаттауы төмендегі тіркестер арқылы көрінеді: *кең маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, қараса жан тоймас, аузың бал, қызыл гүл, ақ тісің кір шалмас, иісің – гүл аңқыған, нұрың – күн шалқыған, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, , қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, аласы аз қара көзі нұр жайнайды, ақша жүз, алқызыл бет, маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, қолаң қара шашы бар жібек талды, торғындай толқын ұрып көз таңдайды* т.б. Аталған тіркестерден қазақ халқының сұлулық туралы ұғымына сай мағыналар айқын аңғарылады. Олардың бірқатары халық санасында бұрыннан қалыптасқан етене жақын тұрақты сөз тіркестері болса, енді бірқатары ақынның өз қолданысындағы сөз өрнектері [7, 104].

Ал көріксіз сыртқы келбет мынадай мысалдармен беріледі: *өлім тәрізді қорқынышты, танауы, тұмсығы ұсқынсыз, не ұсқын, не келбет жоқ, пәле пәлемен, шайтан секілді* т.б. Эстетикалық бағаның нысаны ретінде көріксіз тән – бұл 1) жалқау, әрекетсіз, бұлдыр-сылдыр адамның және 2) кәрі, ауру және көмексіз, қауқарсыз адамның тәні. Кейіпсіз адамның келбеті дені сау емес адамның келбетімен сәйкес келеді және мына сөздер мен тұрақты сөз тіркестерімен сипатталады: арық, жүдеу, жадау, сүйегі арсиған, тыртиған және т.б. Денесі тым арық, жүдеу адамның денесі туралы келесі тұрақты тіпкестерден көресіздер: *жағына пышақ жаныгандай; жүзі солу; қу мойын*. Денедегі өзгерістер, оның кемуі оның бұзылуы туралы түсінікпен сәйкес келеді және әлемнің қазақ бейнесінде дені сау емес адамның сырттай қарағанда сүйкімсіз екендігін көреміз деп ой ойлауға мүмкіндік береді.

Ағылшынның фразеологиялық сөздіктерінің және адамның келбетінің фразеологиялық номинациясының арнайы зерттеулерінің мәліметтеріне сүйенсек, ағылшын тілінде эстетикалық бағаны білдіретін фразеологиялық бірліктердің саны біршама аз болып келеді [3, 119]. Адамның сұлу келбеті мынадай салыстырмалы орамдармен беріледі: *graceful as a swan, as pretty as picture, as handsome as a young Greek god, as handsome as paint, as shining as star.* Бұл жерде адамның сыртқы келбетінің суреттеудегі басты нәрсе бір эталонмен салыстыруға келетін немесе жас грек құдайы, әсем аққу, өнер туындысы секілді бар бейнемен салыстыруға келетін сипаттама. Ал келбетсіз, сұрықсыз адамның сыртқы келбеті ағылшын тілінде мынадай идиоматикалық сөйлемдермен беріледі: *ugly as a scarecrow, ugly as a toad, ugly as a dead monkey, ugly as sin.* Келбетсіз, сұрықсыз сыртқы келбет бау-бақшалардағы құстарды үркіту үшін қойылған қолдан жасалған қарауылмен, үрей тудыратын затпен, құрбақамен, өлімсіреген маймылмен, күнәмен салыстырылады, және ағылшын тілінде теңеу бейне рөлінде құстардың ішінде тауыс, түйеқұс, жапалақ, қаз лексемалары қолданылады, ол ағылшын тілдік картинасында да теріс, кері эстетикалық бағаның бар екендігіне куәлік етеді. Орыс тілінде «красота» концептісі кездесіп қолданылатын фразиологиялық тіркестері де жетерліктей. Әдемі адам жастығымен және белсенді өмірлік түрмысымен сипатталады: *в самой поре, пышет здоровьем*. Өте әдемі адамның келбеті тұрақты сөз тіркестермен әдеби түрде беріледі: *писаный красавчик, писаная красавица, божественная красота, хорошенький как картинка, чистый шедевр, демоническая красота*.

Ер адамның эстетикалық бағалаудағы басты нысаны – мықты, бұлшықетті денесі. Әскери немесе спорттық метафора мына тұрақты сөз тіркетсерінің негізінде жатыр: *атлетическое тело, богатырское тело, геркулесовое тело* т.б. Мықты, дені сау ер адам ашаңдау, арықтау болуы да мүмкін, бірақ оның денесі жылдам, сынап тәрізді қозғалмалы болса, бұл оның сыртқы келбетін бұзбайды. Әйел адамның да дене сұлулығы айтарлықтай көрікті, көзге түсерлік, ауыз толтырып айтарлықтай болады: *тело легкое, воздушное, грациозное, хрупкое, мягкое, нежное* болып келеді. Жасы келген әйел адамның сұлулығы туралы ұғым, түсінік мынадай тұрақты сөз тіркестерінде көрініс табады: *тело пышное, рассыпчатое, сдобное.* Қыздың сымбатты мүсіні, жеңіл, нәзік жүрісі мынадай фразеологиялық бірліктермен беріледі: *ровна как сосенка, стройная как пава, лебединая поступь* т.б. Ал көріксіз сыртқы келбет мынадай мысалдармен беріледі: *страшен как смертный грех; на черта похож, вырядиться как пугало.* Эстетикалық бағаның нысаны ретінде көріксіз тән – бұл 1) жалқау, әрекетсіз, бұлдыр-сылдыр адамның және 2) кәрі, ауру және көмексіз, қауқарсыз адамның тәні.

Еңбек етпейтін жалқаудың және ашқарақ, арамтамақтың денесі оған тән пропорцияларды жоғалтады, асыра тамақтану, жалқаулық, бекершілік, жұмыссыздық секілді сапалар адамды көріксіз,

ажарсыз, сиықсыз және кейіпсіз етеді. Орыс фразеологиясындағы сипаттаманың басты нысаны әдетте әрекетсіз, іссіз адамның көлемі, мөлшері болып табылады: *поперек себя шире, семь на восемь, восемь на семь, в дверь не пролезет, щеки из за спины видны*. Кейіпсіз адамның келбеті дені сау емес адамның келбетімен сәйкес келеді және мына сөздер мен тұрақты сөз тіркестерімен сипатталады: *хилое, худое, изможденное, костлявое, тощее*. Денесі тым арық, жүдеу адамның денесін сіріңкемен, қаңқамен, ырғаймен салыстырады. Сонымен қатар көп кездесетін фразеологизмдер тобында мыналар да бар: *еле-еле душа в теле, живые мощи.* Келесі фразеологизмдер сүйекпен байланысты: *кожа, да кости; мешок костями; костями гремит; одни ребра остались*. Бұл фразеологизмдердің бейнесі яғни дені сау, келбетті адамның денесі тек құр сүйектен тұрады деген пікірмен теңестіруге келмейді дегенге құрылады. Денедегі өзгерістер, оның кемуі оның бұзылуы туралы түсінікпен сәйкес келеді және әлемнің орыс картинасында дені сау емес адамның сырттай қарағанда сүйкімсіз екендігін көреміз деп ой ойлауға мүмкіндік береді.

Үш лингвомәдениеттің үшеуіне де ортақ нәрсе – ұсқынсыз, келбетсіз адамды суреттеуде фразеологизмдерді қолдану арқылы кемістік белгісінің бар екендігі. Сұрықсыз, келбетсіз адамның сыртқы келбетінің образы идиомалардың көптеген санымен, үлкен тобымен берілген, осы жерде бірқатар мысалдар келтіріп кетуге болады. Үш тілдерің фразеологиялық теңеулерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғысынан талдау барысында олардан ұлттық дүниетаным ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар екені анықталды. Ішкі мәдени танымдық коннотацияның ұқсас не сәйкес келуі, ұлттық дүниетаным деген түсінікпен ұштасып, оның үш халықтың дүниетанымына ортақ болуына байланысты. Ал ұлттық дүниетанымның ерекшелігі, оның тілдегі көрінісі тіл иелерінің өз даму тарихы, әр түрлі табиғи ортасы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілік, шаруашылық түрлері т.б. жағдайларына байланысты деп білеміз.

Ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі эстетикалық бағалаудың фразеологиялық мағыналарын салыстыра отырып, шығаруға болатын жалпы қорытынды бұл – «сұлулық» және «адамның жасы» концептісіне қатысты бірліктер мен айырмашылықтардың болуы.

Жасалған зерттеудің нәтижесінде біз мынадай негізгі қорытындылар жасадық. Лингвомәдениет позициясынан әлемнің эстетикалық тілдік көрінісін дүниеге көзқарастың алуан түрі ретінде жеке көрсетуге болады. Әлемнің эстетикалық тілдік көрінісінің бірлігі эстетикалық құраушы концепт болып табылады, онда образдық-перцептивті, түсініктік және құндылық компоненттер бөлініп көрсетіледі. Нақтылықтың эстетикалық бағасы екі негізгі модуста көрінеді, олар – масаттану, таңдану мен жиіркену, жек көру. Олар өзінің маңызы, мәні жағынан рационалды рефлектіленген және әлемді сезімдік қабылдауды эмоционалды бастан өткізуді білдіреді.

Зерттеліп отырған концептінің ағылшын тілінде лексикалық нақтылы түрде көрсетілілді. Келбетті нысанның маңызды белгісі оның бұзылмағандығы, мінсіздігі. Орыс тілдік санасы үшін туа біткен сыртқы жетілмегендік идеясы аса маңызды, бірақ ол үшін адам жауапты емес, сондықтан мұндай адамдарды аяу қажет. Ұсқынсыздық, кейіпсіздік белгілері көбінесе нашар денсаулықтың сипаттамасымен үйлеседі, немесе аса толықтықпен де үйлеседі. Бойы кішкентай адамдар орыстың лингвомәдениетінде әдетте немқұрайлы бағаланады. Лексикалық семантиканың мәліметтері бойынша, орыс әйелінің прототиптік сыртқы келбеті сұлу болып табылады, орыс ерлері үшін бұл сипаттама әлі де бекітілмеген. Ал қазақ лингвомәдениетінде ұсқынсыздық пен кейіпсіздік туралы әртүрлі ой талғаған. Қазақ тілінің санасы үшін, ұнқынсыздықтың белгісі – жан дүниесінің нашарлығымен байланысты екен. Тағы басқа жағдайларда, ұсқынсыздық – орыс тіліндегі сиятқты, туа біткен сыртқы жетілмегендерге аса аяулықпен қарау да байқалады. Қазақтарға дене бітімінің арықтығы ұсқынсыздықтың белгісі, ал орыстарға аса толықтық та ұсқынсыздықтың белгісі.

Осы зерттеудің болашағын біз қарастырылған тілдер негізінде эстетикалық бағалаудың әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін зерттеуден көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол. ғыл. канд. автореф.- Алматы, 2005, 53 б.
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. Алматы, «Арыс» баспасы, 2007. 55 б.
3. Савицкий В.М. Английская фразеология: проблемы моделирования, Самара: Изд-во Самарск, ун-та, 1993, 119 б.

4. Сидоркова Г.Д. Пословицы и поговорки как речевые действия. Дис.. доктор фил. наук. Краснодар-1999, 85 б.
5. Телия В.Н. Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки русской культуры, 1999, 168 б.
6. Кон И.С. В поисках себя. Личность и самосазнание. М., 1984, 255 б.
7. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: Фил. ғыл. канд. дис. автореф.. – Алматы, 2008, 102-104 бб.

УДК 81'11:398.9

Ныгметова Б.Д.
к.филол.н., доцент кафедры иностранных языков
Павлодарский государственный педагогический университет
г. Павлодар

ЯЗЫКОВАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА «КРАСОТА» В АНГЛИЙСКОЙ И РУССКОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ

Түйін. *Мақалада «сұлулық» концептісінің ұлттық ерекшеліктері қарастырылады. «Сұлулық» концептісі орыс және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер негізінде экспрессия құралы ретінде зерттеледі. «Сұлулық» концептісінің тілдік репрезентация мысалдары қарастырылған тілдер сөздіктерінен алынған.*

Түйін сөздер: *лингвомәдени ерекшеліктер, сұлулық, лингвистика, ағылшын және орыс тілдері.*

Резюме. *В данной статье рассматриваются лингвокультурные особенности концепта «красота» в современной лингвистике в сопоставительном аспекте. Представленные примеры языковой реализации эстетической оценки взяты из лексико-графических источников на английском и русском языках. Сопоставление характеристик данного концепта в различных этнокультурах позволяет более четко представить систему ценностных приоритетов разных языковых сообществ.*

Ключевые слова: *лингвокультурные особенности, красота, лингвистика, английский и русский языки.*

Summary. *This article is devoted to the national features of concept «beauty». The material of the study was taken from dictionaries and collections of proverbs and sayings of English and Russian. In linquistic cultures of two languages, beauty is recognized as one of the highest human values.*

Keywords: *linguistic and cultural features, beauty, linguistics, English and Russian languages.*

В нашей работе мы рассматриваем лингвокультурные особенности концепта «красота» в паремиологии английского и русского языков. Актуальность нашего исследования заключается в том, что изучение языковых средств в сопоставительном аспекте, обозначающих результаты оценочной деятельности, согласуется с антропоцентрическим принципом, выдвигающим аксиологическую деятельность в центр научных интересов [1, 3].

В нашей работе мы разделяем точку зрения И.Р. Гальперина о том, что в отдельном самостоятельном предложении нет смысла, т.к. оно не соотнесено с текстом и поэтому должно рассматриваться как строительный материал языка [2, 20]. Афоризмы и пословицы представляют собой тексты, несмотря на краткость оформления (преимущественно одно предложение), при этом мы придерживаемся следующего понимания текста – «коммуникативно-ориентированный, концептуально обусловленный продукт реализации языковой системы в рамках определенной сферы общения, имеющий информативно-смысловую и прагматическую сущности» [3, 21].

Среди английских, русских пословиц, связанных с концептом «красота», можно выделить две группы. В первую из них входят пословицы, представляющие красоту в активном виде, во вторую – в пассивном. Пословицы первой группы представляют «красоту» как начало, независимое от человека и играющее во взаимодействии с ним активную роль: например: *Beauty dies and fades away, but ugly holds its own. – Снаружи красота, внутри пустота. Beauty is only skin-deep. – Красота обманчива.* В пословицах второй группы человека и красоту связывают отношения оценки (характеристики):

– оценка поступков человека (*Красив тот, кто красиво поступает*);

– оценка объектов (*Красиво поле снопами, а гумно- скирдой*);

– оценка внешности (*Лицом красив, да сердцем спесив; Молодец красив, да на думу крив*).

В английских пословицах красота провозглашается ценностью менее важной, чем честь, совесть: например: *Good fame is better than a good face. Handsome is as handsome does. – Судят не по словам, а по делам.* В русских пословицах красота занимает важное место: *Скромность красит человека. – Коса – девичья краса. – Красива пава перьем, а жена- мужем.* Красота уступает уму: *Красавице ум не помеха. – Краса до венца, а ум до конца. – Красота и без разума пуста. Поступки человека ценятся больше, чем его внешность: – Личиком гладок, да делами гадок. – Не тот хорош, кто лицом пригож, а тот хорош, кто на дело гож.* С рядом концептов, выражаемых пословицами, концепт «красота»

совместим либо несовместим или связан причинно-следственными отношениями. Для английских пословиц красота несовместима с моральным обликом человека: *A pretty girl, a heart of gall. Beauty dies and fades away, but ugly holds its own.* Красота является следствием любви, проявления чувств: *Beauty lies in lover's eyes*. В английской наивной картине мире так же как в русской существует понимание длительности красоты и прекрасного: *Beauty is a living thing – beauty is only skin deep. – Прекрасное вечно, красота недолговечна.*

Большинство русских пословиц указывают на факт недостаточности одной лишь красоты: *Снаружи красота, внутри пустота. – Красивыми словами пастернак не помаслишь.* Красота в английских пословицах носит эфемерный характер без соответствующего морального облика, без чувств, без особого внутреннего мира: *Fair without, false within. – Рубашка бела, да душа черна. Fair face may hide a foul heart. – Родилась пригожа, да по нраву не гожа.* В русских пословицах красота выступает как эстетическая оценка, служит параметром измерения качественных характеристик:

– действия: *Красиво врешь- за мной грош; Красив тот, кто красиво поступает.*

– предмета: *В уборе и пень хорош; Красиво поле снопами, а гумно-скирдой.*

– внешности человека: *Молодец красив, да на думу крив, Много красы: одни скулы, да усы.*

В обоих языках красота может противопоставляться внутренним качествам человека: *Neither beautiful nor clever. – Не хитер парень, да удачлив, неказист, да талантлив.* Культура накладывает отпечаток на процессы мышления и выражение мысли, из этой точки зрения вытекает следующее положение: «Культурные особенности... порождают особый канон. На основе этого канона, в свою очередь, порождаются специфические речевые обороты, часть из которых кристаллизуется в особый подъязык. В его состав входят лексические и фразеологические единицы, афоризмы, крылатые слова...» [4, 43].

Материалом нашего исследования также являются афоризмы в русском и английском языках. Как пословицы, так и афоризмы выражают сущность явлений, отношений и ситуаций, характерных для определенного языкового коллектива, отражают эти явления, отношения и ситуации [5, 221]. Мы определяем афоризм как авторское высказывание, выраженное в лаконической, отточенной форме, имеющее характер самостоятельного изречения, главными характеристиками которого является текстуальная автосемантичность и глубина смысла. Таким образом, наша задача состоит в выявлении особенностей проявления эстетической оценки в афористичных текстах двух языков.

В английской и русской лингвокультурах многочисленные афоризмы относятся к теме красоты. Определенный нами содержательный минимум концепта в русском и английском понимании, а также фреймовое представление концепта «красота» передает его неполное описание. По этой причине мы предлагаем обратиться к анализу текстов афоризмов для наиболее полного построения лингокультурных характеристик концепта «красота» как эстетической оценки.

Для определения особенностей восприятия и выражения красоты в английском и русском языках мы проанализировали 296 афоризмов- текстов с установленным авторством. На основании полученных данных мы позволили предположить, что существуют различия в ценностных характеристиках красоты в английской и русской картинах мира. Принимая во внимание то обстоятельство, что афоризмы, в отличие от пословиц, в значительной мере выражают не национально-культурное, но индивидуально-личностное мировидение, тем не менее, мы считаем, что учет мнения афористов при характеристике концепта «красота» очень важен. В качестве афоризмов в словарях и справочниках приводятся изречения наиболее известных писателей, мыслителей, ученых. Эти мыслители не только выражают систему ценностей, характерных для той или иной лингвокультуры, но и формируют эти ценности. Отвечая на возможное возражение тех, кто полагает, что афоризмы всемирно известных авторов из разных стран являются в той же мере достоянием русской либо английской культуры, как и изречения русских и английских авторов, подчеркнем, что мыслители, мудрые высказывания которых приводятся в сборниках афоризмов, так или иначе развивают идеи, актуальные прежде всего для того народа, на языке которого эти мыслители изъясняются. Именно поэтому мы рассматриваем английские и русские афоризмы как часть материала, воплощающего концепт «красота» в английском и русском языковых сознаниях.

В афоризмах содержится упоминание о красоте как о позитивном качестве: *Beautiful people are forgiven more often than the rest. – Красота- это форма, ставшая прозрачной и раскрывшая дух. Это дорога от формы к духу.* В обеих лингвокультурах совпадает мнение о красоте, как о самодостаточном явлении, не нуждающемся в дополнительных украшающих атрибутах: *Beautiful* ***doesn't need any ad-***

ditional adornment – the lack of it make more beautiful. – Прекрасное не нуждается в украшениях, их отсутствие делает его еще лучше.

В классической английской афористике подчеркиваются общеизвестные истины, касающиеся красоты:

1. Красота мимолетна и эфемерна: *«All that's beautiful drifts away like the waters» (W.B.Yeats). – Все, что красиво, уносит течением подобно водам.*
2. Красота связана с высшим блаженством, она идеальна: *«It was a dream of perfect bliss, too beautiful to last» (T.H.Bayley). – То был прекрасный сон, слишком красивый, чтобы продолжаться.*
3. Красота внушает доверие: *«A beautiful face is a silent commendation» (F.Bacon). – Красивое лицо-залог доверия.*
4. Впрочем, с этим тезисом многие не согласны: *«…beauty is not … an outward show of things that only seem» (E.Spenser). – Красота- это не внешнее, показное и кажущееся. «Beauty stands in the admiration only of weak minds led captive» (J.Milton). – Красота чарует лишь слабые умы.*
5. К красоте можно привыкнуть (эта истина отражена также и в английской пословице о том, что и к чуду привыкают): *«Beauty is all very well at first sight; but who ever looks at it when it has been in the house three days?» (G.B.Shaw). – При первом взгляде у неё все прекрасно; но кто на неё взглянет на третий день?* Сравните: *A wonder lasts but nine days. – Чудо длится только три дня.*
6. Красота притягивает к себе хищников: *«O gracious, why wasn't I born old and ugly?» (C.Dickens). – О господи, почему я не была рождена старой и уродливой?*

Эстетическая оценка занимает видное место в русской афористике. Русские писатели подчеркивают смысложизненную ценность красоты для человека: *«Потребность красоты и творчества, воплощающего ее, – неразлучна с человеком, и без нее человек, может быть, не захотел бы жить на свете» (Ф.М.Достоевский). «Красота спасет мир» (Ф.М.Достоевский). «Чтобы красоту создать, надо самому быть чистым душой» (М.И.Глинка).* Авторы афоризмов акцентируют исходную красоту мироздания: *«Сотри случайные черты, и ты увидишь- жизнь прекрасна» (А.А.Блок)*. В афористике подчеркивается взаимосвязь красоты, любви и истины: *«Это страшная ошибка – думать, что прекрасное может быть бессмысленным» (Л.Н.Толстой). «Не всякая правда – красота, но всякая красота – правда» (К.С.Станиславский)*. В афоризмах выражена мысль о том, что красота сама по себе не самодостаточна: *«Глупая красота – не красота. Вглядись в тупую красавицу, всмотрись глубоко в каждую черту лица, в улыбку ее, взгляд – красота ее превратится мало-помалу в поразительное безобразие» (И.А.Гончаров).*

Проанализировав афоризмы английского и русского языков, мы пришли к выводу, что в английской и русской афористике концепт «красота» получает разнообразные характеристики. Общим для сравниваемых лингвокультур является следующее:

1) красота признается одной из высших человеческих ценностей;

2) красоте уделяется большее внимание, чем характеристикам отрицательной эстетической оценки;

3) красота сопряжена с другими высшими ценностями;

4) красота женщины может быть обманчива.

Основные различия в отношении к красоте и ее антиподу в английской и русской лингвокультурах, по данным афористики, таковы:

1) для английских авторов важно отметить связь красоты, свободы, радости как проявлений жизни, для русских наиболее существенным является сопоставление красоты и добра, т.е. внешнего и внутреннего в человеке; очень важен тезис о том, что подлинная красота постигается не умом, а сердцем;

2) английские мыслители подчеркивают соотношение красоты и бесполезности, красоты и эфемерности, красоты и беззащитности, русские – соотношение красоты и здоровья, красоты и гармонии;

3) англичане с горечью констатируют склонность людей игнорировать красоту, русские же воспевают изначальную красоту мира.

В результате исследования мы пришли к следующим основным выводам. В паремиологическом фонде английского языка этнокультурная специфика лексического воплощения исследуемого концепта заключается прежде всего в выделении двух типов эстетической оценки- непосредственно эмоциональной и рационально отрефлектированной. При этом данное противопоставление релевантно только для положительной эстетической оценки (эмоциональное и рациональное восхищение). Для англоязычного языкового сознания важным признаком является идея выбора как условия для признания

чего-либо соответствующим критериям красоты. Эта идея акцентирует роль субъекта оценки, выносящего суждение по поводу эстетически оцениваемого мира. Важным признаком красивого объекта является констатация его неиспорченности, безупречности. Этнокультурная специфика эстетической оценки в русской лингвокультуре заключается в противопоставлении красоты внешней и внутренней. Эта оппозиция соответствует известному тезису о том, что для русской ментальности приоритетным является признание духовных ценностей. Противопоставление внешней и внутренней красоты сводится, таким образом, к контрасту телесно-материальной и духовной действительности. При этом необходимо отметить, что номинативная плотность внешней красоты превосходит соответствующий показатель красоты внутренней. В ряду слов внешней положительной эстетической оценки большая часть единиц характеризует объект комплексно, выделяя не только эстетический признак, но и признаки возраста, здоровья, качества изготовления, дороговизны, соответствия моральным нормам. Важным отличием русской лингвокультуры является подчеркивание очарования, чудесной сущности красоты.

Отрицательная эстетическая оценка также обладает лингвокультурной спецификой. Для английского языкового сознания наиболее актуальными в этом отношении являются признаки причинения ущерба внешности, необработанности и отсутствия украшения. Если акцентируется идея того, что объект испорчен, то тем самым подчеркивается вина того, кто этот объект испортил либо ничего не сделал для того, чтобы объект сохранил свою красоту. Важной характеристикой англоязычного представления о безобразном является сочетание признаков отвращения, убожества и грязи. Такая признаковая комбинация свидетельствует о том, что безобразное является результатом неправильного поведения человека.

В русской лингвокультуре противопоставляются безобразное и уродливое как внутреннее и внешнее отступление от канонов красоты. Для русского языкового сознания важна идея врожденного внешнего несовершенства, за которое человек не отвечает, и поэтому таких людей следует жалеть. Признак уродливости часто сочетается с характеристикой плохого здоровья. Люди маленького роста в русской лингвокультуре обычно оцениваются пренебрежительно. Прототипная внешность русской женщины, по данным лексической семантики, является красивой, для русских мужчин эта характеристика не установлена. Афоризмы о красоте подчеркивают исключительную ценность красоты, ее связь с другими высшими ценностями.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Каирова М.К. Лексико-фразеологические способы репрезентации эстетической оценки внешности человека в русской и казахской языковых картинах мира. // Автореф. дис... канд.филол.наук. – Астана, 2010. – 24 с.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования.- М.: Наука, 1981.- 20 с.
3. Болотнова Н.С. Художественный текст в коммуникативном аспекте и комплексный анализ единиц лексического уровня/ Н. С. Болотнова: Автореф. дис… докт. филол. наук. СПб, 1992.- 21 с.
4. Савицкий Б.М. Происхождение и развитие русских пословиц. Диалектика текста: Автореф. дис... канд. филол.наук. – М.: Прогресс, 1992.- 43 с.
5. Швыдкая Л.И. Структура синонимического ряда пословиц и афоризмов английского языка// Фразеология.- Том1.- Челябинск, 1973.- 219- 228 с.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ СЛОВАРЕЙ:

1. Random House Russian-English Dictionary of Idioms. Random House, New York, 1995.
2. Катермина В.В. Идеографический словарь словесной и фразеологической номинации (на материале русского и английского языков). Краснодар: КубГУ, 2002.
3. Словарь употребительных английских пословиц/ Буковская М. В., Вяльцева С. И., Дубянская З. И. и др.- М.: Русский язык, 1985.
4. Снегирев И. С. Русские народные пословицы и притчи.- М.: Русская книга, 1995.
5. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка.- М.: Прогресс, 1986.

Раманова А.А.
ф.ғ.к., доцент
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Орал қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕР АДАМ ЕСІМДЕРІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Түйін. *Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі ер адам есімдерінің тілдік сипаты сөз болады. Ер адам есімдерінің қалыптасу кезеңдері көрсетіліп, қысқаша түсініктеме беріледі. Тіліміздегі ер адам есімдерінің қойылу себептері анықталып, мысалдармен дәлелденеді. Ер адам есімдерін қалыптастырушы сөзжасамдық жұрнақтар мен біріккен сөздерден болған ер адам есімдерінің тірек сөздері нақты көрсетіледі.*

Кілт сөздер. *Ер адам есімдері, қазақ антропонимиясы, дара есімдер, күрделі есімдер, туынды есімдер, сөзжасамдық жұрнақтар, тірек сөздер.*

Резюме. *В статье рассматриваются языковые свойства мужских имен в современном казахском языке. В работе показано формирование мужских имен и дана им краткая характеристика. Наряду с этим определены причины, по которым дают мужские имена и аргументированы примерами. Показаны способы образования мужских имен при помощи словообразовательных суффиксов и сложных имен на основе опорных слов.*

Ключевые слова. *Мужские имена, казахская антропонимия, простые имена, сложные имена, производные имена, словообразовательные суффиксы, опорные слова.*

Summary. *The article discusses the language properties of male names in the modern Kazakh language. The work considers the formation of male names and gives them a brief description. Along with this, the reasons for which give male names and argued by examples are defined. The ways of forming male names using word-formation suffixes and complex names based on supporting words are shown.*

Keywords. *Male names, Kazakh anthroponymy, simple names, complex names, derived names, derivational suffixes, supporting words.*

Қазіргі қазақ тіл білімінде соңғы жылдары антропонимияның түрлі мәселелеріне назар аударылып жүр. Соның бірі – тіліміздегі ер адам есімдерінің этнолингвистикалық сипаты, қалыптасу жайы.

Ғалымдар жіктеуінше, антропонимдік жүйе белгілі бір семантикаға ие әйел есімі мен еркектер есімі болып бөлінеді [1, 54]. Қазақ тіл білімінде жалқы есімдер туралы зерттеулер болғанымен, оларды гендерлік тұрғыдан әйел және ер адам есімдері деп арнайы бөліп қарастырған еңбек жоқтың қасы. Сондықтан да тіліміздегі ер адам есімдерін арнайы зерттеп қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Кісі есімдері ұлт өмірінен, оның саяси-мәдени даму жолынан да хабар беретін ақпарат көзі екендігін аңғаруға болады. Әр адам есімі өзінде мол ақпарат сақтайды деуге болады. Есімнің қойылу себебін, мағынасын анықтау арқылы тіпті халық тарихына қатысты да мәлімет алуға болады. Ғалым Т.Жанұзақовтың: «Ономастика халықтың өткендегі тарихы мен қоғамдық құрылысын анықтау жайында бірден-бір тамаша материал. Адамдардың атында сақталған ескі лексикалық қабаттар тіліміздің ғасырлар бойғы даму барысын айқын, дәл көрсетеді», – деген пікірі жоғарыда айтылған ойымызды дәлелдей түседі [2, 26].

Ғалымдар зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі ер адам есімдерінің қалыптасу кезеңдерін төмендегіше көрсете аламыз:

1. Көне түркі заманы, V-VIII ғасырлар;
2. Орта ғасырға тән антрополексемалық типтерді қамтиды, VIII-XVII ғасырлар;
3. Тарихта жаңа заман саналатын – XVII-XIX ғасырларда дамыған көп салалы антропонимдерді қамтиды;
4. Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес заманында туып, дамыған антропонимдік типтерді қамтиды [3].

Ғалым зерттеулерінің еліміздің Тәуелсіздік алғанға дейінгі жылдарда жазылғанын ескере келсек, бұл даму кезеңдеріне тағы біреуін қосқан дұрыс деп есептейміз.

5. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарында туып, дамыған антропонимдік типтер.

Ер адам есімдерінің әр кезеңде қалыптасу жайына қысқаша тоқталып өтсек:

1. Көне түркі заманында ер адамдарға үй жануарлары мен жабайы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, қымбат бұйымдардың атаулары есім ретінде беріліп отырған. Мәселен, *Бөрібай,*

Бүркітбай, Бұқабай, Итбай, Күмісбай, Қарғабай, Қаршыға, Қоянбай, Түйебай, Түлкібай, Арыстан, Жолбарыс, т.б. Ай мен күнге, тылсым күштерге, табиғи құбылыстарға табынып, сыйыну нәтижесінде пайда болған есімдер де осы кезеңге тән. Тіліміздегі *Айбақыт, Күнбақыт, Күнтуар, Күнболсын, т.б.*

2. Орта ғасырдағы ер адам есімдері көпшілік жағдайда ислам дініне байланысты қойылды. Ислам діні немесе діни кітаптар арқылы келген көптеген сөздер сәбилерге есім ретінде қойылып жатты. Сонымен қатар монғол тілінен енген ер адам есімдері де осы кезеңге жатады. Мәселен, *Шағатай, Сыпатай, Ноян, Түменбай, Сайын т.б.* Тілімізде монғол тілінен енген ер адам есімдері сирек кездеседі. Ғалымдардың тұжырымдауынша, бұл кезеңдегі жазба ескерткіштерде көбіне ер адам есімдері келтірілген, себебі жазбалардың барлығында сол кезеңдегі ел билеушілерінің есімдері қолданылған.

XV-XVIII ғасырларда ауыз әдебиеті кеңінен дамуына байланысты, кейіпкерлер есімдері сәбилерге қойыла бастады. Мәселен, *Қобыланды, Қамбар, Алпамыс, Құртқа, Қарлыға, Назым, Жібек, Төлеген, Баян, Жүсіп, т.б.*

Ер адам есімдерінде көп кездесетін *бек, бай, мырза, төре* сынды сөздер де осы кезеңге тән деп есептеледі. Мәселен, *Бексұлтан, Бекмырза, Бекайдар, Мырзабек, Баймырза, Сұлтанбек, Төрехан, т.б.*

3. Үшінші дәуір орыс тілінен енген есімдердің халық арасына кеңінен жайылған кезеңі саналады. Орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы тығыз байланыстың орнауының негізінде тілімізде *Ескендір, Мекәйіл, Жандарал, Майор, Андре, т.б.* ер адам есімдері пайда бола бастады. Қазақ даласында сауданың дамуымен байланысты осы кезеңде сәбилерге *Теңгебай, Сомбек, Ақшабай, Саудабек* сияқты есімдер қойыла бастады.

Қазақ даласында *-ов, -ев* жұрнақтарымен жасалған алғашқы фамилиялардың пайда болуы да осы кезеңнің еншісіне жатады.

4. Қазіргі қазақ тіліндегі ер адам есімдерінің негізгі бөлігі және кірме есімдердің көпшілігі осы кезеңде қалыптасқан. Орыс тілі арқылы тілімізге басқа шет тілдерінен енген ер адам есімдері де осы кезеңде қабылдана бастады. Төртінші кезеңнің құрамына енетін тарихи оқиғаларға (Қазан төңкерісі: *Кеңес, Мэлс, Тельман, Совет, Армия, Большевик;* колхоздастыру: *Колхозбек, Совхозбек, Мәдениет, Өндіріс;* Ұлы Отан соғысы) байланысты да көптеген ер адам есімдері қалыптасты.

Кеңес үкіметі нығайған жылдары, халықтың социализм, коммунизм идеяларына сенімі зор болған кезінде ұл-қыздарына *Кеңес, Кеңесбек, Кеңесбай, Кеңесхан, Кеңеснұр, Совет, Советбек, Советбай, Советхан, Советжан, Советәлі, Советнұр, Советқали, Социал, Мэлс, Октябрь, Коммунизм, Коммунар, Съезбек, Съезхан* сынды есімдерді берген. Бұл бір жағынан тарихи кезеңнің кісі есімдерінен көрініс тапқанын көрсетсе, екінші жағынан халықтың кеңес одағының болашағына деген үлкен сенімін де білдіреді.

XX ғасырдың 50 жылдарынан кейін сәбилерге ата-аналары белгілі бір мәнге ие әдемі аттар қоя бастады. Соның нәтижесінде тілімізде *Абзал, Айдар, Айдос, Әнуар, Бейсен, Бекен, Досан, Ғани, Елдос, Қайрат, Мәжит, т.б.* сынды есімдер дүниеге келді.

5. Еліміз Егемендігін алғаннан кейін халқымыз сәбиге ат қоюға үлкен мән бере бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұл балалардың көпшілігіне *Нұрсұлтан* есімі қойыла бастады. Келесі кезек *Ерасыл, Нұрасыл, Әлихан, Диас* сынды есімдерге берілді. Елімізде өткізілген үлкен шараларға байланысты *Саммит, Саммитбек* сынды есімдер дүниеге келді.

Қазіргі таңда тарихқа деген жаңаша көзқарастың негізінде сәбилерге белгілі қазақ хандарының есімдерін қайта қою дәстүрі енді. Мәселен, *Жәңгір, Абылай, Әбілқайыр, Әбілмансұр, Мансұр, т.б.*

Жүргізілген тілдік зерттеулер бүгінгі күні ер балаларға ең жиі қойылатын есімдерге мыналардың жататынын көрсетіп отыр: *Айсұлтан, Алдияр, Арсен, Әли, Әлинұр, Әлихан, Әмір, Дамир, Дінмұхаммед, Ерасыл, Ислам, Мансұр, Мирас, Нұрасыл, Нұрислам, Рамазан, Расул, Санжар.*

Қазақ антропонимиясының бір бөлігі – ер адам есімдері – ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға беріліп, халқымыздың тарихи, мәдени өмірінен, тұрмыс-салтынан мол хабар беретін тілдік материал. Ер адам есімдерін зерттеу арқылы тек қазақ тіл біліміне қатысты ғана емес, қазақ халқының тарихына, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне және діни сеніміне қатысты да мол мәлімет алуға болады.

Ғалым Г.Әлімбек өзінің «Сөз мағынасы және ақпарат» атты еңбегінде антропонимдердің мағынасына қатысты мынадай ой айтады: «...антропонимдердің ұлт өмірінен, оның бүкіл даму, қалыптасу тарихынан өте мол, әрі жан-жақты ақпарат беретін лексикалық қабат екендігін атап айтуға болады. Антропонимдердің ұлт өміріне қатысты сан түрлі ақпарат көзі екендігін, олар арқылы халықтың тарихы, салт-дәстүрі, салт-санасы, ата кәсібі, өскен ортасы, мәдениеті мен өнері, ұлттық

дүниетанымы, өзге жұрттармен қарым-қатынасы жөнінде мол мәлімет алуға болатындығынан көруге болады...» [4, 127].

Қазақ тіліндегі ер адам есімдерін қойылу себептеріне қарай төмендегіше жіктеуге болады:

1) Түр-түс атауларының басқа сөздермен бірігіп келуі. Түркі тілдерінде, әсіресе, соның ішінде қазақ тілінде «қара» сөзі «ұлы, күшті, көп, қуатты» деген жоғары дәрежелік мағынаны береді. Оған қазақ есімдері арасында кездесетін *Қараман, Қарамерген, Қаратегін* сынды есімдер мысал бола алады. Ал «ақ» сөзі «бақытты, таза, өмірге құштарлық» мағынасында *Ақжол, Ақжан* сынды есімдерге, «сары» сөзі «ақылды, дана» мағыналарында *Ерсары, Сарыбай, Жансары* сынды есімдерге арқау болған. Бұл қазақ антропонимикасында белгілі бір түстерге қатысты есімдердің кең таралуына себепші болған.

2) Сәбидің дүниеге келу уақытына байланысты: *Дүйсенбі, Жұмағұл, Жұмабек, Айтбай, Рамазан, Құрбан, Наурыз, Ақпан, Күндізбай, Күзгібек,*

3) Сәби дүниеге келген кездегі түрлі шараға байланысты: *Саммит, Дауыл, Жаңбырбай, Айтбай;*

4) Отбасындағы бала санына байланысты: *Жалқыбай, Кенжебай, Соңғыбай, Тұңғыш,Тұңғышбай;*

5) Тілек мәнді есімдер: *Байбол, Ербол, Есіркесін, Қуан, Орынбасар, Рахмет, Серік, Тұрар;*

6) Наным-сенімдерге байланысты қойылған ер адам есімдері: *Бөріхан, Арыстан, Тәңірберген, Алдажар (Аллажар), Алдамжар, Жасағанберген;*

7) Жер-су аттарына байланысты ер адам есімдері: *Еділ, Жайық, Орал, Есіл, Арал;*

8) Өсімдік атауларына байланысты қойылған ер адам есімдері: *Ақселеу, Ақшуақ (*жусан тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік*), Жөкебай, Қамысбай, Қаңбақ, Бәйтерек;*

9) Жан-жануар, аң, құс аттарымен келген ер адам есімдері: *Алан* (барыстың күшігі), *Арлан* (қасқырдың еркегі), *Арыстан, Әлеке* (тазының ең жүйрік түрі), *Бұғыбай, Бүркіт, Бүзаубай, Бұлан, Қабылан, Қаршыға, Үкі;*

10) Жәндіктің атымен аталған ер адам есімдері: *Дәуіт, Жыланбай;*

11) Қымбат тас және металл атауларына байланысты қойылған ер адам есімдері: *Алмас, Болат, Темір;*

12) Этнонимдерден, ру-тайпа атауларынан болған ер адам есімдері: *Алшын, Арғын, Байбақты, Өзбек, Ноғай, Естек, Қалмақ, Орысбай;*

13) Әдеби кейіпкерлер есімдерінен болған ер адам есімдері: *Алпамыс, Аязби, Қамбар, Қобыланды, Тарғын;*

Құрамына қарай ер адам есімдері дара және күрделі есімдер болып бөлінеді. Дара есімдерге бір түбірден болған есімдер жатады. Мәселен: *Арман, Дос, Еркін, Қайрат, т.б.* Екі немесе одан да көп түбір сөздердің бірігуінен жасалған есімдер күрделі есімдер болып келеді. Мысалы: *Елдос (Ел+дос), Жандос (Жан+дос), Кенжебек (Кенже+бек), Алтынбек (Алтын+бек), Елубай (Елу+бай), т.б.*

Қазақ тіліндегі ер адам есімдері жасалу жолына қарай дара және туынды есімдер болып бөлінеді. Дара есімдер әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бір түбірден болған есімдер: *Асан, Ермек, Ерік т.б.*

Туынды есімдер төмендегіше жолдар арқылы жасалады:

1) Сөзжасамдық жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Қазақ тілінде ер адам есімдерін жасайтын мынадай жұрнақтар бар:

-ақ, -ек: *Орақ, Тарақ, Жігітек;*

-ғали: *Сәрсенғали, Әділғали, Базарғали, Бисенғали, Ергали, Еркінғали, Ерсінғали, Жиенғали, Иманғали, Исламғали, Қайырғали, Сейітқали, Серікқали,Тұрдығали;*

-ған, -ген, -қан, -кен: *Аяған, Берекен, Ерген, Жаралған, Қашкен, Теңелген, Төлеген,Тұрған;*

-дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес: *Жолдас, Барлас, Ерлес, Нұртас, Тілеулес;*

-қали, -ғали: *Айдынғали, Аққали, Аманғали, Артығали, Ахметқали, Базарғали, Бақтығали, Батырғали, Бердіғали, Ермекқали, Ерсінғали, Есенғали, Жанғали, Жолдығали, Жүнісқали, Жұмағали, Ишанғали, Күмісқали, Қажығали, Қайырғали, Қожағали, Қуанышқали, Мұсағали, Мырзағали, Нағашығали, Нұрғали, Нұрманғали, Орынғали, Өтегали, Рақымғали, Сабырғали, Сатқали, Сәрсенғали, Сейітқали, Сердіғали, Серікқали, Сидегали, Тілекқали, Тасқали, Темірғали, Төлепқали, Тұрғали, Тұрдығали, Үмбетқали;*

-қын, -ғын, -гін: *Айқын, Жарқын, Еркін;*

-құл, -ғұл*: Айтқұл, Боранқұл,Есмағұл, Құттығұл;*

-лан, -лен*: Ерлан, Нұрлан, Тұрлан;*

***-лы, -лі**: Айталы, Ералы, Қайырлы, Мырзалы,Нұралы, Оразалы;*

***-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:** Барлық, Жақсылық, Амандық, Сағындық, Қуандық, Сүйіндік, Тыныштық;*

***-мақ, -мек, -бақ, -бек:** Нұрмақ, Байбек;*

***-ман:** Бисман, Ерман, Мейірман, Жайман, Жұғыман, Нариман, Нұрман;*

***-тай:** Ағатай, Әбілтай, Бекетай, Елтай, Есентай, Исатай, Қаратай, Қожантай, Құрмантай, Мертай, Оралтай, Орынтай, Нұртай, Шынтай;*

***-у:** Өтеу, Төлеу;*

***-ым, -ім, -м**: Нұрым, Әйтім, Жолымбет, Қажым, Ізім;*

***-ын, -ін:** Сүйін, Түйін;*

***-ыс, -іс, -с:** Елемес, Жеңіс, Жалғас, Жарас, Қоныс, Өтес;*

***-ш, -ыш, -іш:** Аташ, Жұбаныш, Жұмаш, Илаш, Қапаш, Қуаныш, Мұқаш, Өтеш, Сүйініш;*

***-шы, -ші:** Ақаншы, Жылқышы, Сұраншы;*

2) Екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінен жасалған есімдер. Қазақ тіліндегі біріккен сөздерден болған ер адам есімдерінің құрамында жиі кездесетін төмендегіше тірек сөздерді көрсете аламыз:

***айдар:** Ақайдар, Бекайдар, Жанайдар, Жылқайдар, Мұнайдар;*

***аман:** Еламан, Жоламан;*

***асқар:** Қалиасқар;*

***әли:** Әкімәли, Дәулетәли, Дүниеәли, Қуанышәли, Нұрәли, Тұрали;*

***бай:** Айтбай, Алтыбай, Аралбай, Асқарбай, Атабай, Атшыбай, Аюбай, Базарбай, Балтабай, Бердібай, Берікбай, Боранбай, Бүркітбай, Дүкенбай, Дүйсенбай, Егінбай, Еділбай, Елубай, Еңсепбай, Жаманбай, Жаңабай, Жауынбай, Жеңсікбай, Жидебай, Жыланбай, Игібай, Кәрібай, Кенжебай, Қадырбай, Қалабай, Қалдыбай, Қаржаубай, Қойланбай, Қойшыбай, Қонақбай, Қоңырбай, Қуанышбай, Құрақбай, Құраубай, Майлыбай, Меңдібай, Мұратбай, Мырзабай, Нағашыбай, Нарынбай, Наурызбай, Ниязбай, Нұрбай, Нұрлыбай, Оңайбай, Оңғарбай, Оразбай, Орынбай, Отарбай, Сайлаубай, Сансызбай, Сембай, Серікбай, Сүндетбай, Танбай, Төлебай, Төленбай, Төлеубай, Тұрақбай, Тұрганбай;*

***барақ:** Байбарақ;*

***батыр:** Айбатыр, Байбатыр;*

***бек:** Ағабек, Айбек, Айнабек, Ақылбек, Алқабек, Алмабек, Алтынбек, Асыланбек, Асылбек, Атабек, Әділбек, Әлібек, Болатбек, Жазылбек, Жақсыбек, Жанарбек, Жарқынбек, Жартыбек, Жолдасбек, Жұмабек, Зауытбек, Зорбек, Исламбек, Кенжебек, Күмісбек, Манарбек, Мейрамбек, Мұратбек, Мұсабек, Нұрбек, Нұрибек, Нұрлыбек, Оразбек, Рүстембек, Рысбек, Сәндібек, Темірбек, Толыбек, Төребек, Тұрарбек, Тұрсынбек, Шекербек;*

***берді:** Есберді, Құдайберді;*

***берген:** Айберген, Бақберген, Жаңаберген, Жасағанберген, Құдайберген, Нұрберген, Тәңірберген,Шынберген;*

***бет:** Бейімбет, Жолымбет;*

***бол:** Айбол, Берікбол, Досбол, Ербол, Есбол, Жасбол, Нұрбол;*

***болат:** Айболат, Бекболат, Ерболат, Есболат, Қазболат, Нұрболат, Тасболат, Шынболат;*

***дәулет:** Бақдәулет,Нұрдәулет;*

***дос:** Амандос, Елдос, Жандос;*

***жан:** Айтжан, Әбілжан, Әділжан, Әміржан, Бақытжан, Бауыржан, Бекжан, Бижан, Біржан, Ғалымжан, Ержан, Есжан, Қайыржан, Қалжан, Мержан, Нәсіпжан, Нұржан, Сағымжан, Сәлімжан, Сәуіржан, Сержан, Серікжан;*

***жол:** Ақжол, Аманжол;*

***жігіт:** Ақжігіт, Нұржігіт;*

***келді (гелді):** Амангелді, Есенгелді,Нұргелді, Жангелді;*

***керей(герей):** Әкімгерей, Бақтыгерей, Жангерей, Шангерей;*

***қабыл:** Жанғабыл, Тілекқабыл;*

***қайрат:** Жасқайрат;*

***қара (гара):** Қойшыгара;*

***қожа:** Бердіқожа, Нұрқожа;*

қылыш: *Бердіқылыш;*
молда: *Баймолда;*
мырза: *Ақмырза, Бекмырза;*
мұқан: *Аймұқан, Әжімұқан, Ділмұқан, Қажымұқан, Нұрмұқан, Таймұқан;*
мұрат: *Алдамұрат, Ермұрат, Өтемұрат;*
назар: *Ақназар, Алданазар, Бекназар;*
нияз: *Айтнияз, Бекнияз, Жұбанияз, Қожанияз, Құрманияз, Тобанияз, Шернияз;*
сайын: *Ерсайын, Нұрсайын;*
сары: *Ерсары;*
сапар: *Қайырсапар;*
сейіт: *Әбілсейіт, Нұрсейіт;*
серік: *Жансерік,Нұрсерік;*
сұлтан: *Айсұлтан, Бексұлтан, Нұрсұлтан;*
талап: *Ақталап, Жасталап, Оңталап;*
тас: *Шынтас;*
темір: *Бектемір, Тастемір, Шынтемір;*
төре: *Жантөре;*
тұрған: *Бектұрған, Ізтұрған;*
тілек: *Нұртілек;*
ұлан: *Бекұлан, Жасұлан;*
ұзақ: *Жанұзақ;*
хан: *Асанхан, Асылхан, Әділхан, Болатхан, Жайылхан, Нұрхан, Сайлыхан, Темірхан;*
шат: *Ершат, Нұршат.*

Ауылда және қалада тұратын ер адамдар есімі арасында әлеуметтік айырмашылық бар. «Аймақтық антропонимиялық айырмашылық тек елдер арасында ғана емес, сол сияқты ауыл мен қала тұрғындарының есімдері арасында да...» [5, 28] байқалады. Бұл айырмашылық, біріншіден, ауыл тұрғындары мен қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайына, өмір сүру деңгейіне байланысты. Мәселен, ауыл адамдары көбіне сәбиге мағынасы терең, қазақи сипаттағы есімді қояр болса, қала тұрғындары арасында кірме есімдерді сәбиге қою жайты жиі кездеседі.

Қорыта келсек, ер адам есімдерін жеке қарастыру арқылы гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, сөзжасам мәселелері қатар қарастырылатынын байқадық. Әрине, бұл мәселелердің барлығын бір ғана мақала көлеміне сыйдыру мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. Астана, 2005.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.
3. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1971.
4. Әлімбек Г. Сөз мағынасы және ақпарат. Алматы: «Атлас баспасы – 2001», 2006.
5. Бестужева-Лада И.В. Исторические тенденции развития антропонимов // Личные имена в прошлом, настоящем, будущем. Москва: Наука, 1970.

Садырова А.Т.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған, Қазақстан

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ МЕН АНТИКА ӘДЕБИЕТІ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰҚСАС ОБРАЗДАРДЫ САЛЫСТЫРА ОҚЫТУ

Түйін: *Мақалада, антика әдебиеті мен қазақ ауыз әдебиеті арасындағы үндестік туралы айтылып, қазақ ауыз әдебиеті мен антика әдебиеті мұраларындағы ұқсас образдарды салыстыра оқыту мәселелері қарастырылады.*

Антика бастауындағы гректің әдебиеті, философиясы, өнері мен мәдениеті қазіргі уақытқа дейін саясат пен ғылымда, құқық пен заңтануда, кескіндемеде, сәулет пен мүсін өнерінде және тағы басқа да салаларда көрініс тауып отырды. Сол мәдениет салаларының ішінде антика әдебиеті мұраларында қазақ халқының арғы ата-бабаларының жасап кеткен әдебиетімен ортақ ұқсастықтары, үндестіктері өте мол.

Мақалада, бұл үндестіктің көбіне типологиялық, сюжеттік, идеялық-мазмұндық, форма, стиль, композиция, поэтика және басқа да көркемдік ерекшеліктері арқылы көрінетіні сөз болады.

Кілт сөздер: *антикалық әдебиет, қазақ фольклоры, зерттеу, мұра.*

Садырова А.Т.
Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова
Талдыкорган, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ ПОХОЖИХ ОБРАЗОВ В КАЗАХСКОМ ФОЛЬКЛОРНОМ И АНТИЧНОМ ЛИТЕРАТУРНОМ НАСЛЕДИИ

Резюме: *В статье рассматривается гармония между античной литературой и казахским фольклором, а также сравнительное обучение схожих персонажей в казахском фольклоре и античном литературном наследии.*

Греческая литература, философия, искусство и культура древности нашли свое отражение в политике и науке, юриспруденции и юриспруденции, живописи, архитектуре и скульптуре. Среди этих культурных сфер наследие античной литературы имеет большое сходство с традициями казахского народа, с его литературой.

В статье говорится, что эта гармония часто выражается через типологическое, сюжетное, идеологическое содержание, форму, стиль, композицию, поэтику и другие художественные особенности.

Ключевые слова: *античная литература, казахский фольклор, изучение, наследие.*

Sadyrova A.T.
I.Zhansugurov Zhetysu state university
Taldykorgan, Kazakhstan

COMPARATIVE STUDY OF SIMILAR IMAGES IN THE KAZAKH FOLKLORE AND ANTIQUE LITERATURE HERITAGE

Summary: *The article focuses on antique literature and the study of the heritage of world literature on the specialties of philology, journalism, arts and culture, with reference to the fact that the ancient Kazakh heritage, the khan, the uisun, and the kypchak era are spiritual and deep-rooted spiritual artifacts.*

Studying the various aspects of the Kazakh folklore and antique literary heritage, the comparative teaching of Kazakh literature and antique literature in higher education institutions is a basis for spirituality, morality, respect for the national literary heritage and the history of literature and art is described.

The current state of the Kazakh literature, its features, its spiritual heritage, its history, in many respects, are the most important factor in comparing it with the literature of other countries, since there is no less than any other literature.

Keywords: *ancient literature, Kazakh folklore, study, heritage.*

Студенттердің бүгінгі өмір талабына және әлемдік кеңістікте құзыреттілікке жетуі олардың жоғары оқу орындарында оқу және қабылдау, ой-өрісін дамыту секілді қасиеттерінің өркендеу қарқынына қатысты болып отыр.

Студенттердің жоғары оқу орындарында антика әдебиеті мен қазақ ауыз әдебиеті арасындағы үндестік деген ұғымға ден қоюы шарт. Кез-келген халықтың әдеби туындыларының іргетасы ауыз әдебиетке негізделеді.

Қазақ әдебиеті тарихынан орын алатын ұлы ақын-жазушылардың шығармалары мен әдеби мұраларының халықтық сипатын саралау, олардың қайталанбас қолтаңбасын нақты бағалау – әр қоғамның тарихи талабы. Уақыт сынынан сараланып өтіп, халық санасында екшелген нағыз тұлғалардың өнегелі, үлгілі сипаты арта береді. Заман өзгеріп, қоғам жаңарса да ұлы туындылар мен мұралар өзгермейді, қадір-қасиетін, құндылығын жоғалтпайды. Қай заманға, қай дәуірге болса да қызмет етіп, үрпақ тәрбиесіне игілікті ықпалын, әсерін тигізіп отырады. Өзінің көкейкесті мұддесін, көңіліндегі сыры мен жырын жырлаған, ойындағы сөзін сөйлеген, көкейіндегі көксеген арманын айтқан туындыны халық қашанда кәдесіне жаратып, пайдасына асырды. Осы ойымызды ғұлама-ғалым М.Әуезовтің «Дүниеде болып өткен нелер ұлы жандар бар, олардың ішінде даналары да аз емес-ті. Көбінен қалған дарынды кітап, ұлы шығармалар үнемі есіңе түсіп, қатарыңа ілесіп жүргендей болады. Біз оларды әр уақытта керегіне қарай пайдаланамыз, ісімізге жаратамыз»,–деген сөзімен бекіте түсуге болады[1, 254-б].

Қазақ әдебиетін оқыту саласындағы көрнекті әдіскер-ғалым Т.Ақшолақовтың: «Көркем текстi оқуға құмарлық туғызу оқытушы шеберлігіне, білімділігіне байланысты. Текстi ой көзімен тереңдей оқығанда ғана шығарма бар саз-әуенімен тіл қатады да, оқушының сезімін оятады, шығармаға деген оның ынтасын арттырады. Сондықтан ұстаз ең алдымен, көркем текстi оқуға үйрету керек. Демек, сабақта шығарманы сөйлету үшін қандай әдіс-тәсіл қолдануға да ұстаз ерікті», – деген пікірінің қай кезеңде болмасын мәні зор[2, 338-б].

Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдермен тығыз байланыста болады. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, салыстыра оқыту әдісі, мәтінді көркемдеп оқу әдісітерінің орны ерекше. Педагогикалық ғылым негіздері бойынша студентті үнемі еңбектендіру, іздендіру оның ақыл-ойын дамытады, білімін шыңдайды. Әдеби шығармаларды меңгерту үшін берілген тапсырмалар студенттердің түсінігін, білім-білік деңгейін дамытса, шығармашылық жұмыстар ойын сауатты да жүйелі, әдеби тілде жеткізе білуге үйретеді.

Осы тұстағы атап өтетін факт – қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйі, оның даму ерекшелігі, сипаты, рухани мұрасы, тарихы көп ретте басқа әдебиеттерден еш кемі жоқ, тамыры тереңге кеткен, тіні мықты бәйтерек секілді болса, оны басқа елдердің әдебиеттерімен салыстыру аса қажет фактор екені ақиқат.

Салыстырма әдебиет, яғни компаративизм әдісі бойынша ой айту Еуропада XVIII ғасырда қолға алынса, оның ең алғашқы баспалдақтары Ресейде XIX ғасырда пайда болып, қазіргі күнде белгілі, мектеп ретінде іргеленді. Ал қазақ әдебиетінде антика әдебиеті мұраларының зерттелуі тәуелсіздік алған тұстан қолға алынды.

Тарихи салыстыру мектебі, яки компаративизм ағымының Ресейде туын көтерген адамдар – Веселовский, Миллерлер. Мұндағы негізгі принцип – салыстыру. Дүние жүзінде капитализмнің дамуы нәтижесінде экономикалық қарым-қатынастар шеңбері үлғайып, бір ел мен екінші ел, бір халық пен екінші халық жақындай түсті, жерге, байлыққа, қызығуымен қатар, әдебиет нұсқаларына да назар аударылды.

Компаративистер әр түрлі халықтар әдебиетіндегі жанрларды салыстыра қарап, форма мәселесіне, сюжеттің шығуына байланысты көптеген пікірлер айтқан. Әдебиеттің әлеуметтік маңызына, эстетикалық сипатына бұл әдіс те терең бойлай алған жоқ.

Яғни, оны шешу алдағы уақыттың еншісінде болса, тарихи салыстыру мектебі, компаративизм термині, қазақ әдебиеттану ғылымында кейінгі жиырма-жиырма бес жылдың ішінде ғана ауызға алынғаны жасырын емес. Бұл терминнің өзі әлемнің әдебиеттану ғылымында өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана кеңінен пайдаланыла бастады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты әдебиеттану ғылымында да түрлі терминдер мен атаулардың пайда болуы заңды да. Сондай терминнің бірі, әдебиет саласының бір бөлігіне айналған әдеби компартивистика болмақ»[3,328 б.].

Айталық, антика бастауындағы гректің әдебиеті, философиясы, өнері мен мәдениеті, саясат пен ғылымда, құқық пен заңтануда, кескіндемеде, сәулет пен мүсін өнерінде және тағы басқа да салаларда көрініс табады. Сол мәдениет салалардың ішінде антика әдебиеті мұраларында қазақ халқының арғы ата-бабаларының жасап кеткен әдебиетімен ортақ үқсастықтары, үндестіктері өте мол. Бұл көбіне типологиялық, сюжеттік, идеялық-мазмұндық, форма, стиль, композиция, поэтика және басқа да көркемдік ерекшеліктері арқылы көрінеді.

Қазақ ауыз әдебиетінде: «Барар жерің – Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөз тіркесі бар. Бұл қазақ руларының бір заманда Балқан түбегіне дейін ығысып барғандығын аңғартады. Яғни, қазақ рулары басқа түрік, моңғол ру-тайпаларымен бірге ерте уақыттардан шығыс жағы Орталық Азия, батыс жағы Византия аралығын жайлаған, әр кезде сол араның әр жерінде болған. Осы күнгі Қазақстан жеріне XV ғасырдан, негізінде өз алдына халық, хандық болып құрылғаннан бастап жайғасқан.

Ертедегі қазақ ру-тайпалары бұрынғы уақытта, қазақ халқы, қазақ хандығы болып құрылғанға дейін Қытай, Рим аралығындағы аймақтар мен өлкелерді мекендеген түрік, моңғол руларымен бірге, тіпті солардың құрамында тірлік еткен. Сондықтан, бәрінің тарихи, қоғамдық, мәдени өмірі үқсас болған.

Ерте кездерде Қытай, Рим арасын мекендеген көптеген ру-тайпалар, шамамен айтқанда, IX ғасырға дейін қоғамдық дамудың ру-үлыстық сатысында болды. Соған лайық олардың түрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, тілі, мәдениеті, ауыз әдебиеті болды.

Бірте-бірте халықтың наным-сенімі, салт-санасы, даналығы пайда болды; халық түрлі өнер, жазу-сызу ойлап шығарды.

Халық даналығы дегеніміз – оның ауыз әдебиеті: еңбек, шаруа, әдет-ғұрып, өлең-жырлары, жұмбақ, мақал-мәтелдері, ертегілері мен аңыз-әңгімелері.

Қай халықтың ауыз әдебиетіндегі төрт түлік мал, аң, құс, аңшылық, малшылық жөніндегі өлең-жырлар, күн жайлату, жалыну, жалбарыну, арбау, бәдік, түрмыс-салт өлең жырлары осы ру-үлыстық дәуірде, соның алғашқы кезінде туа бастады.

Бері келе тайпа, үлыс өзінің басынан өткендерін, бұрын-соңды болған атақты ер, батыр адамдарын әңгіме, аңыз, жыр еткен. Олардың өлісін жоқтаған, тірісін мадақтаған. Осыдан аңыз-әңгімелер, ертегілер, батырлар жырлары келіп шыққан.

«Антикалық образдар мен сарындарды қазақ фольклорымен байланыстыра қарау М.О.Әуезов еңбектерінде біршама жиі кездеседі. Оның 1939-1940 жылдары Л.Соболевпен бірігіп жазған «Эпос и фольклор казахского народа» атты еңбегінде Қорқыт есімінің қазақпен тектес халықтардың көбінде әр алуан жанрда орын алғанын ескерте келіп: «Аңыз адам өмірі шақты болғанына наразы болған Қорқыттың қаршадайынан ажалға қарсы алысқанын баян етеді. Ауыр ойлар азаптап, өлместікті арман еткен Қорқыт ел-жұрттан безіп, ажалдан қашады. Бірақ қай тарапқа барса да, алдынан өлім елесі шығады. Тамыры құрап қалған бәйтерек «мені тапқан ажал сені де табады», − дейді Қорқытқа. Айдалада құрап қалған шөп те сол жайды баян етеді. Қаусап құлағалы түрған құз-жартас та Қорқыт ажалы таяп қалғанын ескертеді. Осының бәрі-бәрін көріп-естіген Қорқыт жападан-жалғыз күңіренеді. Жер бетіндегі ең тұңғыш қобызды шырғай ағашынан жасап ап, күңірене күй шертеді, мұң-наласын ақтарып төгеді. Құдіретті күй сарыны бүкіл жер-әлемді қаптап кетеді. Оны естіген барша жұрт бас ала алмай тыңдап, таңырқап қалады. Содан бері Қорқыттың күйі де, қобызы да жер бетін шарлап кезуде», – деп атап өтеді [4,109 б.]. М.Әуезов үсынған бұл мәтіннің ерекшелігі бар, мұнда Қорқытқа хабар берушілер − адамдар емес, табиғат құбылыстары.

Қорқыттың ежелгі гректегі Прометеймен типтік бейне болып табылатынын алғашқы анықтаушылардың бірі − М.Әуезов. Ол: «Қорқыт жайындағы аңыздың тақырыбы – құдаймен алысу туралы тақырып. Қорқыт жазмыш, тағдыр даярлап қойған талайына қарсы алысады. Қазақ арасына таралған Қорқыт жайындағы нұсқалардан басқа халықтардың ежелгі ғасырлардағы көне эпосының образдарымен кейбір үқсастықты, сарындастықты сеземіз. Прометей жайындағы аңыз, осетиндердің Әміран жайындағы аңызындағы құдаймен алысу тақырыбы қазақтың Қорқыт жайындағы аңызында өз шешімін тапқан», – деп жазғаны оның қазақ және антикалық фольклордағы образдарды типологиялық түрғыда зерттеудің де көшбасшысы болғанын айғақтайды» [4,110 б.].

Көне Еуропалық әдебиет пен қазақ әдебиетінің ішкі мазмұны мен талай ғасырғы тарихына мән берсек, көп ретте олардың бір-біріне әсері, ықпалы өте күшті болғанын аңғаруға болады. Тарихтың аумалы-төкпелі толқындарына көз жүгіртсек, ол бірде Еуропалық елге жайлы жағдай туғызса, бірде

байырғы қазақ даласына мейірін төккен. Сол арқылы әдеби-рухани дүние мәңгі өлместей болып, ел ішіне сәулесін төгуде. Әдебиеттің тек өз ауласында өсіп-жетіліп, басқа елге таралмауы мүмкін емес.

Біздің ата-бабаларымыздың антика дәуіріндегі өмір сүрген еуропалық елдермен қарым-қатынасы жайында аздап болса да тарихи еңбектерде кездеседі. Соның бірі антика дәуірінде ғұмыр кешкен, артында мол әдеби, тарихи деректер қалдырып «тарихтың атасы» атанған Геродот жазбаларында сақ-скифтер жөнінде мағлұматтар бар.

Геродот б.д. дейінгі 484-425 жылдары өмір сүрген. Ол Кіші Азияның батыс жағалауының оңтүстігінде туып, көп саяхат жасаған. Жерорта теңізінен бастап **Элефантиниге** *(elefant – ағылшынша піл, яғни піл сүйегі еліне дейін мағынада)* дейін бүкіл Мысыр елін аралаған, Эгей теңізінен парсы астанасы Сузыға дейін «патша жолы» деп аталатын жолмен жүріп өткен. Ол сондай-ақ Солтүстік Қара теңіз жағалауының далаларында болып, грек білімпаздар орталығы – Афины қаласында тұрған.

Геродоттың еңбектері грек-парсы соғыстары, архаистік және классикалық Грекияның, Скифияның және бүкіл Алдыңғы Шығыс тарихы бойынша маңызды деректер болып табылады.

Геродоттың сақтар турасындағы жазған «Тарих» еңбегінің «Мельпомена» атты төртінші кітабы – аса бағалы да құнды еңбек. Өйткені, қазіргі тұста қазақтың арғы көне тарихы мен мәдениеті, әдебиеті жөнінен көп мағлұматтар сол жоғарыдағы еңбек арқылы жетіп отыр. Римнің әйгілі шешені Цицерон (б.з.д.106-43 жж.) бір ойдың орамында Геродотты «тарихтың атасы» деген болатын. Содан бері бұл бағаға күмән келтірген ешкім жоқ. Геродот біздің заманымызға дейінгі 490-480 жылдар аралығында Кіші Азияның Галикарнас деген шағын қаласында дүниеге келіп, 425 жылдар шамасында Италияның оңтүстік өңірінен топырақ бұйырған. Оның балалық шағында парсылар Балқанға үстемдік етсе, жігіт ағасы болған кезі Афинаның кемеліне келе гүлденген шағымен түспа-түс. Ал қартайған шағында әйгілі Пелопоннес соғысы басталған. Геродоттың дүние танымының қалыптасуына байырғы Грек Аттикасының әйгілі қаласы Афиныда түруы, ондағы заңгер әрі әскери басшы Периклдың үйірмесінде болуы елеулі ықпал еткен.

Геродот – жаһанкез тарихшы. Ол Кіші Азияны түгелге дерлік аралап, Бабылда (Вавилонда), Финикияда, Эгей теңізінің аралдарында, Пелопоннесте, орта Грекия қалаларында, Оңтүстік Италия мен Сицилия қалаларында болып, тарихи оқиғаларды көзімен көрген. Болған жерлеріндегі халықтардың өмір салтына ықыласпен ден қоюмен бірге, жаһан кезген саяхатшы – керуеншілердің естелік әңгімелерін көп естіген. Нәтижесінде «Тарих» деп аталатын әйгілі еңбегін жазған.

Кейін бұл еңбекті александриялық ғалымдар тоғыз кітапқа бөліп, әр кітапқа өнердің бір-бір желеп-жебеушісінің есімін берген. Сондықтан да, кейде Геродоттың кітабын жинақтап, «Музалар» деп те атайды. Мәселен, Клио – тарихтың, Евтерпа – лирикалық поэзия мен музыканың, Талия – комедияның, Мельпомена – трагедия мен сахна өнерінің, Терпсихора – би мен хордың, Эрато – поэзияның, Полигимния – әнұрандардың (гимндердің), Урания – астрономияның, Каллиопа – эпос пен шешендіктің желеп-жебеушісі.

Осылардың ішінде бір кездері қазақ даласын мекен еткен скиф, сақ, массагет тайпалары туралы жазылған төртінші кітабы «Мельпоменада» әйгілі Кирдің, Дарий біріншінің байырғы қазақ даласына жорығы, ол даладағы тайпалардың өмір-тіршілігі, тұрмыс-салты, дәстүрі, тұтынған затмүліктері, таным-түсініктері, көршілес елдермен аралас-құраластығы, жорық-жортуылдарын жанжақты баяндаған. Сондықтан да, соңғы замандарда археологиялық, лингвистикалық, эпиграфиялық, салыстырмалы-этнографиялық қыруар деректің жинақталғанына қарамастан Геродоттың скиф туралы ғажайып әңгімелері аса мәнді тарихи айғақ болуынан танбай келеді.

Жазбада қазаққа етене жақын Геродот суреттеген скифтердің салт-дәстүрі, тұтынған мүлкі, ішкен тамағы, әдет-ғұрпы айқын көрсетілген.

Біріншіден, қазақтың ата-бабаларының көшпенді екені, егін екпей, мал бағумен және балық аулаумен айналысатыны, сондай-ақ *сүт ішетіні* (Геродот қымызды мегзеуі мүмкін. Геродот: «Скифтер сусын ретінде ішетін бие сүті үшін өздерінің барлық құлдарын соқыр етеді. …Сауып алынған сүтті скифтер, шұғыл ағаш ыдыстарға құяды да, ыдыстарды қоршай соқырларды түрғызып қойып, сүтті пістіртеді. Өстігенде, сүттің бетіне шыққан маңызын алып тұрады және оны жоғары санайды, ал түбінде қалғанын нашар қалдыққа санайды» дейді[5, 210 б.] , олардың табынатын жалғыз құдайы – *күн екендігі*. Күнге құрбандыққа ат шалатыны. Онысы – ең үшқыр құдайға жер бетінің ең үшқыр жануары лайық дегені. Күнге табыну – қазақ халқының көне дәуірінен жалғасып келе жатқан құдайлардың бірі. Қазақ жеріндегі ерте кездегі адамдардың тас бедеріндегі адам денесінің басындағы күнді бейнелеуі соның айғағы болса, скифтердің «Күн патшасы» – жоғарғы әлемнің әміршісі – Қолақсай саналады.

Мифтегі Қолақсай үш ағайынды. Қолақсай әлемнің жоғарғы әміршісі болса, Арпоксай – төменгі әлемнің әміршісі, Липоксай – ортаңғы әлемнің әміршісі, қасқыр адамды, құбылғыш бейне дегенді білдірсе керек. Скифтердің мифологиялық шежіресінде «Күн патшасы» – жоғарғы әлемнің әміршісі – Қолақсай турасындағы сюжет (мұнда гректердің тәңірісі Зевс пен Гестияның есімімен байланысты сюжет кездеседі) төмендегідей баяндалады:

«Скифтердің Тарғытайдың *(Таргытай – шамамен, біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтың бес жүзінші жылдарында өмір кешкен, яғни біздің осы күндеріміздің екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген скиф патшасы*) шығу тегі жөнінде оның әкесі – Зевс, шешесі – теңіз патшасы Борисфеннің қызы Гестия дейді. Ертеде гректер Борисфен деп Днепр өзенін айтқан.

Тарғытайдың үш ұлы болған. Олардың аттары – Липоксай, Арпоксай және Қолақсай. Олар – үш скиф халқының бабалары.

Тарғытай патшалық құрған кезде скиф жеріне Көктен алтын заттар (Тәңірдің сәлемдемесі): соқа, мойынтұрық, айбалта және тостаған түседі. Бұл заттарды үлкен ағалары Липоксай бірінші көреді. Ол әлгі заттардың қасына барып жерден көтерейін десе, алтын лап ете түседі. Ол шегініп, енді ортаншы ұл Арпоксай жақындайды. Алтын тағы да от құшағына оранады. Лапылдап жанған алтынның ыстығы екі үлкен ағасын тоқтатып, тек үшінші, кенже ұл жақындағанда ғана жалыны өшеді. Ол заттарды өз үйіне апарады. Сол себептен ағалары патшалықты және соған қоса үлкендік жолын інілеріне беруге келіседі.

Үлкен ұл Липоксайдан авхат деп аталатын скиф тайпасы өрбіген. Ортаншы ұл Арпоксайдан катиар және траспи халықтары, ал кіші Қолақсайдан паралат тайпасы тарайды. Барлық тайпаларды бірге қосып, сколаттар, яғни патша адамдары деп атайды. Эллиндер (ежелгі гректер) оларды скифтер деген. Скифтер арғы аталарының тектілігін сөз ете отыра, оларды аспан тәңірлерінің ішінде ең құдіреттісі Күнмен байланыстыруы Колақсайдың ақылды да, дана патша болғандығын айғақтайды. Күнді жалғыз құдірет деп оған астындағы атын құрбандыққа шалу – кейінгі кезеңдерге дейін жалғасқан салт-дәстүр. Бұған сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі үлкен мола-қорғандардан табылған жылқы сүйектері дәлел бола алады.

Ғұндар мифологиясында Күннің пайда болуы да таңғажайып сюжеттерге толы: «Жер мен Көк жаралғаннан кейін де қараңғы қара қапас айыға қоймаған. Жасаған Ие Жер мен Көкті өз қолымен аялап, әлпештеп, жылы мерейімен есіркеп, жарық нұрымен жарылқап, олардың арасынан екі перзент –Күн (ұл) мен Ай (ару) – екі жарықты туғызыпты. Сөйтіп, Күн мен Ай алма-кезек айналып, бірінің артынан бірі жүріп отырып, әлемдегі қара түнекті түре қуыпты. Олар Жер-Көкті жылуы мен жарығына бөлеп, қақаған аяз бен қараңғы түнекті айдап отыратын болыпты» [6,99 б.].

Абайдың табиғат лирикасындағы шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Жазғытұрым» өлеңінде Күнді адам кейпінде бейнелейді, яғни мифтегі антроморфты бейне ретінде көрсетеді. Өңгелерді былай қойғанда өзі:

...Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті….
...Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай…– [7, 94 б.]

деп жырлаған.

Мұндағы Күн ұл, күйеу, яғни ер адам кейіпінде көрінген. Мифте де Абай өлеңінде ер адам, ал көне грек мифологиясында да Күн ер адам – Гелиос есімді құдай. Яғни, Күн екі халыққа да құдай, Тәңірі есебінде жоғары бағаланады.

Көне грек тарихшылары мен ақын-жазушыларының сақтар туралы және олардың тұтынған заттары, пайдаланған құрал-саймандары мен мінез-құлықтары арқылы оның кейінгі үрпақтары қазақ екендігін танытатын деректермен толығыпты. Геродоттан басқа, Эфордың, Гиппократтың, гректің атақты лиригі Пиндардың ой-пікірлері де айтарлықтай.

Грек тарихшысы Эфор (б.д.д. 405-300 жылдар) өзінің 30 кітаптан тұратын «Жалпы тарихында»: «Қой бағатын сақтар – скиф тайпалары. Олар Азияны мекендейді. Әділетті көшпелілерден тараған олар дүниеқор емес. Бір-біріне адал… Олар арбамен қөшіп-қонып (жүреді), сүт ішеді. Жеке меншікке жол бермей, барлық дүние-мүлікті бөліп пайдаланады» [8, 7-б.].

Қай заманда болса да, тарихи жағдайда қалыптасып шыққан халықтың өзіндік мәдениеті, ғұрпы, сенім-нанымы, тілі болумен қатар өзіндік мінез-құлқы болатыны аян. Шаруашылық жүргізуде де ерекше айырмашылығы болмақ.

Антика дәуірінде өмір кешкен сақ-скифтердің қазіргі қазақ халқымен ортақ рухани-материалдық құндылықтар, яғни түрмысқа қажетті бұйымдар, халықта сақталынған өнер, археологиялық табындылар ғана емес, сонымен бірге рухани құндылықтар да ортақ екендігін байқау қиын емес.

Қазақ фольклорындағы сарындарды антикалық мұралармен салыстыра зерттеу тың нәтижелер берді. Осы кезге дейін архаикалық деп жалпы атаумен аталып келген көптеген сарынның б.з.д. болғаны анықталды, бұл қазақ фольклорының тарихын тереңдетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ақшолақов Т. Шығармалардың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: Рауан, – 1994. – 8 б.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1986. – 254 б.
3. Рымғали Н. Әдебиет теориясы: Нүсқалық. -Ауезов М.О., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа. 1939 г.
4. Геродот. История: Перевод Г.А.Стратановского – Ленинград: Наука,-1972. – 322 с.
5. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: «Аруна Ltd» баспасы, 2006. – 109 б.
6. Құнанбаев А. Шығармалары. Қалың елім қазағым. Алматы: «Жалын» баспасы, 1995. 94 б.
7. Әбсәлімұлы Төлеміш. «Бие сауған байырғы жұрт пайдаланған ұлттық тағамдар және этногенездік тек». // «Ана тілі» газеті, Шілденің 20-сы, доңыз жылы. 7 б.

Сулеева Г.С.
ф.ғ.к.,қауымдастырылған профессор
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы қ., Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Аннотация. *Бұл мақалада Ұлы дала ұлы ұлдары Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығы, олардың рухани туыстықтары талқыланды. Автор сонымен қатар ұлы қазақ ойшылдары мен ақындарының адамгершілік, ар-ождан, руханилық пен мораль туралы өз ой-пікірлері мен ойларын қарастырады. Біз өмір сүріп жатқан жаһандану дәуірінде автор ақындардың жас әрі болашақ ұрпақтарын рухани тәрбиелеудегі жұмысының маңыздылығына назар аударуға шақырады.*

Түйінді сөздер: *Ұлы дала, ұлы ұлдар, рухани жаңару, адамзат, ар-ождан, мораль, ақыл, сана, жүрек, білім, ынта.*

Аннотация. *В статье речь идет о жизни и творчестве Великих сыновей Великой степи Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева и о их духовном родстве. Автор так же рассматривает рассуждения и мысли великих казахских мыслителей и акынов о человечности, совести, духовности и нравственности в их произведениях. В эпоху глобализации, в которой мы живем, автор призывает обратить внимание на важность произведений этих акынов в духовном воспитании подрастающего и будущего поколений.*

Ключевые слова: *Великая степь, Великие сыновья, духовное возраждение, человечность, совесть, нравственность, ум, сознание, сердце, образование, трудолюбие.*

Abstract. *The article deals with the life and creative heritage of the Great Sons of the Great Steppe Abay Kunanbayev and Shakarim Kudaiberdiev and their spiritual kinship. The author also considers the reasoning and thoughts of the Great Kazakh thinkers and akyns about humanity, conscience, spirituality and morality in their works. In the era of globalization in which we live, the author calls to draw attention to the importance of the works of these akyns in the spiritual education of the younger and future generations.*

Keywords: *Great steppe, Great sons, spiritual rebirth, humanity, conscience, morality, mind, consciousness, heart, education, diligence.*

Өз халқының тарихы, оның салт-дәстүрі әрбір адамға маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта халқымыздың мәдени мұрасын сақтап қалу кезек күттірмейтін мәселе болып түр. Туған халқыңның шығу тегін, түп- тамырын білу, адамды ұлтымен мақтануға, отанынсүйгіштікке тәрбиелейді, өз халқының алдында оның жауапкершілігі артады. Елбасымыз өзінің ресми сөзінде былай дейді: «Біз Ұлы Дала перзенттеріміз. Біздің ата-бабаларымыз осынау ұланғайыр даламызды білектің күшімен, найзаның ұшымен, қанын төге отыра қорғап қалды. Сондықтан «Қазақстан» деген атаумен бірге «Ұлы Дала Елі» деп атаған дұрыс деп ойлаймын» [1]. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қашан да ұлттық тарихымыздың әр кезеңіне тоқталып, ұлы тұлғаларымыз туралы лайықты бағасын беріп келеді, олардан қалған асыл аманатты сақтап, дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Түркі елінің тұтастығына ерекше мән беретін Елбасымыздың мемлекетімізді «Ұлы Дала елі» деп бейнелі түрде атау жөніндегі ұсынысы бізді қатты қуантты. Енді біз «Ұлы Дала Перзенттері» деген атқа ұмтылуымыз керек, оған лайық болуды ойлауымыз қажет. Осы жолда нәтижелі жұмыс жасау әрбір қазақстандыққа үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, еліміздің азаматтарын ауызбіршілік пен түсіністікті қадірлеуге және мемлекетімізді көркейту жолында аянбай еңбек ету керек.

Расында, өткен ғасырлардағы ақындарымыздың, жырауларымыздың, шешендеріміздің артына қалдырған еңбектері баға жетпес мұра болып табылады. Олар өз шығармаларында халықтың өткенін, тарихын, оның тағлым-тәрбиесін, адамгершілік қағидаларын батыл да, әділетті, шынайы түрде суреттеп көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елінің қоғамдық өмірінде, мәдениеті мен өнерінде, ұлттық әдебиетінде аса игі жаңғырулар бой көрсетті десек, бұл тұстағы ұлы Абай бастаған жаңашыл бағыттағы реалистік әдебиеттің даму қарқыны айрықша болды[2]. Сондықтан қазақ поэзиясында және прозасында Ұлы Абай мен Шәкәрімнің алатын орны ерекше. Бұл екі ақынның өлеңдері қазақ поэзиясының інжу-маржаны, сөз мәйегі болып табылады, олардың әр сөз шумақтары мақал-мәтел іспеттес.

Абайдың есімі көшелерге, аудандарға және бүтіндей бір ауылдарға берілді. Оның шығармалары қазақтың және әлем әдебиетінің классикасына айналды. Ақын, ойшыл-кемеңгер, ағартушы, қоғам

қайраткері Абай Құнанбайұлы қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі, бірегейі болып табылады. Осындай ұлы адамның жүріп өткен өмір жолын білу үшін, оның өмірбаянына сәл үңілейік.

Абай Құнанбайұлы XIX ғасырдың бірінші жартысында атақты Өскенбайұлы Құнанбайдың отбасында дүниеге келді. Өзінің әкесінің көрсеткен үлгі-өнегесі Абайдың өміріне және шығармашылығына арқау болды. Анасы Үлжан мен әжесі Зере бала Абайға жастайынан ертегі, аңыз-әңгімелерді, тарихи дастандарды айтып беріп отыратын. Атап айтқанда осы анасы мен әжесі әдемі шешен сөйлеуді үйретті[3].

Баласының білімге құштарлығын байқаған әкесі, оны бала кезінен молдаға оқытуға береді. Одан кейін оқуын мұсылманша медреседе жалғастырады. Онда ол парсы, арап тілдерін меңгереді. Әкесі баласын он үш жасында ел басқаруға үйрету мақсатында оқудан шақырып алады.

Жиырма жасында шешендігімен көзге түсіп, ел арасындағы дау-жанжал, қиын мәселелерді шешуге қатыса бастайды. Ол сөзге өткір, тапқыр және әділетті еді, сондықтан оның сөзіне ел тоқтаушы еді. Әртүрлі жағдаяттар оны шығармашылыққа итермелейді. Сонымен ақын өмірінің соңына дейін халқына арнап өлең жазумен айналысады[3].

Абай өмірінің келесі жиырма жылын әлемдік шығыстық және орыс классиктерінің шығармашылығымен танысуға арнады. Сөз шеберлігінің шыңына жетті. Ол адамгершілік, адамдық қасиеттер, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қоғам және заң туралы көкей тесті сұрақтарға жауап іздеп, ой толғады[4].

Абай сол кездегі алғашқы демократтық адам болды. Ол заңдар мен жауапты шешімдер тек халық игілігіне шешілуі тиіс деп есептеді. Абай өз шығармаларында билік басындағы парақорлықты, өтірік-жалғандықты, жағымпаздықты және өз мансабын асыра пайдалануды өткір сынға алып отырды[5].

Ақын өз халқының дамығанын және уақытпен қатар жылжығанын қалады. Оның ойынша әрбір ақылды адам айналасындағыларға үлкен жауапкершілікпен қарау керек деді. Осы мақсаттарға жету жолдарын Абай еңбек етуден және ғылым-білім меңгеруден көрді.

Абай өзінің ағартушылық қызметінде еңбек етуге көп көңіл бөлді. Ол тынбай еңбек еткен адамды әрі рухани, әрі материалдық тұрғыдан бай етеді деп есептеді. Бұл ойларды ақын өз шығармаларында әсіресе жастарға арнайды. Өйткені көптеген жастардың өз өмірлерін тек сауық-сайран, жиын тоймен өткізіп жатқанына сырттай бей-жай қарап отыру мүмкін емес еді[5].

Абай өзінің өлеңдерінде және прозалық шығармаларында ислам құндылықтарына жиі мән береді, оны арқау етеді. Абай өзінің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешқашан жалған болмас.» атты өлеңінде дінмен байланысты мәселелерлі көтереді. [4] Және былай деп өсиет етеді: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және hақ жолы осы деп әділетті. Осы үш сүю болады имани гүл»[6].

Әсіресе ар және адамның хақылары туралы мәселелерді Абай Құнанбаев өзінің 45 бөліктен тұратын атақты «Қара сөздерінде» көтереді. Оның бұл еңбегі өзі өмірден өтіп кеткеннен кейін жарыққа шықты. Ақынның «Қара сөздерінде» қазақ әдебиетінің інжу-маржанына айналды және Абайды алғашқы классик ретінде танытты. Бұл шығармалары орыс, неміс, француз тілдеріне аударылды.

Абай − Шәкәрімнің ағасы десек − ол екі ақын арасын ашатын анықтамалыққа аздық етеді. Абай − Шәкәрімді өнер мен ғылымға бағыттаған рухани ұстаз. Сондықтан да, Шәкәрімнің ақындығы, жалпы шығармашылығы туралы сөз болғанда, Абаймен бірге сөз қозғалады[7].

Шәкәрім – қазақтың шыншыл ақыны Абай Құнанбаевтың ақындық мектебінің көрнекті өкілі болып табылады. Шәкәрімнің шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрінің қалыптасуы және дамуымен тығыз байланысты.

Шәкәрім Құдайбердіұлы талантты ақын, Абайдың тікелей шәкірті және шығармашылық ізбасары болды. Бірақ, оның есімін атауға көптеген жылдар бойы, тіпті 1988 жылға дейін тыйым салынды. Оның өзінің ерекше, көпқырлы шығармашылығы рухани жағынан қуғындалған еді. Оны көптеген жылдар бойы ұлттық-буржуазиялық партияға қатысы бар деп айыптады. Дегенмен, 1958 жылы КСРО-ның жоғарғы сотының қарсылық көрсетуімен оның есімі ақталып шықты, соңғы отыз жыл көлемінде оның шығармалары жарық көрмеген еді, шығармашылық мұрасы зерттелмеген еді. 1988 жылғы ақынның шығармашылығын зерттеу комиссиясының нәтижелері бойынша, «Ақын Шәкарімнің шығармашылық мұрасы» деген шешім қабылданды. Онда оның шығармашылығына XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алатын, салмақты және өте маңызды әдеби мұра деп баға берді[8].

Абайдан тікелей тәрбие ала отыра, оның шығармашылығын, әдеби және ағартушылық қызметін үлгі ретінде ала отыра, Шәкәрім өзінің ұстазының ісін әрі қарай жалғастыра, жандандыра түсті. Ол

Қазақ даласын бүкіл дүние жүзі әдебиеті шығармаларымен таныстырды және ол осы арқылы Шығыс пен Батыстың ұлы перзенттерін өзінің туған халқына жақындатты. Бұл сол кездегі Қазақ даласының тарихи қажеттілігінен туған заңды құбылыс еді. Шығарманың идеялық мазмұнын басқа тілде жеткізе білу оңай жұмыс емес. Ол тек басқа халықтың өмірінен, рухани мәдениетінен жақсы хабары бар, жоғары білімі бар, үлкен энциклопедиялық білімге бай, жоғары сауатты Абай мен Шәкәрім сияқты ұлы адамдардың қолынан ғана келетін іс[8].

Қазақ халқының бүкіл әлемдік әдебиетпен танысуына жол ашқан Шәкрімнің рөлін анықтай отыра оны үш бөлімге бөлуге болады. Біріншіден, Шәкәрім әлемдік әдебиеттің озық ойшыл өкілдеріне тұлға ретінде мән берді және оларды өз өлеңдерінде қазақ оқырмандарына дәріптеп отырды. Екіншіден, ақын өз заманының ұлы адамдарымен хат алысып, шығармашылық байланыста болды, мәселен, орыс халқының ұлы жазушысы Л. Толстоймен. Үшіншіден, Шәкәрім басқа елдердің көркем шығармаларының ең озық үлгілерін қазақ тіліне аударды. Міне осы үш бөлімнен тұратын оның еңбегі – оның көркем шығармашылығының біртұтас идеясын көрсетеді.

Шәкәрім өз заманының ең сауатты адамдарының бір болды. Оған және оның ұстазы Абайға туған қазақ әдебиеті, сонымен қатар Батыс пен Шығыс мәдениетінің озық үлгілері шығармалық түрғыдан әсер етті. Ол әртүрлі елдердің әр уақыттағы ақын, жазушылары, ғалымдарының еңбектерін оқып отырды. Өзінің атақты «Шежіресін» құрастыру барысында Шәкәрім ежелгі түркі халықтарының мәдени мұрасын, Абулғазы Бахадур ханның, Жүсіп Баласағұнның, Радловтың, Аристовтың, Березиннің, Левшиннің еңбектерін терең меңгерді, сонымен қатар араб, парсы, қытай ғалымдарының еңбектерімен танысты. Бұл ақынның дарынын кеңейте түсті[9].

Абайдың да, Шәкәрімнің де шығармашылығының негізгі тақырыбы адамгершілік болып табылады, адамның рухани дамуын алғашқы орынға қояды. Абай мен Шәкәрімнің рухани мұрасы адамгершілікке, адамды жақсы көруге, адам болу тақырыбына кеңінен қарауға мүмкіндік береді. Абай мен Шәкәрімнің қарастыруы бойынша рухани байлық адамды өзінің ішкі дүниесіне үңілуге, онымен көбірек жұмыс істеуге итермелейді, бұл адамның сыртқы мәдениетін толықтыра түседі.

Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дүшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз. [10]

Әр бір адам қоғамнан белгілі бір орын алады, оның атқаратын әлеуметтік қызметі белгілі және ол содан шыға алмайды. Сондықтан ол айналасына адамдық кең көзқараспен қарай алмайды, тек рулық деңгейде қалып қояды. Сондықтан Абай «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп артына ұлы сөз қалдырған еді. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы адамдық негізгі көзқарас осы болды. Кемеңгер Абайдың айтуы бойынша, адам мұны түсініп, барлығын өзгертуге қабілетті, рулық деңгейден шығып, адамдық деңгейге көтеріле алады. Ол өзіңнің «Сегіз аяқ» өлеңінде былай дейді:

Адал бол- бай тап,
Адам бол- мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас.[10]

Шәкәрім өз заманының алдыңғы қатарлы адамы ретінде, қазақтың рушылдығын, жерге бөлінушілігін қостамады, ол адамдар арасындағы адамгершілік қатынасты жақтады. Ол өзінің рухы жағынан адамгершіл болуға ұмтылды, адамгершіліктің негізі ар-ұят екенін жақсы түсінді. Шәкәрім былай деп жазды: «Адамның жақсы өмір сүруінің негізі адал еңбек, ар-ұятты ақыл-ой, адал жүрек болуы тиіс. Міне осы үш қасиет барлығын басқаруы тиіс. Оларсыз адамдар арасындағы адамдық қарым-

қатынастарды сақтап қалу мүмкін емес» деді/11/. «Ар түзер адамның адамдық санасын», «Ақ жолдан айнымай, ар сақта оны біл», «Бәрі адамның бірдей ағарып, Ары нәпсіні жеңсе тазарып», «Ар, иманнан айырды», «Сөз, мінезі құбылса, Ар-иманы жоқ деп біл», «Өнер қылма, ар сатып, жалданбақты» деген жолдарда адамды түзеуші оның ары, ар жолы ақ жол деген асыл уағыздарымен қоса ары нәпсіні жеңіп адамдар ағарса дегегн тілек арманы көрінеді. Екі сөйлеп, екі жүзді әрекет жасайтындарды да ары жоқтар қатарына қосады. /11/.

"Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды". [11]

Адам дүниеде адам болып ерекше жаратылғаннан кейін, жоғары адамгершіліктік қатынастарға ұмтылғаны дұрыс. Адам өмірге келгеннен кейін о баста «көрсем, білсем» деп туылады. Абай "Он тоғызыншы қара сөзінде былай дейді ": «*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады,*».[6] Сондықтан Абай білім алуға, ғылымға көп көңіл бөлді, атап айтқанда жақсы тәрбие, оқу-тоқу, білім алу адамның адам болып қалыптасуына үлкен үлесін тигізеді. Адамның дамуы, оның бұл өмірде болуының көрінісі, өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы.

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.[10]

Екі ақынның да ойы бойынша үлкен жүректілік, шыншылдық және ар адамдықтың негізін құрауы тиіс. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі адамгершілікке құралуы тиіс. Абайдың адамгершілік туралы идеялары Шәкәрімнің ар ғылымымен сәйкес келеді. Шәкәрім де рухани құндылықтарды алғашқы орынға қойды. Ар ғылымының негізі бойынша адам бірінші өзін-өзі тануы қажет, өз ішіне үңілуі қажет.

Біреудің мінін тергенше,
Жамандығын көргенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен күрес өлгеніңше.[11]

Екі ақынның да шығапмашылығындағы адамгершілік туралы ойлары әділеттілікті, адамдар арасындағы достықты дәріптейді. Бұл адамдар арасындағы негізгі адамгершілік принциптері болып табылады. Абай айтады/ 6/:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?![10]

Абайдың да шығармашылығы, Шәкәрімнің де ар ғылымы, рухани құндылықтарды жоғары қоя отырып, жалпы адамзатты адамгершілікті және әділетті болуға шақырады. Бүгінгі күні дүние жүзілік ғаламдану үдерісін бастан өткеріп жатқандықтан, адамзаттың алдында рухани құндылықтарды, адамгершілік қағидаларын, жалпы адамдық қасиетті қалай сақтап қаламыз деген үлкен мәселе тұр. Өйткені адамдар материалдық құндылықты, рухани құндылықтан жоғары қойып кетті. Рухани құндылықтар, адамдық қасиеттер әлсіреп барады. Кешегі Абай мен Шәкәрімнің артына қалдырып кеткен рухани-адамгершілік өсиеттері бүгінгі қазаққа да айтылып тұр. Сондықтан, ел боламыз десек

Абай мен Шәкәрімнің артына қалдырған осындай рухани мол мұрасын, адамгершілік принциптерін жастарға жиі насихаттап, бойларына сіңіруіміз керек. «Өлді деуге бола ма? Айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп Абайдың өзі сөзімен айтқанда, осындай Абай мен Шәкәрім сияқты ұлы перзеттерді дүниеге алып келген, сан ғасыр тарихы бар, мәдениеті бар, салт-дәстүрі бар «Ұлы Дала Елінің» бар екенін жастарға сездіре отырып, рухын, еңсесін көтеруіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Назарбаев Н.Ә., Қазақстан Республикасының Президенті. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, «Айқын газеті», 21 қараша 2018 жыл.
2. Ғабдуллин Н.. Абай тағлымы.Алматы-Жазушы.1986 жыл.133 бет.
3. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. − Алматы: Ана тілі, 1993. 56 бет.
4. Абай және рухани – имандылық тәрбие. – Алматы: Білім Б (6-4).
5. Ысмағұлов Ж. "Абайдың ақындық тағылымы" А. 1994. Б (254-257-252).
6. Абайдың қара сөздері. Поэмалары. Алматы: ЕЛ, 1993, 253 б.
7. Елікбаев С. Шәкәрім өлең өрнегі // «Шәкәрім − Ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы және дамытушы» тақырыпты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. − Семей, 1998. – 158 бет.
8. Омаров А. Шәкәрімнің өмірбаяны.// Абай, 2006. − №2.
9. Сәтбаева Ш. Лирикалық өрнектер сыры // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. 2-к. − Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 360 бет.
10. Құнабаев А. "Шығармалар жинағы" А. 1991ж. Б (444-462-453).
11. Шәкәрім. Үш ақиқат. Алматы, 1999, 33 б.
12. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақ айнасы. Алматы, 2008-286 б.

Сулейменова З.Е.
кандидат филологических наук,
доцент кафедры ангийского и немецкого языков
Актюбинский Региональный Государственный университет имени К. Жубанова
г. Актобе

СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ ПОЛЕЙ «РАДОВАТЬСЯ-НЕГОДОВАТЬ»

Түйін. *Мақалада қазақ және неміс тілдеріндегі «қуан –жек көру» лексикалық-семантикалық өрістердің құрастырылуы талқыланады. 'Қуан –жек көру' қазақ және неміс тілдеріндегі лексикалық-семантикалық өрістердің айырмашылықтары анықталады.*

Түйін сөздер: *лексика-семантикалық өріс, «қуану-ренжіту»,қазақ және неміс тілдері.*

Резюме. *В статье рассматривается построение лексико-семантических полей «радоваться-негодовать» в казахском и немецком языках. Выявляются различия между лексико-семантическими полями «радоваться-негодовать» в казахском и немецком языках.*

Ключевые слова: *лексико-семантическое поле, «радоваться-негодовать» ,казасхкий и немецкий языки.*

Summary. *In the article the lexical-semantic fields with the meaning «to be glad»–«to hate» are discussed. The differences between the lexical-semantic fields with the meaning «to be glad» –«to hate» are defined.*

Keywords: *lexico-semantic field, «to be glad»–«to hate, Kazakh and German languages.*

Сопоставительные исследования семантических единиц, представляющих собой одно из проявлений системности языка остаются актуальными в современной лингвистике. «Основными субстанциональными свойствами языка являются системность и структурированность» [1,с.21].

Выбор глаголов в качестве объекта исследования обусловлен их функционально-семантической спецификой, кроме того, они представляют собой значительную часть лексики, имеющую особое место в социально-коммуникативном отношении.

Исследуемые поля казахских и немецких глаголов, обозначающих, состояние радости и недовольства определены в работе семантико-логическим способом, предполагающим: определение имени поля; выборку из словарей единиц поля.

Одним из предположений о лексико-семантическом поле, является то, что лексико-семантическое поле представляется как особая единица языка, состоящая из слов, которые по значению связаны друг с другом.

Ядро лексико-семантического поля составляют вместе с именем поля слова, наиболее тесно связанные с ней семантически и ассоциативно. Ближе к периферии мы можем наблюдать как значения единиц поля пополняются дополнительными компонентами. Языковые единицы, находящиеся на периферии, часто характеризуются также экспрессивностью и ограничены в употреблении. К периферии поля также относятся лексико-семантические варианты – вторичные наименования, которые по первичным значениям принадлежат к другим лексико-семантическим полям.

В периферию поля входят единицы, которые имеют много «дополнительных (семантических и стилистических) характеристик» и располагаются дальше от ведущего слова поля [2,с.6]. Периферия поля может пересекаться с другими полями. И.М. Кобозева выделяет следующие основные свойства семантического поля:1) наличие семантических отношений (корреляций) между составляющими его словами; 2) системный характер этих отношений; 3)взаимозависимость и взаимоопределяемость лексических единиц; 4)относительная автономность поля; 5) непрерывность обозначения его смыслового пространства; 6) взаимосвязь семантических полей в пределах всей лексической системы (всего словаря) [3,с. 9].

Итак, слова объединятся в лексико-семантическое поле на основе идентифицирующей семы (архисемы). Отношения между единицами поля определяют его структуру: выделяются центр (имя поля), ядро (наиболее частотная и информативная часть поля), околоядерная зона, периферия, отличающиеся различной степенью семантической близости с ядром поля.

В исследовании за основу взяты слова со значением радоваться – негодовать, в их многообразных смысловых связях. В каждой лексико-семантической группе выделяется глагол – главное слов,

значение которой содержит определенное действие, состояние в наиболее общем виде. В исследуемых языках в качестве главных слов избраны слова ызалан, қуан, sich freuen, sich entruesten. Эти слова являют собой слова лексико-семантических групп в наиболее общем виде, не осложненном никакими дополнительными признаками, характеризующими состояния радости и негодования. Именно эти понятия, определяющие семантику указанных глаголов, объединяют все члены данной группы, но каждый глагол в лексико-семантической группе предстает уже со своими специфическими признаками, дифференцирующими значения отдельных единиц.

Глаголам со значением радоваться – негодовать свойственна общая сочетаемость, сходное управление, функционирование в определенных типах конструкций. Глаголы со значением радоваться – негодовать обозначают эмоциональное состояние и их проявление. Семантическая структура этих глаголов указывает на определенное эмоциональное состояние радости и недовольства. Лексико-семантическая парадигма с главным словом ‘радоваться’ обозначает приподнятое душевное состояние и его эмоциональное переживание. Значение быть в приподнятом настроении, испытывать чувство подъема, удовлетворенности идентифицирует глаголы алақайла, арсалақта, арсаланда, арсаңда, даланда, дарди, дәсерле, дели, жадыра, жайдарылан, жайнаңда, жайтаңда, жайраңда, жарқыра, жарыл, жетіс, жымыңда, зауықтан, көңілден, күл, күлімде, күлімсіре, күптен, қуан, қуанышта, қызықта, ләзаттан, мазаттан, масаттан, мастан, мәзден, мейрамда, мерейлен, мерекеле, насаттан, салтанатта, семір, сусында, сүйсін, сүйін, сүйіншіле, сықылықта ,сылқылда, (sich) freuen/ (sich) erfreuen, jauchzen, genieβen, schwelgen, strahlen, frohlocken, jubeln, triumphieren, , vergnügen, sich, heiter sein, jubilieren, jauchzen, juchzen, juhuen, , delektieren, sich, sich sonnen, (sich) erquicken, (sich) berauschen, (sich) unterhalten, (sich) amüsieren, schmausen, zechen, feiern.

Конструкции с этими глаголами передаются обычно падежными формами от чего – от того, что, указывающими на причину радостного настроения. Все глаголы этой группы выражают как состояние радости, так и его проявление.Эти глаголы часто употребляются в двучленных конструкциях, выражающими причины и степени радости.

Лексико-семантическая группа с определяющим словом негодовать обозначает состояние раздражения, вызванного недовольством, неудовлетворенностью чем-либо или кем-либо. Значение негодовать, сердиться идентифицирует глаголы ызалан, шамырқа, шақарлан, қаһарлан, кіжін, кіжікте, кіжірей, ақшаңда, ақыраңда, ашулан, бадыраңда, бажалақта, байбаламда, барылда, бәсекелес, божылда, бүртаңда, долдан, долылан, дүмпі, дүңки, запылан, зәрлен, зығырлан, кейіңкіре, кейкеңде, кейки, кейігенсі, кейікейіңкіре, кейістен, кекеңде, кекши, кекіреңде, керди, керки, керкілде, кеселден, кикілжіңде, көнтектен, күбін, күжди, күжірей, күйіп-піс, күрби, кіжіңде, кірбіңде, қаталдан, қатыбаста, қатыгезден, араздас, бағжаңда, бажылда, барбаңда, барби, барқылда, барпылда, бартылда, бұлаңда, бұрқылда, бүрти, быжылда, дікілде, дікіреңде, діңкілде, дүрсілде, едіреңде, ежіреңде, жарыл, құшырлан, мөңкі, қыржыңда, одырай, одыраңда, тебін, қоқаңда, томсар, торсаң кақты, торсаңда, тортаңда, торти, тебін, тұла, құрыс, қоқыраңда, кесірлен, кескекте, күйін, күжілде, тұлдан, түрти, шатына, шытырла, қайқалақта, қайқи, кеңки, қайқи, қалтыра, entrüsten, sich, empoeren, sich , schockieren,sich, veraergern,sich, aergern, sich, erbosen, sich, brüskieren, empoeren, schockieren, veraergern, sich erbittern, s.ereifern, s. erregen, s. erzürnen, sich erschüttern. Инвариантное значение глаголов данной группы выражается двучленной ядерной конструкцией Er entrüstet sich. Первую позицию занимают личные имена. Глагольная позиция может заменяться синонимичными прилагательными Er ist entrüstet.

Все выше перечисленные глаголы объединяются общей архисемой – недовольство. В то же время, каждому глаголу свойственны специфические характеристики:

Глагол ақшаңда означает недовольство, выражаемое молча, взглядом.

Глагол ақыраңда выражает недовольство, злость, которая сопровожается словами, проявляется внешне – человек дергается.

Араздас в первом значении выражает обиду, во втором значении – прекращение какого-либо действия, общения. Ашулан означает злость, недовольство, сопровождаемое руганью, повышением голоса, размахиванием руками. Бажалақта означает злость, недовольство, сопровождаемое руганью. Бажылда, байбаламда выражают недовольство, которая сопровождается резкими громкими выкриками, словами.Барби означает недовольство, злость, которую человек держит в себе, но окружающие замечают его сосотояние по выражению лица: надувает щеки, хмурит брови.Бәсекелес означает недовольство, сопровожаемое руганью, завистью, соперничеством.Барылда выражает недовольство, со-

провождаемое неприятным повышением голоса.Бәсекелес означает недовольство, связанное с соперничеством. Божылда выражает злость, которая сопровождается руганью.Бұрқылда означает недовольство, сопровождаемое бормотанием под нос. Бұртаңда означает обиду.Бұрти выражает недовольство, которое человек держит в себе, но окружающие видят его состояние, по выражению лица.Быжылда означает недовольство, сопровождаемое словами.Долдан, долылан выражают сильную злость, сопровождаемую криками.Дүрсілде означает в третьем значении недовольство.Дікілде, дікіреңде, діңкілде, едіреңде выражают недовольство, которое сопровождается словами.

Исследование лексико-семантических полей қуан, freuen(sich), ызалан, entruesten(sich) в казахском и немецком языках показывает, что в рассматриваемых полях обнаруживаются сходства. «Межъязыковое сопоставление позволяет выявить общие и специфические черты одноименных полевых структур разных языков» [4,с.69].

Языковые средства, служащие для обозначения признака «радоваться-негодовать», образуют специфический системно-организованный континуум – семантическое поле.

Как в казахском, так и в немецком языке лексико-семантические поля ‘радоваться – негодовать’ характеризуются однородной структурой, включающей следующие зоны ядро, околоядерную зону и периферию. Однако распределение конституентов внутри каждой зоны в данных языках различно. Таким образом, сопоставление лексико-семантических полей, обозначающих значения «радоваться – негодовать» показывает, что несмотря на то, что поля имеют однородную структуру, между ними существуют и значительные различия.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы, 2009.–350 с.
2. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.: Школа "Языки русской культуры", 1995. – Т.2. – 767 с.
3. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал УРСС. 2000. – 350 с.
4. Полевые структуры в системе языка// Коллективная монография. – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1989. – 200 с.

Сүйеркұл Б.М.
ф.ғ.д., бас ғылыми қызметкері
А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан

Сейдамат Ә.Қ.
1 курс магистранты
Филология және әлем тілдері факультеті
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ЫРЫМ-ТЫЙЫМДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЛИНГВОПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Тілді адаммен, оның санасымен, ойлау жүйесімен және халықтың рухани әлемімен байланысты зерделеу – қазіргі тілтанымдағы басым бағыт. Халық тұрмысында ерте кезден қолданыс тапқан ырым-тыйымдар, олардың ұлттық танымдағы рөлі жөніндегі мәліметтер тілдік бірліктер ретінде таңбаланып, паремиологиялық қорға еніп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Мақала қазіргі жастар сөзжұмсамындағы ырым-тыйымдарға байланысты қолданыстардың ұжымдық санамызға тигізетін теріс әсерін жан-жақты саралауға арналған. Авторлар қазіргі жастар арасында белең алған бөгде діни мерекелерге қатысты ырым-тыйымдардың семиотикалық мәнін ашып, ұлттық діни танымнен байланыстыра зерттеу жүргізу арқылы тіл мен таным сабақтастығын ашудағы қызметін анықтайды.*

Түйін сөздер*. Теолингвистика, тілдік сана, діни таным, ырым-тыйымдар, Хэллоуин, Холи.*

Резюме. *Изучение языковых единиц в тесной связи с человеком, его сознанием, мышлением и духовным миром народа является приоритетным направлением современной лингвистики. Казахские приметы и запреты, поверья и ритуалы являются целостной системой, неотделимой частью казахской духовной культуры. Это нашло отражение в паремиологическом фонде языка и передавалось из поколения в поколение. Статья посвящена всестороннему изучению негативного влияния употребления поверий и запретов в речи современной молодежи на коллективное сознание социума. Авторами рассматривается семиотическое значение ритуалов, так называемых религиозных праздников третьего поколения, путем раскрытия взаимосвязи религиозных учений с традициями и обычаями, суевериями и запретами казахского народа.*

Ключевые слова. *теолингвистика, языковое сознание, религиозное познание, запреты, поверья, Хэллоуин, Холи.*

Summary. *The study of linguistic units in close connection with man, his consciousness, thinking and the spiritual world of people is a priority direction of modern linguistics. Kazakh signs and prohibitions, beliefs and rituals are an integral system, an indivisible part of the Kazakh spiritual culture. This is reflected in the paremiological foundation of the language and passed down from generation to generation. The article is devoted to the study of the influence of the use of belief and prohibitions in modern youth language. The authors examined the semiological significance of the rituals of the so-called third generation religious holidays. Ritual language units are studied through the disclosure of the relationship of religious teachings with traditions and customs, superstitions, prohibitions of our people.*

Keywords. *theolinguistics, linguistic consciousness, religious cognition, prohibition, beliefs, Halloween, Holi.*

Әр ұлттың даму кезеңінде ерте кезден қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлқы, ерекшеліктері мен дүниетанымы көрінеді. Көреген дана халқымыздың тіліндегі ырым-тыйымдар ұлтпен біте қайнасып, өз алдына лексикалық мағына беретін, ұрпақ тәрбиесінде елеулі қызмет атқаратын лингвомәдени бірлік болып қалыптасқан.

Атақты ғалым Ш. Уалиханов «Язык человека через слово имел, по мнению киргизов (казахов) разрушительное влияние... Если у киргиза (казаха) умрет красивый ребенок, пропадет хороший конь, улетит хороший сокол, испортится ружье – все приписывается человеческому языку» - деп жазады [1, 478]. Демек қазақ танымында ырым-тыйымдардың мәні зор болған, ол халықтың бүкіл тіршілігінде серік болатын, терең тарихи ұлттық когнитивтік саланы құрайтын елеулі аспект.

Ескіден қалған бұрынғы, Бәтуалы ырымды, Адаспайтын даңғыл сол – Қасым салған қасқа жол Шиырға салып із кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.) [2, 677] деген сынды мысалдармен «ырым» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай берілген:

Ырым – Жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, көне дәстүр. [2, 677]

Ал қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың негізін салушы Әбдуәли Қайдар «ырым» сөзінің мағынасын былай ашады:

Ырым – этнос болмысында, салт-дәстүрінде қалыптасқан, алайда өмір-тіршілігіміздің әр түрлі сәтінде қажеттілігіне сәйкес қолданыс тауып, орындалып отыруға тиісті әдет-дағдылардың бір көрінісі [3, 329]

Тағы бір маңызды ұғым тыйым. Ғылыми әдебиетте табу деген терминмен таңбаланатын бұл түсініктің астарында ауқымды когнитивтік ақпарат жатыр. Мұны, «баланы жастан, әйелді бастан» деген паремия мазмұны арқылы толығырақ ашуға болады.

Қазақ баланы еркелетумен қатар кішкентайынан оның санасына обал, сауап, ұят, жаман болады» деген негізгі төрт тыйымды сіңіріп отырған. Мәселен, ақты аяқ астына төкпе, обал болады. Өтірік айтпа ұят болады. Шашыңды жайма жаман болады.

Тыйым – бірінші мағынасы – тежеу, тоқтам болса, екінші мағынасы – белгілі бір сенімге байланысты рұқсат етілмеген іс-әрекет [4, 538]

Тіл білімі саласының профессоры, Әбдуәлі Қайдар, тыйым салудың мағынасын – халық болмысында жоқ, замана талабына сай келмейтін, сондықтан да істеуге болмайтын, салт-дәстүрімізге қияс келетін іс-әрекеттер мен теріс пиғыл-пейілдерге тиым салу, болдырмау, не шек қойып, тежеу деп түсіндіреді.

Ырым-тыйымдар тек қазақ халқы емес, әрбір ұлттың тарихи танымдық коды іспетті. Алайда қазіргі жастар қуана қарсы алып, белсене қатысатын өзге ұлт мерекелерінің: Хэллоуин, Холи мейрамдарының тарихи танымдық астарында қандай ырым-тыйымдар жатқанын ойланып көрдік пе?!

Хэллоуин (Halloween) - Америкада керемет тойланатын мереке. Тарихына үңілсек, ол сонау христиандық дәуірге дейінгі кезеңнен қазіргі Англия мен Ирландияның, сондай-ақ Францияның аумағында өмір сүрген кельт атты халықтың ескі жылмен қоштасып, жаңа күнді қарсы алу түні екен. Хэллоуин сөзінің мағынасы «мереке қарсаңындағы күн» дегенге саяды. Олай дейтіні, IX ғасырда III Папа Григорий барлық әулиелер күнін тойлауды 13 мамырдан – 1 қарашаға ауыстырады. Ал кельт мейрамы, 31 қазан күні, христиандардың мейрамынан бір күн бұрын атап өтіледі [5].

Бұл – «қайта тірілетін» әулиелерді қарсы алуға дайындық күні. Пұтқа табынушылар мен христиандардың мейрамдары бір уақытта тойлануы, пұтқа табынушылар мейрамының сақталып, кельттердің жын-шайтандары христиандарға өтуіне алып келді. Қазіргі таңда, Хэллоуин, жындар ойнағының мейрамына айналды. Ішіне жанып түрған шырағдандар орнату арқылы асқабақтан түрлі бейнедегі шамдар жасап, қайта тірілген өлілер кейпіне еніп, үй-үйді аралап тәттілер сұрау дәстүр болып кеткен. 1920 жылы Нью-Йорк пен Лос-Анджелес қалаларында алғаш рет ресми тойланды. 1950 жылдардан бастап Хэллоуин коммерциялық түрғыдан пайда әкеле бастады. Кешегі күнге дейін тек қана АҚШ пен Канадада тойланып келген Хэллоуин Еуропа мен басқа да құрлықтардың көптеген еліне қанат жая бастағаны анық.

Хэллоуин мейрамына қатысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдар:

1. Хэллоуин мейрамында үйде қара мысықты жалғыз қалдыруға тыйым салынады. Бақытсыздық болады деп ырымдайды.

2. Асқабақ пен жаңғақтар Хэллоуин мейрамында түрлі бәле-жаладан қорғаушы қызметін атқарады. Ежелгі кельттер жын-шайтандар бұл өсімдіктердің иісінің өзінен қорқады деп сенген екен. Аңыз бойынша, үйіңіздің кіре берісіне жаңғақ ағашының бұтағын, ал терезелеріңізге асқабақ пен шырақ жағып қойсаңыз жеткілікті. Мазасыз әруақтар үйіңізге кіре алмайды.

3. Бұл мейрамда бар киімді теріс айналдырып кию ырымы тараған. Тіпті кейбір мемлекеттерде бұл күні үйден артымен шығу салты орныққан. Адамдар осылайша үйдегі тыныштық таппаған елестерді жаңылыстырамыз деп сенеді.

4. Хэллоуин мейрамында үйдегі бөлмелердің бәріне шырақ жағады. Шырақ жарығы жын-шайтандар мен жалмауыздарды жолатпайды деген сенім бар. Егер де жағылған шырақтар кенеттен өшіп қалса, жын-шайтандар жақын маңда деп сенген..

5. Еуропа елдерінің көбінде, сонымен қатар Америка және Канада мемлекеттерінде Хэллоуин мейрамында түнгі сағат 12 де шіркеудегі қоңырау соғылады. Осылай адамдар қоңырау үні барлық зұлым күштерді үркітеді деп сенеді.

6. Кельттік дәстүр бойынша, Хэллоуин мейрамында үйлердің ауласы мен орталық алаңдарда үлкен алаулар жағылған. Адамдар бетперде тағып, алауды айналып ритуалдық рәсімдер жасаған. Осы-

лай олар өздерін жағымсыз энергиядан құтылып, тазарамыз деп сенеді. Мейрамнан соң, үйге сөнген шоқты алып келіп, келесі Хэллоуинге дейін сақтау ырымы бар.

7. Хэллоуин күні үйіңіздің шатырында үкі отырса, дереу оны үркітіп ұшырып жіберу керек. Бұл жақсылықтың нышаны емес, олай жасамаса, үйден жақын арада өлік шығады деген сенім бар.

8. Хэллоуин мейрамында кейбір мемлекеттерде жарғанаттарды қырып салады. Себебі, наным бойынша бұл жаратылыстар Ібілістің қызметшілері болып саналады. Ежелде жарғанаттардың өлі денесін үйдің есіктеріне ілу көп тараған.

9. Кейбір мемлекеттерде керісінше, егер де жарғанаттар үйді айналып ұшып жүрсе, келесі жылдан керемет егін жиналады деген сенім бар.

11. Үйді зұлым күштер мен елестерден қорғау үшін, бұрында өлген жануарлардың сүйегін табалдырыққа көму немесе жануарлардың тұлыптарын үй жанына ілу сенімі болған. Міне, осыдан қазіргі таңдағы адам қаңқасын ілу дәстүрінің түп тарихы айқындалады.

12. Күн батқанға дейін, Хэллоуин мейрамында үйді жағылған алаумен карнавалдық костюммен үш рет айналса, үй жыл бойына жын-шайтандардың кіруінен қорғалады деген сенім бар.

13. Ең соңғы сенім Хэллоуин мейрамында үй иесі өрмекшіні көрсе, о дүниелік болған бір туғаны оны болатын бір жамандықтан ескерту жасап түр деген наным бар.

Холи (Holi) мейрамы – үнділердің көктемде жыл сайын атап өтілетін мерекесі. Мейрам пхалгуна айы кезінде ай толғанда атап өтіледі, яғни ақпан-наурыз айларына тура келеді [6].

Холи мерекесінің шығу тарихы үнді халқының индуизм дінімен тығыз байланысты. Мейрамда үндістердің сенімі мен дінін насихаттайтын ырым-тыйымдар өте көп. Атап өтетін болсақ: мерекедегі бояу шашу мен су құю әрекеттерінің түбінде мейрамның тарихын сипаттайтын аңыздар жатыр.

Ежелде үнділердің Хираньякашипу атты патшасы құдайлардан мәңгі өмір сыйға алыпты. Осылай өзін құдай сезінген патша қол астындағы халқына «Маған сыйыныңдар!» деп әмір етеді. Мұндай сұмдыққа куә болған патшаның ұлы Прахлада мен қарындасы Холика оған қарсы шығады. Қаһарланған патша қарындасы мен ұлын отқа жағуға әмір етеді. Мейірімді Холиканы құтқармақ болған ханзада күні-түні құдайға жалбарынып, көмек сұрайды. Құдай оның тілегін қабыл алып, оттан қорғаныш болатын түрлі түсті шәлі жібереді. Ханзада қасиетті шәлімен Холиканы орап, дәрменсіз күйде бақылап тұрады. Алайда қасиетті шәлі желмен ұшып кетіп, Холика ажал құшады. Бұл оқиға жас ханзаданың құдайға сенімін одан ары бекітті [7].

Міне осы аңызға сенетін үнді халқы түрлі түсті бояу құдайдың шапағаты деп санап, бір-біріне бояу шашу мен су шашу оларды зұлым күштерден қорғайды және құдайларға әділеттілікті орнатуға көмектеседі деп санайды.

Үнді халқының мифологиясында Холи мерекесінің шығу тарихы жайында басқа да аңыздар бар. Олардың бірінде Холи сөзінің «Холика» атты әзәзілдің атынан шыққандығы айтылады. Есте жоқ ерте заманда қаһарлы патшаның ұлы Прахлада Вишнуға табынады екен. Оны бұл жолдан ешкім тайдыра алмайды. Сонда оның Холика атты әпкесі отқа түсуіне үгіттеп, арбайды. Бірақ өзі құрған қақпанның құрбаны болған Холика отқа өртеніп кетеді де, Прахлада аман қалады. Осы оқиғаның құрметіне мейрам күні алау жағылып, серуен құрылады [8].

Бұл аңыз бойынша үнді халқы жыл сайын зұлым Холиканың мүсінін жасап, отқа жағады. Осылай олар оттың қасиетті жалыны зұлым күштерден қорғап, жақсылық әкеледі деп сенеді. Санскритте жазылған аңыз әңгімелер индуистік діннен тамыр алып, халықты құдайларының алдындағы парызын ұмытпауға үндейтін ғұрыпқа айналған.

Ал қазақ халқы ежелден Ислам дінін қабылдап, мұсылмандық шартты күнделікті әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне айналдыруы себепті, аталмыш ырымдардың, біздің діни санамызға жат, мүлдем кереғар екенін байқаймыз. Оған бір дәлел, қазақта «*Жұмақ ананың табанының астында», «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ»*, «*Балаларды махаббат пен сүйіспеншілікпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау*» – Ислам дінінен бастау алатын әйел затын құрметтеуге үндейтін, оларға жәбір көрсетуге тыйым салатын ережелердің тілімізде көрініс табуы. Мұнан бөлек, әйел затын зұлым мыстанға теңеп, отқа өртеудің өзі, қазақ даласында болмаған сұмдық дүниелердің бірі. Ұлттық дүниетанымымызда әйелді өртемек түгіл, әйел затына бір тал шашын отқа тастауға рұқсат бермейтін тыйымдар бар. Зерттеуші *Ж. Жумабекова* қазақ әйелі концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтауға арналған зерттеу жұмысында: «Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, - деді Айша. - Тарақтан түскен

шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де: "Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!" деп шыр айналып, шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен» (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша). Осы түсінікке байланысты, аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тыйымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен құйып отырған» – деп түжырымдайды [9, 65].

Осы тұста қазіргі зиялы қауымды толғандыратын мәселе. Діні мен ырым-тыйымы, наным-сенімі мүлдем жат, бөгде халықтардың мерекелерін тарихына үңілмей көзсіз қайталап мейрамдатуға неге сонша құмармыз?! Кез келген халықтың төл мерекесі салт-дәстүрі мен дінімен тығыз байланыста болып, ұзақ өмір тарихынан бастау алады. Бұл – халықтың дүниетанымын, ұлттық ерекшелігін танытатын, діни тәрбие беретін қуатты күш. Олай болса, өзге елдің құймағын аламыз деп, өз ұлтымыздың ұлағатын ұмытпасқа кім кепіл?

Зерттеушілер «тарихи теолингвистикаға арналған монографияда «Жаһанданудың теріс ықпалымен жастарымыздың әр түрлі әлеуметтік, діни т.б сипаттағы «дәстүрлер мен ғұрыптарды» олардың шығу тегін, себебін, пайда болу уәждерін талдап-тексеріп жатпай, бірден қабылдап алатынына айрықша көңіл бөлуіміз керек. Мәселен, осыдан он-он бес жыл бұрын *Хэллоуин, Әулие Валентин күні* сияқты жастарға арналған мерекелердің тарихи тамырына үңілгендер аз болды, - дей келе, Ұлттық сарасанамыздың сақталуына төніп түрған бұл үлкен қауіп» деп дабыл қағуда.» [10, 5]

Аталған мейрамдардың қазақтың ұлттық ырым-тыйымына үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Тіпті кейбірі біз ұстанатын ырымдарға мүлдем қарама-қайшы. Сөзімізді дәйектесек, қарапайым екі мейрамның отқа байланысты ырым-тыйымдары қазақтың төл ырымдарын жоққа шығарады. Қазақта отқа байланысты: *«Отқа түкірме, оттан аттама, отпен ойнама»* деген тыйымдар бар. Мұның бәрі адамға тілсіз жаудан абайлау керектігін үйрететін тәрбиелік мәні зор тілдік бірліктер. Ал бұл мейрамдарда, керісінше, соқыр сеніммен жасалатын мәнсіз дүниелер басым. Қарапайым дүние Хэллоуин мейрамында үйді жағылған отпен үш рет айналу ырымы бар, ал қазақ халқында керісінше *«үйді айналып жүрме, жүгірме!»* деген тыйым бар. Мұның мағынасы үйге жау шақырасың дегенді білдіреді. Ежелде қазақ халқы жау шапқанда ғана үйді айналып жүгірген.

Мұнан сорақысы жын-шайтаннан қорғанамыз деп, киімді түгелімен теріс кию. Халқымыздың тарихында *қиімді*, әсіресе, бас киімді теріс қарата кию, өте жаман ырым. Себебі, жақсылықтың бәрі адамның маңдайына жазылады. Бұл сенім – ең бірінші адам баласын дұрыс жолға салатын, жаман іс-әрекеттің алдын алатын шарттардың бірі. Олай болса, бұл ырымның ұлттық санада қалыптасқан түсінікке жат екені белгілі.

Қазақ дүниетанымына мүлдем жат дүние, үкі құсын зұлымдық нышаны ретінде қарастыру. Үкі – біздің танымымызда көз тиюден, бәле-жаладан қорғайтын қасиетті құс. Тіпті киелі құстың қауырсынының өзін қастерлейтін қазақта *«Үкі тағу»* ырымы бар. Дәстүр бойынша үкі қауырсынын жас нәрестенің, бойжеткеннің, қалыңдықтың, жаңа түскен келіннің бас киіміне, бесігіне қадаған. Мұндағы мән, үкі қасиеті жын-шайтаннан, тіл-көзден қорғайды деп сенген.

Ал «Холи» мейрамындағы үнділердің сумен бірге бояу шашып көңіл көтеретін ғұрыптық ырымдары да – біздің ұлттық дүлімізге нұқсан келтіретін көзсіз қателіктердің бірі. Өмірінде азаттықты алтыннан да қымбат тұтқан, кең даланың бел баласы атанған дана халқымыз табиғат ананың адам игілігіне сыйға тартқан топырағын да, ауасын да, суын да қадірлей білген. Діні, ділі, тарихы мен мәдениеті бөлек өзге ұлттар оны қайдан білсін... Қара судың өзін бағалай білген дана ұлтымыз, *«Су шашып ойнама»* дейді. Мұның мағынасы, «Су екеш судың да сұрауы» бар. *Себепсіз ысырап етпе* деген тәрбиесі болар.

Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бап, 2 тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата ананың табиғи құқығы, әрі парызы делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті еске ұстатуға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта қандай күйде көргіміз келеді...», – делініп үрпақ тағдыры айтылады [11]. Осы тұста әрбір шаңырақта жастарымызды оқытып, өнеге көрсетуде әйел затының рөлі басым екендігі айтпаса да белгілі. М.Әуезовтің "Ел болам десең, бесігіңді түзе!" деген сөзінің мән-мағынасы дәл қазіргі кезеңде жастарға жол табуға, тілімізде сақталған ұлттық рухты жаңғыртып, ұлт болашағын дамытудың өзекті арқауы болмақ. Ана

сүтімен бойымызға дарыған ана тәрбиесі, үлгі-өнегесі сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сіңіріледі.

Қазақ тарихында ырым-тыйымдардың орны бөлек. Қазақ ырым-тыйымдары ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы. Бар ұлттың жиған-тергені. Білмеген адам қорлыққа ұшырайды. Білген адам төнген пәле кесапаттан құтылады. Ықылым заманнан мазмұнын өзгертпей, ұғымын өгейсітпей, тәрбиелік мәнін кемітпей, бүгінгі ұрпағына жетуінде үлкен мән бар.

Ата-бабамыздың салт-дәстүрін сақтап, рухани мәдениетін көзінің қарашығындай қастерлеген еңбегі жауапсыз ұрпақтың қателігінен зардап шекпесе етті. Ғалым Ә.Қайдар «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Ана тіліміздің атқаратын барша қоғамдық-әлеуметтік қызметтерінің ішінде шоқтығы биік тұрған, аса елеулі тағы бір қызметі – оның ұлттық мәдениетіміздің негізі, үйтқысы болу қызметі» – дейді [12,13]. Олай болса, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға жат, бөгде елдің мерекелерін тойлап, дәріптеу арқылы орны толмас қателіктерге бой алдырмақпыз. Қорыта келгенде, тіліміз бен мәдениетіміздің тағдыры келер ұрпаққа аманат болып қала бермек дегіміз келеді. Сондықтан, халықтың жалпы рухани өмірін, талай ғасырлық тағылым жүйесін, ата-салтын, елдік қасиетін, ұлттық болмысқа тікелей қатысты байырғы сөз қазынасын сақтап, мүмкіндігінше, толық меңгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат етуіміз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. А., 1961. Т. 1. С.478.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 15 том, Алматы 2011 677 б.
3. Қайдар Ә Қазақтар ана тілі әлемінде: (этнолингвистикалық сөздік) Алматы 2013, 728 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 14 том, Алматы 2011.
5. Интернет ссылка: http://www.muftyat.kz/en/article/37
6. Интернет ссылка: http://amorez.com/home-sweet-home/3748-13-halloween-superstitions.html
7. Интернет ссылка: https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/sayahatty-syemin/9397/
8. Интернет ссылка: https://24tv.ua/ru/prazdnik_holi_v_indii_vse_o_festivale_kraski__holi_n932986
9. Нурсултанкызы Ж., Жумабекова А. Қазақ паремиологиясындағы «Қазақ әйелі» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі // Молодой ученый. – 2015. – №6.2. – С. 64-67.
10. Сүйеркүл Б., Сейітбекова А «Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары» Алматы, 2017.
11. Интернет ссылка: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution
12. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998.

Таңжарықова А.В.
Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
қауымдаст.профессор м.а., ф.ғ.д.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Филология және көптілді білім беру институты

Касымбекова С.К.
магистр
Абай атындағы ҚазҰПУ

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ

Аңдатпа: *Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, азаматтық болмысын қарастырдық. Ыбырай өз шығармаларында қазақ балаларына жаны ашып, олардың көзі ашық, көкірегі ояу, тәрбиелі, адамгершілігі мол болып қалыптасуларына тынбай еңбек етсе гана жететіндіктерін дәріптеген. Бүлдіршіндерді білімге, ғылымға, адамгершілікке, өнегелікке, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуге өз әңгімелерінде, өлеңдерінде тілге тиек еткендігін аңғардық.*

Кілт сөздер*: тәрбие, білім, адамгершілік, еңбек.*

Резюме: *Ыбырай в своих работах сочувствовал детям казахского народа, он хотел чтобы они были образованными, воспитанными, человечными и чтобы достичь это он возносил важность упорного труда. Можно заметить что основа его песень, рассказов является призывание детей к знанию, науке, человечности, быть образцовым, уважать других людей.*

Ключевые слова: *воспитание, образование, человечность, труд.*

Summary: *Ybyray in his works sympathized with the children of the Kazakh people, he wanted them to be educated, humane and to achieve this he raised the importance of hard work. You will notice that the basis of his songs, stories is the calling of children to knowledge, science, humanity, to be exemplary, to respect other people.*

Keywords: *upbringing, education, humanity, labor.*

Ы. Алтынсарин орыс тілімен қатар, араб, татар тілдерін жетік меңгеріп, көксеген бар арманы халыққа білім беру болды. Ол кезде қазақ балаларына арнап, мектеп ашу өте қиындыққа түсті. Соған қарамастан, Ыбырайдың тікелей атсалысуымен 1864 жылы қаңтар айында түңғыш қазақ мектебі ашылды.

Сол замандағы қаражаттың жетіспеушілігі, мектеп үйі, құрал-аспаптардың жоқтығы да оны мүқалта алмады. Ол ауыл-ауылды аралап, халыққа білім беретін мектептердің артықшылығын түсіндірді. Өзінің насихатын халықтың жүрегіне жеткізе білген оған халық арасынан қолдау көрсетушілер табылды. Қаржы жинауды ең алдымен өзі бастап, атасы Балғожаның еншісіне берген малын сатып, түскен ақшаны мектеп салуға жұмсады. Оқу үйі жетіспеген кезде оқу-білім іздеген қазақ балаларын өз үйіне жатқызып оқытқан.

1864 жылы ол Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді: бәрі жақсы, есті балалар... Бұл балалар небәрі үш айдың ішінде орысша, татарша жаза білетін болды» [4], – деп жазды. Бұдан біз Ыбырайдың ұстаздық жолының сәтті басталғанын байқаймыз.

1879 жылы Ы.Алтынсарыұлы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол жаңа үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879–1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) уездік жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық білім беретін түңғыш оқу орны болды.

Ыбырай қазақ даласында бірінші болып қыздарды білімге тартты. 1887 жылы Ырғызда қыздарға арналған мектеп-интернат ашты. Қыздар мектебін ұйымдастыруы – ұлы ағартушының бұл түрғыда жасаған үлкен еңбегі.

Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ы.Алтынсарин мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды күн тәртібіне қояды. 1881 жылы Орск қаласында түңғыш Мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырайдың инспекторлық және ағарту саласындағы қызметін аталған мектептерді

ашу ісімен шектеуге болмайды. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысының жанды үйтқысы болды. Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен орындады.

Ағартушы қайтыс болғаннан кейін 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта және 1896 жылы Ақтөбеде Қыздар училищелерін ашуға рұқсат етілді. Бұл да Ы.Алтынсариннің ізденулерінің нәтижесі екендігі құжаттар бойынша дәлелденіп отыр [5; 12 б.].

Кезінде Ы.Алтынсарыұлы салдырған Қостанай өңіріндегі мектептерде Алаштың ғұламалары А.Байтұрсынов пен М. Дулатов оқыған, «Алашорда» дүниеге келген. Ы.Алтынсарин оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән берген. Сондықтан да «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазған.

1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы»: бірінші – балалар өмірі туралы орыс тіліндегі әр түрлі хрестоматиядан, көбіне Паульсонның хрестоматиясынан алынған әңгімелер; екінші әр түрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер; үшінші – қазақ жыршыларының өлең жырларынан үзінді; төртінші – қазақтың мақал-мәтелдері тәрізді төрт бөлімнен құралған.

Зерттеушілер кітапқа енген әңгімелердің көпшілігі И.И.Паульсонның «Оқуға және орыс тілінде практикалық жаттығулар жасауға арналған кітап» хрестоматиясынан алынғанын, сондай-ақ кейбіреулері К.Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесі», «Ана тілі», Л.Н.Толстойдың «әліппе және оқу кітабы», Б.Ф.Бунаковтың «әліппе мен құрал» сияқты кітаптарынан алынғандығын анықтап отыр. Олардың көпшілігі дәл аудармалар да, бірқатары – ерікті аудармалар [5; 11 б.].

Ағартушы хрестоматиясына енгізген шығармаларымен еңбекті сүюге, өнерге ұмтылуға, Отанын, елін-жерін сүюге, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, адамгершілік, қайырымдылық, жинақылық сияқты басқа да жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуді көздеген. Жалқаулық пен надандық сынды жаман қасиеттерді сынай отырып, балалардың осылардан аулақ болуына жол көрсеткен. Оқулыққа енген өлең-жырлар, мақал-мәтелдер күні-бүгін де өз маңызын жойған жоқ:

Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап. («Сөз басы» [12; 5])
Мал дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң жоқ болар,
Оқымыстың байлығы
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар. («Сөз басы» [12; 5])
Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас. («Сөз басы» [12; 6])
Айналасына ас қойып,
Изені көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Исін жұпар аңқытқан.(«Бұл кім?» [12; 9])
Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз! («Өсиет өлеңдер» [12; 9])
Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса.
Достарың, дұшпан түгіл табалайды –
Аяғың бір нәрседен шалыс болса!
(«Арық мал жан жолатпас бір жалданса» [12; 12])
Береке кеткен елдерде

Күн қысқарса керек-ті.
Алатаудай атаға
Ұл қышқырса керек-ті. («Азған елдің адамына» [12; 14])
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің,
Аяғынан алмаңыздар («Әй, жігіттер!» [12; 15])
Жоғары қарап оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасыңа!
Ақылсыз жанды досым деп,
Басыңды қосып сыр айтпа.
Күндердің күні болғанда,
Ол жаман айғақ болар басыңа! («Әй, достарым!» [12; 15])

Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған. Өкінішке қарай, бұл шығарма әр түрлі себептерге байланысты баспадан уақытында жарық көрмеді. Ұлы педагог қайтыс болғаннан кейін қолжазба із-түссіз жоғалып кеткен. Қазір Ресей, ТМД елдері мұрағаттары мен кітапханаларына хабарласу, құнды қолжазбаны іздестіру, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүруде [13].

«Қырғыз хрестоматиясының» жастарға дұрыс тәрбие беру және олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейту үшін қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да бұл оқулық ұзақ жылдар бойы талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Іргебаева Н. Ыбырайдың үрпақтары байдың тұқымы ретінде қуғындалған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – № 17 (77). – 7–9 б.
2. Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. І-т. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: Қазақ энцикл., 2009.– 103 б.
3. Жәрімбетова Н. Тағдыры кермек тұлға // Егемен Қазақстан. 2009. – 29 шілде. – 10 б.
4. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – 104, 105 б.
5. Түрғынбаева Б. Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – Қазақ хрестоматиясын жазды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). –10 –12 б.
6. Қазақ Совет энциклопедиясы. – 3-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., – 399 б.
7. Қазақ Совет энциклопедиясы. – 4-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., – 660 б.
8. Азмұханова А. Үлт ағартушылары және ұлттық мүдде // Қазақ тарихы. – 2011. – № 4 (109).–11–13 б.
9. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 847 б.
10. Қазақ Совет энциклопедиясы. – 5-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., – 519 б.
11. Қазақ Совет энциклопедиясы. – 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., – 334, 335 б.
12. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, – 168 б.
13. Мұқатов Н. Көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). – 48– 50 б.
14. Мәдібай Қ. Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. – 2009. – № 33 (3144). – 31 шілде. – 6 б.
15. Абдуллина А. Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні // Қазақ. – № 18,19 (532–533). – 6–13 мамыр. – 8 б.
16. Әлдибеков Ж. Қазақ даласындағы әділетсіздікті, заңсыздықты көріп жаны күйді // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). – 40 – 42 б.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА
ART SCIENCE

Мұсағұлова Г.Ж.
өнертану ғылымының кандидаты, профессор
Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы
Алматы қ.

Салықова Д.О.
ұстаз
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы
Алматы қ.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭСТРАДАЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Түйін. *Г.Ж Мұсағұлова мен Д.О.Салыковаңың «Заманауи Қазақстанның эстрадалық өнерінің негізгі даму тенденциялары» атты мақаласында қазіргі заманғы эстрадалық орындаушылық мәдениетінің көкейкесті мәселелері қарастырылады.*

Онда Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру динамикасы эстрадалық вокалды-аспаптық шығармашылықтың әр түрлі музыкалық іс-шаралар мысалында көрсетілген. Зерттеу объектісі ретінде «Эстрадалық аспаптар» кафедрасында оқитын студенттердің жетістіктері, сондай-ақ олардың шығармашылығын насихаттау жолдары кеңінен қарастырылған.

Түйін сөздер: *эстрадалық орындаушылық мәдениет, Қазақстан, өнер.*

Резюме. *В статье Мусагуловой Г.Ж. и Салыковой Д.О. «Основные тенденции в развитии современного казахстанского эстрадного искусства» рассматриваются актуальные проблемы современной эстрадной исполнительской культуры Республики.*

В ней прослежена динамика реализации программной статьи Президента РК «Семь граней Великой степи» в области эстрадного вокально-инструментального творчества на примере различных музыкальных событий. В объекте исследования достижения обучающихся на кафедре «Инструменты эстрадного оркестра», а также пути пропаганды их творчества.

Ключевые слова: эстрадно исполнительная культура, Казахстан, искусство.

Summary. *In the article of Musagulova G.Zh. and Salykova D.O. "The main trends in the development of modern Kazakhstan's pop art" considers the actual problems of modern variety performing culture of the Republic.*

The dynamics of implementation of the program to become president of the Republic of Kazakhstan "Seven faces of the Great Steppe" in the pop vocal and instrumental creativity on the example of various music events has been traced. The object of study is the achievement of students at the Department of "Pop Orchestra Instruments", as well as ways to promote their creativity.

Keywords: *pop Executive culture, Kazakhstan, art.*

Қазақстанның жаңа мәдени саясатының стратегиялық бағыты – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» ұлттық идеясы арқылы қазақ халқының бай мәдени мұрасын жаңғырту, ұлттық сананы дамытуға бағытталған. Бұл Мемлекеттік бағдарламада Қазақстандағы мәдениетті дамытудың маңызды мақсаттарының бірі – жеке тұлғаның рухани-шығармашылық өсуін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени мұраны байыту, насихаттау және дәстүрлі мәдени құндылықтарды әлемдік деңгейде паш ету [1].

Мәдениет бүгінгі күні адамның рухани және эстетикалық дамуының, ұлттық бірлікті қалыптастырудың және елдің әлемдік қауымдастыққа интеграциялануының күшті құралы болып табылады. Қазақстанның мәдени саясаты шығармашылық құндылықтарды қалыптастыруға негізделген және ұлттық мәдени құндылықтар, тарихи тәжірибе, ұлттық дәстүрлер, этникалық сәйкестендіру және ұлттық кодексін сақтау негізгі тірегі болып табылатын қоғам мен мемлекеттің барлық маңызды аспектілерін сапалы бағалауға бағытталған.

Мәдениеттің рөлін түсінудің заманауи тәсілі жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыруды қажет етеді, оның маңызды бағыттары қоғамның шығармашылық қызметке деген көзқарасын, жеке тұлғаның, бизнестің және тұтастай мемлекеттің жетістіктерінің маңызды аспектілерін өзгертеді. Шекаралардың ашықтығы, ақпараттың қолжетімділігі Қазақстанға жаһандану үдерісіне белсене араласуға, түрлі елдердің мәдениетінің инновациялық жетістіктеріне қосылуға мүмкіндік береді.

Шекаралардың ашықтығы, ақпараттың қолжетімділігі Қазақстанға жаһандану үдерісіне белсене араласуға, түрлі елдердің мәдениетінің инновациялық жетістіктеріне қосылуға мүмкіндік береді.

Осы жылдар ішінде Елдің даму Стратегиясының бағдарламалық құжаттарында Президент Нұрсұлтан Назарбаев саяси және экономикалық тұрғыдан алғанда, ұлттың қалыптасуы мен сәйкестігі үшін іргетас алаң ретінде мәдени мұраны сақтау, қазіргі және келешек ұлттық мәдениетті қалыптастыру, рухани жаңару үшін жағдайлар жасау міндетін белгілейді [2].

Кез-келген ұлт пен халық өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа ұлттардан бөлінбей, олармен араласып, мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды алмасқан жағдайда ғана өмір сүріп, дами алатыны белгілі.

Өнер саласындағы академиялық және фольклорлық жанрлардың кәсіби шығармашылығына қатысты өте толыққанды материал жиналғанымен, эстрада өнеріне қатысты деректер әлі де кең ауқымда зерттелмеген.

Сонымен бірге қазіргі заманғы жаппай мәдениет, шоу-бизнес және эстрадалық өнердің проблемалары бүгінгі күні гуманитарлық зерттеулерді өмірдің шынайылығына жақындатуға мүдделі мәдениет қайраткерлерінің, философтар мен өнертанушылардың көбірек назарын аударады. Эстрада ұжымдық өнер түрі ретінде музыкатану саласында емес, эстетика мен өнертану тарихында қарастырылды, бұған дәлел – анықтамалық материалдардан және музыкалық энциклопедиялық сөздіктер. Дегенмен, музыкалық эстрадалық жанрды дамыту проблемалары, әсіресе көрнекті өкілдерінің кәсіби қызметінің теориялық және әдістемелік аспектілері жеткілікті зерттелмеген және ғылыми тұрғыдан қарастырылу қажет.

Қазіргі таңда опералық, симфониялық, камералық, халықтық орындаушылықтың ерекшеліктері зерттеліп, композиторлардың шығармашылық идеяларын жүзеге асырудың нақты шығармашылық үрдістері, музыкалық шығармаларды интерпретациялау ерекшеліктері, заманауи кезеңде бұрынғы өткен заманның көркемдік құндылықтарының жүзеге асырылуы зерттелуде. Мәдени өмірдің күрделі үрдістері, әрине, сараптамалық бағалауды қажет етеді, сондай-ақ біздің ұлттық мәдениеттің даму перспективаларын терең түсінуді талап етеді.

Мәдени мұраны сақтау бүгінгі күні көптеген халықтарды алаңдатады. Енді мәдениеттің әлеуметтік-тарихи аренадағы интеграциясы кезеңінде қазақ халқының музыкалық ой-өрісін одан әрі дамытудың этникалық сәйкестігімен ерекшеленетін «локомотивтің» бір түрі ретінде Қазақстанда эстрадалық музыканың пайда болуы мен дамуы туралы мәселе пайда болды. Ең бастысы жоғалтпау емес, сонымен қатар, осы түпнұсқалықты сақтап, жаңа үрпаққа заманауи, шығармашылық тіл арқылы және әмбебап мүмкіндіктерге ие болу. Бұл эстрада жанрларына қатысты мәселе.

Қазіргі заманғы аспаптық топтарға деген сұраныс, оның жеке орындаушыларының танымалдылығы, ең алдымен, аудиторияның нақты қажеттіліктеріне, олардың көңіл көтерудің ерекше атмосферасын құруға көмектесу, демалыс кезінде адамның ең жақсы демалуын қамтамасыз етуімен байланысты. Т.Жүргенов атындағы ҚазҮӨА-ның жас және талантты соло орындаушыларының, республиканың тыс жерлерде даңқын көтеретін сазгерлердің шығармашылығы ерекше назар аудартады.

Мұғалімдер мен студенттер әр түрлі іс-шараларға үнемі белсенді түрде қатысып, республикадағы және одан тыс жерлерде еліміздегі эстрада тынысын ауқымды көрсетеді. Олардың арасында Оренбургский А.А. жүргізген Үлкен оркестрдің «Алатау» концерт залында Халықаралық «Бастау» кинофестивалінің ашылуында өнер көрсеткен сәттері, осы дирижер басқарған Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік Филармониясында өткен джаз квартетінің орындауымен бірге белгілі скрипкашы Жәмила Серкебаеваның қызықты композициялары тыңдаушы қауымды таң қалдырған. Айтылған концерт әнші Жанна Саттароваға қайырымдылық әрекет көрсету ынтасымен жүзеге асырылған. Сол жылы джаз квартетінің жеке концерті Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясында өтті. Барлық аталған қомақты өнер мерекелері 2014 жылы жарық көрді.

2015 жылға белгіленген бірқатар концерттер маңызды оқиғалардың көрсеткіші. Олардың арасында – Астана қаласында өткен Қазақстан халықтарының Саммитіне арналған мерекелік концерт, Абай атындағы МАОБТ-да Оренбургский А.А. жүргізген студенттік Биг-Бэндтың концерті мен Астана қаласындағы «Қазақ Концерт» концерт залындағы «Достар серты» мюзиклнің музыкалық сүйемелденуі.

2016 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттыу өнер Академиясында аңызға айналған Майкл Джексонның гитаристі – Дженифер Баттенмен шеберлік сыныптары жүргізілді.

Оренбургский А.А. бастаған студенттік Биг-Бэндтың жасалған қомақты істері аталуға әбден лайық. Ол «Бастау» кинофестивалін 2016 және 2017 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік

Университетінің студенттер Сарайында ашылу рәсімі, 2018 жылы сол ұжымның сүйемелдеуімен Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясының есеп беру концерті өтті, сонымен қатар СТВ жазба телевизия және радиохабар тарату арнасындағы жазбаларға, «Наурыз» Ұлттық мереке және басқа да көптеген іс-шаралар қатысы, үнемі ізденіс жолында жүруде.

«Alma time» ВАА-нің[1] қызметін жеке айтып кету орынды. Ол 2012 жылы Қазақстанда құрылды, оның көркемдік жетекшісі Гнесиндер атындағы Ресей музыка Академиясының түлегі Ұлан Ахметов болып табылады. Үсынылған ұжым басқа да танымал әртістермен ынтымақтастықты таңдаған. Олардың қатарында Андрей Губин, «Күміс» тобы және т. б.

Ұжым коммерциялық бағытта жұмыс істейді, әртүрлі деңгейдегі іс-шараларда каверлдерді орындай отырып өнер көрсетеді. 2017 жылы Hit TV, MuzLife, Той-Думан т. б. арналардың көрсетіліміне рұқсат алған «Бір Арман» атты әнге шығарылған алғашқы бейне-клиптері жарық көрді.

«Alma time» ВАА-лі джаздық бағдарламасын орындап, Музкафе джаз клубының резиденттері болып табылады. 2018 жылдың ақпан айында аталған топ Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясында жеке концертін берді. Ұжымның шығармашылық мақсаттарына авторлық композициялар жазу, Қазақстандағы және шетелдердегі джаз фестивальдарына қатысу кіреді.

Қазақ вокалдық-эстрадалық орындаушылықтың әртүрлі аспектілерін ғылыми түрғыдан игеруді ерекше атап өткен жөн, оған қысқа мерзім ішінде (2012-2018 жж.бастап) магистрлік диссертациялар мен екі докторлық зерттеулер (PhD) арналған.

2018 жылдың желтоқсан айында Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясының докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі кеңесінде осы өзекті бағыт бойынша екі жұмыстың қорғауы өтті.

Мухитденова Б.М. «Қазақстан орындаушыларының музыкалық эстрада өнері мен әртістігін дамыту» атты докторлық диссертациясының тақырыбының өзектілігі Қазақ мәдениетінің седентаризациялану және батыстандыру контексінде, сондай-ақ Еуропа мен Орта Азия өңіріндегі музыкалық эстрада өнерінің пайда болуы мен дамуын салыстырмалы зерттеу жолымен Қазақстанның музыкалық эстрада өнерінің пайда болу типологиясын анықтаумен тығыз байланысты. Бұл жұмыста толық мөлшерде эстрадалық нөмірдің құрылымын зерттеу арқылы эстрада өнеріндегі «өнер синтезі» ұғымының мәнін ашу, әлемдік және қазақстандық музыкалы эстраданың жанрлық-стильдік көптүрлілігін анықталған,

Қазақстан мысалында эстрада музыкалық өнерінің ерекшелігі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерделенген, эстрадалық әнші түлғасының психологиялық ерекшеліктеріне және оның концерттік орындау дайындығына байланысты әртістік феномені негізделген және оның Қазақстандағы эволюциясы кеңінен зерттелген. Сонымен қатар эстрадалық әншінің әртістігінің құрамына кіретін әншінің даралығы, мінезі, психологиялық ерекшеліктері, харизмасы мен сахналық келбеті, сондай-ақ ән орындаудағы эмоциялық-экспрессивті ерекшеліктері мен сахнада өзін-өзі ұстау, аудиторияға әсер ету тәсілдері қарастырылған.

«Заманауи Қазақстан өнеріндегі вокалдық-эстрадалық орындаушылықтың қалыптасуы» тақырыбындағы диссертациясында И.Г. Кайсиди, ең алдымен, қазақ ұлттық музыкасының дәстүрлі жанрларының вокалдық-эстрадалық жанрмен тарихи-генетикалық байланыстарын ашуды көздеп отыр. Осыдан кейін вокалдық-эстрадалық музыканы ұлттық стильдің кешенді мәнерлі құралдары мысалында, атап айтқанда қазақ ұлттық мелосының ең көрікті элементтері негізінде вокалдық-эстрадалық орындаушылықтың сипаттық ерекшеліктерін және вокалдық-эстрадалық орындаушыларды дайындаудағы білім беру тенденцияларын айқындауды диссертация авторы қарастырды.

Аталған мәселелерді зерттеу қажеттілігі қазіргі заманғы вокалдық – эстрадалық музыка әлі күнге дейін тұтас музыкатану зерттеуінің пәніне айналмағандығымен негізделген. Бұл жұмыстар қазіргі заманғы қазақ бұқаралық мәдениетінің ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдің феноменін терең түсіну мен бағалауға қосымша ынталандыра отырып, отандық ғылымға белгілі бір үлес қосуға мүмкіндік береді.

Заманауи тенденциялардың соңғы сәттерін ескере отырып, аталған вокалдық топтар мен жеке орындаушылардың шығармашылығы тыңдарман қауымның ниетін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсету қажет. Халықтың талғамын ескере отырып, дәуірдің рухани климатын, қазіргі заманғы

[1] ВАА (ВИА)

үрдістерді нәзік бере отырып, осы талантты музыканттар бір мезгілде әлеуметтік ахуалдың көрінісі болып табылады, оның дамуын белсенді бағыттайды және динамикалайды.

Осылайша, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қарқынды кіруі, соңғы уақытта зор шығармашылық тәжірибе алудың бірегей мүмкіндігіне алып келген ақпараттық жолдардың ашылуын көрсету маңызды және жаңашыл үрдіске айналды.

Егемендік кезеңі музыкалық өнер саласындағы оң қозғалыстардың куәсі, көптеген ұжымдардың, конкурстардың, рок және поп-топтардың, әр түрлі жанрдағы шығармалардың жарық көру болып табылады. Осы екі жыл ішінде джаз және ән-эстрадалық музыканың әртүрлі халықаралық және республикалық конкурстары, фестивальдар, композиторлардың съездері мен форумдары өткізілді.

Бұл мағынада тыңдаушылардың қызығушылығы мен талғамдары өте заңды, олар табиғи іріктеу арқылы халық жадында берік бекітілген жарқын, бояулы және талантты тұлғалар мен олардың шығармашылық олжаларына артықшылық береді. Аталған барлық іс-шаралар «Үлы даланың жеті қыры» Мемлекеттік бағдарламасының жарқын және белсенді іске асырылғанын айғақтайды, оның негізгі постулаттары түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық мәдениеттің қазіргі және болашағының қалыптасуы үшін жағдай жасау, қазақ ұлтының қалыптасуы мен өзін-өзі сәйкестендіру үшін негіз қалаушы платформа ретінде рухани жаңғыру болып табылады. Қазақстанда бұрын-соңды болмаған кәсіби биіктіктерге қол жеткізе отырып, өзінің күрделілігі мен көптүрлілігі бойынша бірегей полижанралық музыка өнері дамып келеді [3].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».//Егемен Қазақстан. 12.04.2017.
2. Назарбаев Н.А. Из выступления на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: один народ – одна страна – одна судьба», 24.04.2013.
3. Назарбаев Н.А. «Үлы даланың жеті қыры». //Егемен Қазақстан, 21.11.2018.

Шарипова Д.С.
кандидат искусствоведения, зав. отделом изобразительного искусства
Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова
КН МОН РК

СИМВОЛЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В СОВРЕМЕННОЙ СКУЛЬПТУРЕ КАЗАХСТАНА

Түйін: *Бұл мақалада Ұлы даланың символдарымен Қазақстанның қазіргі заманауи мүсінінің өзара қарым-қатынасы мәселесі қарастырылады. Алматы мен Астананың монументалды туындыларының бейнелі құрылымын қалыптастырудың ерекшеліктері негізгі мәселе болып отыр. Мүсіншілер А. Жұмабай, А. Баярлин және А. Нартовтың шығармашылығын талдау негізінде қазақ халқының мұрасын пайдалануға экспрессивті-метафорикалық көзқараспен байланысты қазақ мүсініндегі маңызды үрдіс атап өтілді.*

Кілт сөздер: *рәміздер, Ұлы дала, мүсін, ескерткіш, ою-өрнек, миф.*

Резюме: *В статье рассматривается проблематика взаимодействия современной скульптуры Казахстана с символами Великой степи. Основным становится вопрос о специфических особенностях формирования образной структуры монументальных произведений Алматы и Астаны. На основе анализа творчества скульпторов А.Жумабая, А.Баярлина и А.Нартова отмечена важная тенденция в казахской скульптуре, связанная с экспрессивно-метафорическим подходом к использованию наследия казахского народа, глубоко прочувствованное отражение не только художественных, но и духовных основ древних артефактов.*

Ключевые слова: *символы, Великая степь, скульптура, памятник, орнаментальность, миф.*

Summary. *The article deals with the problems of interaction of modern sculpture of Kazakhstan with the symbols of the great steppe. The main issue is the specific features of the formation of the image-bearing structure of the monumental works of Almaty and Astana. Based on the analysis of the work of sculptors A. Zhumabay, A. Bayarline, A. Nartov and marked an important trend in the Kazakh sculpture related to expressive and metaphorical approach to the use of heritage of the Kazakh people, deeply felt reflection of not only artistic, but also spiritual foundations of ancient artifacts.*

Keywords: *symbols, Great steppe, sculpture, monument, ornamentation, myth.*

Традиционные ценности, духовный облик героев, нравственные идеалы выдающихся деятелей Казахстана получили свое зримое воплощение в классических образцах живописи, скульптуры и графики. Сегодня это воскрешение исторической памяти стало осознанным и выстраданным выбором мастеров монументальной скульптуры. Современные авторы, обращаясь к извечным пластам, выявляют в своем творчестве сопричастность извечных символов нации современным инновационным процессам, идущим в Казахстане.

В рамках общей линии обращения к символам Великой степи для усиления метафоричности образа можно выделить экспрессивно-метафорический подход Адлета Жумабая (1958-2017). В рассматриваемом случае знаковое начало находит свое воплощение в общей декоративности скульптуры.

А. Жумабай понимал свое ремесло как неизбежное соединение рационального, огромных знаний истории своего народа и стихии эмоции. Творческая память художника постоянно связывает прошедшее с настоящим, наполняя древние формы актуальным звучанием.

Его символы всегда растут из переживаний и ощущение кровного единства с национальными традициями. Даже не знание, а внутреннее видение опор и принципов казахского мира отличает творческое существование Жумабая. Именно его умение прочувствовать те «скрепы», которые определяют феномен казахскости, и желание отразить их в пластике стали основой его мастерства. Сила его камерных работ заключена в неизменной искренности автора.

Жумабай использовал сакскую пластику для сочинения собственных исторических эпопей. В Монумента Независимости 1996 года в Алматы орнаментальный дар Жумабая зиждется на его декоративной фантазии. Силуэт золотого человека столь же причудлив и строится из соединения разных объемов – барса, птицы, героя. «Статичная фигура Золотого человека тем не менее в динамике – все ее линии подчинены полету зверя, и сбоку она подобна лучной дуге, отмечает Д.Ельдесов, – даже лук в его руке как извивающаяся змея повторяет движение барса» [1]. Общая торжественность этой скульптуры слагается из разных, чрезвычайно динамичных форм, ритмических повторов линий, контрастов жестких вертикалей и плавных дуг, мощного торса и текучих абрисов фантазийных существ. Отдель-

ные стороны памятника – статуарность человеческой фигуры, ее застылость соседствует с богатым орнаментальным подходом, который обогащает памятник, привносит множество образных ассоциаций, усиливает эффект неожиданности и необычности.

Орнаментальность памятника порождена его ориентацией на сакское искусство. Мастера этой эпохи, сохраняя характерные черты изображаемых животных, стремились добиться взрывной экспрессивной формы за счет смелых изменений частей тела или их перекручивания. То же самое относится к объему фигуры. Для достижения орнаментального, затейливого силуэта мастера стремились к одной точке зрения, трансформации массы в плоскость, что характерно было не только для поверхности бляшек и украшений сбруи, снаряжения, но и для наверший посохов, антропоморфных скульптур.

Жумабай также обращен к однофасадности и разорванности силуэтов для достижения цельного и в то же время многообразного впечатления от скульптуры. Полифония разных тем стала результатом авторской воли – искренней веры в то, что его герой реален, с живой плотью и кровью. Впечатляющее воображение и поэтичность натуры позволили сделать из орнаментальной скульптуры подлинный символ. Насыщенность ассоциациями со звериным стилем позволили и скульптуру создать, полную метафор.

Контрасты орнаментального и конструктивного сталиизлюбленным приемом Жумабая и в станковой пластике. Скульптурные композиции теряют статичность, и в памяти пробуждаются самые разные ассоциации. Таким образом, любой предмет, ставший «героем» скульптурной группы приобретает множество смыслов, мечи уподобляются жузам («Мечи», 2007), образ щита сливается с солнцем («Солнце кочевников», 2005).

Рельефная, дышащая поверхность бронзы, словно изъеденная временем и жесткая геометрия линии стрел или мечей – этот мотив обыгрывается им неоднократно. Благодаря такому отношению к материалу эти аскетичные скульптуры насыщаются коллизиями и целой драматургией.

Жумабай искал специфику национальной скульптуры, именно с помощью различных приемов декоративного звучания. Она может приобретать и конкретные формы: Туловище матери-прародительницы Умай испещрено солярными знаками. Сама скульптура восходит к неолитическим статуэткам тюрков. Орнамент указывает на прямую преемственность традиции древней скульптуры и пластических поисков современного мастера. Исследования орнамента скульпторами как исторического, археологического, этнографического источника раскрывают богатство значений и содержательность орнаментальных композиций, их связь с архаическими религиозными и магическими представлениями.

Мифологический словарь вдохновляет создателей архитектурных памятников и городской скульптуры Астаны. В декоративной пластике фонтана «Древо жизни» А. Баярлина (2000г.) задействованы различные уровни мифологического сознания: общие элементы первостихий (Воду олицетворяет Бык, Землю – Верблюд, Огонь – Овен, Мудрость – Дракон), само древо, символика круга и конкретных элементов домашнего очага.

Прямое цитирование орнаментов народного искусства и химерических существ восточного пантеона проводится Азатом Баярлиным (род.в 1952) тактично и с пониманием их особенностей. В фонтане «Древо жизни» ему важно создать не замкнутую скульптурную фигуру, а своего рода инсталляцию, в которую он вплавляет множество образов. Этот сплав не выглядит эклектично, а только обогащает общую художественную ткань произведения.

Древо жизни обретает идеальную форму шара, когда все, что его окружает и сама его структура, наоборот, полна изменчивости и стихийности: орнаменты, составляющие крону, и эклектическая природа изображенных существ по контрасту передают неконтролируемые потоки жизни. Все же закладывая в основу формообразования орнамент, Баярлин выявляет логику четкого построения самых прихотливых форм. В общей композиции фонтана, в соподчиненности отдельной, пусть и самой оригинальной детали целому, во взаимных перекличках между растительным орнаментам и зооморфными изображениями присутствует порядок и гармоничный ритм. Отметим, что он сознательно обращается к абстрагированным деталям и образам, чтобы показать универсальный характер ансамбля, его всеобщность и высокую символическую концентрацию.

Фигуру каждого животного венчала голова дракона. Этот принцип умножения формы, неразрывной слитности частей разных животных восходит уже к скифо-сибирскому стилю. По мнению исследователей, сочетание интерпретации этого стиля и китайской пластики позволило добиться «равновесия специфически восточного декоративизма и лаконичной цельности» [2, с.371].

В то же время в этом фонтане много барочного начала, сама форма парапета, соединяет в себе казахскую орнаментику и барочные картушми. Для Баярлина опыт формообразования знаменитых фон-

танов Рима не прошел бесследно. Насыщенность аллегориями, некоторая вычурность декора, волюты в подножии шара, богатая резьба, беспокойная динамика линий, оживление скульптурной композиции струями воды, – все это усиливает символико-пластическую насыщенность ансамбля. Любовь к декору в барокко соединялась с основополагающим тяготением к театрализации памятников и интерьеров. В фонтане Баярлина также «проигрывается» введение в мифологическую картину мира с присущей театру экспрессией и пышностью.

Напомним, что фонтан Баярлина располагался в узловой точке городского пространства Астаны, как и барочные фонтаны в Риме. Для автора было важно сделать площадь, которую он украшает, одним из символически центров столицы, что удалось сотворить с помощью красочной художественной образности и необычности орнаментальных форм

Фонтан «Сакские правители» (2012) Аскара Нартова (род. в 1964), украшающий вход Национального музея стал своего рода орнаментального фэнтези в скульптуре Астаны. В первую очередь он воскрешает в памяти и дублирует археологические достопримечательности, которые хранятся уже внутри музея.

Фэнтези дает сегодня новую жизгь мифу, черпая из него сюжеты, образы и сам мощный космогонический настрой. Один из создателей этого жанра – Дж. Толкин столь сильно сожалел, что у англичан нет своей «Калевалы», что решил создать такой эпос сам, ориентируясь на германскую мифологию. Пример этот показателен – всегда в основе фэнтези лежит игровая природа и свободное фантазирование, которая распространяет свое воздействие на разные уровни образотворчества.

Нартов также сочиняет современную номадическую эпопею, опираясь на искусство архаики, но обладающее всеми достоинствами поп-культуры – динамичностью, экспрессивностью, таинственностью и завлекательностью.

В случае со скульптурой, на наш взгляд, фэнтези делает образ, почерпнутый из далекой истории, наделённым сверхсмыслом, таинственностью. Эти черты характера достигаются в том числе и активным использованием древних орнаментов как важных знаковых систем. Письмена орнаментальных рядов не только эстетически украшают вещь, но и добавляют новые семантические интерпретации. Подобное усложнение простого реалистического воспроизведения действительности, включение параллельных рядов сосуществования настоящего и прошлого позволяет наделить скульптуры зрелищностью и мифологичесикм звучанием.

Сакские воины с атрибутами власти восседают на конях с ветвистыми рогами. Этот элемент отсылает к маскам с рогами горных козлов из сакских курганов. По представлениям древних, благодаря им кони, преобразившись в животных верхнего мира, должны были доставить туда погребенных правителей. Доспехи знатных героев, воспроизводящие одеяния иссыкского «Золотого человека», упряжь коней, украшения колчанов воссоздают драгоценные артефакты скифо-сибирского стиля. Однако скульптура не превращается в реконструкцию, наглядное пособие по истории. Скульптор благодаря орнаменту сумел преобразить копию музейного экспоната в изысканную и величавую скульптурную форму. В фонтане доминирует организующее и конструирующее начало, которое отчеканивает пластические объемы в пространстве, утверждая их самостоятельную ценность в окружающей среде, позволяя достигнуть равновесия духовного и физического.

Сама композиция строится на орнаментальном принципе: повторении и умножение однотипного элемента – конской фигуры вокруг центральной чаши, из которой льется струя воды.

Сами кони решены в декоративной плоскостной манере. Пластика, ваяние, ощущения массы уступает место прорисовке графических деталей золотых украшений гривы, конской сбруи. Опора на символы Великой степи трансформирует изображение коней в пространство метафорического, в область знака. Скульптуры репрезентирует себя как ритуальный предмет, оберег, сакральный символ.

М. Эпштейн подчеркивал, что свойство вторичности – «усиливать черты подлинника, поскольку он берется не как часть более обширной и сложной действительности, где он сплетен со многими другими явлениями, а как вырванный из контекста знак самого себя» [3, с.154]. Игра с мотивами древности в отличие от многих опытов в исторической живописи у Нартова оттеняется многообразием орнаментальных вязей, что усложняет общую структуру образа, делает его более летучим и содержательно насыщенным. Натуралистическое воссоздание древней эпохи не интересует мастера, хотя он с огромным интересом работает над каждым декоративным элементом. Он больше склонен, основываясь на высокой культуре европейского ваяния передать мифологическую стихию, пронизывающую казахское народное искусство.

Возрождение древностей с помощью искусства ваяния, самого материального, осязаемого и вещественного из искусств, многократно усиливает эмоциональное восприятие исторической фантазии. Тем более, что всадники установлены на опору, воспроизводящую казахский орнамент, подчеркивая единую традицию, неразрывную связь эпох.

Погружение в наследие эпох, умение перевести зыбкие легендарные образы в конкретные и понятные формы с большой долей вкуса и изящества, без натурализма, убивающего воссозданный фантазийный мир, стало огромной заслугой А.Нартова.

Переосмысление культурного наследия казахов у Нартова носит комбинаторный, игровой характер, что в целом соответствует постмодернистской основе зодчества Астаны.

В монументальном искусстве изображение мифологического персонажа или визуализация символики чаще всего выглядит китчевым объектом. Ю. Неклюдов отмечал, что знания, которые «лежат в основе мифологических представлений, в своей совокупности охватывающих мироздание во всех его природных, культурных и человеческих измерениях; их сочетание называют «мифологической картиной мира» [4]. Зачем давать толкование символам, если скульптура способна выразить через художественную образность подобную совокупность идей, повторить принципиальные установки мифологического моделирования универсума. Для становления имиджа Астаны как некого сакрального центра само обилие скульптур уже несет мифологические коннотации. Ведь статуя самим своим присутствием отсылает к архаической картине мира, в которой любой из предметов структурирует пространство и отделяет его от хаоса, а образ мирового древа совпадает с извечными формами скульптуры (пирамида и обелиск).

Говоря о возвращении к символам, их возрождении, мы подразумеваем размышление, рефлексии о своей особости, непохожести на других благодаря обращению к самым нижним пластам истории и сознания, к чему-то абсолютно устойчивому. Уже в памятнике Абаю Кунанбаеву в Алматы (1960), одном из первых монументов Казахстана, его автор Х.Наурзбаев стремился, по мнению Х.Труспековой, «отойти от диктата соцреалистических правил и создать памятник духовного наставника и проводника казахского народа» [5, с.168].

Монументальная скульптура по свой сути способна легко и естественно указывать на самые дальние пределы, передать ощущение исторических глубин. Произведения казахских монументалистов как целостная, сложно организованная структура, где все элементы участвуют в воплощении той или иной картины мира, всегда связаны с национальным кодами. Избранная скульпторами сегодня ориентация на символические универсалии Великой степи выражает стремление восстановить воспитательные функции мифа, а также при помощи вечных ценностей, закрепленных в мифологии, повлиять на нравственное развитие социума.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ельдесов Д. Адилет Жумабай: я хотел выразить чувство свободы // http://rezonans.kz/kultura/item/1295-adilet-zhumabaj-ya-khotel-vyrazit-chuvstvo-svobody
2. Ергалиева Р. Вечные ценности в ритме быстрых перемен // Этническое и эпическое в искусстве Казахстана. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2011. – 432 с.
3. Эпштейн М. Постмодерн в России. Литература и теория. М.: Издания Р. Элинина, 2002. – 368 с.
4. Неклюдов С.Ю. Структура и функция мифа // http://www.ruthenia.ru/folklore/neckludov4.htm
5. Труспекова Х. Памятник Абаю Кунанбаеву в Алматы // 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2009. – 264 с.

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ
СОЦИОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
SOCIAL SCIENCE

ҒТАХР 19.01.11

Есенбекова Ұ.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан Республикасы

БҰҚАРАЛЫҚ МЕДИА МЕН ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Түйін. *Мемлекеттердің дамуында ақпараттық коммуникация құралдарының маңызы ерекше. Азаматтар ашық ақпаратқа қол жеткізу арқылы ғана билікті бақылай алады. Мемлекет мүддесіне зиянды ақпарат еркін таралмайтыны, ұлттық қауіпсіздіктің сақталуы сөз бостандығына шектеу қоятыны бұлжымас қағида болып бекітілуде. Батыс елдерінің, Ресей мен Қазақ елінің билік органдары қызметінде осы қағиданы көруге болады.*

Мақалада отандық медиа құрылымдардың әлеуеті, ұлттық медианың жаңа дәуірдің ақпараттық тасқынына қарсы тұра ала ма деген мәселе талданған. Психолингвистикалық зерттеулердің көмегімен қоғамның дамуына оң әсерін тигізетін тәсілдер мен технологияларды жасауға, пайдалануға болады.

Автор адамның ойлау жүйесі мен санасының қарым-қатынасына арналған зерттеулерді медиада қолдану қажеттігін нақтылап жеткізген.

Түйінді сөздер: *медиа, психолингвистика, нейролингвистика, бейсаналы қабылдау, медиа-иммунитет, әлеуметтік фильтр, зиянды ақпарат, қорғаныс тәсілдері.*

Есенбекова У.М.
кандидат филологических наук,
ассоциированный профессор
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Республика Казахстан

Аннотация. *В современных обществах информационно-коммуникационным инструментам отводятся значительная роль. Имея широкий доступ к открытой информации граждане смогут эффективно контролировать власть. Запрет на распространение информации, несущей опасность государственным интересам, ограничение свободы слова в целях защиты национальной безопасности становятся важными принципами построения современной модели государство-общество. Данный принцип реализован во многих западных странах, России и Казахстане.*

В статье анализируется потенциал отечественных медиа-структур в вопросах нейтрализации негативных информационных потоков цифровой эры. Психолингвистические исследования могут быть использованы для создания и использования методов и технологий, которые положительно влияют на развитие общества.

Автор уточняет необходимость исследования взаимосвязи между мышлением и сознанием человека.

Ключевые слова: *медиа, психолингвистика, нейролингвистика, подсознательное восприятие, медиа-иммунитет, социальный фильтр, вредоносная информация, методы защиты.*

Yessenbekova U.M.
associate professor, candidate of Philological Sciences
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Republic of Kazakhstan

Abstract. *In modern societies, information and communication tools play a significant role. Having wide access to open information, citizens will be able to effectively control power. The ban on the dissemination of information that threatens state interests, the restriction of freedom of speech in order to protect national security are becoming important principles for building a modern state-society model. This principle has been implemented in many western countries, Russia and Kazakhstan.*

The article analyzes the potential of domestic media structures in the neutralization of negative information flows of the digital era. Psycholinguistic studies can be used to create and use methods and technologies that positively influence the development of society.

The author clarifies the need to study the relationship between thinking and human consciousness.

Keywords: *media, psycholinguistics, neurolinguistics, subconscious perception, media immunity, social filter, harmful information, methods of protection.*

Билік пен медиа түрлі формаларда бір-бірімен ықпалдасып жатады. Әрқайсысы заң шеңберімен қорғалған құқықтардың негізінде жұмыс істейді. 100 жылдан асатын демократиялық дәстүрлері бар қоғамдарда адам құқығы, билік, қоғам мен медиа арасында қалыптасқан үлгілер бар. АҚШ пен ЕуроОдақ елдерінде адам құқығы ең күшті басымдыққа ие болып көрінгенмен, мемлекет мүддесіне келгенде бәрі басқаша. 2001 жылдың қыркүйегінде болған Нью-Йорктегі террорлық шабуылдан кейін американдық билік мемлекеттің қауіпсіздігі ең басты құндылық деп, өз тарихында болмаған шаралар қабылдады [1].

Ұлттық қауіпсіздік агенттігін құрып, өз азаматтарының, шетелдік азаматтардың, тіпті, жақын одақтас саналып келген Франция, Германия, Ұлыбритания сияқты мемлекеттердің басшыларының хат-хабарларын, телефон әңгімелерін құпия тыңдай бастады. Үлкен халықаралық резонанс тудырған Уикиликс сайтын құрушылар жариялаған, АҚШ-тың құпия қызметінің агенттері мәлімдеген құпия операциялар соған дәлел.

Мемлекет мүддесіне кері әсер ететін ақпарат еркін таралмайтыны, ұлттық қауіпсіздіктің сақталуы сөз бостандығына шектеу қоятыны бұлжымас қағида болып бекітілуде. Осы қағиданың жұмыс істей бастағанын батыс елдерінде, Ресей мен Қазақ елінде де көре аламыз.

2018 жылдың қазан айында заңды күшіне енген Үкімет қаулысына сәйкес Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі және Қорғаныс министрлігі төтенше жағдай туса немесе сондай жағдай туу қаупі төнсе үкіметтік, президенттік және шұғыл қызметтерден басқа операторлардың байланыс құралдарының және желілерінің жұмысын тоқтата алады. Аталған төрт мемлекеттік органға әлеуметтік, табиғи немесе техногенді төтенше жағдайлар кезінде Интернет және басқа байланыс құралдарын бұғаттау құқығы берілді [2].

Қазіргі мемлекеттердің дамуында ақпараттық коммуникация құралдарының маңызы ерекше. Олардың жұмыс істеу мәнері мен ашықтығы қоғам үшін қажет. Азаматтар ашық ақпаратқа қол жеткізу арқылы ғана биліктің жұмысын бақылай алады. Бұл жерде сол мемлекеттің тарихы мен даму жолы, мемлекет құрушы ұлттың менталитеті шешуші роль атқармақшы.

Міне, осындай кезеңде медиапсихологиялық проблемалардың ішінде адам құқығы мен биліктің ара-жігі қалай ажыратылуы тиіс, олардың өзара қатынастары қандай ережелермен реттелуі керек деген мәселелер күн тәртібіне шығарылады.

Мемлекет үшін төтенше жағдайларда билік пен медиа қандай бағытта, қандай құндылықтарды басымдық етіп алады деген сұраққа жауапты біржақты айтуға болмайды. Бұл тұста адамзат тарихында қателіктер мен кемшіліктерден тұратын алгоритм әлі де толық жасалып болған жоқ [3].

Қазақстанның бүгінгі дамуындағы үлкен мейнстрим айқындала бастады. Бірнеше ғасырлардан кейін өзінің тәуелсіздігіне қайта қолын жеткізген соң ғана біз өзіміз үшін ең басты идеяны айқындай бастадық. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы. Бұл идея Ұлы далада алғаш рет Күлтегін заманында, осыдан 14 ғасыр бұрын тасқа қашалып біздің дәуірге жетті. Түркі халқын еркін, мықты, мәңгілік ел жасау Ұлы түркі мемлекетін құрған Білге қаған, Құтлық пен Күлтегін сияқты тарихи кейіпкерлердің басты мұраты болған. Осы идея енді түркілердің бүгінгі тікелей мұрагерлері – қазақтардың ұлттық идеясына айналып отыр.

Бұл өмірде ештеңе кездейсоқ болмайтынын ескерер болсақ, айналамызда болып жатқан барлық құбылыстар қатал заңдылыққа бағынатынын көреміз. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» идеясын кездейсоқ емес, тарихи заңдылық деп қабылдауға тиіспіз. 27 жылда әлемге тек позитивті үдерістердің бастамашысы болып өзін таныта алған Қазақ елінің алдында үлкен қауіптер мен сындар тұр. Цифрлық дәуірдегі медианың дамуы, кибер қауіпсіздік мәселелерінде біз әлі де жинала алмай келеміз. Отандық медиа құрылымдардың әлеуеті шетелдің ақпараттық тасқынына қарсы тұра алмайтындай қауіп бар. Бұған дәлел – Еуропаның дәл түбінде орналасқан Украинадағы жағдай. Қырым мен Донбасс, Луганск оқиғаларында ресейлік басылымдардың ақпараттық шабуылына қарсы тұруға дәрменсіз болған украиндық бұқаралық медиалар әлемдік ортада толық жеңіліс тапты [4].

Мол ресурсы бар, түрлі технологиялық тетіктерді шебер меңгерген ресейлік медиалар өздерінің түпкі мақсаттарына жетті. Олар тек Ресейдің ішінде ғана емес халықаралық деңгейде өздерінің заңсыз іс-қимылдарын тартымды, қисынға келетін қадамдар етіп көрсетіп келуде.

Украинамен салыстырғанда бірнеше саты төмен дамып келе жатқан қазақстандық (қазақтілді) медиа орта дәл осындай сыни кезеңде өзін қалай көрсете алар екен? Ұлттық мүддемізді тек елдің ішінде ғана емес, халықаралық, әлемдік деңгейде қорғауға қауқарымыз бар ма? Бізде қазақтілді медианың ұстанымын көп жақтырмайтын орыстілді ақпарат құралдары өздерінің позициясын, саясатын қалай жүргізер екен? Бұның бәрі жауабы сабақтас күрделі сұрақтар.

Ұлттық менталитетті жетік білу арқылы қоғамды басқаруға болады, оны бақылауға болады, адамдардың пікірін өзгертіп, қажетті арнаға бұруға болады. Бұның бәрі медиапсихологиялық проблемалардан туындайтын мәселелер.

Бұқаралық медиа құралдар мен ұлттық менталитет медиапсихологияда өз алдына жеке аспектілер арқылы танылатын ұғымдар. Елдік мүдде түрғысында ұлттық менталитет, ұлттық өнер мен мәдениет, дәстүр бір арнаға тоғысқан, біте қайнасып жататын құйынды болуы тиіс. Мәңгілік ел идеясының іргетасын құрайтын қағидалардың бастылары да осылар [5].

Психо- және нейро- лингвистиканы медиапсихологияның құрамдас бөлігі деп қарап, олардың тиімділігі, пайдасы мен зиянын кешенді зерттеу PR-технологиялардың қоғамға пайдалы немесе қоғамды адастыруға апаратын формаларын ажырату үшін қажет. Психолингвистика – психология мен лингвистикамен түйісіп дамып жатқан ғылыми бағыт түрінде тілдің, ойлаудың және сананың қарым-қатынасын зерттейді. Психолингвистика адамдар арасындағы коммуникацияның барлық аспектілерін зерттейді. Ал, нейролингвистика болса – психология ғылымының саласы, мидың жұмыс істеу механизміндегі сөйлесуге, естіген ақпаратты қабылдауға жауап беретін қызметін зерттейді [6].

Нейролингвистика да психология, неврология мен лингвистиканың түйісіп дамуынан пайда болған ғылыми бағыт. Психология ғылымында нейролингвистикалық бағыттау деген ұғым бар. Нейролингвистикалық бағыттау арқылы адамдардың психологиясына арнайы әдіс-тәсілдер арқылы әсер етіп, оның мінез-құлқын, іс-әрекеттерін басқаруға болады.

Нейролингвистикалық бағыттау қарапайым тілмен айтқанда гипноздық әсер ету. Бұған көптеген ғылыми қауымдастықтар қарсы. Олардың ойынша, бұндай тәсілдерге ғылыми түрғыдан да, этикалық жағынан да тыйым салынуы тиіс. Шетелдік ғалымдардың пікірінше, «көп адамдар гипноздық трансқа енудің техникасын өз бетінше меңгергенімен, адам санасымен жұмыс істеудің этикалық жауапкершілігін мүлдем ойға алмайды.» Діни секталар мен жаңадан шығып жатқан діни қозғалыстар да өздеріне адамдарды қызықтырып, ішкі пайдаларын ойлап, нейролингвистикалық бағыттау техникасын қолданады [7].

Қызметіне аса жауапкершілікпен қарайтын журналист өзінің ойын көрермен мен оқырманға, тыңдарманға дәл және нақты күйінде жеткізуі тиіс. Мәтіннің арасында мазмұндық фрейм ауысқан кезде аудиторияның оны қабылдауы да екіұшты, қарама-қарсы бағытқа ауытқып кетуі мүмкін.

Адамдардың қарым-қатынасы сөйлеу, сөз арқылы ықпал етуден түрады. Бұқаралық коммуникация құралдары арқылы әлеуметтік бағыттағы ықпал ету тура немесе жанама түрде болады. Сөйлеу арқылы, эфирде таратылатын сөз арқылы, Интернет ресурстары арқылы әсер ету әлеуметтік бағыттағы ықпал етудің әртүрлі формалары.

Бұдан 60-70 жыл бұрын Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы идеологиялық соғыстың көрінісі «психологиялық соғыс» деген тіркес екі елдің қарулы күштерінің құжаттарында көрініс тапты. АҚШ әскерінің FM 33-5 арнайы нұсқаулығында: «қарсылас жақтың әскерінің және бейбіт түрғындарының көзқарасы мен көңіл-күйін, ұстанымдарын өзгертуге арналған психологиялық соғыс тәсілдері өз мемлекетіміздің үстемдігін жүргізіп, оның мақсат-мүраттарына жеткізеді» делінген [8].

Шетелдерде сөйлеу арқылы ықпал ету теориясы «сөздік коммуникация теориясы» деген атпен жүйеленіп келеді. Ресейлік психолог ғалымдар да телевизия мен радионың психологиясы мен психолингвистикасын зерттеген арнайы нұсқаулық құрал жазып шығарған.

Әлемнің ең беделді деген ақпараттық холдингтерінде психолингвистикалық зерттеулерге арнайы тапсырыс беріліп, оны күнделікті қолданады. Аудиторияға әсер етудің көптеген психологиялық тәсілдерінің көмегімен өздерінің көрермендері мен оқырмандарын көбейтеді. Қарапайым көрермен шетелдік телеарналардағы психолингвтистикалық және нейролингвистикалық тәсілдерді байқап, ажырата алмайды. Бірақ, бейсаналық түрде сөздерін түсінбесе де көрсетіліп жатқан жарнамаға еліктейді, фильмдер мен тележобаларды қызықтайды. Бұның бәрінің астарында телеменеджерлер психологтардың кеңесімен көрерменнің сұранысы мен қызығушылығын тудыратын телеөнімдерді ұсынады, көрерменді қызықтыратын видеокөріністерді көрсетеді. Сондай тәсілдермен адамның санасын бұрмалауға, оның мінез-құлқына ықпал етіп басқаруға қол жеткізеді [9].

Қазақ журналистикасындағы әлі де мән берілмей келетін психолингвистикалық зерттеулер арқылы көрерменге ұлттық мүдденің басымдығын, ізгілік пен имандылықты насихаттаудың өте тиімді тәсілдерін түзіп шығаруға болар еді. Бұл болашақта мәні күшейе беретін маңызы үлкен мәселе.

Отандық медианы зерттеуде қазіргі медиапсихология категориясы кең ауқымда сарапануы тиіс. Медиапсихологияның маңызы жылдар өткен сайын күшейе береді. Әлемде мемлекеттер мен ұлттар арасындағы бәсеке мен қақтығыс та күш алуда. Болашақта кімнің көшті бастайтыны, кімнің соңында қалатыны ұлттың экономикалық әлеуетіне ғана тәуелді болмайды. Басты нысана – ұлттар мен мемлекеттердің, ондағы азаматтардың білім мен ғылымға, жаңа технология жасауға деген қабілеті, инновацияға деген бейімділігі болары анық. Осы жолда Ұлы даланың мұрагері Қазақ Елінің мәңгілік тәуелсіз мемлекет болып қалуы бүгінгі жас ұрпақтың иығына артылатын үлкен аманат [10].

Үлкен мақсаттарға жету үшін әрбір тарихи кезеңнің ерекшеліктері ескеріліп жасалған ұлттың нақты бағдарламасы болмаса ешқандай қоғам алға жылжи алмайды. Әр қоғам өзінің мемлекеттік саясаты мен идеологиясын айқындауға күш салады. Демек, идеология – белгілі бір мақсатқа жетудің жолы, соның рухани негіздеушісі, тиянақтаушысы, тұғырнамасы. Оларды жекелеп айтсақ – тәуелсіздік идеясы, нарық идеясы, қазақтың ұлттық идеясы, тәрбие идеясы, топтастыру идеясы, келісім идеясы, қорғаныс идеясы және тағы басқалар. Ұлт санасын оятып, «қазақ» идеясын дүниежүзілік қауымдастыққа, әлемдік ұлы істерде танытып, ұлтымызды топтасуға жігерлендіріп, өркениетті елдердің қатарына кірмейінше тәуелсіз мемлекет құра алмайтынымызды әрбір ұрпақтың санасына сіңдіру қажет [11].

Біздің мемлекетіміздің іргетасы – қазақтың ұлттық санасы. Мемлекеттің құрылуына, оның нығаюына бірден-бір мүдделі ұлт – мемлекет құраушы қазақ ұлты. Жаңа дәуірдегі жас мемлекетіміздің ұлттық идеологиясының бастауы екі тармақтан тұрады. Біріншісі – қазақ халқының басын біріктіруге, санасын оятып, оның патриоттық сезім-түсініктерін қалыптастырып, рухани түлеуіне бағыттайтын жаңғыру идеологиясы. Бұл – ұлтты ұйыстыру, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту. Екіншісі – экономикалық саясатты ұлттық мүддеге қызметке қою, халықтың әл-ауқатын еселеп өсіру. Бұған еліміздің әлеуеті де, табиғи байлығы да, халқымыздың жоғары интеллектуалдық дәрежесі де жеткілікті.

Ғалам да, ұлт та, мемлекет те уақытқа байланысты жаңарып, өзгеріп дамып отыр. Тарихи кезең, қоғамдағы жаңару, бір қоғамдық жүйенің екінші жүйемен ауысуы үлкен трансформацияларға сұраныс туғызды. Уақытпен бірге келген жаңашыл өзгерістер мен толығу циклдары ақпараттық коммуникация саласына қойылатын талаптарды қалыңдата түсті. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қазақтың тарихы туралы, қазақ мемлекеттігі мен қоғамның эволюциясы туралы ғылыми ізденістерге жол ашылды. Қоғамдық дамудың табиғи заңдылығы ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойған идеологияға жол ашты.

Қоғамдық сананың өзгерістері де ақпараттық ғасырда ерекше байқалуда. Ақпараттық қоғам құруға арналған мемлекеттік бағдарлардың нәтижесі: біріншіден, ұлтымыздың жаңашылдыққа бейімделіп ұмтылған қадамдарына, екіншіден, осы айтылған мақсаттарға жетуде елдің, халықтың ақпараттық потенциалын коммуникациялық серпілістің көмегімен өсіру идеясын түсініп, санамызға сіңіруге байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Брайант Дж., Томпсон, С. Основы воздействия СМИ. М.: Вильямс, – 2004.
2. Стивен, Д. Странности нашего мозга [Текст] / Джуан Стивен; пер. с англ. А. А. Давыдовой. – М. : РИПОЛ классик, 2009.
3. Ushakova T. N. Yazykovoe soznanie i printsypy ego issledovaniya [Language consciousness and principles of its study]. Yazykovoe soznanie i obraz mira [Language consciousness and image of the world]. N. V. Ufimtseva (Ed.). Moscow, 2000. URL: http://www.iling-ran.ru
4. Алпатов В. М. Предварительные итоги лингвистики XX в. // Вестник Московского университета. Серия 9. Филология. – 1995. – № 5.
5. Березин В.М. Массовая коммуникация: сущность, каналы, действия. М.: Изд-во РИП-Холдинг, – 2004.
6. Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // Вопросы языкознания. – М., 2015. – №4.
7. Залевская А. А. Проблемы психолингвистики: вопросы теории и истории: Лекции. – Алматы, 2006.
8. Кубрякова, Е. С. О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный» // Вестник ВГУ, Серия лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2009. – Вып. 4.
9. Носов, Н. А. Виртуальная психология [Текст] / Н. А. Носов. – М. : Аграф, – 2000.
10. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Арт-экспресс, 2003.
11. Вершинская О.Н. Информационно-коммуникационные технологии. М.: Наука, – 2007.

ҒТАХР 19.01.11

Есенбекова Ұ.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Бұхарбай А.М.
1 курс магистранты
Журналистика және саясаттану факультеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аманжолов Б.Н.
1 курс магистранты
Журналистика және саясаттану факультеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Батухан А.Б.
1 курс магистранты
Журналистика және саясаттану факультеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ НАСИХАТ

Түйін. *Мәңгілік Ел болуға ұмтылған халықтың мәдениетінде ұлттық өрнек пен жалпыадамзаттық мұраттар қатар өріліп, үйлесіп жатады. Тарих сахнасында өзінің орнын белгілеген, болашағын ойлаған халық үшін рухани кеңістігін сақтауда, ұлттық сананы дамытуда идеологиялық базистің мықты болуы маңызды. Рухани іргесі әлсіз халықтың ой-санасы, тілі мен ділі де дағдарысқа ұшырап, жойылып кету қаупі жоғары.*

Мақалада ұлттық медианың жаңа дәуірдің ақпараттық сын-қатерлеріне қарсы тұрарлық әлеуеті талданған. Рухани жаңғыру мен жаңару жолын саяси бағыт ретінде қабылдау, оны іске асыруға деген талпыныс қазақ ұлты үшін, оның өз болмысын тануы үшін керек. Уақыт еншісіне байланған саналы адам өмірден өз орнын, өз биігін іздеуден жалықпаған.

Авторлар бұл еңбектерінде адамның ойлау жүйесі мен санасының қарым-қатынасына арналған зерттеулерді медиада қолдану қажеттігін нақтылап жеткізген.

Түйінді сөздер: *қоғамдық сана, мәдениет, ұлттық идеология, рухани жаңғыру, қоғамдық психология, медиа әлеуеті, зиянды ақпарат, идеологиялық базис.*

Есенбекова У.М.
кандидат филологических наук,
ассоциированный профессор
Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева

Бұхарбай А.М.
магистрант 1 курса
Факультет Журналистики және политологии
Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева

Аманжолов Б.Н.
магистрант 1 курса
Факультет Журналистики және политологии
Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева

Батухан А.Б.
магистрант 1 курса
Факультет Журналистики және политологии
Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева

КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ, ПРОПАГАНДА В СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Аннотация. *В культурах наций, стремящихся приумножить свой духовный потенциал, национальные особенности и общечеловеческие ценности взаимно дополняют друг друга и гармонично переплетаются. Для народов, которые обозначили свое место на исторической арене, важным составляющим является сохранение духовного пространства и развитие национального сознания. Слабость духовного основания может привести к исчезновению языка, культуры и менталитета народа.*

В статье анализируется потенциал национальных медиа противостоять информационным вызовам новой эпохи. Принятие пути духовного обновления и возрождения как политического направления его реализации необходимо казахской нации для укрепления своей идентичности. Патриотично настроенный гражданин всегда будет стремиться быть полезным в этой многосложной деятельности.

В статье авторы отметили важность использования мыслительной энергии человека, его культурного и языкового потенциала в реализации духовно-культурных установок через средства массовой информации.

Ключевые слова: *общественное сознание, культура, национальная идеология, духовное возрождение, общественная психология, потенциал медиа, вредоносная информация, идеологическая основа.*

Yessenbekova U.M.
associate professor, candidate of Philological Sciences
L.N. Gumilyov Eurasian National University

Bukharbay A.M.
1st year master student
Journalism and Political Sciences faculty
L.N. Gumilyov Eurasian National University

Amanzholov B.N.
1st year master student
Journalism and Political Sciences faculty
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan

Batukhan A.B.
1st year master student
Journalism and Political Sciences faculty
L.N. Gumilyov Eurasian National University

KAZAKHSTAN MODEL OF SPIRITUAL REBIRTH, PROPAGANDA IN THE MEDIA

Abstract. *In cultures of nations seeking to multiply their spiritual potential, national peculiarities and universal human values complement each other and harmoniously intertwine. For peoples who have designated their place in the historical arena, an important component is the preservation of spiritual space and the development of national consciousness. The weakness of the spiritual foundation can lead to the disappearance of the language, culture and mentality of the people.*

The article analyzes the potential of national media to counter the information challenges of the new era. Accepting the path of spiritual renewal and rebirth as a political direction for its realization is necessary for the Kazakh nation to strengthen its identity. A patriotic citizen will always strive to be helpful in this complex work.

In the article, the authors noted the importance of using the mental energy of a person, his cultural and linguistic potential in the implementation of spiritual and cultural attitudes through the media.

Keywords: *social consciousness, culture, national ideology, spiritual rebirth, social psychology, media potential, harmful information, ideological basis.*

Адамзат тарихына көз жүгіртіп, ежелден бері қалыптасып келген үрдіске жүгінсек, Мәңгілік Ел болуға ұмтылған халықтың мәдениетінде ұлттық өрнек пен жалпыадамзаттық мұраттар қатар өріліп, үйлесіп жатады. Тарих сахнасында өзінің орнын белгілеген, болашағын ойлаған халық үшін рухани кеңістігін сақтауда, ұлттық сананы дамытуда идеологиялық базистің мықты болуы маңызды. Рухани іргесі әлсіз халықтың ой-санасы, тілі мен ділі де дағдарысқа ұшырап, жойылып кету қаупі жоғары.

Қазіргі кезде осы мәдениет саласында ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік үлгілері өзінің қасиетінен айырылып бара жатқандай. Әрбір ұлттың мәдениетінде барша адамзатқа ортақ құндылықтар жинақталған. Ұлы суреткерлер бір ұлттың атынан сөйлемейді, оны тұтастай адамзат тағдыры толғантады. Бұған қазақтың ұлы ақыны Абайдың сөзі мен ой әлемі дәлел. Ақынның шығармалары қазақ топырағында жазылса да, оның еңбектерінде Батыс пен Шығыс тұтасып, ортақ үйлесім тауып тоғысқан. Бүгінгі ақпараттық дәуірде ұлттық мәдениеттің бай қазынасын сақтап қалу үшін де халық өзінің ұлттық ерекшеліктерін дамытып, бағыт-бағдарын анықтап, бұрынғы кемеңгер ақыл-ой иелері салған дәстүрден жаңылмауы тиіс.

Ұлттық идеологияны халық санасына сіңіруде бұқаралық коммуникация құралдарына жүктелетін жауапкершілік аз емес. Жаңа замандағы медиа құралдардың міндеті – ұлттық сананың қайнар көздерін: тіл мен тарих, мәдениет пен салт-сана, ұлттық дәстүрлерді насихаттау [1].

Әрбір мемлекеттің демократиялық және өркениеттілік дәрежесі ең алдымен мәдениетке көзқарасымен анықталатынын естен шығармаған абзал. Адамдардың рухани дүниесін байыту, еңбек пен тұрмыстың жоғары мәдениетіне мән беру, интеллектуалды шығармашылық пен өнер арқылы тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс. Бұл – адамзаттың гуманистік даму бағытынан ажырамай, өзінің ұзақ тарихында жинаған этикалық, моральдық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру үшін қажет күн тәртібі.

АҚШ-тың экс-Президенті Джеймс Картердің «менің армияға жұмсаған бір долларымнан насихатқа жұмсаған бір долларым әлдеқайда тиімді» деген сөзін көпшілік жақсы біледі. Цифрлық дәуірдегі насихаттың тиімділігін, болашағын, оның шекара деген кедергіні білмейтінін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Сондықтан да, технологиялық дамудың жоғары сатысында тұрған ұлттар өз мәдениеті мен өнерін насихаттауда, қоғамдық сананы байытуда жаңа ақпараттық технологияларды барынша қолдануда.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық мәдениет және салт-дәстүр мәселесін жазып, көрсетіп насихаттаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені, әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығымен танысу үшін көп ізденіс қажет. Бұл – бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеп жүрген журналистердің басты мақсаты болуға тиіс [2].

Бүгінгі медиа құралдар тек ақпарат таратушы ғана емес, бұқараның рухани қажеттілігін өтеп, танымдық көкжиегін кеңейтетін құрал. Жаңа ғасырда оның танымдық және тәрбиелік рөлі күшеюде. Интернет пен бұқаралық коммуникация құралдарында қоғамдық-саяси және әлеуметтік мәселелермен қатар, руханият пен мәдениет тақырыбында берілетін материалдар жиі жазылады. Ұлттық сананы қалыптастырып, жастарды тәрбиелеудегі осындай контенттің маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды.

